



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ

ТҮРКХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ӘДЕБИЕТІ

ӘЗЕРБАЙЖАН ӘДЕБИЕТІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ



«Ғылым» баспасы
Астана - 2018

УДК 821.512.164

ББК 94.3

Ә 12

Редакциялық алқа:

Д. Қыдырәлі (төраға)

И.Габиббейли, К.Матыжанов, А.Акматалиев,
Н.Рахмонов, Ф.Хисамитдинова, К.Миннуллин.

Ә 12 ӘЗЕРБАЙЖАН ӘДЕБИЕТІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ –

Астана: “Ғылым” баспасы, 2018. – 480 б.

ISBN 978-601-7793-92-3

Әдеби шығармалар әр ұлттың көп ғасырлық тарихи даму жолын, ұлттық рухани болмысын паш етеді.

«Әзербайжан әдебиетінің антологиясында» өзіндік бай тарихы мен әсерлі әдеби дәстүрі бар әзербайжан әдебиетінің қыр-сыры қазақ тілінде ашылатын болады. Антология бауырлас әзербайжан әдебиетін зерттеуші ғалымдар мен жалпы қызығушылық танытатын оқырмандарға арналып отыр.

УДК 821.512.164

ББК 94.3

ISBN 978-601-7793-92-3

© «Ғылым» баспасы, 2018

АЛҒЫСӨЗ

Халықаралық Түркі академиясы (TWESCO) тамырлас жұрттың құнды әдеби жәдігерлерін, көрнекті ақын-жазушылары мен ойшыл ғұламаларының мұрасын жүйелей зерделеп, насихаттап, жариялап келеді. Осы мақсатқа сәйкес Академия қазақ тілінде алғаш рет «Әзербайжан әдебиетінің антологиясы» жинағын әзірледі. Осылайша бауырлас халықтардың әдеби шығармаларын оқу арқылы бір-бірімізді жақыннан тануға, ортақ рухани мұраны, құндылықтар мен әдет-ғұрыптарымызды терең білуге мүмкіндік аламыз.

Әзербайжан халқының әдебиеті мен өнер қазынасы бай. Орта ғасырларға дейін ортақ жазба және ауыз әдеби дәстүрдің қалыптасуына зор үлес қосқан Низами, Физули сынды әлемге әйгілі классиктер парсы және араб тілді әдебиеттің де жетіліп дамуына ықпал етті. Иззеддин Хасаноглы, Нәсими, Хатайи тәрізді ойшыл ақындардың өлең-жырлары барша адамзаттың асыл құндылығына айналды. Әзербайжан тілінде көркем шығармалар жазу дәстүрі М.П. Вагиф және М.Ф. Ахундзадемен өз жалғасын тауып, дамып, бұл үрдіс С.Вургунның шығармашылығында ең биік шыңына жетті.

Әзербайжан халқы түрк әлемінің көрнекті ақыны, драматург Хүсейін Жавид тәрізді ұлы ойшылды да тарту етті. Жавид өз шығармашылығы арқылы түркшілдікті көркемдік тұрғыдан дәріптеп, көп ғасырлық әзербайжан әдебиетінің игі дәстүрлерін дамытумен қатар, парасаттылық пен философиялық ой-толғамдарға толы

поэзиясы, драматургиялық шығармаларымен ұлттық сананың оянуына зор үлес қосты.

Жалпы антологияларға көркем ойда терең із қалдырған, әлемдік мәдениетте өзіндік орын алуына үлес қосқан, сонымен қатар дүниежүзілік әдебиеттің классикасына айналып, үлгі болған шығармалар қосылатыны белгілі. «Әзербайжан әдебиетінің антологиясы» осы ұстаным бойынша дайындалды.

Бұл кітапта оқырмандар әзербайжан әдебиетінің көне дәуірлерден бүгінге дейінгі классиктерінің таңдамалы шығармаларымен таныса алады. Низами Гәнжауи, Имадеддин Нәсими, Шах Исмаил Хатайи, Мұхаммед Физули, Молла Пенах Вагиф, Мирза Фәтәли Ахундзаде, Жәлил Мәммедқұлызаде, Әбдүррехим бей Хақвердиев, Мирзә Әлекбер Сабир, Хүсейин Жавид, Әхмед Жавад, Жәфәр Жаббарлы, Сәмед Вургун, Рәсул Рза, Мирза Ибрахимов, Мир Жәлал Шехрияр, Бахтияр Вахабзаде, Мәммед Араз тәрізді көрнекті ақын-жазушылардың шығармалары енген құнды жинақ оқырмандарға әзербайжан халқының рухани байлығын жан-жақты танып білуіне мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

Д. ҚЫДЫРӘЛІ

**Халықаралық Түркі
академиясының президенті**

ÖN SÖZ

Beynəlxalq Türk Akademiyasının (TWESCO) türk xalqlarının dəyərli ədəbiyyat nümunələri, böyük şair və yazıçılar, mütəfəkkirlərin mirasını araşdıraraq tanıtmqla bərabər nəşr etməyə də davam etməkdədir. Təşkilatımız ilk olaraq qazax dilində “Azərbaycan ədəbiyyatı antologiyası”nın çapını gerçəkləşdirmişdir. Türkdilli xalqların daha da yaxınlaşması, integrasiyası, bir-birinin mənəvi irsini, adət-ənənələrini öyrənməsi, ortaq dəyərlərimizi tədqiq və tərənnüm edən ədəbi nümunələrimizin öyrənilməsindən keçir.

Azərbaycan xalqı türk xalqları arasında bədii yaradıcılığa meyli ilə xüsusi seçilmiş, orta əsrlərdə türk dilli ortaq yazılı və şifahi ədəbiyyatımızın formalaşmasına əvəzsiz töhfə vermişdir. Nizami, Füzuli kimi dünya şöhrətli klassiklərin simasında isə Azərbaycan xalqı fars və ərəbdilli ədəbiyyatın da zənginləşməsində önəmli rol oynamışdır. İzzəddin Həsənoğlu, Nəsimi, Füzuli, Xətai kimi mütəfəkkirlər bu dildə yazdıqları əsərlərlə bütün bəşəriyyətin dəyərinə çevrilmişlər. Bu ənənə M.P.Vaqif və M.F.Axundzadə ilə davam edərək Azərbaycan türkcəsində dolğun və əsrarəngiz ədəbi nümunələr yaradılmış, bu proses S.Vurğun yaradıcılığında ən yüksək zirvəsinə çatmışdır.

Azərbaycan xalqı türk dünyasına və bəşəriyyətə dahi şair-dramaturq Hüseyn Cavid kimi böyük mütəfəkkiri də bəxş etmişdir. Cavid yaradıcılığında türkçülüyn bədii inikasını yaratmış, çoxəsrlik Azərbaycan ədəbiyyatının ən yaxşı ənənələrini inkişaf etdirərək, hikmətli və fəlsəfi poeziyası, təkrarsız dramaturji əsərləri ilə milli şüurun intibahına xidmət göstərmişdir.

Ümumiyyətlə, antologiyalara o əsərlər daxil edilir ki, onlar mənsub olduğu xalqın bədii təfəkküründə dərin iz buraxır, onun dünya mədəniyyətində mövqə qazanmasını təmin edir, eyni zamanda dünya ədəbiyyatı klassikasına çevrilərək müəyyən sahədə örnək təşkil edir. “Azərbaycan ədəbiyyatı antologiyası” hazırlanarkən də bu prinsipi əsas götürməyə çalışmışıq.

Bu kitabda oxucular Azərbaycan ədəbiyyatının qədim dövrlərdən müasir günümüzədək bir sıra klassiklərinin seçilmiş əsərləri ilə tanış olmaq fürsəti əldə edəcəklər. Nizami Gəncəvi, İmadəddin Nəsimi, Şah İsmayıl Xətai, Məhəmməd Füzuli, Molla Pənah Vəqif, Mirzə Fətəli Axundzadə, Cəlil Məmmədquluzadə, Əbdürrəhim bəy Haqverdiyev, Mirzə Ələkbər Sabir, Hüseyn Cavid, Əhməd Cavad, Cəfər Cabbarlı, Səməd Vurğun, Rəsul Rza, Mirzə İbrahimov, Mir Cəlil, Şəhriyar, Bəxtiyar Vahabzadə, Məmməd Araz kimi böyük ədiblərin əsərlərinin yer aldığı bu qiymətli kitab oxuculara qardaş Azərbaycan xalqını daha yaxından tanımağa onun mənəvi zənginliyini öyrənməyə şərait yaradacaqdır.

D. KIDIRƏLİ

**Beynəlxalq Türk
Akademiyaşının prezidenti**

ӘЗЕРБАЙЖАН ӘДЕБИЕТІ: КӨП ҒАСЫРЛЫҚ БАЙ ӘДЕБИ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Әзербайжан халқы көне һәм бай әдебиетке ие. Әзербайжан ауыз әдебиеті тақырыбы, жанрлары, сюжеті, кейіпкерлері және идеясының бірегейлігімен Әзербайжан елінің көп ғасырлық тарихи даму жолын, ұлттық рухани болмысын паш етеді. Әзербайжан жеріндегі көне жартас суреттерін ұлттық көркемдік-бейнелеу ойының алғашқы үлгілері деп көрсетуге болады. Гобустан мен Гемигаядағы жартас суреттері, солардағы поэтикалық көзқарас, сюжет пен мотивтер - Әзербайжанда халық жадының алғашқы көркемдік көріністері. Егер де Гобустан мен Гемигаядағы суреттерді тақырып пен ұқсас сюжеттер бойынша топтап қатар қойса, бірнеше дастанның мәтінін оқып білуге болады. Гобустан мен Гемигая – Әзербайжан ауыз әдебиетінің тастағы кітаптары. Әзербайжанда алғашқы адамдар қауымы дәуіріне тиесілі суреттер ежелгі адамдардың көзқарастары, алаңдаушылықтары, қоғамдағы оқиғалар, табиғаттың тылсым күштері алдындағы үрейлері, дуалары, діни сенімдерін көрсетеді. Ал шопан және диқан әндері – отырықшы өмір салтын ұстанған әзербайжандардың еңбек өмірінің поэтикалық әлемінің жаңғыруы. «Китаби Деде-Горгуд» дастандары – әзербайжандардың ата-бабалары – көне оғыздардың өмір салтын, дүниеге деген көзқарасын көрсететін керемет әдеби шығарма. «Китаби Деде-Горгуд» эпосы дүниежүзілік дастандар

арасында ерекше маңызға ие халық ауыз әдебиетінің інжуі. Ойымызша, жалпытүркілік ерекшеліктерді бойында жинақтаған «Деде Горгуд» Әзербайжанның жағрапиясы туралы да мәлімет береді. Себебі эпостағы қалың оғыз елі – алғашқы әзербайжан мемлекеттерінің тарихи моделі.

«Көрөғлы» дастаны – әзербайжан халқының қаһармандық рухын сипаттайтын эпос. Әйгілі әзербайжан сазгер Үзеир Гажыбейов (1885-1948) «Көрөғлы» операсы үшін КСРО-ның ең жоғары дәрежелі мемлекеттік сыйлығына лайық болды. Алғаш рет 70 жыл бұрын сахнаға қойылған «Көрөғлы» операсы қазір де Әзербайжан опера және балет театрының репертуарында өзіндік орынға ие.

Әзербайжан ертегілері халық руханиятының бай әрі тылсым әлемін көрсетеді. Алғашқы аңыздар пайда болған ең көне дәуірлерден «Китаби Деде-Горгуд» дастандарына дейінгі кезең Әзербайжан әдебиетінің көне дәуірін құрайды.

VIII-X ғасырлар –әзербайжан жазба әдебиетінің бастапқы ортақ кезеңі. Бұл кезеңдегі әзербайжан ақындары - Исмаил ибн Йәсар, Мұса Шәхават, Әбүл Аббас әл-Әма, Бәрекевейн Зәнжани, Мрағайи және басқалары шығармаларын араб тілінде жазған. Орхон-Енисей ескерткіштері де әзербайжан әдебиетінің ортақ әдеби қазынасы.

XI-XII ғасырлар әзербайжан әдебиетінің өрлеу дәуірі болып саналады. XII ғасырда өмір сүріп, өлең жазған ұлы әзербайжан ақыны Низами Гәнжәуидің (1141-1209) шығармалары шығыс –

мұсылман өркендеуінің шыңы. Низами Гәнжәуидің шығармашылық күдіреті жалпы адамзаттық гуманизм, адамның ой-парасатының ұлылығын дәріптеу, әділ қоғам үшін күрестің көрінісі арқылы анықталады. Ұлы ақынның «Хамса» деп аталатын бес поэмасы әзербайжан әдебиетінің сирек шығармалары қатарында орын алумен қатар, шығыстағы өркендеу дәуірінің мәдениетін байытып, дамытқан. Низами Гәнжәуи жалпы әлемдік әдебиеттің ең көркем классиктерінің бірі болып саналады. Әзербайжанда ғана емес, күллі түркі әлемінде Низами әдеби мектебінің дәстүрлері ұзақ ғасырлар бойы жалғасып келе жатыр.

Өрлеу дәуірі әзербайжан әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Әфзәледдин Хагани (1126-1199) «Медаиннің қираған орны» эпикалық дастанында шығыс әлемінің маңызды тарихи-саяси оқиғаларын шебер суреттеді. XII ғасырда өмір сүрген әзербайжан әйел ақын Мәхсәти Гәнжәуидің (1098-1188) әйгілі рубаилері философиялық ой-толғаммен дана пікірлерге толы. Әжеми Нахчыванидің (XII ғасыр) «Атабейлер қабірі» мен «Юсиф Күсейір ұлының кесенесі» тәрізді сәулетшілік шығармалармен мұсылман түркі әлемінде сәулетшілік мектебінің негізін қалады. Қабілетті музыкант және каллиграф Сәфиаддин Урмеvidің (1216-1294) музыка теориясына қатысты еңбектері - шығыс мұсылман өркендеу мәдениетінің құнды үлгілері.

XIII-XVI ғасырларды қамтитын орта ғасыр әзербайжан әдебиеті де шығыс пен әлем әдебиетіне ұлы әдеби тұлғаларды сыйлады. Бұл дәуір әлеуметтік-

саяси тұрғыдан негізгі феодалдық мемлекеттердің құрылып, дамуымен және феодалдық келіспеушіліктер тұрғысынан сипатталғанымен, осы әлеуметтік-саяси формацияда үлкен әдебиеттің пайда болуында маңызды роль ойнады. Орта ғасырдағы әзербайжан әдебиетін ана тілді әдебиет дәуірі деп сипаттауға болады. Бұл дәуірдің көрнекті әдеби өкілдерінің бірі Имадеддин Нәсими (1369-1417) Әзербайжанда және шығыс елдерінде хуруфизмағымының негізгі құрушыларының бірі ретінде қабылданады. Имадеддин Нәсими орта ғасырларда Әзербайжанда ғана емес, күллі шығыста гуманист ақын ретінде танылды. Мұхаммед Физули (1494-1556) - орта ғасырлық әзербайжан әдебиетінің шыңы. Мұхаммед Физулидің диваны әзербайжан ғана емес, жалпы мұсылман түркі әдебиетінің теңдессіз қазынасы. Оның қаламынан шыққан «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы шығыстағы ең ірі махаббат дастанына айналды.

Шаһ Исмаил Хатайи (1487-1524) Әзербайжан тарихына Сафауилер империясының негізін қалаушы ретінде кірді. Сонымен қатар ол орта ғасырларда әзербайжан лирикасына халық рухы мен бай халық өлеңі дәстүрін әкеліп, поэзияда әзербайжан ұлттық ой-санасын жетілдірді. Шаһ Исмаил Хатайи «Дәхнаме» поэмасында классикалық аруз өлеңімен буындық өлеңнің синтезі негізінде романтизмге толы жанды поэтикалық суреттер тудырды.

Орта ғасырлардағы әзербайжан әдебиетінің өкілдері - Иззәддин Хасаноглы, Гази Бурханеддин, Хәбиби, Кишвәри, Саиб Тебризи және басқаларының

шығармалары классикалық лириканың әсерлілігін барынша бойында жинақтаған. Әзербайжан тіліндегі әдебиеттің алғашқы көрнекті өкілі Иззәддин Хасаноглы бірқатар ғазалдарында ана тілінің поэтикалық әсемдігі мен байлығын көрсете білді. Гази Бұрханеддиннің (1344-1398) әзербайжан тіліндегі жаңа поэтикалық форма - туйуг (*ауд.: рубаиге ұқсас болып келетін поэтикалық жанр, 4 шумақтан тұрады*) жанрында жазған өлеңдері әдебиетте әлеуметтік мазмұнның күшеюіне, көркемдік ойдың бұдан да терең кемеңгерлік сипатта болуына мүмкіндік береді. Кишверидің (XV ғасыр) әзербайжан тілінде жазған өлеңдерінен құралған «Диваны» әзербайжан классикалық лирикасының ең керемет ерекшеліктерін бойында жинақтаған. Осылайша орта ғасыр әзербайжан әдебиетінде әйгілі «Мың бір түн» ертегілеріндей бай және тартымды поэтикалық әлем жаратылып, әділет, руханият және махаббаттың көркем жырын қоғамға танытқан ең ірі шығармалар жарық көрді.

XVII-XVIII ғасырлардан бастап, әзербайжан әдебиетінде өмір мен адамға жаңаша көзқарас пайда болған жаңа кезең басталады. Ең әуелі мұны орта ғасыр әзербайжан әдебиетіндегі сүйіспеншілік пен махаббат тақырыптарының орнына руханият пен ахлақ мәселелері туралы көбірек сөз қозғалғандығынан байқауға болады. Бұл кезеңдегі әдебиетте дидактикаға ден қою байқалады. Мәхәммед Әмани, Кәусері Хәмедани, Аға Мәсих Ширванидің шығармашылығында классикалық лирика дәстүрлерінен жаңа дидактикаға өту үрдісі сезіледі. Бұл да өз кезегінде орта ғасыр әзербайжан

әдебиетіне шынайы өмірдің лебін әкеледі. Махаббат пен насихат, рухани-ахлақ кемелдігін поэтикалық суреттеу нәтижесінде жаңа әдеби түр пайда болды. Бұл тұрғыдан XVII ғасырдағы поэтикалық шығармалар әзербайжан әдебиетіндегі жаңа түрдің хабаршысы іспетті. XVIII ғасыр әзербайжан әдебиетінің ерте реализм дәуіріндегі шығармалар толығымен өмірдің шындықтарына негізделеді.

Молла Пенах Вагифтің (1717-1797) лирикасындағы өміршендік, шынайылық, Әзербайжанның күнделікті өмірінің поэтикалық бейнесі XVIII ғасырдағы әзербайжан әдебиетінің мүлдем жаңа деңгейге шыққандығының жарқын көрінісі. Бұдан былай поэзияда тек махаббат қана емес («Шәби-хижран»), өмірдің қиындықтары мен күнделікті тұрмыс туралы шағымдану да орын алады:

Мейрам келді. Не істерімді білмеймін,
Біздің үйде нан илейтін ұн да жоқ.
Түк татырмас тағдырымды тілдеймін,
Ет, май, күріш, қант тұрмақ, құм да жоқ.

Поэтикалық тақырыптардың өзгеру үрдісі нәтижесінде мүлдем жаңа әдебиет пайда болды. Енді белгілі бір елді мекеннің табиғаты мен адамдары әдебиеттің негізгі тақырыбына айналды:

Күр жағалауы керемет,
Өкінішке орай ару қыз жоқ.
Терге малшынған қара бұйра шаштарды
Оқта-текте болса да көру жоқ.

Қыстыңгүні қыстауда Ғырағбасанның,
Інжуі Аран менен жер-жаһанның,
Мұндай әдемі жер – көркем мекеннен
Әдемі ауыл жоқ.

Негізі бұл жердегі «жоқ» сөзі болымсыз мағынада емес, «болуы керек» деген мәнде қолданылған. Бұл тұрғыдан Молла Пенах Вагифтің әйгілі «Көрмедім» мұхаммасында (*ауд.: - бес шумақты өлең*) әлеуметтік-саяси ортаның қайшылықтары мен шиеленістері туғызған ауыр жағдайға наразылық ойы келтіріледі. Осылайша әдебиет махаббат дастаны мен поэмаларынан шынайы өмір мен нағыз адамға бет бұрады. Осының нәтижесінде классикалық әдебиеттің көп ғасырлық сүйіспеншілік-махаббат дәстүрі әлсірей бастап, орнын шынайы өмірдің көріністері алады. Енді лирикалық кейіпкерлердің романтикалық ерегістері емес, «Күр жағалауы» адамының, Ғырағбасан қыстауы жұртының жағдайы жырланады. Бұл өз кезегінде әзербайжан әдебиетінде көп ғасырлық романтикалық дәстүрлердің орнына жаңа реалистік ағымның келгенін көрсетеді. Бұлар әзербайжан әдебиетінде реализмнің алғашқы бастауларының көрінісі. XVII-XVIII ғасырлардағы әзербайжан әдебиетіндегі реализмде, әсіресе XVIII ғасырда нақты көрініс тапқан реализмнің ерте кезеңіне тән ерекшеліктер байқалды. Бұл өз кезегінде Әзербайжанда қалыптасатын жаңа дәуір әдебиетінің немесе ағартушы реализм әдебиеті деп аталатын әдебиеттің негізі қалануына себепкер болды.

XIX ғасырдағы әзербайжан әдебиеті жалпы ағартушылық негізде қалыптасты. Әзербайжан

қоғамында бұл кезеңде үлкен ағартушылық мәнге ие жаңалықтар болды: зайырлы мектептердің ашылуы, ұлттық баспа мен театрдың пайда болуы, әліппе реформаларының жүргізілуі ұлттық сананың қалыптасып, күшеюіне серпін берді. Мирза Фәтәли Ахундзадениң араб әліппесін жеңілдету арқылы халықтың сауат ашуына қолғабыс етуі, кейін латын әліппесіне өту арқылы Еуропаның ғылымы мен мәдениетіне жақындау бағытындағы реформалары елі мен халқын дамыту ниетімен жасалды. Бұл үрдістер өз кезегінде ағартушы реалист әдебиетті қалыптастырды. Бұл ағымның көрнекті өкілдері – Аббасқұлы аға Бакиханов (1794-1847), Мирза Шәфи Вазех (1792-1852), Исмаил бей Гутгазынлы (1806-1861), Мирза Әбдүррәхим Талыбов, Хасанбей Зәрдаби (1842-1907), Мәхәммед Тағы Сыдги (1854-1903), Нәжаф бей Вәзиров (1854-1926). Нәжаф бей Вәзировтың «Фахреддиннің қайғысы» (1896) пьесасымен әзербайжан әдебиетінде алғаш рет трагедия жанры пайда болды. Әдебиетте ағартушылық ағымы күшейіп, қоғамды реформа арқылы дамыту және өзгерту идеялары алдыңғы шепке шықты. Сатиралық әдебиетте артта қалған өмір салтын сынға алудың нәтижесінде қоғамның рухани дамуында ағартушылық дидактика назарға алынды. Гасым бей Закирдің (1784-1857), Баба бей Шакирдің (1770-1844), Сейид Әзим Ширванидің (1835-1888) және басқалардың сатиралық шығармаларында әлеуметтік позиция ағартушы дидактиканың шегіне шықты.

Көрнекті әзербайжан ойшылы және атақты драматург-жазушы Мирза Фәтәли Ахундзаде (1812-

1878) өзінің көп қырлы шығармашылығында, жаңа түрдегі поэзиясында, драматургияның негіздерін қалап, алғашқы реалист шығармаларды жазып, сол ғасырдың әдеби келбетін өзгертіп қана қоймай, жалпы әдеби-қоғамдық ойдың дамуында іргелі өзгерістерді жасады.

Ұлы жазушы әзербайжан драматургиясының негізін қалады. Ол «Алхимик Молла Ибрахимхәлилдің басынан кешкендері», «Сараңның басынан кешкендері немесе Қажы Қара», «Ботаник ғалым Мусье Жордан және әйгілі сиқыршы, дәруіш Мәстәли шахтың басынан кешкендері», «Ләнкеран хандығы уәзірінің басынан өткендері», «Қарақшыны жеңген аю», «Тебриздегі құқық қорғаушылар («Шығыстағы адвокаттар»)» комедияларымен әзербайжан әдебиетіне драма түрін енгізді. Бұл комедиялар – мұсылман түркі әлеміндегі алғашқы комедиялық шығармалар. Мирза Фәтәли Ахундзадениң «Алданған жұлдыздар» повесі реалистік прозаның алғашқы кемел үлгісі ретінде құнды. Ағартушылық әрекеттің және әдебиетте жаңа жанрлардың дамуымен классикалық өлең негізіндегі нәзирашылдықты, тіпті Мұхаммед Физули тәрізді шебер ақынды әдеби айналымнан ығыстыра бастады. Мирза Фәтәли Ахундзадениң «Мусье Жордан мен дәруіш Мәстәли шах» комедиясында шығыстың дәстүрлері Еуропа ағартушылығына орын берді. Мирза Фәтәли Ахундаде XIX ғасыр бойы ағартушылық идеялары мен комедия, повесть, философиялық хаттар тәрізді жаңа жанрлардың орнығуы үшін күресті. Мирза Фәтәли Ахундзадениң көп қырлы шығармашылығы

XIX ғасыр әзербайжан әдебиетінің және әлеуметтік философиялық ойдың шыңында орын алады. Батысты бағыт еткен дамуға, Еуропа ағартушылығына үндеген, сараңдықты, жалған астролог пен химиктерді, кертартпалықтың барлық көріністерін, әйелдердің сауатсыздығын сынаған Мирза Фәтәли Ахундзаде «Алданған жұлдыздар» повесімен кең көлемді ағартушылықты қоғамның өзгеруінде тандалған ең маңызды жол деген пікірді қоғамдық санаға сіңіруге тырысты. «Пушкиннің өлімі үшін шығыс поэмасы» атақты орыс ақын Александр Пушкинге әзербайжан әдеби-қоғамдық ойының құрметінің көрінісі ретінде қабылданды. Әзербайжан ағартушылық реализмі Мирза Фәтәли Ахундзаде тұлғасында кемелдене түсіп, сыншыл реализм әдебиеті үшін қажетті идеялық-әдеби негізді дайындады.

XIX ғасырдың 90 жылдарынан 1920 жылға дейінгі кезең әзербайжан әдебиетінің ұлттық-демократиялық әрекет дәуірі болып есептеледі. Бұл кезеңде ағартушылық ұлттық идея қоғамдық-көркемдік әрекет деңгейіне көтеріледі. Сонымен қатар XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси оқиғалар, әсіресе «Азияның оянуы» үрдісінің күшеюі, Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық төңкеріс, Ирандағы антифеодалдық төңкеріс дәуірі ұлттық ағартушы әрекеттің демократиялық нышанға ұласуына себеп болды. Көрнекті әзербайжан жазушысы Жәлил Мәммедқұлызаде (1869-1932) және ол басшылық еткен «Молла Насреддин» журналының әдеби мектебі қоғамда ұлттық мүдделерді тереңдету және

демократиялық идеяларды кеңейту ісін әдебиет пен баспаның негізгі мәселесі деңгейіне шығарды. Әзербайжан әдебиет тарихында жаңа дәуір – сыншыл реализм мен романтизм дәуірі басталды.

Әзербайжан әдебиетінде халық факторы алғаш рет алғы шепке шықты. Мәхәммедхасан аға, Новрузели, Зейнал шебер тәрізді қарапайым еңбек адамдары үлкен әдебиеттің бас кейіпкеріне айналды. Әдебиетте сынның ықпалы мен мәні де артты. Реалист сатиралық әдебиет дамуының ең жоғарғы деңгейіне жетті. Әзербайжан реализмі – сыншыл реализм мемлекеттік тәуелсіздік идеясы деңгейіне көтерілді. Осылайша XX ғасырдың басында Әзербайжанда тәуелсіз ұлттық әдебиет қалыптасып, Жәлил Мәммедқұлызаде ұлттық тәуелсіздік әдебиетінің жол бастаушысы болады. Мирза Әлекбәр Сабир (1862-1911) Әзербайжанда сатиралық өлең мектебін қалыптастырып, ұлттық тәуелсіздікке қызмет еткен әлеуметтік сатираны сол ғасырдың дауысы деңгейіне шығарады. «Молла Насреддин» бағытындағы сатиралық өлеңдерді Әли Нәзми (1878-1946), Әлиқұлы Гәмкүсар (1880-1919), Мәммед Саид Ордубади (1872-1950), Мирзәли Мөжүз Шәбүстәри (1873-1934), Байрамәли Аббасзаде (1859-1926) және басқалары жазды. Шағын әңгіме жанры үлкен әдебиеттің негізгі және жиі қолданылатын формасына айналды. Жәлил Мәммедқұлызаде (1869-1932), Әбдүррәхимбей Хақвердиевтің (1870-1933) қаламынан әзербайжан сыни реалист прозаның кемел үлгілері шықты. Жәлил Мәммедқұлызаденің «Данабаш ауылындағы оқиғалар» (1894),

Әбдүррәхимбей Хақвердиевтің «Хортданның тозақтан жіберген хаттары» (1907) шығармалары повесть көлеміндегі терең мазмұнды әзербайжан романдары. Бұл шығармаларда жаңа тарихи дәуірдегі шынайы өмір, адалдық үшін күрес, қоғам мен адамның өмірге деген көзқарастарында өзгеру үрдістерінің қажеттілігі бейнеленген. Жәлил Мәммедқұлызадениң «Пошта жәшігі» әңгімесі (1903) жаңа ғасырдың әдеби жаңалығы ретінде қабылданды. Демократ жазушының «Зейнал шебер», «Алаңдаушылық», «Пиривердидің қоразы», «Консулдың әйелі», «Қозы» және басқа әңгімелері көлемі шағын болғанымен, маңызды әлеуметтік үрдістердің мәнін оқырмандарға жеткізіп отырды. Сонымен қатар, Әбдүррәхимбей Хақвердиевтің «Шейх Шабан», «Мирза Сәфәр», «Бомба» және басқа әңгімелері де қоғамдық дамудың қиындықтары мен мәселелерін түсіндіреді. Осылайша XX ғасырдың басындағы сыни реализмнің демократиялық идеялары, өткір сын мен ашық қоғамдық позиция, мемлекеттік тәуелсіздік күресі, әзербайжаншылық және азаматшылық идеялары әдебиеттің табалдырығынан аттап өтіп, шынайы өмірдің бір бөлігіне айналды. Бұл тұрғыдан XX ғасырдың басында Әзербайжан демократиялық республикасының құрылуы тәуелсіз әзербайжан мемлекеті идеясын насихаттау үрдісінің логикалық қорытындысы болды. Бұл идеяның негізгі жаршысы әзербайжан әдебиеті мен ұлттық баспасөз еді.

Сол дәуірдің ағартушы-реалист әдебиеті ағартушылық әрекеттің, саяси қайшылықтардың шешімі, әлеуметтік үрдістерді нақты түсінудің, ұлттық

сана-сезім факторының күшеюінің нәтижесінде пайда болды. Жаңа замандағы ағартушы әдебиеттің негізін қалаған Рәшид бей Әфендиев (1863-1942), Сүлейман Сани Ахундов (1875-1939), Сұлтанмәжид Ганизаде (1866-1937), Ибрахим бей Мұсабейов (1880-1942) және басқаларының еңбектері сыншыл реализм әдебиеті мен романтизм әдеби ағымы арасындағы бос жерді толтырып, әдебиетте ағартушы қаһармандардың образдарын ұлттық зиялылардың үлгілері ретінде жаратты.

XX ғасырдың басында әзербайжан әдебиетінде романтизм әдеби ағымының пайда болуы – ұлттық әлеуметтік-көркем пікірдің дамуындағы маңызды оқиға. Жаңа әдеби ағым ретіндегі романтизм көп ғасырлық әзербайжан классикалық поэзиясы мен ұлттық тәуелсіздік идеясы синтезіне негізделіп, зор үміттер арқылы қоғамды баурап, жаңашыл поэтикалық үлгілер мен тәсілдерді тудырды. Әзербайжан романтизмінің көрнекті өкілдері – Хүсейн Жавид (1882-1941), Мәхәммед Хади (1879-1920), Әлибей Хүсейнзаде (1864-1940), Аббас Сәххәт (1874-1918), Абдулла Шаик (1881-1959) және басқаларының шығармаларындағы романтикалық кейіпкерлер ішкі рухани құндылықтары, арман және үміттерімен ерекшеленіп, өз идеалдарын қалыптастырды. Әзербайжан әдебиетіндегі романтизм ұлттық сана-сезім мен жалпы адамдық идеяларды біріктіріп, көркем ойдың жетілуінде маңызды рөл ойнады. Бұл ағымның өкілі Хүсейн Жавид романтикалық драматургияның негізін қалаушы ретінде танылды.

Әзербайжан кеңес әдебиетін екі бөлімге бөлуге болады: 1. Кеңестік идеология мен шындықты көрсететін әдебиет; 2. Әзербайжан кеңес әдебиеті. Зерттеулер XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиетке келген жаңа буынның негізі социализм идеясын суреттеп, дәріптегенін көрсетеді. Ақын-жазушылардың бір тобы мен ақындар кеңес идеологиясына толығымен қызмет етсе, кейбірі бұл идеологияны сыртқы фактор ретінде қолдана отырып, реалист көркем әдебиет тудыруға тырысты. 1920-1960 жылдардағы әдебиетте социализм идеялары мен кеңестік шындықтың тынысы сезіледі. Жалпы кеңестік әдебиеттегідей бұл кезеңдегі әзербайжан әдебиетінде де социалистік реализмнің шығармашылық әдісі үстемдік етіп, әдеби-көркемдік ойға бағыт берген. Бұған қарамастан Сәмед Вургунның (1906-1956), Микаил Мүшфигтің (1908-1938), Рәсул Рзаның (1910-1981), Сүлейман Рүстәмнің (1906-1989), Бахтияр Ваһабзадениң (1925-2009), Халил Рза Ұлытүрктің (1932-1994), Мәммед Араздың (1933-2004), Әли Кәримнің (1931-1969) және басқаларының патриоттық рухта жазылған өлеңдерінде әзербайжаншылық идеясы айқынырақ сезіледі. Халық ақыны Сәмед Вургунның көркем шығармашылығы әзербайжан эпопеясының кемел үлгісі. Сәмед Вургунның 1935 жылы жазған әйгілі «Әзербайжан» өлеңі соңғы жүзжылдықтағы ең әйгілі патриоттық шығарма:

Ел біледі, сен менікісің,
Елім, ұшқан ұям, мекенімсің,
Демек туған отанымсың

Ажырай ма көңіл жаннан?
Әзербайжан, Әзербайжан!

Мен бір бала, сен бір ана,
Мен саған байланғанмын,
Қай ауданға, қай жаққа
Ұшсам да ұям сенсің,
Елім, күнім, далам сенсің.

Халық ақыны Рәсул Рзаның «Түстер» өлеңдер жинағы кеңестік қоғамда тұратын ақынның жаһандық деңгейдегі шығарма жаза білетіндігіне дәлел. Бахтияр Ваһабзадениң жоғары азаматтық тұғырын көрсететін ұлттық-патриоттық лирикасы XX ғасырдағы әзербайжан поэзиясында жаңа бет ашты. Жәфер Жаббарлының драматургиялық мектебі, Сәмед Вургунның буын ұйқасты өлең мектебі, Рәсул Рзаның еркін өлең мектебіндей үлкен әдеби мектептер XX ғасырдағы көп ғасырлық әзербайжан әдебиеті тарихындағы тың жаңалықтар.

Кеңестік дәуірде де әзербайжан халқының тарихын көрсететін және ұлттық мүдделерге қызмет ететін шығармалар жазылып жарияланды, сахнаға қойылды, көгілдір экранға шықты. Мәммед Саид Ордубадидің (1872-1950) «Тұманды Тебриз», «Қылыш пен қалам» тарихи романдарымен әзербайжан әдебиетінде тарихи роман жанрының негізі қаланды. Әзербайжан әдебиеттануында Мәммед Саид Ордубади әзербайжан әдебиетіндегі Лев Толстой ретінде бағаланады. Халық жазушысы Мирза Ибрахимовтың (1911-1993) «Келер күн» романы кеңес дәуірі әзербайжан әдебиетінің

ең ірі прозалық шығармасы. Бұл романда Ирандағы ұлт-азаттық әрекеттің шынайы және көркем бейнесі көрсетілді. Мир Жәлелдің (1908-1978) прозалық шығармаларында Әзербайжандағы кеңестік ақиқат үлкен шеберлікпен суреттелді. Жазушының «Жастар манифесі» романы кеңестік дәуірде жаңа ғасыр әдебиетінің манифесі тәрізді жарияланды. Халық жазушысы Сүлейман Рәхимовтың (1900-1983) прозасы әзербайжан әдебиетінің ауыр артиллериясындай бағаланды. Ильяс Әфендиевтің (1914-1996), Әнвер Мәмедханлының (1913-1990) әңгімелері мен романдарында уақыт тынысы көрініс тауып, жаңа типтегі адамдар суреттелді. Ильяс Әфендиевтің лирика-психологиялық драматикалық шығармалары әзербайжан драматургиясының тарихындағы ерекше кезеңді құрайды. Жәфер Жаббарлы, Хүсейн Жавид және Сәмед Вургуннан кейінгі дәуірде Ильяс Әфендиев өзінің драматургиялық шығармалары арқылы драматургияда жаңа дәуір қалыптастырды. Ильяс Әфендиевтің театры – заманауи көрерменге өмірдің шындықтары, адамдардың моралдық және рухани құндылықтарын көрсетті.

Кеңестер одағындағы қоғамдық-саяси жүйедегі өзгерістерге байланысты XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап әдебиетте де ұлттандыру үрдістері басталды. Әзербайжан әдебиетінің 60 жылдардағы буыны кеңестік дәуірден бұрынғы әдеби дәстүрлерді жаңғыртып қана қоймай, одан әрі дамытты. Осы кезеңнен бастап әдебиетте социализмнің позициясы әлсіреп, әзербайжаншылық, реализм және халықтық

идеялары күшейе түсті. Халық жазушысы Анардың (1938) «Ақ кемежай», «Бес қабатты үйдің алтыншы қабаты», «Жақсы падишаның ертегісі», «Ақ қошқар, қара қошқар», «Көзмоншақ» және басқа шығармалары сол кезеңдегі қиын күндер мен адамның рухани өміріндегі шындықтарды көрсетті. Халық жазушысы Елчиннің (1943) «Махмуд пен Мәрьям», «Ақ түйе», «Өлім үкімі» романдарында, «Балададаштың алғашқы махаббаты» сериясындағы әңгімелерінде, «Құмыра» повесінде әзербайжан қоғамының тарихы қайта түлеп, тарихи сана-сезім жаңғырды. Бахтияр Ваһабзадениң ұлттық мазмұндағы және әлеуметтік-философиялық маңызы бар поэзиясы әдебиетте әзербайжаншылық идеясының байрағындай қабылданды. Иса Хүсейнов (1928-2014) әдебиетке қайтадан қарапайым адамдардың өмір жолын әкеліп, Әзербайжанда Шыңғыс Айтматовтың жолын жалғастырды. Халық жазушысы Исмаил Шыхлының (1919-1995) «Долы Күр» романы – ұлттық әдебиеттегі тарихи романның жаңа түрі. Халық ақыны Мәммед Араздың (1933-2004) тәуелсіз Әзербайжан жолында отансүйгіштік ноталардағы поэзиясы лирикалық болумен қатар, ұлттық идеялардың дамуына да зор ықпал етті. Хәлил Рза Ұлытүрк (1932-1994) Әзербайжанның кеңестік дәуіріндегі ұлттық тәуелсіздік ақыны атағына ие болды. Сабир Рүстәмханлының (1946) әйгілі «Ғұмыр кітабы» шығармасы - ең жаңа дәуірдегі әдебиеттің манифесі. Юсиф Сәмедоғлының (1935-1998) «Жаза күні» романы әзербайжан әдебиетінің жаңа тарихи дәуірінің әдеби жаңалығы болды. Сабир Әхмедов

(1930-2011), Фикрет Қожа (1935), Вагиф Сәмедоғлы (1939-2014), Фикрет Садық (1930-2016), Хидаят (1944), Нүсрет Кәсеменли (1946-2003), Залимхан Якуб (1950-2016), Чингиз Әлиоғлы (1944) және басқалары әзербайжаншылық идеясын тәуелсіз мемлекетшілік идеясы деңгейіне көтерді. Камал Абдулла (1950) әзербайжан постмодернизмі жанрында роман жазып, дүниеге әйгілі болды. Чингиз Абдуллаевтың (1959) детектив романдары қоғамдағы қараңғы үрдістерді жарыққа шығарып, азаматтық ұстанымның күшеюіне ықпал етті.

Осылардың барлығы әзербайжан әдебиетінде ұлттық-рухани құндылықтарға оралудың белгісіне айналып, тәуелсіздік кезеңін қалыптастырды. Көрнекті мемлекет қайраткері Гейдар Әлиевтың 1969-1982 жылдары Әзербайжан Республикасына басшылық етуі арқасында мемлекетте жалпыұлттық идеялардың жандануы және ұлттық-рухани құндылықтарды ұғынуға, әзербайжан әдебиеті сүйенген ұлттық сана-сезім үрдісінің тереңдеп кеңеюіне жол ашты. Әдебиетте әзербайжан тілі үшін жүргізілген күрес кең көлемде әзербайжаншылық күресінің жүзеге асуына қызмет етті. Таулы Қарабах соғысында айрылып қалған жердің қайтарылуы, ұлттық құндылықтардың қалпына келтірілуі тәрізді мәселелер саясаттан көп әдебиетте қолға алынған тақырыптарға айналды. Мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздік идеясына қызмет еткен әдебиет бұл мәселені қоғамдық өмірдің ең қажетті үндеуіне айналдырды. Бұдан басқа XX ғасырдың 80 жылдарының аяғынан бастап, ақын-

жазушылар Әзербайжанның мемлекеттік тәуелсіздігі күресіне белсенді түрде араласты. Әзербайжан әдебиетінің жалпыұлттық идеялары мен азаматтық тұғыры мемлекеттің тәуелсіздікке қол жеткізуінде маңызды рөл ойнады.

Тәуелсіздік дәуіріндегі әзербайжан әдебиетінде түрлі форма мен әдістер қолданылып жазылған шығармалар пайда болды. Жаңа тарихи дәуірде сыни реализм, декаденттік, постмодернизм, магиялық реализм, жаңа романтизм тәрізді әдеби ағымдар қалыптасты. Тәуелсіздік дәуіріндегі әзербайжан әдебиеті көп дауысты, күшті, түрлі стильдерге бай, ұлттық және жалпы адамзаттық күшке ие болып дамуды жалғастырды.

Бұл тарихи дәуірде әзербайжан әдебиетінің Рамиз Рөвшән (1946), Вагиф Баятлы (1949), Вагиф Бәхманлы (1955), Рүстам Бехруді (1957), Афаг Мәсуд (1957), Елчин Хүсейнбейли (1961), Әждар Ол (1958), Рәшад Мәжид (1964), Салам Сарван (1966), Құлу Ағсес (1969), Илгар Фәхми (1975), Шәмил Садық (1978) және басқалары тәрізді жаңа әдеби буын жетілді. Қазіргі таңда әзербайжан әдебиеті мемлекеттік тәуелсіздіктің нығаюына қызмет етіп, халықтың рухани өмірінің тірегіне айналатын шығармаларды жазуда.

Әзербайжанда әдебиеттану үлкен тарихи даму жолынан өтті. Ежелгі заманда Хәтиб Тебризи (XI ғасыр) шығыс және әзербайжан поэзиясының кемел жүйесін қалыптастырды. XIX ғасырда Мирза Фәтәли Ахундзаде әдеби сынның негізін қалады. Фиридун бей Көчәрли (1863-1920) XX ғасырдың басында

алғаш рет «Әзербайжан әдебиеті тарихын» жазып, ғылыми айналымға ұсынды. Академик Хәмид Араслының (1909-1983) орта ғасырлық әзербайжан әдебиетінің зерттелуінде зор еңбегі бар. Академик Фейзулла Қасымзадениң (1898-1976) «XIX ғасыр әзербайжан әдебиеті» оқулығы – Әзербайжанда әдебиеттану ғылымының кемел үлгісі. Бұл жерде Мир Жәлел Пашаевтың (1908-1978) «Әзербайжандағы әдеби мектептер» және «Физули шығармашылығы» монографиялары әзербайжан әдебиеттануының жоғары деңгейдегі үлгілерін кұрайды. Академик Мәммед Ариф Дадашзаде (1904-1975) - XX ғасыр әзербайжан әдебиетінің көрнекті зерттеушісі. Академик Мәммед Жәфер Жәферов (1909-1992) әзербайжан әдебиеттану ғылымында әдебиет теориясы мектебін қалыптастырды. Әзербайжанда сын тарихы мен әдеби сын академик Камал Талыбзадениң (1923-2006), мәтінтану Әзербайжан Ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі Әзиз Мирәхмедовтың (1920-2002), әдебиет теориясы мен әдеби сын Әзербайжан Ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі Яшар Қараевтың (1936-2002), қазіргі әдебиет мәселелері академик Бәкир Нәбиевтің (1930-1012), фольклортану ғылымы Мәхәммедхүсейн Тәхмасибтің (1907-1982) есімдерімен байланыстырылады. Иса Хабиббейли, Камал Абдулла, Теймур Кәримли, Рафаэль Хүсейнов, Низами Жәферов, Мұхтар Иманов, Тәхсин Мүтәллимов, Камран Әлиев, Гәзенфер Пашаев, Теймур Әхмедов, Шириндил Алышанлы, Имамверди Хәмидов, Заман Әскерли, Хималай Гасәмов, Бәдирхан Әхмедов, Хүсейн Хәшимли, Тәййар Саламоғлы,

Никпур Жаббарлы және басқа ғалымдар – қазіргі таңдағы әзербайжан әдебиеттануының көрнекті өкілдері.

Мың жылдан астам тарихи кезеңді алып жатқан көп ғасырлық әзербайжан әдебиетінде барлық түрлер мен жанрларда әдеби шығармалар жазылды. Әдебиет әзербайжан халқының даму кезеңдерінде негізгі тірек пен күшке айналды. Ұлы ақындар мен жазушылар және олар дәріптеген идеялар Әзербайжанды ғасырдан ғасырларға жетелеп, халықтың ұлттық-рухани болмысының сақталып дамуында ерекше рөл ойнады. Әзербайжан әдебиетіне ғасырлар бойы поэзия жетекшілік етіп, көркем ойдың алдыңғы қатарында орын алды. Көп ғасырлық әзербайжан поэзиясы – әдебиеттің бай және мәнді көзі.

Көп ғасырлық әзербайжан әдебиетінің көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларынан құралған антологияның Астанада жарық көруі Халықаралық Түркі академиясының түркі әлемі әдебиетін таныту және дамыту жолындағы маңызды қадамдарының бірі. «Әзербайжан әдебиеті антологиясы» - әзербайжан халқының үздіксіз бай дәстүрлері бар әдебиетін танытудың зор мүмкіндігі. Бұл антология кең мағынада Әзербайжан-Қазақстан әдеби байланыстарының жаңа бір парағы іспетті зор маңызға ие.

ИСА ГАБИББЕЙЛИ
Әзербайжан Ұлттық ғылымдар
академиясының вице-президенті,
Милли Мәжіліс депутаты,
академик

НИЗАМИ ГӘНЖӘУИ

(Гәнже, 1141-Гәнже, 1209)



Өзербайжан әдебиетінің көрнекті өкілі, ойшыл ақыны Низами Гәнжауи (толық аты: Әбу Мәхәммед Ильяс ибн Юсуф) 1141 жылы Гәнже қаласында дүниеге келді. Орта ғасырдағы шығыстың ең ұлы ақыны, парсы тілді поэзияның классигі, парсы тілді эпикалық әдебиеттің ең көрнекті лирикалық ақыны, парсы тілді эпикалық

поэзияға ауызекі сөйлеу тілі мен реалистік стильді әкелген ақын.

Низамидің қаһармандық-романтикалық поэзиясы кейінгі ғасырлар бойы парсы тілі қолданылған жерлерде оның дәстүрін жалғастырған жас ақындардың, сондай-ақ Хафиз Ширази, Мевлана Желаледдин Руми және Сади Ширази тәрізді ұлы ақындардың шығармашылығына да әсер етті.

Низами Гәнжәуи ақындық өнерді асқақтатқан дидактикалық-философиялық ой-пікірлерге толы өлеңдерімен қатар, лирикалық мазмұндағы жырларымен де танымал. Шығармаларында гуманист, жалпы адамзаттық, әлеуметтік-саяси, рухани және ахлақи ой-пікірлер көркем суреттеледі.

Гәнжәуи әлем әдебиеті тарихында мәснәуи формасында жазған бес поэмадан құралатын «Хамса» (Бес кітап) авторы ретінде әйгілі болды. Ақынның «Хамса» жинағы 1177 жылы аяқталған. «Мәхзенүл-есрар» (Сырлар қазынасы) атты алғашқы поэмасымен әйгілі болады. Бұдан басқа бұл топтағы поэмалары арасында «Хұсрау-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жеті ару» бар. Ғұмырының соңғы күндері әдеби-көркемдік, әлеуметтік-философиялық ойларын жинақтаған «Ескендірнама» поэмасын жазады.

Низами Гәнжәуи 1209 жылы Гәнжеде дүниеден озды.



ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН

(дастаннан үзінді)

(Аударған: Қасым Аманжолов)

Ләйлінің елесіне Мәжнүннің шаққан зары

Кетті деп қайран Ләйлі жар боп жатқа,
Сумандап суық хабар жеткен шақта,
Қат-қабат қайғы үстіне қасірет шөгіп,
Мәжнүнді жатты езгілеп ен аулақта.

Кетті бұл періге ұсап, ұмытты өзін,
Жын арбап шатасқандай барлық сезім,
Қайрылған қанатынан құстай құлап,
Жапанда жатыр еді жұмып көзін.

Бір мезет орынынан түрегелді,
Ләйлінің сарайы деп үңгірге енді,
Қуарған бір тал шаштай қатып-семіп,
Күбірлеп жел тілімен сөйлей берді:

– Уа, шіркін, жатқа жар боп кеткенің бе,
Жүрегін ғашығыңның тепкенің бе,
Екеуміз бірге отырған күндер қайда,
Серт бұзып, арды құрбан еткенің не?

Ант қайда, куә қайда адалдыққа,
Енді айнып ар-ұятты төккенің не?
Жүзіңді менен неге жасырасың?
Күнәм не, жазығым не, айтшы расын,

Жүрегін айныса да адалдықтан,
Достықтан қайтіп сірә айрыласың?

Сен үшін тәңірге мұң шағып едім,
Жанымды саудаға да салып едім,
Сендегі оттай ыстық махаббатты,
Қымбатым – жанмен сатып алып едім;

Кәсібің енді сенің бос сөз болды-ау,
Көңілің маған толмай жатқа толды-ау.
Есіркеп, ең болмаса ескерсеңші,
Мұндай да бола ма екен алдау-арбау.

Бақша едің, сені күтіп жазым өтті,
Ақыма арқалаттың қасіретті,
Су сепкен қанатыммен көгершін ем,
Жемісті мен өсірген қарға жепті.

Үзілген сағағынан сенің хұрмаң-
Басқаға у болсын деп қарғыстағам,
Күйдіріп жалын шашқан отты желмін,
Бақшаңнан ләззат таппас басқа адам.
Гүл шашқан миуалы бір ағаш едің,
Жемісің басқа жанға болар харам.

Мен саған едім ғой бір тиген енші.
Ант қайда? Сертің қайда? Ойлап көрші.
Адал жан, таза жүрек қайда кеткен,
Көзіме тіке қарап жауап берші.

Өзінің сабағынан гүл безер ме?
Безсе, солып түспей ме қара жерге.
Айдың алтын табағын түн қиратса
Бұрынғыдай жарқырап нұр берер ме?

Қайтіп қана енді мен шат болармын,
Бірақ та саған қайтіп жат болармын.
Ұмыта алман мен сені, ұмыта алман,
Азар болса қайғымен тез солармын.

Сен салған қайғы жанға қатты батты,
Кеудемнен қуып шықты ар-ұятты,
Доссың деп те айта алман енді сені,
Жаусың деуге, – қыя алман махаббатты.

Қалжыраттың, қажыдым, бітті күшім,
Досымбысың, білмеймін, жауымбысың;
Сонда дағы безе алмай болдым әуре,
Жан азығым бір сенсің, бар тынысым.

Қайғыңнан қысқарса да жас өмірім,
Кешірім сұрайды ғой сұлулығың;
Сендей сұлу болса бұл жалғанда
Талай жан басын құрбан ететұғын.

Мен шырағдан болғанда таңсың ғой сен,
Арманым жоқ, алдында таңның сөнсем,
Ай сәулетті болса егер, айсың ғой сен,
Шах құрметті болса егер шахпен тең сен;

Жібек, торғын бөлеген сен бір гүлсің,
Шырынысың жүзімнің, жанға нұрсың,
Сенің нұрлы жүзіңнен от та ұялар,
Озің отсың, сәулетпен жанып тұрсың.

Гүлді, нулы бақшаның барша сәні,
Қайтіп сенің жүзіңмен таласады,
Патша киер атылас арайынан
Сенің раушан жүзіңнің нұры асады.

Қас қағысың - құпия жатқан бір ой,
Әрбір қасың бір жаңа туған ай ғой.
Қызыл күрең мәуелі сандал ағаш-
Содан арта жаралған бұл зифа бой.

Қара шатыр сықылды қара шашың,
Қара шашқа раушан жүз жарасасың,
Сұлулықтың сұлтаны, алдың жеңіп,
Абиссин¹ мен Қытайдың² падишасын.

Мұндай сұлу ғажайып тұрған шақта
Қыйып тастап кетермін мен қай жаққа.
Қарсы алдыңда жанымды құрбан етем,
Одан басқа айла жоқ мен бейбаққа.

Мейлің қорла, аяусыз жаралай бер,
Мен адал боп өтемін махаббатқа,
Шыдайын да сынайын, байқайын бір,-
Тағдыр шіркін жетектер қай тарапқа.

¹ Абиссин – қара халық

² Қытай – ақ халық деген мағынада

Мәжнүнге әкесінің айтқан зары

Белгісіз жел алды ма, жын алды ма,
Зым-зия Мәжнүн кетті жоғалды да...
Айрылған жалғызынан араб шалы
Шарқ ұрып, шарламаған жер қалды ма.

Алысып жүрегімен Мәжнүн кетті,
Қарт әке қалды арқалап қасіретті,
Өшті де шырағдандай үміт-сәуле,
Қам көңіл қан аралас жасын төкті.

Аяусыз төгіп-шашып қазына-пұлын,
Көп жортты, көп іздеді жалғыз ұлын,
Таба алмай өзі түгіл басқан ізін,
Жатты бұл күтіп ажал, жинап жүгін.

Қай күні келеді деп қатал ажал
Түйініп, күтіп жатты бишара шал;
Қарттық кеп, қалжыратып күшін алып,
Жол сілтеп о дүниеге тұрды дажал.

Қабырдай тар боп кетті өз мекені,
Аузынан жалын болып шықты демі.
Есіктен еңгезердей кіріп ажал
Қай күні сорлыны айдап әкетеді.

Не шығар жатқанменен үйде қорқып,
Тағы бір келейін деп шарлап, жортып,

Жетектеп үміт шіркін жолға шықты,
Жанына бір-екі жас серік ертіп.

Заңғар тау, асқар биік, сай мен сала,
Қара құм, қою орман, жасыл дала-
Бәрін де шарлап өтті желдей жортып,
Мәжнүнді таба алмады бұл сонда да.

Күндердің күнінде бір кез кеп пенде
Сілтеді қиыр шалғай жатқан жерге;
– Жер емес, ол бір жатқан дозақ, – деді,
Ұқсайды мылқау зындан, қапас көрге.

Қап-қара бұлттай түсі суық,
Ол жерге тірі пенде бармас жуық,
Отты сел құздан аққан кеткен өртеп,
Жаһаннам, желі – жалын, тасы – уыт.

Кәрия, не азапқа көнген пенде,
Сол жерге салып жетті бір-ақ күнде,
Кеудесі қақ айрылып кете жаздай,
Мәжнүннің жатқан түрін көргенінде:

Саудырап сүйектері терісінде,
Адамдық бейнесінен кеткен мүлде,
Тағдырдың дүниеден қуған жаны,
Әйтеуір жатыр сұлап бір қу сүлде.

Жан емес тек бір хыял, ой сияқты.
Жай ғана демін алып Мәжнүн жатты,

Шірімес қара жерде бір тал шаштай,
Ажалдың тырнағынан аман қапты.

Ат жортпас жерлерде бұл көп қаңғырған,
Адамнан аңнан бетер жасырынған.
Қазаны қасіреттің қайнап тасып,
Сұлатып, есінен де адастырған.

Терісін бір тағы аңның байлап белге,
Жаралы жолбарыстай жатыр пенде,
Жатыр ол бүктетіліп бейне жылан,
Жатыр ол бауыр төсеп қара жерге.

Әкесі жайлап қана жақын келді,
Шашынан баласының сипай берді,
Әлдекім өлі бойға қан құйғандай,
Соқты кеп Мәжнүннің де жүрегі енді.

Көз ашып Мәжнүн сонда жалт қарады,
Бірақ та кім екенін танымады.
Кімде-кім өзін-өзі кетсе ұмытып,
Мүмкін бе басқа жанды танымағы.

– Жөніңді айт, – деді Мәжнүн, – уа, жолаушым.
Менен не күтесің сен? Кім боласың?
Шал айтты: «Балам, балам, сорлы әкеңмін,
Мен ғана енді сенің бір жоқтаушың...»

Сол жерде әке-бала құшақтасып,
Қайғысы екі жанның кетті ұласып,

Жыласты көз жастары сарқылғанша,
Тоқтасты өксіп-өксіп, мауқын басып.

Жалмажан киіндіріп жалғыз ұлын
Сорлы әке жалбарынып, шақты мұңын:

Жаным балам, жалғызым,
Сен жатар бұл жер емес,
Өмір өтіп барады,
Бұл жатысың жөн емес;
Семсерден өткір шөбі бар,
Мына бір жерден кет, балам,
Ертелей ажал тап болмай,
Еліңе есен жет, балам,
Мына жерден кетпесең,
Өз еліңе жетпесең,
Зәрлі тікен жаралап,
Уландырар тәніңді,
Ағызар судай қаныңды.
Енді екі-үш күн шыдатпас.
Қапыда қаза табарсың,
Тілегім қабыл етпесең,
Өзіммен бірге кетпесең –
Жолбарыс пен қасқырдың
Жемтігі боп қаларсың.
Жүгіре- жүгіре жалғызым
Жер шетіне жетіпсің,
Сәл қалыпсың құлауға,
Көр шетіне жетіпсің.
Тәкәббар тік жарларды,

Сел іркілсе – құлатар,
Сел ағызған тауларды
Жер сілкінсе құлатар;
Қайғы селі қаптаса
Темірдей берік болсаң да
Қара жерге сұлатар.
Қайғының да шегі бар,
Зая етпе өмірді,
Иттің дағы елі бар
Болмадың ба ит құрлы.
Адам болып жаралдың,
Адам болып өтсеңші,
Періге ұқсап жүргенше,
Адамша еңбек етсеңші.
Адамшылық сапарға
Бірге аттаншы, қарағым,
Қалжыраған жанымды
Жұбатсаңшы, қарағым.
Тізгініңнен ұстатпай
Бүгін кеште бір кетсең,
Жер бетінен таппассың
Ертең мені іздеп сен.
Өлер шағым жетті ғой,
Дүниеде көп қаңғырдым;
Мұрагер боп артымда
Қалсаңшы сен, көнсеңші
Өміріне тағдырдың.
Жапырағым қуарды,

Сен гүлденіп қалсаңшы,
Шалқар көлім суалды,
Сөзіме құлақ салсаңшы.
Қасірет мені өлтірді,
Тозаң басты күнімді,
Күндізім кешке айналды,
Күтіп тұрмын түнімді;
Күнім түнге айналды,
Ей, жарық таң, қарап қал.
Жан алқымға таялды,
Ей, жалғызым, құлақ сал.
Жаным балам, жалғызым,
Алыстама жуықта.
Мен келмеске кетермін,
Орынымды суытпа;
Жолға шықтым зар жылап,
О дүниеге көшемін,
Үстім топырақ, астым сыз
Қара жер болар төсегім;
Асығыспын, қарағым,
Қоштаса алмай қаларсың,
Иесіз қалған жұртыңа
Мен кеткен соң барарсың;
Қабырымды құшақтап,
Қанды жасың төгерсің;
Тілегім қабыл етпесең,
Мына жерден кетпесең,
Ақырында өзің де
Өкінішпен өлерсің.

Мәжнүннің әкесіне қайырған жауабы

– Жаныма сусын болды сенің демің,
Жадырап бір ашылды көкірегім,
Шатасқан ой шырмауын бір тарқаттың,
Кіргендей болды біраз есім менің.

Сөзіңе ілтипатпен салдым құлақ,
Жаныма айтқан сөзің жақты шырақ,
Сонда да мен бейбаққа ем қонар ма,
Түпсізге кеткен жанмын мен құлдырап,

Бәрін де айтқаныңның орындар ем,
Амал жоқ, ондай қайрат жоқ қой бірақ;
Ессізге ес түсіріп не қыласыз,
Ой деген әлдеқашан кеткен жырақ.

Махаббат құрбаны боп кеткен жанмын,
Басқаға бұрылмасқа серт қылғанмын,
Дүниеден қымбат маған махаббатым,
Тойдым ғой қызығына сұм жалғанның.

Жіберді желдей қуып тағдыр мені.
Өмірді өткен-кеткен ұмытқанмын;
Естіген-білгенімді желге шаштым,
Тек қана махаббатым сақтап қалдым.

Сіз әке, білем рас, мен балаңмын,
Бірақ та атыңыз кім, – жаңылғанмын,

Ұмытқам әкем түгіл өзімді де,
Әйтеуір бар білерім – ғашық жанмын.

Жанымның нажағайы жарқ еткенде
Соңынан барлық сезім сөнген менде,
Жүрегін жастайынан жасыл соққан,
Жалғанға жат боп өскен мен бір пенде.

Тағысы табиғаттың жалғыз жанмын,
Досымын, серігімін түздегі аңның,
Дүлейі аң мінезді болып кеткем,
Жүре алман қатарында адамдардың.

Жалаңдап жанып тұрған мен бір жалын.
Жүрермін өртеп кетіп жұрттың жанын,
Дауылдай долы ойым ойран салса
Жалғаншы жан иесін мерт қылармын.
Жеріңнен жел қуған бір қаңбаққа ұқсап
Жатайын саясында шыңырау жардың.

Немесе өлген жан деп қабыр қазып,
Құлпытас орнатып қой жазу жазып.
Желі боп махаббаттың кеткен жанмын,
Өмірде мен оралар жоқ еш қазық.

«Жол шегіп о дүниеге кетем» дейсіз,
Мен кетіп қалғанымды сіз білмейсіз,
Құр бекер бір елеске алданбаңыз,
Өлімін, өлі жаннан не тілейсіз?...

Әкесінің Мәжнүнмен қоштасуы

О, жүрегім, жалғызым!
Жан сақтаушым деуші едім,
Азаптаушым болдың-ау.
Абыройлы гүлім ең,
Сұрапылға кездесіп,
Мезгіл жетпей солдың-ау.
Жұқарған жаным жыртылды.
Сенің оқтай сөзіңнен,
Қоштасатын кез жетті
Сенімен де өзіммен.
Жинады әкең жұмысын –
Дүниедегі аз ісін,
Жылап қал, балам, жылап қал,
Өсиет, кешу сұрап қал.
Ақтық рет құшақтап,
Асылшы келіп мойныма,
Жаңбырдай жасың бұршақтап,
Төгілсін маржан бойыма;
Сенің ыстық жасыңмен
Қарт денемді жуайын;
Бесігінде өлімнің
Күнәсіз жас бөбектей
Тыныш ұйықтатсын құдайым.
Сен де өлісің, мен де өлдім,
Дүниеде босқа сенделдім,
Қош бол, қош бол, жалғызым,
Мен келмеске жөнелдім.
Қымбатым- көзім сен едің,

Жанарым сөнді соқырмын;
Қолымнан ажал жетектеп,
Барса келмес дүниенің
Кемесіне отырдым;
Көзім соқыр, көрмеймін,
Көңілім соқыр білмеймін,
Соңымнан дұға оқыр кім?
Ата мен бала арасын
Жалғаған жібім үзілді,
Ұрпағыма арнаған
Кең сарайым бұзылды.
Тұлдырым жоқ артымда,
Өзіммен бірге әкеттім;
Қош бол, қош бол...а, дүние,
Ал, мен кеттім, мен кеттім...»

Жөнелді осыны айтып жұртына шал,
Үйінде отыр екен күтіп ажал,
Төріне шығартпастан кетті айдап,
Жүгін де жинатпады бар ма амал.

* * *

Кезбесі көк жүзінің ай сияқты,
Жаратқан беймаза ғып адамзатты;
Жарқ етіп нажағайдай сөнер адам,
Дариға-ай, тәтті өмірді кім қысқартты!

Бұл дүние бір ауыл ғой, қонып өтер,
Ертеңгі сапарды ойлап, тыншың кетер,
Аз ғана аялдаған мезгілінде
Арпалыс, ісің бітіп, жүрме бекер.

Әр адам жан тапсырса, келіп өлім,
Құтылар құрсауынан дүниенің;
Күлгенмен періште боп дүние-дию,
Тілейді бітсе екен деп ақтық демің.

Сонда да дүние шіркін қызықтырар
Мәз-мейрам, шалқып шат боп күліп тұрар;
Қайғырмас дүние деген адам үшін,
Адамзат дүниені ойлап көп қайғырар.

Дүние – алтын жиһаз, безбе бұдан,
Қызық құмар адам бол; болма жылан;
Жыланға ұсап өліні азық етпе,
Сен дүниенің гүлісің шалқып тұрған.

Адам болсаң болғайсың адал жанды,
Жауыздықтан аулақ бол, сүй адамды;
Жақсылықты жақсылық табар іздеп,
Жаманат пен жақсы атақ кім шығарды.

Адам сырын айғайлап тауға айтпай ма,
Жаңғырып тау да оған тіл қатпай ма.
Сол сияқты жақсылық, жамандығың –
Өз алдыңа айналып бір қайтпай ма.

Мәжнүннің әке өлімін естуі

Аң аулап келе жатқан бір салт атты
Мәжнүнді, ойда жоқта ұшыратты;
Ашыққан арыстандай Мәжнүнге ол
Қанжардай тілін кезеп,
Мынаны айтты:

«Ей, бейбақ! Жүрсің безіп ел-жұртыңнан,
Өмірің өткен-кеткен ұмытылған,
Дос-жаран, ата-анадан болдың жұрдай,
Бір қыз-ау осыншама әуре қылған;

Біржола айрылыпсың ар-ұяттан,
Шығыпсың адамдықтан, шарифаттан,
Бүйткенше, кірсең еді жер қойнына,
Жүзінді жасырсаң ед мүнәжаттан;

Тірідей зарлатып ең сорлы әкеңді,
Қайтпасқа сапар шекті әкең енді,
Шіркін-ау, ең болмаса жыласаңшы,
Құшақтап әке орнына қара жерді».

Қадалды мір оғындай аңшы сөзі:
Төкті кеп жас жаңбырын екі көзі,
Солқылдап ай далада сорлы Мәжнүн,
Жұлқып жеп жатқандай-ақ өзін-өзі.

Жүгіріп, ессіз-түссіз, кете барды,
Аруақтай аралады молаларды;

Қабырын әкесінің құшаққа алып,
Күңіреніп күйзелген жан төкті зарды.

Тұтқынға күн орнына түн орнады,
Ауру жан салқын түнде күйіп-жанды,
Қалды ол қайғы өртінің ортасында,
Бір жалын жалаңдаған құшаққа алды.

«Қайда, қайда кеттің сен,
Мені тастап сорлы әкем.
Жер бетінде жетімек
Дүниеде сорлы мен бе екем.
Жасырынып қабырға
Неге бездің сен менен.
Барлық күнә өзімнен
Қадіріңді білмегем;
О, сорлы әкем, сорлы әкем,
Кешіре гөр күнәмді.
Кешу сұрап қалмадым,
Кеш қалыппын, кеше гөр,
Күнәлі жаным уланды.
Тарихаттан³ өткізген,
Хақиқатқа жеткізген,
Ойлы ұстазым сен едің;
Жанның мұзын жібіткен
Алтын жазым сен едің;
Айдынында ер жеткен
Бала қазың мен едім.
Жалбарынам, жалынам,

³ Тарихат - ер жету, толу

Бір күнәмді кеше гөр,
Қадіріңді білмедім.
Жел жуытпас жалына,
Жан жуытпас маңына
Бас асау бір қашаған
Болыппын да жүріппін;
Уа, жасаған, жасаған!
Әке көңілі - алтын жаз
Жібіте алмай кетіпті,
Менің көңілім сары аяз
Мұз қатырып өтіпті.
Мамық төсек ұсынса,
Тасқа барып жатыппын,
Кілемде жібек отырмай
Ласқа барып батыппын.
Уа, кеше гөр, кеше гөр,
Барлық күнә өзімнен;
Ніл дария ағыздым
Нұры қашқан көзімнен.
Өтсін менің өмірім
Қан жосамен, жылаумен,
Жасаған мен әкемнің
Кешірімін сұраумен».

Құшақтай сұлық жатқан суық көрді!
Осылай сорлы Мәжнүн жылай берді;
Көтеріп қара туын түн де келді,
Күйікті жанның күйі күңіренді.

Оянып ұйқысынан таң жаршысы
Күй төкті көмейінен жыршы құсы,

Таң сұлу алтын туын тауға қадап,
Жер бетін жадыратты дем алысы;

Сол кезде сүйретілген тірі аруақ
Қабірден көтерілді жасы парлап,
Елестеп еміс-еміс кете барды
Азанғы азынаған желдей сарнап.

Мәжнүн тағы аңдар арасында

Жер төсеп, тау жастаған құпия жан
Үстінде жүре берді жалпақ жаһан,
Махаббат желі айдаған бұл бір қаңбақ,
Сапарын жел білмесе, білер ме адам;

Көп уақыт өлген әке қамықтырды,
Ойласа есінен де танып жүрді,
Жалғыз сөз «Ләйлі» деген жанын арбап,
Махаббат әкені де ұмыттырды.

Ләйлі деп зарлай берді жапан түзде,
Көктемде айтқан зары жетті күзге,
Аңға ұқсап, көк балдырған қазып түбін,
Тамырын қорек етіп жүрді елсізде.

Үркітіп тағдыр мұны етті тағы,
Дүниеден шошынғандай болды жаны;
Мәжнүнге үйір болып кетті бәрі
Жаһанның жел аяқты жортқан аңы;

Дүниеден үріккен жанды аң қарсы алды,
Достасып жыртқыш аңмен кете барды,
Қарашы ғажабына табиғаттың,
Естіген, көрген пенде аң-таң қалды.

Дос болып тағы аңдармен, тілін ұқты,
Орнатты ынтымақты, татулықты,
Жосылып соңына еріп аң әскері,
Аңдардың падишасы туын тікті;

Арыстан, бұғымен де дос боп кетті,
Екеуі қырдан қару алып кепті;
Жиылып жан-жақтағы жыртқыш аңдар
Мәжнүнге адалдықпен қызмет етті.

Жолбарыс, қасқыр, түлкі, аю, бұғы
Мәжнүнді күзетіп күні-түні;
Су иесі Сүлеймендей болды Мәжнүн,
Табанда орындалды не бұйрығы.

Бүркіттің қанаттарын шатыр етті,
Денесін құзғын қара құс күзетті,
Жығылып жырқыштардың туы мәңгі,
Қасқырлар қой жемеске берді сертті;

Арыстан адалдыққа антын берді,
Дос болуға есек пен ит те көнді:
Сықылды ерке бөбек жас құралай
Арыстан қаншығының сүтін емді.

Жүрегін қолына алып Мәжнүн жүрді,
Сап түзеп аң біткендер соңына ерді;
Сыпырып құйрығымен түлкі жазған
Мәжнүнге дайындайды жатар жерді.

Шіреніп аң патшасы Мәжнүн жатар,
Аяғын ақ бөкеннің мойнына артар,
Бұғының бүйіріне шынтақ тіреп,
Басына жастық болар құлан, арқар.

Ақситып азу тісін ақ семсердей,
Патшаны жалғыз қорып тұрған ердей –
Арыстан аршын төсті, бұйра жалды,
Күзетіп отырады күн- түн демей.

Мәжнүннің мұнысына жұрт таң қалып,
Аңыз ғып әкетісті талай халық;
Ағылып талай адам келіп жүрді
Білуге мұның жайын құмарланып;

Келсе егер, рұқсат ап, адал пенде,
Күтетін қонағындай қабыл алып,
Ал егер арам ойлы біреу болса
Жабылып жыртқыш аңдар салар жарып.

Жүрекпен арпалысқан талай ғашық,
Болса да жері шалғай, жолы қашық,
Мәжнүнді әдейі іздеп келіп жүрді,
Кетуге мұң мұңдасып, сыр сырласып;

Пенде аз ба жүрегімен арпалысқан,
Күн сайын келіп жатты әрбір тұстан,
Әкелген азықтарын салды ортаға,
Мәжнүннен мал мен пұлын аямастан;

Кеп жатты үсті-үстіне азық-түлік,
Мәжнүннің мырзалығын аңдар біліп,
Бәрі де әзір асқа болды қарық,
Қу түлкі күлмнің қақты мұрттан күліп;

Қояр ма құлқын тамақ қызықтырмай,
Мәжнүннен көргеннен соң құрмет мұндай,
Аң деген адамнан да болды адал,
Әмірін орындады екі қылмай...

Бір хикая

Болыпты ертеде бір зұлым патша,
Ол өзі іс істепті ақымақша,
Қабаған ит біткенді жинатыпты,
Сол үшін шығарыпты қыруар ақша;

Диюдай долы иттері арсылдаған,
Жиып ап, күтіп-сыйлап асыраған,
Арс етсе атан мойнын алып түскен
Иттері болса керек өңшең бір нән.

Есуас долы бопты патша тіпті,
Жазықсыз жанды талай қақсатыпты,
Кімде-кім көңіліне жақпай қалса
Алдына иттерінің тастатыпты;

Шынжырлы долы иттер арс-арс үрген
Тырнағы ілінгенде бір-ақ бүрген;
Жазықсыз талай пенде итке жем боп,
Сұм патша бүкіл халқын түршіктірген.

Жақын боп, сол патшамен араласқан,
Өнерлі бір жас бопты жұрттан асқан,
«Патшаға сәл нәрседен жақпай қалсам,
Итке жем болармын» деп бұ да сасқан.

Болған соң әрі өнерлі, әрі епті,
Астыртын құпия бір іс істепті,
Ит күткен адамдармен дос боп алып,
– Көрсетіп иттеріңді жүрші, – депті;

Ұрланып не бір кеште, не таңертең,
Күн сайын бір қой алып келеді екен,
Білдірмей патшаға да, басқаға да
Сол қойын иттерге әкеп береді екен.

Құлқынға иттер тұрсын адам да құл,
Тек қана сараң болмай, жомарттық қыл,
Күнде қой бергеннен соң әлгі иттер
Болыпты еркелейтін, үрмек түгіл.

Жігітке патша бір күн ашуланып:
– Мынаны таста, - депті, - итке апарып,
Әмірін екі қылар шара бар ма,
Иттерге лақтырыпты байлап, таңып.

Мұны иттер алғашқыда танымапты,
Жалмажан жұлқылауға ортаға апты...
Кенеттен үндері өшіп, құйрық бұлғап,
Еркелеп, бәрі тегіс жата қапты.

Бірі иіскеп, бірі жалап қол-аяғын,
Бұралып, еркелеп кеп, сүйеп жағын,
Қыңсылап жатып апты. Көріп пе елдер
Иттердің осыншама аяғанын.

Сол жерде түні бойы жатты жігіт,
Сұлу таң көкжиекте тұрды күліп.
Ертемен тұрған патша болды нала
Өзінің қылығына өзі өкініп.

«Ыза боп сәл нәрсеге, қаным қайнап,
Жазықсыз жасты өлімге бердім байлап,
Барып тез біліңдерші не болды екен,
Иттер жеп қойды-ау сірә» деді айқайлап.

Бір итші кетті де тез қайтып келді,
Патшаға бір жат хабар айтып келді,
«Уа, тақсыр, кешегі жас адам емес,
Періште екен ол бір. Қайттік енді?!

Итердің ортасында отыр тірі,
Жеу тұрсын, тістеген де жоқ ешбірі,
Мысықша еркелейді қасқыр иттер,
Қандай жан періште демес мұны».

Сол жерде сасып патша болды әбігер,
Деді ол: «жылдам барып ап келіндер».
Жігітті ит қорадан тік көтеріп
Сарайға алып келді бір топ нөкер.

Аяу ма, сасқаны ма, кім біледі,
Сол жерде патша тұрып еңіреді:
«Кеше гөр бұл күнәмді, ей қыршын жас,
Кім едің, айтшы тез, бол, айтшы» деді.

Жас жігіт деді сонда: «Ей, падиша,
Не болған, айтыңызшы, сізге осынша.
Сіз білмес жақсылықты иттер білді,
Не істемес адам ұлы жан шошынса.

Итке жем етерінді сезгем көптен,
Иттерге азық бергем сол себептен,
Жегенін жақсылықпен ит қайтарды,
Білсеңіз, сізге он жыл қызмет еткем.

Сондағы көрген сыйым осы екен ғой,
Патша – әділ деген сөз бос екен ғой;
Жаманға жан қисаң да, – жау екен ғой
Итке сүйек тастасаң, – дос екен ғой».

Естіп сөз көрген соң бұл кереметті,
Мас патша айыққандай болып кетті,
Иттен де, иттіктен де мәңгі безіп,
Адамша адалдықпен қызмет етті...

Ертеден есте қалған бұл бір аңыз,
Неге айтты деп, айыпқа бұйырмаңыз.
Жақсылық-жамандықтың мысалы ғой,
Мәжнүннің басында бар осы нағыз.

Ол дағы жаңағы жас жігітке ұқсап
Аңдарды қойған жоқ па жіпсіз тұсап,
Жомарттық жауынды да дос етеді,
Ешуақыт болма сараң, болма ұсақ.

Мәжнүн жүр аңмен бірге жұрттан ерек,
Неге олай? Түсінеді көңіл зерек...
Жақсылық жеңбейтұғын жау бола ма,
Жігіттер, бұдан ғибрат алмақ керек.

Мәжнүннің аспанға шаққан мұңы

Жап-жарық түн еді бір – бейне күндіз,
Самсаған көк жүзінде сансыз жұлдыз;
Әлемнің алтын нұрлы кең сарайын
Аралап жүрді жүзіп ай – сұлу қыз.

Аспанның сәулетіне қалып қайран,
Бір тілек сұрайтындай көктегі айдан,
Тып-тыныш түн қойнында тұрды Мәжнүн...
Шарқ ұрып шолпан шықты жарқын-жайраң.

Шолпанға қарап тұрып сонда Мәжнүн:
Жалынып-жалбарынып шақты зар-мұң:

«Уа, шолпан, жұлдызы едің сен бақытты
Ежелден жаршысы едің алтын таңның;

Сескеніп, сен тұрғанда түн қашады,
Нұрлы жүз жарығысың бір жаһанның,
Қуалап кеудесінен қайғы түнін
Таңын бір атырсаңшы мұңлы жанның.

Жаныма жарқын таңның нұрын сепші,
Үмітім қайда менің, жол көрсетші,
Жаһанның жарқын жүзді жолаушысы,
Бір хабар ғашығымнан алып келші.
Жеткізші жан дауысын, жазылайын,
Қайда екен ғашық жарым, шолып өтші».

Осыны айтып Мәжнүн, қолын жайып,
Шолпанға жалбарынып тұр мұңайып,
Не қылсын жердегінің жалынғанын,
Тіл қатпай, жүзді шолпан томсырайып.

Өрмелеп шолпан көктің күмбезіне,
Кеткен соң жауап қатпай зар сөзіне,
Қап-қара түндей қапа болған Мәжнүн
Жалынды тәңірінің бір өзіне:

«Уа, тәңір, өзің ғана қорғанымсың,
Зарымды ай мен шолпан қайдан білсін.
Баршаның бастамасы – тәңір аты,
Уа, аспан, тәңіріме сен де құлсың.

Уа, тәңір, білмегенді білетін сен,
Бәрі де өз қолыңда не тілесен,
Тізгіні үміт, тілек – бәрі өзінде,
Есірке көз жасымды, пендем десең.

Ұлы іске бастайтын да бір өзіңсің,
Жарылқап тастайтын да бір өзіңсің,
Жұлдызға жер соғылып жатса дағы,
Ешуақыт саспайтын да бір өзіңсің.

Жаһанда ешнәрсе жоқ өзіңе тең,
Басқаның бәрі құлың, бәрі пенден.
Жеті қат жер мен көкті жаратушым,
Мұңлы жан жалбарынып тілек етем:

Қарашы, мен бір сорлы пендеңізге,
Отырмын қара түнде, құла түзде,
Түнекті түріп, маған таң жіберші,
Жалынам, пендеңізден күдер үзбе.
Көктемім күңгірттеніп барады өтіп,
Ертелей ұрындырма суық күзге».

Айтып ол бітіргенше осы сөзін
Білдірмей ұйқы келіп, басты көзін...
Өңінде тілегенін түсте көріп,
Алданып жата берді нәзік сезім.

Түсінде болыпты бұл бір бәйтерек
Жайқалып өскен бойлап, көкті тіреп,
Бір құс келіп қоныпты да бұтағына
Желпіпті қанатымен су себелеп,

Басына бәйтеректің маржан төгіп
Гүл әкеп орнатыпты нуға бөлеп...

Оянып, көзін ашса, ұйқысынан,
Құлпырып қызыл арай атыпты таң,
Күлімдеп, күнді күтіп, таң тұрғанда,
Отырды Мәжнүн біраз болып аң-таң.

Ойлады ол таңғажайып көрген түсті.
Басына гүл орнатқан жұмбақ құсты,
Өзі де сол қанатты құсқа ұқсап,
Хиялы әлдеқайда алып ұшты.
Зарыққан кездесе алмай мұңлы ғашық,
Болады тек түсінде қуанышты...

Мәжнүннің Ләйліден хат алуы

Күн еді десеңізші, неткен жарқын.
Күлдірген жаһан жүзін, дүние халқын.
Жұмақтың лебі ескен сәскесінен,
Желпіген жұпар желі қоңыр салқын.

Келмес пе бақыт деген мұндай күнде.
Мұндай күн нұр құймас па қам көңілге.
Жан мұңы, көз жасына бір қайрылмай,
Игілік кетпекші ме келмей мүлде.

Егінін өмірінің жас суарған,
Жүрегін, жанын егіп, қайғы орған,

Отырды мұңлы Мәжнүн тау басында,
Айнала аңдар жатты болып қорған.

Кенет бір шаң көрінді сонау жақтан,
Кім екен осыншама құйындатқан.
Түтіндей қою шаңның арасынан
Көрінді бір салтатты келе жатқан.

Адам ғой, неткен адам? Таяу қалды...
Әне ол аттан түсіп, жаяулады.
Жөн білер әдепті бір жан екенін
Мәжнүннің алыстан-ақ көзі шалды.

Қолын бір сілтеп еді Мәжнүн тұрып,
Аңдары жата қалды, әмірді ұғып:
Жолаушы келе жатқан араб екен,
Алдынан қабыл алды қарсы шығып.
Көрісіп, сәлемдесіп болғаннан соң
Сұрады жөнін Мәжнүн тез асығып.

«Жарқ етіп аққан жұлдыз сықылданып,
Жолаушым, нендей хабар жеттің алып.
Сен қайда, мен қайдамын, білемісің,
Жөніңді тез білдірші, жүрсің не ғып.

Естуге игі хабар жан ынтызар,
Айтпаңыз, болса егер бір жат хабар.
Жанымды жарқын жүзің жұбатқанмен,
Аңдардың айнымалы мінезі бар;
Жат хабар жан ауыртар айта ма деп
Тағы аңдар күдіктеніп жатқан шығар.

Жақында бір жат адам арам ойлы,
Жазықсыз улап еді ақыл-ойды,
Ақырда өз түбіне өзі жетті,
Күнәлі денесіне аңдар тойды;
Жүрекке ол қадаған зәрлі тікен
У жайып аралап жүр өне бойды;
Қазынаң сенің дағы сондай болса,
Айтпай-ақ, қайтшы еліңе абыройлы».

Өткір сөз өңменінен кетті өтіп,
Жолаушы басын иді тағзым етіп,
Жығылып көлеңкедей аяғына
Мәжнүнге баяндады сырын шертіп:

«Бәрінен игілердің даңқың асқан,
Жан едің жұрт таңғалтқан бала жастан.
Елсізде етегіңді аңға жайып,
Табиғат тағысымен сыр сырласқан;
Еркелеп бөбегіндей жас құралай,
Бас иген әміріңе долы арыстан.

Әр қилы хабарым бар алып жеткен,
Отым бар алып келген жан-жүректен,
Құпия жан сыры еді ешкім білмес,
Оңаша сөйлеселік сол себептен;

Ұлықсат болса егер – баяндайын,
Болмаса – өз жөніме аяндайын».
«Берші тез, не әкелдің» деді Мәжнүн,
Жан шіркін білді айтпай-ақ мәні-жайын.

Жолаушы деді сонда: «Етші сабыр,
Асауы бақытыңның жуасып тұр.
Кеше мен келе жатсам, жол үстінде
Аспанның айындай бір ару отыр;

Ай деймін, бірақ оған тең келмес ай,
Ай түгіл күннің өзі ұялғандай;
Ақ бұлттай желін жапқан желегі бар,
Таңданып қарай бердім көзімді алмай;

Ұрмақтың бағында өскен бұл бір шынар,
Немесе хордың қызы осы шығар,
Отыр ма әлде бұлбұл көмейінде,
Дауысы бейне кәусар су сылдырар;

Құлпырған құралай көз нұры қандай.
Раушан жүз – қызыл арай атқан таңдай;
Жалт беріп құралайша бір қараса,
Мас қылып арыстанды ұйықтатқандай.

Бұйрасы қара шаштың – Жим⁴ секілді,
Бойы – әліп⁵, оймақ аузы – мим⁶ секілді;

Ойы бір жатқан шежіре мың хикая,
Демі бір жұпар райхан гүл секілді.
Өмір де, нұр да, гүл де бір өзінде,
Кім көрген перизатты бұл секілді;

⁴ Жим - араб әрпінің аты

⁵ Әліп - араб әрпінің аты

⁶ Мим - араб әрпінің аты

Бірақ та, ерте тарқап өмір тойы,
Сабақша иіліпті оқтай бойы,
Көзінде нұр орнына жас іркіліп,
Теңіздей толқып жатыр қайғылы ойы.

Гүл жүзі сарғылт тартқан нұры азайып,
Шұғыласын өшіргендей көз жас шайып,
Күн екен, нұры кеміп ай болыпты,
Жайып сап бұлттай шашын тұр мұңайып.

Жалыны іштегі өрттің сыртқа шығып,
Толықсып тұр екен ол жасын сығып,
Көргенде көкірегім кетті-ау күйіп,
Жақын кеп жөн сұрадым, иба қылып.

«Қалқам-ай, кім боласың не ғып тұрсың,
Егіліп мұнша неге налып тұрсың,
Мәнін айт тұрысыңның, көз жасыңның,
Кім үшін өрт боп күйіп, жанып тұрсың».

Ол сонда жүзін бұрып, келді тілге,
Ойнады ащы күлкі тәтті ернінде:
«Жанымның жарасына тұз сепкен жан,
Білсеңіз, мен бір мұңлы жер бетінде;

Бір кезде Ләйлі деген қыз едім мен,
Бұл күнде мазасызбын мың Мәжнүннен,
Жұлдызы қара болған сол бір жаннан
Бұл күнде мен ессізбін жанмын өлген;
Жүрсе де нысана боп, қайғы оғына

Ер ғой ол, әйел емес мендей мына,
Махаббат сапарында ерлік жасар,
Төзе алар ыстығына, суығына;
Қапаста мен сияқты отырған жоқ,
Жүреді ол өз еркімен өз ығына.

Кім менің қасіретіме ортақтасар,
Төгемін жалғыз өзім қапаста зар,
Шошимын жас өмірім сөне ме деп,
Шыдарлық қандай менің қайратым бар.
Әлсізбін, жүрексізбін, нәзік жанмын,
Бір сорлы әйелмін ғой өресі тар;

Қарсылық күйеуіме ете алмаймын,
Әкемнен қашып және кете алмаймын,
Қамаған қайғы дария, ар жағына,
Қайрат жоқ, құлаш сермеп өте алмаймын.
Махаббат: босқа күйме отқа, дейді,
Басар жер, барар тауың жоқ па, дейді,
Құзғыннан қырғауылша қашшы, дейді.
Ар-ұят: сабыр ойла, тоқта, дейді.

Әйел боп жаралған соң өрісің тар.
Қайрат жоқ тас қамалдан алып шығар.
Қаншығы арыстанның болсаң дағы,
Әйел боп жаралғасын өрісің тар.

Ойласам сол бір сорлы ғашығымды,
Тал түсте жамыламын қара түнді,
Қан көміп кетеді де жүрегімді ,
Қасірет сөндіреді қуатымды;

Жүр екен қайда менің ғашық жарым,
Ұзатып батар күнін, атар таңын,
Бар ма екен сырластары, жан ашыры,
Қай жерде жаяды екен дастарқанын.
Қайырлы сапарында кез болмас па,
Жолаушым, алып жетші бір хабарын».

Мұндай сөз тебіrentпес кімнің жанын,
Тоқтатып сапарымды аялдадым;
Естіген-білгенімді сен туралы
Ләйліге былайша деп баяндадым:

«Ессіз жан, жүр дейді ол, жиһан кезіп,
Достан да, жақыннан да кеткен безіп,
Достасып тағы аңдармен кеткен десед,
Аруақтай азған дейді қайғы езіп.

Айрылып әкеден де, ғашығынан,
Дүниеден үркіп, безіп кеткен бір жан,
Қайғысы қара тасты егілткендей,
Көзінен жосып дария жас ағылған».

Бұл сөзді естігенде түсті сұлық,
Кеткендей бәйтерегін дауыл жұлып;
Көтеріп қара жерден алдым мен де,
Қайтадан көзін ашты есі кіріп;

Қалтырап шықты сонда нәзік даусы:
«Азырақ аялдашы, ей, жолаушы,
Хат жазып ғашығыма берейін мен
Істеші бір жақсылық, алып баршы».

Деді ол: қабыл алдым бұл тілегін
Күттім де сол маңайда бір түнедім.
Қайғының қара мөрін басқан хатын
Жасырып жүрегімдей, алып келдім.

Дегенде, Мәжнүн одан алды хатты:
Көзінен қанды жасты бұршақтатты,
Сезімнің нажағайы кетті соғып,
Қалтырап қолы хатты ашып жатты.

Ләйлінің хаты

Үшбу хатқа салдым өрнек,
Тіктім кесте шым жібектен,
Салдым өрнек – оқып көр, деп
Шым жібектен – жан жүректен.

Уа, серігім, ізгі досым,
Уа, сақтаушым жанның сырын,
Жұбанышым, көңіл қошым,
Махаббатым, асыл нұрым.

Қара таста қызыл қына
Тамған сенің қаның ба екен.
Құба шөлде бар хызыра-
Жасың ба екен, зарың ба екен.

Жетімегі бұл дүниенің,
Тағы аңдардың дос-сырласы.

Оқтай тескен көкірегін
Өткір қайғы нысанасы,

Айнымасқа, адалдыққа
Жанын куә еткен, досым,
Махаббатың барша жұртқа
Аңыз болып жеткен, досым.

Қайда жүрсін, не күйдесін,
Қайда, қайда кеттің алыс.
Сен болдың-ау, қайран досым,
Жараланған бір жолбарыс.

Айырды ғой тағдыр шіркін,
Бақытыңнан және менен.
Ішім жалын, шоқ боп сыртым,
Шала жансар қалды денем.

Жаным, жарым сенсің ғана,
Жесіріңмін жалғыз қалған,
Тірі айрылдым, бар ма шара,
Көзімде жас, көңілімде арман.

Тұрсам дағы жат үйінде
Жар болған жоқ, сен сөзіме,
Махаббатым сол күйінде
Сақтаулы тұр бір өзіңе;

Тұр жайқалып гүлім әлі
Үзбес оны жаттың қолы.

Тек жанымды жаралады
Күнде тиіп қайғы оғы.

Күйеусымақ жалған жарым
Болса дағы қанша қатал,
Адамшылық сақтады арын,
Жатқан емес бір түн қатар.

Жуаның да иісі бар,
Гүл райхан бола алар ма.
Болса дағы қанша құмар,
Жетер ме ол ғашық жарға.

Жәбірлегіш жалған жүзін
Мен де тастап кетер едім,
Мекен етіп иесіз түзін
Мен де сенше өтер едім,

Амалым не, торда отырмын,
Ұша алмаймын қанат жайып,
Шыға алмадым көп ұмтылдым,
Мен сорлыға бар ма айып.

Қара қапас қам көңілім,
Көкірегімде сөнген шамым,
Қасірет, қайғы бар өмірім,
Жылап қана жұбанамын.

Тал шашыңды бермес едім
Бүкіл дүние жиһазына;

Кәусар суың күнде ішемін,
Мен бәйтерек, сен хызыра,

Хызыра суын қорек қылам,
Жұтамын да гүлдеймін ғой;
Сенің жүрген жолдарыңнан
Тікен тапсам – гүл деймін ғой.

Сен бір күнсің, мен бір аймын,
Кез болар ма тоғысатын.
Күн жолына көп қараймын,
Жанға тиіп нұр сипатың.

Көрсетпейді дүние күңгірт
Нұр сәулесін күн мен айдың;
Аспанымды торлаған бұлт,
Торлаған бұлт – сенің қайғың.

Сенің әкең – менің атам,
Жетім қалдық, болды қаза,
Батқанша күн, атқанша таң,
Қара киіп тартам аза.

Қара бұлттай қара шашты
Жайып салып жүрмін жылап;
Болды қапа аспан асты,
Күн күйзеліп, түн тұнжырап;

Тағы да айтам, тағы-тағы,
Жаным, жарым сенсің ғана.
Біздер сыяр жоқ жатағы,
Дүние тар бір мейманхана,

Шыда, досым, шыда, шыда,
Орнаса да заман ақыр,
Бағын тағдыр бұйрығына,
Жасыңды тый, қайрат шақыр!

Сен жыларсың, дұшпан күлер,
Жыламашы, күлдірмеші.
Сен қайғырсаң, жау сүйсінер.
Сыр бермеші, білдірмеші.

Егіншілер егін ексе,
Еккенін қой, орғанын көр;
Хұрма ағашы тікен десе,
Ертең жеміс толғанын көр.

Жалғызбын деп, мен тұрғанда,
Жасый көрме, қапаланба.
Шыда, досым, шыда, шыда,
Жалғыз жанды жебер Алла.

Адамсың ғой, бұлт емессің,
Төге берме жас жаңбырын.
Бір сен үшін тудым-өстім,
Бір сен үшін бар ғұмырым».

Маржан жас хат үстінде тырс-тырс тамып,
Оқыды мұңлы Мәжнүн күйіп-жанып,
«Ғашығым, Ләйлім, Ләйлім» дей берді ол,
Басы айналып, көз алды тұманданып.

Сытылып талай сағат өтіп жатты,
Тоқтаусыз екі көзден жасы ақты;
Құшақтап сүйіп, құшып жолаушыны
Сыйлады, сыйға қосып махаббатты.

Сұрап ап жолаушыдан қағаз, қалам,
Жарына жазды жауап бұл сорлы жан,
Болғанда жүрек – дәуіт, қаны – сия,
Қасірет хатын жазып етті тамам.

Жолаушы Мәжнүнменен қош айтысты,
Жүйіткіп жел, жүрек хатын алып ұшты,
Қабыл ап Ләйлі хатты көз жасымен,
Жаудырды жолаушыға мың алғысты.

Мәжнүннің хаты

Жолдады хат мазасыз жан,
Қабыл алшы сүйінішім,
Жаралы жан, қайнаған қан,
Мұңлы жүрек күйінішін.

Мен бір аруақ сүйретілген,
Қу сүйегім әлі-ақ қаусар;
Ұжмақ суық сылқ-сылқ күлген,
Сенсің шәрбет, сенсің кәусар.

Мен бас ұрам аяғыңа,
Сен жатырсың құшып кімді,
Мен ортақпын бар қайғыңа,
Бердің кімге жүрегінді.

Тауап етер жүзің – Қағбам,
Басқан ізің – Михрабым да;
Жан дауасы сенсің бәлзам.
Сенсің дертім, шарабым да.

Тәжім едің, кие алмадым,
Көңілде арман қалды шөгіп,
Қазынам ең бұйырмадың,
Басқа біреу иемденіп.

Уа, Иранның гүл-бақшасы,
Уа, жұмағым аспандағы,
Бұғауымды ағытсаңшы,
Сарқылмаған жас қалмады.

Аруақпын ғой ұрма мені,
Есіркеші, еркелетші.
Тозаң басты пәк денені,
Жұпар жел боп желпіп өтші.

Есіркесең, еркелетсең,
Көктем болып келермін мен,
Ренжітсең, сыртқа тепсең,
Қара бұлт боп төнермін мен.

Мен өлі жан, мен қара жер;
Қара жерге болма қатал,

Баптап күтсең – жер гүлденер,
Күте алмасаң шаң бұрқатар;

Тағдыр мені аяды ма,
Ар-ұяттан жүрдай еткен,
Бас ұрамын аяғыңа,
Ажыратшы қайғы-дерттен,

Құлың болып шықты даңқым,
Жау етерсің қусаң енді,
Бұзбадым мен құлдық антын,
Адал ием болсаң еді.

Болсаң бірге – қара жерге
Қаруымды лақтырамын.
Қусаң аулақ мені егер де –
Қан майданға шақырармын.

Шаппа тасқа қанжарыңды;
Ерегіспе әскеріңмен.
Жараларсың өз жаныңды,
Қан сорғалар жас тәніңнен.

Келсең жылы жүрегіңмен
Құл етерсің әр пендені;
Сырға таққан құлыңмын мен,
Сатпа мені, сақта мені.

Басқа жанның қанаты астын
Пана етіп кеттің ғой сен,

Маған деген адал асты
Обалсынбай, төктің ғой сен.

Ұмыттың ғой есімімді
Мұз бетіне жазғандай-ақ;
Астымда атым көп сүрінді,
Махаббаттың жолы тайғақ.

Көкірегіңнің көрігімен
Таға соғып берсең нетті;
Тайғақ сапар шеккенде мен,
Қалмай артта, ерсең нетті.

Түн еттің ғой күндізімді,
Аямадың, жараладың;
Аулақ салып өз-өзінді,
Қайрылып бір қарамадың;

Жүрегім мен жаным едің,
Қалды-ау өлі қуыс денем;
От едім ғой, жалын едім,
Көмір болдым, күл боп сөнем.

Не күтермін енді сенен,
Үміт өшті, көңіл қалды;
Жұбатасың құр сөзіңмен,
Құшып жатып басқа жарды.

Болсаң егер шыны ғашық
Көкірегіңнің оты қайда.

Жұбатқанмен жаның ашып,
Жазыла алман, жоқ еш пайда.

Жоғалтқанмын жүрегімді;
Білесің бе, оны, сірә.
Менің қайда жүрерімді
Жауап қатпас желден сұра...

О жоқ, жаным, кешіре гөр,
Қайтсем сенен безе алармын...
Көтерген соң бұл қара жер,
Сен деп зарлап жүрген жанмын.

Жүрсем дағы сұр далада,
Көкірегім мен көзім сенде,
Бас ұрамын босағаңа,
Шықпасам да сәнді төрге!

Мен ашатын күн жүзіңді
Басқа ашты, амал бар ма.
Бақшам едің, жүзіміңді
Қарқылдаған жеді қарға.

Бақытымның бұлбұлы ең,
Барып қондың жат ағашқа.
Қазынам ең қол тимеген,
Мен алмадым, алды басқа.

Айым едің, баттың бұлтқа,
Шығармысың күлім қағып?
Тірі түсіп мен тамұққа
Жатырмын ғой күйіп-жанып...

Дертім де сен, дауам да сен,
Өзің білші, не дейін мен.
Тірілермін тіріл десең,
Өлші десең өлейін мен.

Маған мәлім сенің халің,
Отырсың ғой бір зынданда,
Бұйырмасын гаухарларың,
Бір өзімнен басқа жанға.

Жалбарынам, сен есірке,
Адалдықты бұзба, жаным;
Сенің адал ақ төсіңе,
Шыбын қонса қызғанамын.

Гүлі сенсің өмірімнің,
Қызғанамын, сырттан торып.
Кіремін деп бір жат үйдің,
Босағасын жүрмін қорып.

Төксем дағы көздің жасын,
Тек, сөнбесін от махаббат.
Көтерермін жан жарасын,
Сен сау болсаң көңілім шат.

ЖЕТІ АРУ

(үзінді)

(Аударған: Қалижан Бекхожин)

ҰЛЫМА ӨСИЕТ

Ұланым! Даналардың ұқ ақылын,
Мектебің ғой сол ақыл, сара ғылым.
Білім ғана шын досың, сүйенішің,
Қиындықты шешушің, сүйер күшің.
Тірі пенде қазіргі өлер бір күн,
Мәңгі жайға жөнелер тастап мүлкін.
Ақылым сол: «Сергек бол, жатпа, ұлым!
Мен кетемін бақиға, сақтан ұлым!
Бақыт пен өмір бағын, – бір ұғам деп,
Есімің қасиетті – ол Мұхаммед.
Аян беріп жұлдыздар қойылды атың, –
Көтер даңқын, Мұхаммед шарафатының.
Өз есім тұр даңқтың болатында,
Жетсін төбең көктің кең қабатына.
Барғанымда пейішке мүһмін жұрттан,
Құрмет көрсем ісіңе жұрт болып таң!
Даналардан тағылым ал, пейілде бол,
Ұлылық пен даңққа табарсың жол.
Өзіз сөзі бізге аңқыр жұпар гүл боп,
Топастардың көп сөзі – тантық сыр жоқ.
Достарыңның тек бірі болса бұзық,
Абыройыңды сенің сол кетер бұзып.
Дүлей шымшық алдымен еңсе торға,
Ерген құстар шырмалып тулар сонда.

Қажылардың біреуі пұл жасырса,
 Қарақшы қанжар сұғар баршасына.
 Сапарыңда қалғыма кәрі шалдай,
 Шаң болмасын етегің жерде шалғай.
 Қараңғы қас үйінде бұл жаһанның,
 Аулақ бол сиқырынан қу жалғанның.
 Арбалма сапарыңның қызуына,
 Жолың қатер құлама шың-құзында.
 Сұңқардай самғасаң да биік көкте,
 Күндей боп өткір қара төңірекке.
 Бұл сапар саятшыға көне сапар,
 Қас көктің, біл, қадалар садағы бар.
 Темірің құрыштай тек шамырқансын,
 Жолың тас – магнит қой шымырлан шын!
 Ауыр жүк артсаң қазір қашырыңа,
 Ойла, құлап қалмасын асуында!
 Ой шырмалған қиыннан кілт табарсың,
 Қиын істі сонда оңай атқарарсың!
 Сұмдық түстер жаныңды езер кейде,
 Ал түсінсең жақсылық сездірмей ме?
 Қайғы бізі кеудені шанышқанда,
 Төзімнің сауытын ки шалыс болма!
 Жалбарын бір Аллаға беріл оған,
 Фәнидің өзге ісіне болма алаң.
 Құдайға иманыңды таза сақта,
 Сен, ұлым, қор болмайсың, ешбір шақта
 Айрылма жауһарыңнан теріп алған,
 Жолама залымдарға сөзі жалған.
 Ғайбатшыл, имансыздар адал болмас,
 Сұмдықты жасар сұмдар өмірі оңбас.

Сұмдықтан – туар деме жақсылықты,
 Сұмдық түбі – залымдық пасық тіпті.
 Улы және сұм келер залым шаян,
 Өлтір сұмды, күнәкәр оны аяған.
 Игі ет абзалдықты, онсыз пәссiң,
 Есікті ашсаң қайта жаба алмассың.
 Білімі мол алады қолмен епті,
 Шыңнан лағыл – теңізден меруертті.
 Білікті бар, есектей құлақ қаққан,
 Сорлы сол білмей терең бекер лаққан.
 Айхай бізде дарынын күйреткен көп,
 Жалқаулықпен жүр солар құмырашы боп.
 Айхай, бізде пәк жүрек, ой соқыр көп,
 Мін айтуға құмар-ақ сол пақыр топ.
 Егер итті үйретсең құс ұстауға,
 Сол құс адал ауламай қалыс қалма.
 Әлде неге үйретсең төбетті сен,
 Хақ рухына болсын сай, ниетің тең.
 Хызырдай мәңгілікті білімді бол,
 Әбілхаят суына тамсанып көр.
 Тәмсіл бар, нәрлі суық тек су емес,
 Ол – досың, жаның, ойың берер кеңес.
 Ақыл мен жан деп алып бір санадан,
 Жеңеді, мәңгі тірі ақыл мен жан.
 Екеуі хақ рухына бірдей құштар,
 Шүбәсіз осы жолға, ұлым, түс, бар.
 Осы екі жолдың бірін тапсаң бір сәт,
 Өзінді адам дерсің, боларсың шат.
 Тапсаң сен өзге бірді бұл екеуден,
 Бас қадам ең биікке, кеңіп кеудең.

Без үштен – үш қанатпен самғау қиын,
 Без екеуден – екі дінді алдау қиын.
 Ұлым сен үш арқанның ұста бірін,
 Үшеуден бір арқанды жаса мығым.
 Үшеуден безбесең сен батылдықпен,
 Иманнан құр қаларсың тәңір күткен.
 Ерлікпен без екеуден тапта бірін,
 Құдайың құяр саған рахат нұрын.
 Тек жалғызда – даңқ пен өмір, билік,
 Одан тыстың бәрі құр нәпсі сұмдық.
 Өмірдің бастауында жастық нұрлы.
 Табарсың мақсұтыңды, неше қырлы.
 Кипаристі қиратса жай садағы,
 Қарамай шықпас одан сауса-дағы.
 Ұлым, сен таң шұғыласы тұрған шақта,
 Ақ жолын таңда күннің қара алшаққа.
 Киін пәк көктемгі гүл сипатындай,
 Иіл сен кипаристей, жебер құдай.
 Тоздым мен кетті сәнім, шашым әппақ,
 Сарғайдым, бетті қырау кетті қаптап.
 Айрылдым қымбат белбеу гүл тәжімнен,
 Зіл басты әлсіздіктен шаршадым мен.
 Ісіме сарбаз болдым, ер атандым,
 Қолымнан қайрат кетті күштен тандым.
 Шырмады уақыт мені құлдай байлап,
 Баршаға уақыт солай салар ойнақ.
 Құламай келем зағип қанатыммен,
 Құлармын, жазмыштан не табатын ем?
 Егер шешек Ахмадуктің бұзса бетін,
 Тапты дер ме ол – сұлулық кереметін.

Қалмай жүр сұм көлеңке қыр соңымнан,
Қалқаным білем түспес оң қолымнан.
Қасірет-ау, тәнім тозды, нәрім солды,
Сонда да ашқарақтық сорым болды.
Мөріндей теңгеліктің салар таңба,
Әркімге ашқарақтық сор ғой жанға.
Уа, Жаббар, шер жүрекке шипа дем бер,
Зәбірден ақылымды ада жібер.
Жарық бер, азап шегем енді қанша?
Түнекке шырақты жақ күн жоқ болса!
Шүбәмен, үрей оймен жараландым,
Қиын ба саған, жеңіл зілді жанмын!
Бұғаудан босатып ем сор басымды,
Бүгілдім көтере алмай зіл тасыңды.
Шүкрәна аз дәміңе берген маған,
Ұлуға шақ – тар үнім – менің панам.
Өз үйімде бас болып өтсем деп ем,
Біреуге енді қызмет етпен деп ем.
Қарғысын жұлған кезде күшпен төтен.
Ғаріп пен аштарға дәм берген артық,
Сорлының халуасын жеме тартып.
Қанжарын жарқылдатты таң да көкке,
Уа, Низами оян сен, жатпа текке.
Ал қаламды михнаттан сен жалықпа,
Қазынаңның қақпасын аш халыққа!

БАҒРАМ ЖЕТІ АРУДЫҢ СИПАТЫН КӨРЕДІ

Даладан Хаварнаққа келді Баһрам,
 Өткізді той-думанмен күнді дархан.
 Аралап сарайдағы ханаларды,
 Бұрыштан бір есікті көре қалды.
 Құпия бұл есікті көрмеп еді,
 Бұл жайға бір даяшы кірмеп еді,
 Бұйырды кілтті әкел деп сол бір шақта,
 Әкеліп кілтші кілтті берді шаһқа.
 Есікті ашып кіріп, болды қайран,—
 Ғажайып қазынадай көзі тойған,
 Осы жай жайнап қалды сәулетпенен,
 Өнерпаз Симнар оны әсемдеген.
 Дуалда жеті сұлу тұрған еді,
 Жазылған есімі мен туған жері.
 Мағараджа қызы — бұл аты Фурак,
 Қара көз айдай жүзі тұр жарқырап.
 Яғманаз Хакан қызы, білген қытай,
 Сұлу жоқ Таразда да нұрлы мұндай.
 Назпери — әкесі оның Хорезм шаһ,
 Байпаңдар қырғауылдай басып алшақ.
 Үрімше үлде киген князь қызы,
 Насринуш — орыс сұлуы, назды жүзі.
 Азарион қызы Мағриб әмірінің,
 Сипаты сәулесіндей ару күннің.
 Руми патша қызы бұл — аты Хума,
 Ақылды толған жаны бақыт нұрға.
 Дурасти — Кей-Кавустың әулетінен,
 Тотыдай толықсыған сәулетімен.

Сипаты жеті арудың берген көрік,
 Тылсыммен Симнар соны қойған өріп.
 Шеңбердің ортасында тұрды ой сап,
 Өріктей алқаланған қабық қоршап.
 Жас сері, белбеуі інжу, тәжі алтын,
 Мускустай мұрты қара, жүзі жарқын.
 Сымбаты кипаристей асқақ басы,
 Жалын бар жанарында өр тұлғасы.
 Жеті ару соған қарап жаутаңдаған,
 Жүректе сыры бардай айта алмаған.
 Сол сері жеті қызға жымың еткен,
 Бәріне болып ғашық есі кеткен.
 Баһрам деп оның атын жазған шебер,
 Оқыды астындағы жазу не дер.
 Болжам бір жеті жұлдыз айтқан сөзде,
 Шаһзада шын даңққа жеткен кезде.
 Табар ол жеті патша ханшасын,
 Сұлудың жеті бірдей інжу тасын.
 «Бұл дәнді сеппедім, ұстамадым,
 Жұлдыздың болжағаны нұсқағаным».
 Соны оқып жеті аруға болды ғашық,
 Жүрегін шаһзаданың қайғы басып.
 Бесті айғыр байтал көрсе бұлқынбай ма?
 Ер қалай сұлу көріп тұрсын жайға?
 Аңсары махаббаттың тұтанбай ма?
 Ләззаттің отын басар толқын қайда?
 Жұлдыздың болжамына Баһрам шат,
 Тұрса да талай бөгет жолын қоршап.
 Бірақ ол өмір сырын анықтады,
 Арманы рухын билеп шарықтады.

Өмірге өршіл сенім болса бізде,
Он есе рух береді еңсемізге.
Өмірін сақшыларға шаһ естіртті,
Егерде ашса біреу бұл есікті,
Сол жанға түнек болар жарқын ғалам,
Аяусыз ләм дегізбей басын қағам.
Сақшылар да, нөкерлер де, даяшы да,
Бұл жайдың көз тікпеді аясына.
Түнде бір жерге самал ескен шақта,
Кілт ұстап келер Баһрам сол бір жаққа.
Пейіштей көріп кірер соған таң ғап,
Мүлгір ол жеті сипат көзін арбап.
Телмірген жандай сусап тас бұлаққа,
Ынтықтан талып ұйықтар бір сағатта.
Көңілін аңға шығып шаһ жұбатты,
Ордада сурет көріп ойға батты.

БАҲРАМ ЖЕТІ ПАДИШАНЫҢ ҚЫЗЫНА ҮЙЛЕНДІ

Көп қиын жорықтардан шаршаған шаһ,
Берілді жан рахатқа шадыман-шат:
Әуелі жұрт мүддесін қамсыз етті,
Содан соң өз ісіне бұрды бетті.
Иранның жауларын ол ойрандады,
Дүниеден ләззат іздеп жайрандады.
Бұрынғы жан рахатын алды есіне,
Ұмытты әуре істің әммесін де.
Жеті арайға жайнаған Аржан сынды,

Фаварнак, жеті сипат тартты сырды.
 Ол, міне, жеті ғайып сырын ашты,
 Жеті отпен ғашықтықтың шоғын басты.
 Біріншісі – аруы Кейдің асқан,
 Айрылған әкесінен бала жастан.
 Гауһарын өз затының алды қалап,
 Мың түрлі жиһаз беріп, зор бағалап.
 Қытайдың Қаһанына елші шапты,
 Нәшінде сұсты сөз бар, алып хатты.
 Қызы үшін қазынасын мол ұсынды,
 Қосам деп жеті жылда толық сыйды.
 Баһрамға берді Қаһан ханышасын,
 Берді көп алтын зейнет қазынасын.
 Тап берді бір күн Баһрам Рум еліне,
 Қапыда Кейсар түсті әлегіне.
 Баһраммен әлі жетпей тартысуға,
 Қызымен қанша қазына тартты сыйға.
 Мағрибтың сұлтанына елші салды,
 Тарту ғып тәж бен алтын сыйлықтарды.
 Айласы Баһрамның асып кетті!—
 Мағриб ханышасы келіп жетті.
 Кипарис сұңғақ бойлы өскен кезде,
 Жеріне Үндістанның жетті лезде.
 Үндінің раджасының елтіп басы,
 Баһрамға әйел болды ханышасы.
 Елшісі Хорезмнің келді, міне,
 Шаһ қызы әйел болып кірді үйіне.
 Сақлабтың патшасына тарту берді,
 Үйіне інжу қызы жар боп келді.
 Жеті ықлым патшасының қызын алды,

Шаһ сүйіп жеті аруды қызып-жанды.
Бақыт пен ләззат бөлеп Баһрам шаһты,
Жас шағы наз рахатқа батып жатты.

ЖЕТІ САРАЙДЫҢ СИПАТЫ

Кубадтың тәжін киіп жау жеңген шаһ,
Хосроу шамын айға жеткізген шаһ!
Шеберлер өнері мен күшін жұмсап,
Бисутун сынды ордалар тұрды самсап,
Жеті орда – жеті күмбез көкке жеткен,
Әр күмбез бағанасы жалт-жұлт еткен.
Дуалмен қоршап қойды сарайларды,
Шаһ соған шығып көкке таяу қалды.
Жеті орда жеті жаһан боп көрінді,
Жеті жұлдыз секілді жеті нұрлы.
Бас күмбез Кейуанға бағышталған,
Мускустей қара таспен нақышталған.
Орда бір муштариден елес берген,
Сандалмен іші-сырты әсемделген.
Баһраммен қызғылт тартты нұрлы сарай,
Порфирмен болды түсі қызыл арай.
Ал орда күн белгісі жарқын түскен,
Жайнады күндей сары алтын түспен.
Күмбез сол Зухра жұлдыз нұрын берген.
Мәрмәрі шұғылаланған ақша реңмен.
Утарид ая болған құтты сарай,
Көк аспан жанған бейне утаридтай.
Ал орда туған айдай түсі нұрлы,

Көктемдей, шаһ бағындай – гүл құлпырды.
 Сәулеткер жеті орданы тез орнатты,
 Жеті арай жаһан сынды нұр-сипатты.
 Ол шаһқа жеті әлемнен нұрды берді,
 Жеті ару жетеуіне күліп енді.
 Әр ханша өз ордасын алды таңдап,
 Жүзіне, нәсіліне дәлін барлап.
 Сәні мен ішкі мүлкі әр орданың,
 Көркіне, түсіне сай, құрған бәрін.
 Жеті күн жетеуінде болып Баһрам,
 Әр күні бір сұлумен шекті сайран!
 Сенбіде Кейуан күні қара ордаға,
 Шаһ кірді – аян берді оған дана.
 Шаһ барды сары ордаға жексенбіде,
 Әр түні әр сұлумен өткен бірге.
 Тұрса да рахат тауып қай сарайда,
 Бөледі оны орда күн мен айға.
 Сиқырлы жаны сұлу ой саналы,
 Әр ханым падишасын аймалады.
 Әр ару шаһ жүрегін арбағалы,
 Тосылды аузына алуа, балы.
 Арулар мейман жоқта үйде оңаша,
 Әңгіме айтты шаһқа таң-тамаша.
 Баһрам жеті сарай салды сәнді,
 Бірақ та құтылған жоқ, ажал алды.
 Низами! Тарт көзіңді фәни бақтан!
 Онда гүл тікен болды сені шаққан.
 Баһрамға пейіш нәпсі болды дозақ,
 Ойлан сен, бұл жалғанда – алдау, азап.

ИМАДЕДДИН НӘСИМИ

(Шамаһы, 1369 – Алеппо, 1417)



Әзербайжан ақыны Имадеддин Нәсими (толық аты: Сейид Әли Мәхәммед оғлы Имадеддин Нәсими) 1369 жылы Әзербайжанның Шамаһы шаһарында дүниеге келген. Алғашқы білімін Шамаһыда алып, өз дәуірінің ғылымын, діндер тарихын, логика, математика және астрономияны үйренген.

Хуруфи Фазлулла Нәимиден тәлім алған Нәсими ұстазы өлім жазасына кесілген соң, Бағдатқа барады. Сол жақта өзі үйренген хуруфизмді дәріптей бастағаны үшін жазаға кесіліп, Алеппоға жер аударылады. Айтқан сөздері мен ойларынан қайтпаған ақынға ақыры өлім жазасы беріледі. Сұлтанның әмірімен тірідей терісі сыпырылып, зор азаппен 1417 жылы Алеппода өледі.

Нәсими – әзербайжан әдебиетінде философиялық өлеңнің негізін қалаған, түрк, парсы және араб тілдерінде жазған ақын. Ол өлеңдерінде суфизм мен хуруфизмді дәріптеп, адам рухының азаттығын жырлаған. Мазмұны шынайы ой-толғамға толы

өлеңдерінде адам болмысының мәні туралы сөз қозғаған. Түрк тілінде жазған өлеңдерінің тілі бай, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді шебер қолданған.

Нәсими – әзербайжан поэзиясында диван жанрының негізін қалаушы. Ол әзербайжан тілінде 15 мың жолдан, парсы тілінде 5 мың жолдан тұратын жырлар жазды.

Нәсимидің қабірі Сирияның Алеппо қаласындағы қорымда.



ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ҒАЗАЛ

*(Аударғандар:
Ақеділ Тойшанұлы, Айнұр Маемерова)*

Маған сенсіз дүние мен жан керек емес,
Саған қауышу бар да, айырылу керек емес.

Сенің қызыл ерніңнің таза суынан басқа,
Өмір бұлағының шарабы керек емес.

Сенің қам-қайғың көңілімнің тағына сұлтан,
Бір ықлымға екі сұлтан керек емес.

Өз дертінің сырын білгенге дауаның қажеті жоқ,
Дауа іздегендерге сенің дертің жетер.

Гүлістанның гүлі сенсіз тікен,
Маған сенсіз гүл мен райхан керек емес.

Кел, ғашықтардың жұмағы болған сұлулығың,
Сенсіз ғашыққа жұмақ керек емес.

Әй рахманның суреті, маған екі әлемде,
Саған қарап отырудан басқа бақыт керек емес.

Қауышу шәрбәтін ішкен ғашыққа,
Айрылудың уы мүлдем керек емес.

Маған сабыр сақтау сенсіз, әй сүйікті,
Оңай да, қиын да болса, керек емес.

Өзелден сенің махаббатыңмен уәделестім,
Енді маған бүтін, не жарты, басқа уағда керек емес.

Негізі Нәсими сенен еш ажырамас,
Оның көзінен жасырынуың керек емес.

ШАҢ ИСМАИЛ ХАТАЙИ

(Ердебил, 1487 - Сәраб, 1524)



Шаһ Исмаил (толық аты: Әбүл-Музаффер Исмаил ибн Хейдар Сәфәуи) 1487 жылғы 17 шілде күні Ердебил қаласында дүниеге келді.

Әзербайжан Сәфәуилер мемлекетінің құрушысы, һәм алғашқы шахы болды.

Ақындығымен де әйгілі Хатайи құрған Сәфәуилер мемлекеті 1736 жылға дейін өмір сүрген. Исмаил 1501

жылы Оңтүстік Әзербайжаннан бастап, 1509 жылы толығымен Иран, Әзербайжан, Ирак, Шығыс Анадолы мен басқа жерлерді бір мемлекеттің шаңырағына жинады.

Әдеби шығармаларында «Хатайи» лақабын қолданды. Сол себепті Шаһ Исмаил Хатайи деп танылды. Шығармаларын әзербайжан тілінде, кейбірін парсы және араб тілдерінде жазды. Ақын Хатайидің өлеңдерінде әзербайжан тілінің сөз байлығын көруге болады.

Исмаил Хатайи қысқа ғұмыры мен уақытының көбін мемлекет істеріне арнаса да, өзінен кейін бай және көп қырлы мұра қалдырды. Ол аруз және буын

ұйқасын бірдей қолданды. Эпикалық және лирикалық жанрларда қалам тербеп, ауыздан ауызға тараған шығармаларымен әзербайжан әдебиетін байытты. Ақынның суфи болуы оның поэзиясына да әсер етіп, оған гуманистік рух берген. Ол шынайы адам мен шынайы өмір туралы жазып, адам баласының сезімдері мен қайғылары туралы ой қозғаған.

Шаһ Исмаил Хатайи 1524 жылы 37 жасында Сәраб шаһарында көз жұмды.



ЖЫРЛАР

(Аударғандар:
Кәдірбек Құныпияұлы, Айнұр Мамерова)

Ақылымды айтайын, кел, тыңдасаң,
Өсірерсің, аяларсың гүл тапсаң.
Керуен кетер, мезгілінде тұрмасаң,
Тоқтамағын өз жолыңды тапқанша.

Өлтірсе де қайтпас жолы ер ұнатты,
Қолда тізгін, көрді талай сынақты.
Қарашы, эне, баяу аққан бұлақты,
Ағады олар теңізге жол тапқанша.

Ара болып әрбір гүлге көп түстің,
Балдың дәмі қаныма өтсін деп түстің.
Дәлелдерсің бұл аятты жетпіс мың,
Айғағына бір түсінік тапқанша.

Мағынасын жазып көріп білерсің,
Шамаң жетсе ырза болып күлерсің.
Жеті патша жерін кезіп жүрерсің,
Өзіңе бір ыңғайлы жер тапқанша.

Жүрегінді сүттей тазарт сен де енді,
Тый нәпсіңді, шайтандардан емде енді.
Баязыт⁷ та тоқсан тоғыз жер көрді,
Өзіне ол да ыңғайлы жер тапқанша.

⁷ әйгілі суфи шейхы Баязыт Бистамини

Шах Хатайи айтты: - бұ халді бақпа деп,
Көңілдерде бар ғой ұлы қақпа деп.
Әліп келед, айын келед, мим⁸ келед,
Дәртті құлдар бір дауасын тапқанша.

* * *

Хош көрейік бұл мезетті кел, көңіл,
Қалмас бұлай, үңілейік сырына.
Қайғыдан тек тұрмайды ғой мәңгі өмір,
Хақтан келер не келсе де құлына.

Нағыз жігіт байыпты оймен болжайды:
Өткені мен болашағы анық па?
Ескі сүрлеу созылса да жол мәңгі,
Кім болса да тура жолға бағытта.

Дос, бауырдың біз де білдік бағасын,
Шынайы дос әлі күнге таппадым.
Қаңғыбасқа кейде алданып қаласың,
Ондай жанды бір тиынға сат, жаным.

Әр адамның болады бір арманы,
Айта алмайсың көңілі оның бос тұр деп.
Сүйіктімнің кейде жылар таңдары,
Қияметке дейін күлген ешкім жоқ.

⁸ әліп, айын, мим – араб әліпбиіндегі әріптердің атауы. Үшеуі бір тұрғанда қасиетті адамдар дегенді білдіреді.

Гарунды⁹ көр, байимын деп алжыды,
Бетке күлген жазмышына сенем деп.
Қолдан келсе жақсылық ет әр күні,
Ел білмесе жаратқаның көрер деп.

Нағыз адам достығынан үзілмес,
Ал нашарда еш ақиқат болмайды.
Өзіңді өзің сатсаң-дағы білінбес,
Бұл заманда құнды ешкім жоқ, сол – қайғы.

Хатайи, бұл дүниеміз мәңгі емес,
Бұрынғының дерегін кім сезеді?
Дұшпаныңның шаттанғаны – сорлы елес,
Оның-дағы келер бір күн кезегі.

* * *

Ақыл, кел бері, кел бері,
Кір көңілге, назар аудар.
Көрер көз, естір құлақ,
Сөйлер тілге назар аудар.

Бас кеудені апарар,
Аяқ мекенге апарар.
Түрлі іс атқарған
Екі қолға назар аудар.

Сопы болсаң, алып сатпа,
Пәктікке арам қоспа,

⁹ Гарун - бай, ауқатты, бірақ сараң кісі

Жолдың қисығымен жүрме,
Тура жолға назар аудар.

Екі қолың қызыл қанда,
Көп күнәлар бар менде,
Уа, иллаһи, керем сенде,
Құлаған құлға назар аудар.

Хатайи айтады: - Иә, ғани¹⁰,
Алла берген жанын алар,
Әуелі өз-өзінді таны,
Сосын, елге назар аудар.

* * *

Сөзді сыйлап жырласаң,
Сөзден сөз кеп туады.
Ақсақалды тыңдасаң,
Сөз бақ сыйлап тұрады.

Бір сөз бар ел ішінде,
Іште де бар қалған сөз.
Дәруіштің пішінінде
Жүретін бар жалған сөз.

Бас кестірет сөз де бар,
Сөз бар тыяр майданды.
Сөз асты улар кез де бар,
Бір сөз сыйлар май, балды.

¹⁰ Ғани - бай, дәулетті, ауқатты

Сөз айтарда қатты ойлан,
Ақыл болсын алдияр.
Жаман сөзден бақ тайған,
Бір ауыз сөз жан қияр.


Сөз сараңды танытты,
Сөзбен өмір өтеді.
Тура айтатын халықты,
Сөз топырақ етеді.

Шах Хатайи аяттан,
Дұрыс сөз айт, турасын.
Қасиетті қабаттан,
Жалған сөзің қумасын!



МҰХАММЕД ФИЗУЛИ

(Кербала, 1494 – Кербала, 1556)



Даңқты әзербайжан ақыны Мұхаммед Физули 1494 жылы Ирактың Кербала қаласында дүниеге келді. Оғыздардың Баят руынан. Әкесі Сүлейман өзі білімді болғандықтан, ұлының да жақсы білім алуына себепкер болды.

Орта ғасыр әзербайжан-түрік ақыны, ойшыл және философы Физули жастайынан өлең жазып, шығармаларында сүйіспеншілік, махаббат, өмірдің мәні мен адам болмысына байланысты ойлар айтты. Медицина, логика, математика, астрология және басқа гуманитарлық ғылымдармен, діни-философиялық ағымдарды оқып үйренді. Классикалық түрік, парсы, араб және үнді әдебиеттерін де оқып таныды.

Физули Шаһ Исмаил Хатайи, Шаһ Тахмасипқа және солардың қолбасшыларына арнап шығарма жазса да, сарайға ұмтыла қоймаған. Бірнеше қасидасын Сұлтан Сүлейманға ұсынған Физули сұлтан әскерімен Бағдатқа келген түрік ақындармен кездесті. Солардың өтінішімен «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын жазды. Шығармашылығының шырқау шыңында орын алған «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы әзербайжан, кейін шығыс

және әлемдік поэзияның сирек кездесетін інжуіне айналды.

Физули шығармаларын әзербайжан, араб, парсы тілдерінде жазды. Ол Нәсимиден кейін түрк тіліндегі өлеңнің ең көркем үлгілерін жазды. Әзербайжан тіліндегі шығармалары: «Диуан» («Жинақ»), «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы, «Бенгү Баде» («Шарап және наша») аллегориялық поэмасы, «Хадис-и Ербаин» («Қырық хадис») аудармасы, «Сохбет-үл Есмар» («Жемістердің сұхбаты») поэмасы; «Хадикат-үс-Сүеда» («Әулиелердің бақшасы») аудармасы мен хаттары. Бұлардан басқа парсы және араб тілдерінде проза мен поэзиялық көптеген еңбек жазып қалдырды. Шығыс поэзиясының барлық өлең түрлерінде жазған Физулидің диван-жинақтарында ғазал, қасида, рубай көптеп кездеседі.

1556 жылы оба індетінен көз жұмды.



ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН

(Шәкәрім Құдайбердіұлының еркін аудармасы)

Біле ме сіздің қазақ ғашық жайын,
Ұқсаңыз, білгенімше сипаттайын.
Ғашықтық – махаббаттың ең күштісі,
Жүрекке қатты орнығар басқан сайын.

Өркімде ондай ғашық жаралмайды,
Шын асыл көп халыққа таралмайды.
Мәжнүннің Ләйліменен сыры қиын,
Еш адам байыбына бара алмайды.

Талай жан оның жайын ұға алмаған,
Ойсыздың жүрегіне жұға алмаған.
Тез оңар, әсіре қызыл болмаған соң,
Әр елге өлең болып шыға алмаған.

Бұрынғы бәйітшіні білемісің?
Мен айтсам, оның кім деп күлемісің.
Сабырбай, Жанак, Шөже, Кеншімбай деп,
Түк білмей онан өзге жүремісің.

Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар,
Сайқали, Қожа Хафиз, Фердаусилар...
Бәйітші, елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.

Мәжнүннің Ләйліменен аз жұмысы,
Әне сол шын ғашықтың қылған ісі.
Бұлардың әпсәнәсін жазған адам –
Физули Бағдади деген кісі.

Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған,
Нақысын шын келтіріп қаза алмаған.
Кітабын Физулидің іздеп тауып,
Кез болды былтырғы жыл азар маған.

Мен оның келтіре алман мыңнан бірін,
Айтуға тіл жетпейді тәтті жырын.
Мәжнүннің атын білер, жайын білмес,
Қазаққа ұқтырайын біраз сырын.

* * *

Ғарапта бір бай болды дәулеті асқан,
Саудасы әр патшамен араласқан,
Құдайдан бір мирасқор бала сұрап,
Малының садақаға көбін шашқан.

Бай еді қайыры мол, бек қабағат,
Тіледі бала бер деп көп жамағат.
«Көп тілегі – қол» деген мақалдайын,
Болыпты бәйбішесі екіқабат.

Босанып есен-аман, бір ұл тапты,
Жан-жаққа сүйіншіге кісі шапты.
Жақсының тойға келген бәріне де,
Сый қылып ат мінгізіп, шапан жапты.

Қайыс деп ол баланың атын қойды,
Қуанып неше түрлі қылды тойды.
Қырық күндей кедейлерге тамақ беріп,
Меккеде талай түйе – құрбан сойды.

Келбеті бұл баланың өзгеден жат,
Бір көрсең, көргің келер неше қабат.

Бетінде бек сүйікті бір нұры бар,
Қыласың ықтиярсыз шын махаббат.

Балқытар жылы сөзі сүйегінді,
Бергендей аса мұқтаж тілегінді.
Неге жақсы көргенің мағұлым емес,
Арбап тұр нұрлы жүзі жүрегінді.

Баланың қырқы толып өтіп еді,
Тойдың да тарқар кезі жетіп еді.
Шырқырап бала жылап қоя берді,
Қатындар тойға келген кетіп еді.

Көтерді уата алмай қолына алып,
Ойласты қалды ма деп науқас шалып.
Бар екен әлем асқан бір дәрігері,
Әкелді соны біреу жылдам барып.

«Баланың, – деді дәрігер, – дені таза,
Науқасын білмей қалсам, менде жаза.
Бір түрлі жүрегінде қайғысы бар,
Білмеймін не себептен болды наза.

Көтерсін бұл баланы даяшы қыз,
Сыртынан байқап отыр өздеріңіз.
Көшеде балалармен алдандырсын,
Болмаса біле алмадық мәнісін біз».

Баланы даяшы қыз алып жүрді,
Артынан ата-анасы қарап тұрды.
Көтерген бір баланы даяшыға
Құдайым әлгі қызды жолықтырды.

Көрген соң бірін-бірі жақындасты,
Баланы уатуға ақылдасты.
Қолында екеуінің екі бала,
Біріне-бірі қарсы бетін ашты.

Баласы оның-дағы жылайды екен,
Көтеріп уатқаны ұнайды екен.
Балалар жылағанын қоя қойды,
Себебі әр нәрсенің құдайда екен.

Үйіне даяшы қыз қайтып келді,
Қалайша уатқанын айтып келді.
Тағы да ертең түсте жылаған соң,
Қайысты қыз қолына қайтып берді.

Базарға даяшы қыз тағы барды,
Біреуді бала уатқан тауып алды.
Баланың бетін ашып көрсетсе де,
Шырқырап онан жаман ойбай салды.

Сол кезде кешегі қыз келді тағы,
Баласы зар қағып жүр қолындағы.
Қайысқа бетін ашып көрсетеді,
Жылауын қоя ма екен деді-дағы.

Жүрген соң бірін-бірі жақындасып,
Уанды екі бала мауқын басып.
Күн сайын сол арада жолықпаққа,
Екі қыз уағда қылды сөз байласып.

«Ата мен жөн сұрастық анамыздан,
Көтерген таныс болдық баламыздан.

Бала кім қолыңдағы» – деп сұрады,
Қайысты көтерген қыз ана қыздан.

«Бұл бала бір төренің жалғызы еді,
Демесең айыбы әйел хан қызы еді.
Өзіммен осы бала туған бөле,
Төренің менің шешем балдызы еді.

Қырық күнге туғанына жаңа толды,
Шешесі сіздің тойда үш күн қонды.
Жылаған емес еді одан бұрын,
Келген соң тойдан қайтып былай болды.

Бұл қыздың сұрасаңыз аты Ләйлі,
Біз таптық жылағанға мұндай айла.
Далада күнде бүйтіп отырмалық,
Бір үйден күндіз кірер пәтер сайла».

Бір кемпір естіп тұрды сөздің бәрін,
Шақырды «мұнда кел, – деп, – балаларым,
Балам жоқ, байым өлген, үйім иесіз,
Отырсаң қалай кіріп, ықтиярың.

Үйімде алағызып тұра алмаймын,
Мен байғұс үй қыдырып жүре алмаймын.
Күн сайын жас баланы бір иіскет,
Сендерден одан басқа түк алмаймын».

Қайысты кемпір алып сүйіп еді,
Тал бойы жас балаға иіп еді.
Жіберді сүт сорғалап емшегінен,
Баланың қолы барып тиіп еді.

Іс болды таңғаларлық мұның өзі,
Мінеки сондағы айтқан кемпір сөзі:
«Жан берген қара тасқа, құдайым-ай!
Жетеді құдіретіңе кімнің көзі!

Елуге кемпір едім жасым жеткен,
Сорлы едім бала көрмей зарлап өткен.
Тандыры құрып қалған тас желіннен
Сүт ақса мұнан бұрын қайда кеткен?

Сәлем айт бұл баланың анасына,
Болайын мен күтуші баласына.
Емшектен босағанша маған берсін,
Тапсырып бір алланың панасына.

Таптым ғой таппасам да Қайысты мен,
Қоймай ма мұны көрсе өзі де ден.
Көзімнен осы бала таса болса,
Маған жоқ бұл тіршілік, сөзіме сен.

Қайысты маған берсін, асырайын,
Жалынып аяғына бас ұрайын.
Пұшпағым қанамаған бір сорлы едім,
Сырымды енді қайтіп жасырайын.

Сөзімді ұмытпай айт бара сала,
Көрсетті құдіретін хақ тағала.
Көзіме жас, кеудеме сүт толтырып,
Жібіткен тас емшегім осы бала.

Баладан мені айырып зарлатпасын,
Көзімнен қанды жасты парлатпасын.

Тағдырдың жазуына қарсы келіп,
Біреудің қанын жүктеп қарғатпасын.

Ләйліні көтерген қыз қайран қалып,
Құлағын осы сөзге тұрды салып.
«Мұны да бір емізіп беріңіз» деп,
Кемпірге жақын келді баланы алып.

Ләйліні кемпір қолға алған шақта,
Көңілі тағы емізіп байқамақта.
Емшектің сүті түгіл өзі құрып,
Қайтадан бұрынғыдай болды тақта.

Қайысқа және емізсе, сүті дайын,
Кетеді бұлақ болып сорған сайын.
Дегенде қыз емейін, дәнеме жоқ,
Қайран боп біле алмады мұның жайын.

Бұл кемпір ұрғашыдан туған зерек,
Кісі екен оқымысты жөні бөлек.
Екеуін бір емшектен емізбеске
Алланың бір хикметі болса керек.

Ойлады осылай деп кемпір ғаріп,
Тағдырды шеше алады кім басқарып.
Екі қыз көргенінің бәрін айтты,
Баланы үйді-үйіне алып барып.

Мұны естіп ата-анасы ақылдасты,
Кемпірге бермек болды Қайыс жасты.
Кешегі біз сықылды бейшара екен,
Зарлатып қойғанымыз жарамас-ты.

Қайысты ата-анасы қасына алды,
Кемпірдің қақпасына қарай салды.
Зарлының зарлы жайын біледі екен,
Құдайға тапсырдым деп алып барды.

Қолынан әкеп берді өз баласын,
Бұлардың ақылына таңғаласың:
«Мал аяр деп ойлама, тартынбай айт,
Бәйбіше, сүт хақына қанша аласың?»

– Емеспін бас болмаса, дүниеге зар,
Бес жүз қой, осы күнде жүз түйем бар.
Қайысқа менің сүтім қарыз емес,
Сол малды қайта сіздер алыңыздар.

Жоқ еді бұрын менің мирасқорым,
Басымнан Қайысты алып кетті сорым.
Оллаһи, маған малдың керегі жоқ,
Ол малға ие болмақ сіздерге орын.

Сөзіме куә болсын қауымым да,
Білемін бұл сіздерге ауырын да.
Малменен енді менің жұмысым жоқ,
Болады Қайыс болса бауырымда.

Десе де мал алмаймыз, болмайды бір,
Қазыға есептетіп жазғызып жүр.
Қойыпты тамам малын Қайысқа арнап,
Ал енді Ләйлі жайын тыңда да отыр.

Жылады Ләйлі тағы ертең түсте,
Жолыққан ол бала да мұндай іске.

Кемпірге даяшы қыз алып келіп,
Уатты сол арада азар күшке.

Қайыстан бір тынбайды кетсе жылап,
Байқады анасы да әбден сынап.
Оны да сол үйге әкеп асыратты,
Әкесі, шешесімен қабат ұнап.

Ер жетті екі бала сонда тұрып,
Жасынан тату болды бірге жүріп.
Балалар тоғыз жасқа келгеннен соң,
Апарды үйлеріне киіндіріп.

Мектепке оқысын деп берді екеуін,
Молла да баласындай көрді екеуін.
Бірі бай, бірі төре жалғызы деп,
Қадірлеп ардақтайды елде екеуін.

Барады екі уақыт сабағына,
Қайтады мезгілімен тамағына.
Бұларда махаббаттың нұры бар деп,
Қарайды жанның бәрі қабағына.

Отырса сабақ оқып өңкей бала,
Қайысқа Ләйлі келер тұра сала.
«Мына бір сабағыңды ұмыттым» деп,
Өтірік бір оқуға жабар жала.

Сондайды сылтау қылып сөз қатады,
Іштегі ғашық неге тек жатады.
Хат жазса, мына жазу дұрыс па деп,
Біріне-бірі апарып сынаатады.

Теріс деп таласқансып шындасады,
Бірі оқып, кейде бірі тындасады.
Қапыда балалардың көзін алдап,
Сөйлесіп қабағымен ымдасады.

Тесіліп оңашада қарасады,
Есінен, көп қараса, адасады.
Бір болса іші қандай, тысы да бір,
Сықылды егіз бала жарасады.

Кітабын ұмытқансып тастап кетіп,
Келеді іздеген боп қайта жетіп.
Көріспек, сөйлеспекпен бар ынтығы,
Нәрсені неше түрлі сылтау етіп.

«Ау», – дейді, «Қайыс», – десе Ләйлі келіп,
Жауапты Ләйлі үшін Қайыс беріп.
Жұмысы күні бойы - осындай іс,
Айтайын қайсы бірін түгел теріп.

Ғашықтық өсе берді барған сайын,
Бұлардың әркім білді осындайын.
Ләйліні жібермеді сабағына,
Шешесі естіген соң қыздың жайын.

«Он үшке жаңа келдің, балам, – деді,
Сөзім бар айтатұғын саған, – деді.
Біреуге жас басыңнан болдың ғашық,
Анықтап айтты біреу маған, – деді.

Сабаққа жібермеймін енді сені,
Халқыма қарамастай қылдың мені.

Сен түгіл үлкендерге лайық емес,
Шығардың ойымда жоқ неменені?

Түсіп ең әлдекімнің алдауына,
Сабаққа себеп болды бармауыңа.
Егер де бұл мінезді тастамасаң,
Кісендеп, қолыңды әкел, байлауыма».

«Әжеке-ау, ғашық деген қандай жұмыс,
Білмеймін мағынасын, айтшы дұрыс.
Оқуды ғашық деген оқығам жоқ,
Ұқтырып бұл сөзіңді байқап ұрыс».

«Білмесең онан арман, тіпті білме,
Білсең де білдірмеспін саған мүлде.
Сөзімнің ғашық деген мағынасы –
Еркекпен жас басыңнан ойнап-күлме».

Шошыды сонда Ләйлі есі шығып,
Айтқанын шешесінің әбден ұғып.
Мұнан да жерге кірген жақсы ғой деп,
Ұялып сырт айналып кетті бұғып:

«Ұядан жаңа шыққан қаз едім ғой,
Ұға алмай бағанадан наз едім ғой.
Сөз еді бұ не деген, сұбхан алла!
Ондайдан құдайға хақ, таза едім ғой.

Әжеке-ай, көп емеспін, жалғыз едім,
Болсам да жақсы-жаман хан қызы едім.
Қойғандай көзің көріп сөз айтасың,
Артымнан мені қашан аңдып едің?

Әжеке-ай, ашуланып, налып айттың,
Зарыңды біржолата салып айттың.
Құдайдан сұрап алған жалғызына
Бұл сөзді қайтіп аузың барып айттың?»

«Қарағым, бұл сөзіңе мен не дейін,
Демеймін жалғыз сені кейітейін.
Әншейін үйде отырып ісінді қыл,
Сабакқа бармай-ақ қой мұнан кейін.

Серт қылдым енді сені шығармасқа,
Балам жоқ ермек қылар сенен басқа.
Емессің еркек бала молда болар,
Жетеді осы оқу да сендей жасқа».

Соны айтып шығармады қызын үйден,
Ләйліге осы жұмыс қатты тиген.
Қыз жиып күндіз алаң болса-дағы,
Түн болса ұйқы көрмей жанып-күйген.

Сабакқа қиын болды бармағаны,
Көрмекке Қайыс еді арнағаны.
Ләйлінің ғашық оты ішін өртеп,
Бір үйде жалғыз жатып зарлағаны:

«Ай нұры да азаяр,
Айнала шеті толған соң.
Ақ жүзіңнен нұр таяр,
Арманда болып оңған соң.

Оңбасыңа амал жоқ,
Қызыл гүлің солған соң.

Махаббаттан жаман жоқ,
Бір айрылмақ болған соң.

Кешегі біздің күн қайда,
Күнде жайнап жүретін?
Ойлағанмен не пайда,
Медресе қалды кіретін.
Қас пен ғана қабақтан
Ымдағанды білетін.
Айла қылып сабақтан,
Қайыс жоқ ойнап-күлетін.

Өшірілмей түнде шам,
Өз үйім болды абақты.
Қайысты көріп отырсам,
Оқымай-ақ сабақты.
Ғашықтық оты алдыма
Жасымнан тартты табақты.
Жайнаған өмір қалды ма,
Қақтырмай-ақ қабақты.

Мен зарладым бұл жерде,
Қайысқа үнім жетер ме?
Жалынсам соққан желдерге
Сәлемімді алып кетер ме?
Біз сықылды зарлыға
Алласы рахым етер ме?

Көзім жетпес алдыма,
Осымен өмір өтер ме?
Қайысым, саған не қылдым,
Жан, жүрегім сенде тұр.

Сен не сездің, не білдің,
Сенің жаның менде тұр.

Менің жаным өзінде,
Менде құры кеуде тұр.
Екі көзім көзінде,
«Бір көрейін» деуде тұр.

Көзімді жұмып жатайын,
Түспі келіп ойыма.
Жанымды алшы, сатайын,
Тал шыбықтай бойыңа.
Көңіліме нұрың келгенде,
Кіргендейсің қойныма.
Тілегімді бергенде,
Тойдым қашан ойыныңа.

Қосылмадым, қосылдым,
Айта алмайсың бекер деп.
Қосылуға шошындым,
Жалыным өртеп кетер деп.
Жанымды аяп қалмадым,
Өзіме залал етер деп.
Аузыңнан сүйіп алғамын.
Осыным да жетер деп.

Мен тартайын уайымды,
Мұнымды Қайыс білмесін.
Осы көрген жайымды,
Ол есітіп жүрмесін.
Қабағын шытып қамығып,

Қайғылы өмір сүрмесін.
Мен сорлыны сағынып,
Медіресеге кірмесін.

Кіріп барса Ләйлі жоқ,
Қайысым қайтіп шыдасын.
Ләйлісіз жерде пайда жоқ,
Осыған не амал қыласың!
Суретімді сонда қыл,
Құдіреті күшті құдасын.
Суретке бер және тіл,
Мен екен деп ұнасын.

Соған тұрса жұбанып,
Жалынға жанып жатайын.
Қайысым жүрсе қуанып,
Қайғысын мен-ақ татайын.
Ғашықтықтың дертіне
Күн сайын әрі батайын.
Жетпек болсам сертіме,
Ол үшін жанды сатайын.

Қиындық па, қызық па,
Білемісің сырымды.
Алла жазған сызық па,
Көремісің түрімді.
Бағасын ешкім біле алмас,
Рахатқа бермен мұнымды.
Жан переуат қыла алмас,
Осы көрген күнімді.

* * *

Мектепке ертең ерте Қайыс барды,
Жан-жаққа Ләйліні іздеп көзін салды.
Сабаққа келмегенін есіткен соң,
Ғашыққа шыдай алмай талып қалды.

Молда да, балалар да қайран қалып,
Үйіне науқас па деп қойды апарып.
Су бүркіп, гүлмен желпіп ата-анасы,
Отырды Қайыс есін жиып алып.

Айналды ата-анасы баладан кеп,
Ғаріптер зарланып жүр уайым жеп.
Табиққа жібергелі жатыр еді,
Баласы безек болды жіберме деп.

«Дәрігерге қаратпаймын жын қақса да,
Дертімді ойымдағы шын тапса да.
Құдайдан басқа менің дәрігерім жоқ,
Бұл дерттен жазылмаймын кім бақса да.

Байқайын серуендеп тауға шығып,
Сабаққа ішім пісті тым қыстығып.
Осыдан құдай ондап жазылмасам,
Сіздерден науқасымды қойман тығып».

Жалма-жан жабдық-сайман жиып жатыр,
Құрбысы, құлы қайда – бәрін шақыр.
Елсізге шығып алып Қайыс жатты,
Бір сайға тігіп алып алтын шатыр.

«Ләйлі» деп зарланады ұзақ түнге,
Жүдеді қайғысы асып күннен күнге.
Ғашықтық ішін өртеп диуана боп,
Қор болып адамдықтан шықты мүлде.

Бір құлы әкесіне берді хабар,
Жиылды өңкей құрбы байбатшалар.
Ата-ана, елі-жұрты — бәрі барып,
Қайыстан «қалайсың?» деп сұрады олар.

«Демеңіз, халқым, мені құдайға шет,
Ата-анам, хақыңды кеш, мархамат ет.
Дауасы науқасымның сіздер емес,
Аман бол, үмітіңді үз, қасымнан кет.

Дертіме табылмайды сізден айла!
Кісендеп, жынды десең, мені байла».
Аузынан аһ дегенде жалын шығып,
Деді де талып кетті: «Ләйлі, Ләйлі!»

Ел білді науқасының не екендігін,
Байқады дерті қатты, бекемдігін.
Ләйліні сұрай барды жұрт жиналып,
Білген соң шыны ғашық екендігін.

«Болыпты Қайыс ғашық балаңызға,
Көз көрмей өтірікке нанамыз ба?
Жасында көріспесе жылаушы еді,
Ойлаңыз соны салып санаңызға.

Ләйліні жынды болды көрмеген соң,
Жаны бар кеудесінде өлмеген соң.

Құдайым іштен туа қылды ғашық,
Екеуі қабат өлер, бермеген соң».

Бұл сөзге әкесі айтты: «Көнбеймін, – деп,
Өлсе де жалғыз қызым, өлмеймін, – деп.
Бұл үшін, халқым, маған өкпелеме,
Қызымды бір жындыға бермеймін», – деп.

Ләйліні бермегенін Қайыс білді,
Өткізді жылауменен күндіз-түнді.
Сауыққа, ұйқы, тамақ бір қарамай,
Айрылып ақылынан болды жынды.

Жалындап ғашық оты өртеді ішін,
Сол қайғы ақылы мен алды күшін.
Ғарапша «мәжнүн» деген – жынды демек,
«Мәжнүн» деп ат қойылды соның үшін.

Бұл дертке ем ойлады жұрттың бәрі,
Бар екен бір қария адамдары.
«Құшақтап Байтолланы тілек қылса,
Көңілінен шығар, – дейді, – ғашық жары».

Мәжнүнге елі-жұрты түгел барды,
Мекеге жүріңіз деп көп жалбарды?
Халқы мен ата-анасы зарласа да,
Олардың тілін алып бармай қалды.

Көнбеді «Байтоллаға» апармаққа,
Бұл хабар жайылыпты шартарапқа.
Баяғы асыраған сорлы кемпір,
Сол естіп іздеп келді Мәжнүн жаққа.

«Көзіңнен айналайын, Қайысым-ай,
Қарлыққан сені жоқтап, дауысым-ай!
Жібіткен қара тасты, қарашығым,
Дүниенің көз жұмғанша ауысуы-ай!

Жатыр ем науқастанып есім жимай,
Кеудеме кетті есітіп қайғым сыймай.
Қарағым, тілегімді беремісің,
Көзімнің қоямысың жасын тыймай.

Меккеге тілімді алып барамысың,
Ананды көрнеу отқа саламысың?
Ләйлімен бірге өсірген қарызым бар,
Хақымды мойныңа алып қаламысың?»

Зарлады осылай деп кемпір ғаріп,
Сүйегін соның сөзі кетті жарып.
«Жылама, сорлы анам, - деп айтты Мәжнүн,
Хақыңнан құтылайын Мекке барып».

Меккеге алып барды ата-анасы,
Көзінен тыя алмайды аққан жасын.
Мәжнүннің зарлап айтқан сөзі мынау,
Құшақтап «Байтолланың» босағасын:

«Арғы атам - Адам Ата, хақ, пайғамбар,
Айрылып Хауа Анадан болыпты зар.
Дұғасын осы арада қабыл қылдың,
Бере көр тілегімді паруардігар!

Шығарма Ләйлі дертін жүрегімнен,
Айырма ғашық отын сүйегімнен.

Зарлатып өмірімде күйіп-жанғыз,
Өзімнің болды дейін тілегімнен.

Ләйлінің мен атасам құрметті атын,
Көңіліме қатты бекіт махаббатын.
Жолдасым - бейнет болсын, жауым - рахат,
Көп тартқыз ғашықтықтың михнатын.

Күн сайын рахатымды қашыра бер,
Дертімді жалындатып асыра бер.
Көп жүргіз, бейнет көргіз, жасымда алма,
Қайғының ең ауырын басыма бер!

Қорықпаймын жас күнімде өлемін деп,
Айтамын бір Ләйлі үшін көнемін деп.
Бір алла рахметіңмен уағда қылдың,
Пендеме, шын тілесе, беремін деп.

Жалғанда жануменен өткізе көр,
Тыныштық, рахатымды кеткізе көр.
Дүниеде қосылуға жазбасаң да,
Өлген соң мұратыма жеткізе көр! »

Мәжнүннің осы болды бар тілегі,
Ләйліден басқада емес жан жүрегі.
Ел-жұрты, ата-анасы күдер үзді,
Бұл дерттен жоқ екен деп түзелмегі.

Қайтадан елге жүрді қадам басып,
Күн сайын жынды болды қайғысы асып.
«Аң болып айдалада жүремін» деп,
Айрылды халқыменен амандасып.

Жалынған қарамады сөздеріне,
Жабылса бой бермейді өздеріне.
«Ата-ана, елі-жұртым аман бол» деп,
Көрінбей кетті алыста көздеріне.

Қаңғырып шығып кетті елсіз жерге,
Кез болды осындай дерт қайран ерге.
Адамнан аң сықылды көрсе қашып,
Қосылды даладағы киіктерге.

Елсізде аңмен бірге қаңғырыпты,
Тау мен тас дауысына жаңғырықты.
Жартаспен жаңғырыққан жауаптасса,
Лебізі тиген жерді жандырыпты.

«Әй, жартас, мен айтқанды сен де айтасың,
Дертімді мазақ қылып ұлғайтасың.
Ләйлінің менен өзге ғашығы жоқ,
Ұқтыршы, сен Ләйлі деп кімді айтасың?

Сенің де Ләйлі деген жарың бар ма,
Ішінде мен сықылды зарың бар ма?
Атама ғашығымның құрметті атын,
Ынсап қыл, рахым, ұят, арың бар ма?

Жандырма жанып тұрған жүрегімді,
Ерітпе атын айтып сүйегімді.
Ләйлінің атын жалғыз мен атайын,
Зарлатпа, бер жалынған тілегімді?

Сенің де жарың болса Ләйлі аттас,
Қайғылы сорлы болсаң өзім заттас,

Сен неге қанды жасты ағызбайсың,
Болып па ең ғашығыңның дертімен тас?

Көрмеймін көз жасыңның парлағанын,
Кеуденің біліп тұрмын жанбағанын.
Қайғылы бір ғаріпті мазақ қылып,
Жарай ма ғашықпын деп алдағаның?»

Соны айтып Мәжнүн жылап зарлағанда,
Көзінен қанды жасы парлағанда,
Ұшқан құс, жүгірген аң шыдай алмай,
Жиылып тұс-тұсынан аңдағанда.

Оларға мұңын айтса зарландырып,
Баршасы жабырқайды тыңдап тұрып.
Аңменен әбден үйір болып алып,
Шөп оттап, су ішеді бірге жүріп.

Ләйлі деп зар қағады күндіз-түні,
Жылайды аң шуылдап шыққанда үні.
Аңның да ақылы бар, хал, тілі бар,
Жалған деп ойламаңыз, сірә, мұны.

Сол кезде бір саятшы қақпан құрып,
Бір киік ілініпті оттап жүріп.
Көрген соң киікті ұстап алғандығын,
Шыдамай келді Мәжнүн зыр жүгіріп.

Жалынып саятшыға жетіп барды:
«Ағатай, мен де осындай едім зарлы».
Оқалы алтындаған тонын беріп,
Өзімдей ғаріп қой деп киікті алды.

Аңшыдан алды сатып киім беріп,
Мәжнүннің кетті киік соңына еріп.
Ұстаған бір көгершін және біреу
Жолықты қарсы алдынан кездей келіп.

Қолынан алтын жүзік берді-дағы,
Босатып қоя берді оны тағы.
Киік пен көгершінге бас ұрады,
Зарланып мұңын айтып ойындағы.

«Сендерге сыр айтуға ұяламын,
Адасқан ақылымнан диуанамын.
Залалсыз бір ғаріппін менен қашпа,
Аңға ерсем, адамға ермей, уанамын», –

Дейді де екеуіне кетеді еріп,
Шөп жейді хайуанша бұ да теріп.
Мәжнүннің сырын біліп аң қашпайды, –
Құдайым оларға да ақыл беріп.

Сонымен жүре тұрсын елсіз сайда,
Баяғы зарлап жатқан Ләйлі қайда?
Азғана сол туралы сөз айталық,
Ол байғұс жатыр екен қандай жәйда.

Мәжнүннің ғашығымен күйіп-жанып,
Көрмейді ұйқы, тамақ мейірі қанып.
Бір түні ай жарықта тысқа шығып,
Білдірмей еш адамға жүр зарланып.

Сөйлесті аспандағы айды көріп:
«Жүресің жердің жүзін сен тексеріп.

Бір түнде дүниені шарқ ұрасың,
Мәжнүннен қуантсаңшы хабар беріп.

Қайда жүр, тірі жүр ме, не қылып жүр,
Ішімді ғашық оты жандырып тұр.
Болсаң да сен де мендей күнге ғашық,
Нұрымен жарқырайсың, жанбайсың құр.

Күн ғашық саған-дағы салды нұрын,
Бар ма еді өзінде нұр онан бұрын.
От салды жүрегіме менің Мәжнүн,
Аузымнан шықты жалын, көрдің түрін.

Мұнан соң барды аяндап тоғай жаққа,
Жеміс пен ағаш еккен бау-шарбаққа.
Түндегі жылы желдің лебізімен
Сөйлесті жасып гүл мен жапыраққа:

«Жылы жел, ғашығымның лебіндейсің,
Сен мені не білесің, не білмейсің.
Желменен сыбырласқан жапырақтар,
Шын ғашық болсаң неге егілмейсің?

Түн болса дымқыл шықпен буланасың,
Өтірік ғашықпын деп қуланасың.
Қан атыз ғашық болсаң жас орнына,
Егіліп жыламайсың, суланасың.

Жел, сен де ғашықпын деп дау қыласың,
Кей-кейде көзден жаңбыр жауғызасың.
Жасылдың жерге біткен бәрі жарың,
Көңіліңді әркімге бір ауғызасың.

Кейде сен жапырақты ұн қыласың,
Аямай қызыл гүлді сындырасың.
Соғасың кейде жұмсақ, кейде қатты,
Құбылып кімнің көңілін тындырасың».

Сөйлесті онан кейін жұлдыздармен,
«Жаным-ай, көрдің бе, – деп, – Мәжнүнді сен.
Жарымды жаным сүйген бір көре алмай,
Сұрайын бір хабарын көрінгеннен.

Ей, жұлдыз, түнде тудың, күндіз батып,
Қасыңды кімге ымдайсың қимылдатып.
Ғаріппін мен де өзіндей тұтқындағы,
Зарлаймын күні бойы үйде жатып.

Қаптайсың түн болғанда көктің жүзін,
Сорлымын қатты тартқан қайғы сызын.
Сендерге дүниеде таса жер жоқ,
Мәжнүннің тым болмаса көрсетші ізін!»

Бір жұлдыз ағып еді жерге таман,
Дегендей қуанады жарың аман.
Жүріпті жұлдыз аққан жаққа қарай,
Жобасын көрсетті-ау, – деп, – осы маған.

Алдында бір адам тұр қараңдаған,
Сескеніп Ләйлі жақын бара алмаған.
«Досым ба, дұшпаным ба, кім біледі,
Байқамай жарамас, – деп, – арандаған».

Ол келген Мәжнүн екен Ләйліні іздеп:
«Ғашығым, ойлап па едің көреміз», - деп.

Ләйлі айтты: «Аманатыңды ал, қарағым,
Мұнан соң тірі көрмен, күдер үз», — деп.

Ойлады қызға жақын барайын деп,
Құшақтап бір сүйгізіп қарайын деп.
Көрем бе, мұнан кейін көрмеймін бе,
Сақтаулы аманатымды алайын деп.

Барады, жақындаса, жанып-күйіп,
Денеге болар емес дене тиіп.
Екеуі шыдай алмай талып кетті,
Аузынан алған екен бірер сүйіп.

Көрдің бе шын ғашықтың анық жайын,
Іштегі от дәуірлейді барған сайын.
Бұл жерде екі ғашық жата тұрсын,
Батырдан Науфал деген сөз бастайын.

* * *

Ғарапта бір батыр бар Науфал атты,
Ұстаған шарифаттың жолын қатты.
Қайдағы қайғысы көп ғаріпті іздеп,
Соларға қылады екен мархаматты.

Жалғыз-ақ шарифатты мықты ұстайды,
Өлсе де оған қарсы іс қылмайды.
Шықпайды адалдықтан қылдай тайып,
Алса да басын кесіп, бұрылмайды.

Мұңлы үшін жанын отқа салады екен,
Қасына әскер ертіп алады екен.

Бір жерде зорлық көрген жан бар десе,
Ерінбей әдейі іздеп барады екен.

Мәжнүннің ата-анасы жүрді зарлап,
Ізденіп ем таба алмай елді шарлап.
Науфалға кемпір бастап алып барды,
Кісідей суға кеткен талды қармап:

«Ей, батыр, атың шыққан жер-жиһанға,
Қайдағы болысушы ең ғаріп жанға.
Ісі хақ, шариғатқа түзу болса,
Таяныш болушы едің жығылғанға.

Ғадалат, рахым қонған жүрегіңе,
Ну біткен тумай тұрып сүйегіңе.
Кем-кетік бейшараның әкесіндей
Жеткізбей қоймаушы едің тілегіңе.

Зарланып келіп тұрмыз алдыңызға,
Бір балам ғашық еді хан қызына.
Қайғыдан қашып кетті диуана боп,
«Жынды» деп бермей қойды жалғызыма.

Екеуі ғашық болды туа сала,
Көрмесе жылайтұғын болды бала.
Халқымнан сұрасаң да, сөзім рас,
Осындай күйге салды Хақ тағала.

Қаңғырып айдалаға кетті балам,
Өмірі қорлықпенен өтті балам.
Осыған құдай үшін мархамат қыл,
Сарғайып өлер халға жетті балам».

Орнынан Науфал сонда атып тұрды:
«Батырлар, қайдасың? – деп бір ақырды, -
Жаны үшін жаным құрбан баландық», - деп,
Әскерін ертіп алып Науфал жүрді.

«Жалғыз-ақ болсын, – дейді, – сөзің рас,
Жаралған сондай іске бұл ғаріп бас.
Жолына шарифаттың ісім түзу,
Құдайым болса жәрдем, ол құтылмас».

Мәжнүнге кешікпей-ақ жетіп барды,
«Жарыңды әперем» деп ертіп алды.
Қырамын, қыз бермесе, тұқымын деп,
Ләйлінің әкесіне хабар салды.

О-дағы намыс қылды қызын бермей,
Елшіні қайырыпты сөзге көнбей.
Әскерін жиып алып қарсы шықты,
«Ләйліні бермеймін, – деп, – өзім өлмей».

Соғысып, екі әскер араласты,
Қыз үшін бірін-бірі жараласты.
Қайтпаған жаннан беті өмірінде,
Науфалдың батырлары қайта қашты.

Науфалдың жатқан үйі алтын шатыр,
Сәждеге басын қойып Мәжнүн жатыр.
Бір дүбір естіген соң Науфал шықса,
Алдына келді қашып өңкей батыр:

«Тақсыр-ай! Қашпаушы едік жаудан ығып,
Жеңіп ек жау әскерін жерге тығып.
Шыдатпай, бет қаратпай қайта қуды,
Ғажайып алдымыздан бір өрт шығып.

Білмедік қайдан шықты осы жалын,
Мұндай іс болған емес бұрын мәлім.
Сопыдан кереметті сұраңызшы,
Сол кісі біле ме екен мұның халін? »

Сопы айтты: «Мәжнүн жатыр Хақтан тілеп,
«Әскерін ғашығымның көр қылма» деп.
Анық-ақ бұл керемет содан болды,
Сұраңыз нанбасаңыз өзін әкеп».

Ол айтты: «Тілегенім рас Хақтан,
Бұл әскер келді ғой деп жарым жақтан».
Мәжнүнге Науфал сонда жалыныпты:
«Қарағым, дұға қылма, енді сақтан.

Жатырмын қырылысып жарың үшін,
Ойлаймын жеңейін деп арым үшін.
Осының бәрі жалғыз сенің қамың,'
Аянып тұрғаным жоқ жаным үшін», –

Деді де өзі бастап Науфал барды,
Қойдайын қасқыр тиген қырып салды.
Ұрғызбай аңдып жүріп жолдасына,
Тірідей қыз әкесін ұстап алды:

«Бермедің қызды неге сұрағанда,
Зар қылып елі-жұртың жылағанда.
Біреудің жалғызының қанын жүктеп,
Тимей ме қызың байға бұ заманда? »

«Ей, батыр, дәтімді айтқыз, сөзім тыңда,
Бермедім намыс ойлап мен басында.
Амалсыз ойнасына қыз берді деп,
Дұспаным табалайтын тұр қасымда.

Қаңғырып кетті Қайыс онан кейін,
Жындыға қыз берем деп мен не дейін.
Жаңада біреу келіп құда түсті,
Халқымнан сұраңыз, мен үндемейін.

Ләйліні айттырды деп Ебнсалам,
Қалайша жалған айтып тірі қалам.
Әперсең, кісі хақын әпересің,
Өзің біл не қылсаң да енді, балам».

Науфалдың қаны қашты көзі жайнап,
Бармағын ыза болып алды шайнап.
«Сен маған кісі хақын әперме, - деп,
Бір жағынан Мәжнүн тұр ағатайлап. -

Алмаймын әперсең де кісі хақын,
Бар еді Ләйліге бір жазған хатым.
Сенімді жолдасыңнан соны жеткіз,
Сізге жоқ онан өзге аманатым».

Жеткізбек болды Науфал аманатты,
Осындай көрдің бе шын бекзатты.
Шақырып Зәйт деген бір жолдасын,
Тапсырды қызға бер деп осы хатты

Құтылды қыз әкесі шынын айтып,
Қайтеміз босқа бекер сөзді ұзайтып.
Құдайдың қоспаған бір ісі екен деп,
Еліне Науфал батыр кетті қайтып.

Зарланып қалды Мәжнүн онан жаман,
Басына қайта түсті ақыр заман.
Далада таты қаңғып жүре тұрсын,
Келелік Ләйлі деген қызға таман.

* * *

Бағана екі ғашық қалған талып,
Отырған Ләйлі есін жиып алып.
Мәжнүнді талып жатқан тұрды күтіп,
Бетіне торғын шәлін жаба салып.

Тұра алмай ғашық жары қалды есі ауып,
Ләйліні даяшы қыз алған тауып.
Мәжнүнді көрмегенсіп жүре берді,
Өсекке қалар ма деп қылып қауып.

Аздан соң тұрды Мәжнүн есін жиып,
Әрі-бері шәлді иіскеп жатты сүйіп.
Онан соң Науфал тауып алып кеткен,
Жарыңды әперем деп жанды қиып.

Ләйлі қыз үйде отырып күйіп-жанды,
Айналды бір көбелек жаққан шамды.
Шам менен көбелекке мұңын айтып,
Өткізді кірпік қақпай ұзақ танды:

«Көбелек, сен де мендей шамға ғашық,
Боласың қайтіп ғашық менен асып.
Күйсең де өлмесеңші мен сықылды,
Өлесің екі айналмай мұнша сасып.

Қарамай шыдасаңшы жанғаныңа,
Білген соң жетпесінді арманыңа,
Тартсаңшы неше жылдай жар күйігін,
Разы ма жарың өле қалғаныңа?

Шам, сен де лапылдайсың жанған болып,
Көңілінде қайғылы дерт арман болып.
Байлаулы қол-аяғың, басың қара,
Жылайсың көкке назар салған болып.

Жалындап сен жанасың жалғыз түнде,
Тұрасың жанбай аман ұзақ күнде.
Жанамын күндіз-түні мен қайғыдан,
Рахаттан күдерімді үздім мүлде.

Көзімнен, міне, ағып тұр қанды жасым,
Ғашықтың қайғылы оты - ішкен асым.
Көзіңнің қаны түгіл жасы да жоқ,
Жанғансың түні бойы май жұтасың.

Досың – май, дұспаның – жел, тез өлесің,
Жанғанға шыдай алмай жөнелесің.

Сүйікті досым – бейнет, жауым – рахат,
Қалайша енді маған теңелесің».

Соны айтып отыр еді жаққан шамға,
Ұқсады біреу бір хат ұсынғанға.
Қараса – ғашығының жазған хаты,
Отырды азар шыдап оқығанда.

Хатты алып Зәйіт екен келген кіріп,
Ысылған мұндай іске талай жүріп.
Мәжнүннің жазып берген сөзі мынау,
Айта алсам дәл өзіндей қисындырып:

«Ғашығым, жанға өлшеген Ләйлі жаным,
Белгілі бір сен үшін зарлағаным.
Егерде өзің сүйіп тиген болсаң,
Қайырлы, құтты болсын жар тапқаның.

Мен-дағы сен қуансаң, қуанамын,
Күн көрген көлеңкеңде дуанамын.
Қарағым, жарлымысың, зарлымысың,
Анықтап сырыңды айтсаң, ұғынамын.

Алдаған сөзім емес, байқайын деп,
Жарыңнан көңіліңді шайқайын деп.
Қосылған өзің сүйіп жарың болса, –
Ойладым разылығымды айтайын деп.

Ойымнан махаббатың кетпейді бір,
Сен сүйсең бөтен жарды, ол неге тұр.
Жүрегім әлі өзімнің жарым дейді,
Хат жаздым сандалақтап сонымен құр.

Бір хат жаз осы хатты апарғаннан,
Алғанша хабарыңды жүрегім қан.
Шыныңды айт, құдай үшін алаң қылма,
Құрбаның болсын енді бұл шыбын жан.

Жылдам бер не де болса хабарыңды,
Топырақ баспай тұрып ажарымды.
Сен кетсең өзге жарға, тез өлемін
Білмедім онан басқа табарымды».

Бар сөзін хатындағы оқып біліп,
Қағаз бен қалам алды Ләйлі тұрып.
Қайтадан ғашығына жауап жазды,
Көзінің қанды жасын сия қылып:

«Бұл сөзге таңғаламын нанғаныңа,
Жеткізер кімді жалған арманына.
Қарағым, қайтіп аузың барып айттың
Өзгеге сені тастап бармағыма.

Орайым бар ма менің сенен кетер,
Ондайға алаң болмай жүрсең нетер.
Әкемнің беремін деп айтқаны рас,
Әуре боп болмас іске жүр ғой бекер.

Ойладым есіткенде өлейін деп,
Сен үшін қу жанымды берейін деп.
Тоқтаттым өзімді-өзім қайта ойланып,
Құдайым шыны жазса, көрейін деп.

Жаратқан Алла мені бір сен үшін,
Жаралған жар едің ғой сен мен үшін.
Барам деп өзге адамға ойламаймын,
Көңілім бір құдайға сенген үшін.

Кім қылды бала күнде саған ғашық,
Уандым сені көрсем мауқым басып. -
Қарағым, соны ойламай неге жаздың,
Алланың тағдырына қарсыласып.

Қарағым, мен – сенікі, сен – менікі,
Орайсыз құры үміт қой өзгенікі.
Алланың бекіткені бұзыла ма,
Бұра ма құдай ісін пенденікі?

Тағдырда не жазылды, көрейік те,
Көңілді бір Аллаға берейік те.
Көз бұрмай, көңіл бұрмай, мінез бұрмай,
Шын ғашық бетімізбен өлейік те.

Өзге ойды, разы емеспін, көп ойласаң,
Кешікпей жолығып кет, мені ойласаң.
Көзіңді көріскенде жеткізейін,
Бұл сөзді шын емес қой деп ойласаң».

Ол хатты Зәйит кетті тағы да алып,
Кешікпей, аялдамай қайта салып.
Адасып ақылынан жатқан жерде,
Мәжнүнге Ләйлі хатын берді апарып.

Ол кезде жатыр еді есі кірмей,
Қолына берді хатты Зәйіт білмей.
Алды да қалтасына сала салды,
Зәйітті адам бар деп көзіне ілмей.

Жатқанын есі кетіп сонда білді,
Қасында айықсын деп күтіп тұрды.
«Ғашығың қатты науқас, шақырды» деп,
Зәйітке біреу келіп хабар қылды.

Тұра алмай Зәйіт кетті, Мәжнүн қалып,
Жерінен түрегелді жатқан талып.
Есіне алған хаты сонда түсіп,
Оқытты қалтасынан жұлып алып.

Білген соң хатын оқып көңілі тынды,
Сөзінен таба алмады ешбір мінді.
Ләйлінің жайын енді сөз қылайық,
Тоқтатып қоя тұрып Мәжнүнді.

Ләйлі жүр Мәжнүн үшін жанамын деп,
Айттырған Ебнсалам аламын деп.
Бір күні атасына берді хабар
Қол ұстай бүгін кешке барамын деп.

Той қылып шақырыпты талай елді,
Қанша сый тартуменен күйеу келді.
Бір қатын Ебнсалам байбатшаға
Ләйліні кеш батқан соң әкеп берді.

Төсекке күйеу жатты, Ләйлі жатпай,
«Қарағым, неге отырсың сөз де қатпай?
Шеш-тағы киіміңді қойныма кір,
Ұялып отырмысың маған батпай».

Ойлады бір айла айтып қарайын деп:
«Қасыңа ынтық едім барайын деп,
Бір пері жас күнімнен аңдушы еді,
Келіп тұр жақындасам алайын деп».

Төсектен күйеу басын жұлып алды,
«Қайда тұр ол пері», – деп көзін салды.
Айтса да алдайын деп Ләйлі өтірік,
Бір пері түсі суық келіп қалды.

Мұрны көк, төменгі ерні жер тірейді,
Дауысы жауған күндей күркірейді.
«Ләйлінің құдай қосқан жары емессің,
Қанеки, маңайынан жүрші!» – дейді.

«Ешқашан бұған жақын келме, – дейді,
Өзін де жүзі түгіл көрме, – дейді.
Біреудің ғашық жарын аламын деп,
Қорлықпен азап көріп өлме, – дейді.

Ләйліден, өлтірмеймін, аулақ жүрсең,
Өлесің қолын ұстап, жүзін көрсең.
Мың жаның болса-дағы сені қойман,
Осындай іс көрдім деп хабар берсең».

Ант етті Ебнсалам: «айтпаймын, – деп, –
Сертімнен бір айтқан соң қайтпаймын, – деп, –
Алланың қоспағанын аламын деп,
Мойныма кісі хақын артпаймын», – деп.

Деді де «уағдаңнан жүрме тайып»,
Сол пері болып кетті көзден ғайып.
Болса да іштен құса Ебнсалам
Бұл сырын жанға айтпады елге жайып.

Ол-дағы батыр еді ер жүректі,
Жүрегін ғашық оты елжіретті.
Ләйлінің жүзін көрмей тұра ала ма,
Аяғы басқан сайын кейін кетті.

Періден қорықпаса да уағдасы бар,
Тая ма айтқанынан қайраттылар.
Сарғайып запырандай солды жүзі,
Болса да денесі тас қайдан шыдар.

Келсе де Ләйліменен бір жатпайды,
Қолынан, жүзін көріп, дәм татпайды.
Жазылмас дертті болды қайран батыр,
Адамды шын ғашықтық шыдатпайды.

Жүрегін ғашық оты кетті шарпып,
Күн сайын жүдей берді қайғысы артып.
Жақындап өлер халге болды дертті,
Есіл ер ала алмады бойын тартып.

Науқасы барған сайын кетті дендеп,
Дерт емес жазыларлық дәрігер емдеп.
Өлімге таянғанын білгеннен соң,
Ләйліні шақырыпты жақын кел деп:

«Мен саған жар емеспін, жақыныңмын,
Қайғымен қапыда өткен пақырыңмын.
Именбей енді менің қасыма кел,
Барында қоштасайын ақылымның.

Мәжнүнге ғашығыңды білмеуші едім,
Ортаңа, оны білсем, кірмеуші едім.
Ол саған ғашықтығын білсем-дағы,
Сен оған ғашық қой деп жүрмеуші едім.

Көрсетті тағдыр маған жасырынды,
Ашты ғой пері келіп бар сырынды.
Көңілімді сені алмасқа бекіткенмін,
Ойлама жалғаншы деп пақырыңды.

Періден ойлап едім қашпайын деп,
Өлермін әзер болса, саспайын деп.
Білген соң өзімді-өзім тоқтатқамын,
Ғашықтың сырын елге шашпайын деп.

Сорлы едім бір айтқан соң мойын бұрмас,
Өлім мен уағда бұзған – бәрі бір бәс.
Мәжнүнге сәлемімді айт, көре қалсаң,
Құрбы едім бір жыл туған түйдей құрдас.

Мәжнүнге жазып қойған бар бір хатым,
Тілегім – соны тапсыр – аманатым.
Артымнан дұға қылсын хақын кешіп,
Ұмытпасын, Ебнсалам - менің атым.

Сен де кеш әдепсіздік істерімді,
Көре алман енді қайтып түстеріңді.
Тағдырда қосқан болса, көрісерсіз,
Күйдірме қайғы ойлап іштеріңді.

Мінеки қайғы ойлаған мен не болдым,
Гүл едім жайнап тұрған, бүгін солдым.
Деуші едім жердің жүзін аралармын,
Жалғанның бір қызығын көрмей өлдім.

Сізді айтса, бізді де айтар кейінгілер,
Қояды кімді жұтпай бұл қара жер.
Алланың жазғанына ризамын,
Атақсыз, атсыз елер кей пенделер.

Сіздер де сөз боларсыз артқыларға,
Жаны ашыр, жаны бардың ғашық жарға.
Аузынан кешу алып кетер едім,
Мәжнүнді көрмей өлдім, амал бар ма?

Мен-дағы жеті атадан едім жалғыз,
Қарағым, жазам болса, естен қалғыз.
Қалыңға бергенімнің бәрін кештім,
Малымды әкеңе айтып жиып алғыз.

Ұзамай маған ажал келер әлі-ақ,
Қылғамын әлдеқашан сені талақ.
Сендерге менің қылар бөгетім жоқ,
Мені ойлап өз жарыңнан болма салақ.

Мәжнүнге айт, дүниеге қойсын сенбей,
Жүреді неге түзде саған келмей.
Жарына жаны барда бір жолықсын,
Болмасын қайдан білді о да мендей.

Айттым ғой, алдаспасам, білгенімді,
Сіздердің көрмей өттім күлгенінді.
Дүние-ай, көрер ме екем ақыретте,
Мәжнүнмен құшақтасып жүргенінді».

Есіркеп Ләйлі тұрып жақын келді,
Жүрегі тазасына көңілі сенді.
«Мен кештім, сіздер де кеш», – деді-дағы,
Шаһадат иман айтып жөнелді енді.

Тағдырда солай жазған паруардігер,
Бұл сырды өзге білмес, Ләйлі білер.
Ләйлінің үйден шыққан үнін естіп,
Жүгірді тыста тұрған күзетшілер.

Өткенін Ебнсалам халқы білді,
Бірталай, есіткен соң, жұрт жиылды.
Шығарып жаназасын таза арулап,
Қабірін бек айбаттап күмбез қылды.

Ләйлінің ойындағы ғашық жары,
Ойлайды байы өлді деп жұрттың бәрі.
Өлгенін Ебнсалам сылтау қылып,
Ішінен шықты тысқа қайғы-зары.

Мәжнүнді неге ұмытсын өлгенінше,
Зарланды соны жоқтап өз көңілінше.
Отыр деп байын жоқтап халық ойлайды,
Жасырмай жылаған соң жұрт көзінше.

Шаһарға бір күн Мәжнүн келді қаңғып,
Ойы бар бір жолықпақ Ләйліні андып.
Бір шалды біреу ұрып жетелеп жүр,
Кісендеп тепкілейді бетін шаң ғып.

Жүгіріп Мәжнүн келді «ағатайлап»;
«Ғаріпті неге ұрасың қолын байлап.
Сорлыда әлде қандай жаза бар-ау,
Ұқтырып айтыңызшы маған жайлап.

«Әкемді осы өлтірді таспен ұрып,
Кетіпті ұрған тасы миға кіріп.
Осыдан кегінді ал деп қазы берді,
Жазасын тартқызамын өстіп жүріп.

Мұнымды шарифатқа сыйғызамын,
Жетелеп елден қайыр жиғызамын.
Өлтірсем, қинасам да ерік өзінде,
Көнбесе қазір мойнын қиғызамын».

«Жүктедің, сорлы-ау, неге адам қанын,
Есіркеп, шықпай қалды азар жаным.
Бар еді бұл адамда қандай кегің,
Әкесін өлтіргенің не қылғаның?»

«Ұрып ем ашу қысып таспен атып,
Басына жіберген тас кетті батып.
Қатеден мұндай күйге душар болдым,
Қайтесің мен сорлыны былшылдатып».

«Бұл шалды не қыласың, мені-ақ айда,
Кісендеп аяғым мен қолым байла.
Бейнетті мұның үшін маған тартқыз.
Бар дейсің қайыр сұрап, айтшы қайда?»

Босатты өзін беріп әлгі шалды,
Кісенді аяғына өзі салды.
Мәжнүнді шал орнына ноқталап ап,
Жетелеп әр қақпаға алып барды.

«Ләйлі» деп зар қағады тынбай жылап,
Жүреді кешке жақын қайыр сұрап.
Отырған терезеде Ләйлі көріп,
Жығылды есі кетіп тамнан құлап.

Дүрс етіп жерге түсті Ләйлі барып,
Таныды оны Мәжнүн көзі шалып.
Өлгелі әншейінде жүрген сорлы
Көрген соң құлағанын қалды талып.

Тырп етпей жатып алды есін жимай,
Кісі тұр жетелеген оны қимай.
Аузынан «аһ» дегенде жалын шықты,
Қалың дерт жүректегі ішке сыймай

Кісенді аяғынан шешіп алды,
Ноқтаны сыпыра алмай кесіп алды.
Жындыны қайтемін деп кетті тастап,
Сорлының өлмегенде несі қалды.

Бірқатар сол арада жатты талып,
Аздан соң екеуі есін жиып алып,
Оңаша, қараңғы түн, еш адам жоқ,
Ғаріптер мұңдасады жақын барып.

«Қарағым, – деді Ләйлі, – қарызыңды ал,
Құшақтап, қойыныма қолыңды сал.
Жолықпақ күнде мұндай табылмайды,
Бір татқыз тым болмаса тіліңмен бал.

Мәжнүн-ау! Ғашық болсаң сөзің өжет,
Дертіме осы арада бір дәрмен ет.
Тіліңнен сорғыз-дағы бір құшақтат,
Әйтпесе өз қолыңнан өлтіріп кет.

Өлемін қосыла алмай қалсам-дағы,
Ұмытпаймын ақыретке барсам-дағы.
Болады сен сау қалсаң, мен өлейін,
Құшақтап шыдай алмай жансам-дағы».

Жақындап келді тілін берейін деп,
Сорғызып мауқын басып көрейін деп.
Аузына аузы барып тиген кезде,
Өртеніп бара жатыр өлейін деп.

Ұмтылды құшақтайын жансам да деп,
Бұл жерде жанып өліп қалсам да деп.
Айқасып аш белінен жабысады,
Өлемін ақыр қайда барсам да деп.

Лапылдап шыдатпады күйіп-жанып,
Қолдарын кейін кетті жазып алып.
Қараса біреу жақын келіп қапты,
Сырт беріп жүре берді Ләйлі қалып.

Мәжнүннен бір қалмайды әлгі жаяу,
Шаһардан шыққан кезде келді таяу
Кідірмей әлде кім деп кетіп еді,
Сыбырлап «тоқтаңыз» деп айтты баяу.

Тоқтады көрейін деп мұның түрін,
Білерлік адам ба деп Ләйлі сырын.
Қараса өңі сұрлау, жап-жас жігіт,
Ұмытпаса, көрген емес мұнан бұрын.

Қасына келіп тұрды сәлем беріп:
«Байқадым құшақтасқан сізді көріп.
Қойныңнан қосылғанда от шыққан соң,
Келіп ем білейін деп артыңа еріп.

Білуші ем ғашықтықтың мен де халін,
Жасыңнан сенің жайың бізге мәлім.
Әдейі айырмаққа барып едім,
Болушы ең мен болмасам күл мен жалын.

Білемін өлім емес саған бұйым,
Жаныңды аямайсың жалғыз тиын.
Бейнетке шыдай алмай өлді десе,
Болмай ма бәрінен де осы қиын.

Жолықсаң құшақтама, құр жүзін көр,
Іштегі жалын шықсын, сөйлесе бер.
Жалғанда қосылуға жазған болса,
Табады өзі-ақ ебін паруардігер.

Жалынға сен шыдасаң, қыз шыдамас,
Өлтірсең өзін өртеп, тіпті ұнамас.
Еркектен қайда көрсең әйел нәзік,
Қаңғырған соны көріп мен бір қу бас.

Бар еді менің де бір сүйген жарым,
Көрмесем құрушы еді ынтызарым.
Шыдамай ғашықтыққа өліп кетті,
Көп айтсам қозғалады іште зарым.

Мен сенен ақылды емен, жол көргемін,
Қайғыны өз әлімше мол көргемін.
Ғашығым дүниеден өткеннен соң,
Біле алмай қайтерімді сенделгемін.

Деменіз әдебі жоқ неткен тантық,
Айтамын жанбасын деп ерте қамтып.
Тең емес бақайыңа біз бұйткенде,
Сіздердің ғашықтығың жүз есе артық.

Сорлының сен де мендей біреуісің,
Ләйлінің ғашық болған күйеуісің.
Беремін тым болмаса хабар алуға,
Сен менің кім екенім білемісің?

Білмесең - Зәйт еді менің атым,
Аз емес басымдағы михнатым.
Бір қызға Зейнеп деген ғашық болып,
Күн сайын асып еді махаббатым.

Қыз өлді, мен артында тірі қалдым,
Зарлануға моласына күнде бардым.
Өлгенше жолдас болып жүрейін деп,
Артыңнан әдейі іздеп жаяу салдым.

Мен сенің баяғыдан досың едім,
Хат тасып хабарыңды қосып едім.
Ол кезде ақылыңның жоқ кезі еді,
Азғана айықсын деп тосып едім.

Зейнептен сонда хабар алып едім,
Деген соң қатты науқас барып едім.
Мен сорлы шыдай алмай жөнелгенде,
Жия алмай сен есінді қалып едің».

Мәжнүнге жолдас болды қоса зарлап,
Екеуі екі қызға жылайды арнап.
Бармаған тау, баспаған жер қоймайды,
Шарқ ұрып дүниені жүрді шарлап.

Бір күні Зәйт айтты Мәжнүнге кеп,
Бір ақыл көңіліме түсіп тұр деп.
Ләйліге ебін тауып жолығайық,
Барайық, сен соқыр боп, мен жетелеп.

Мәжнүнді соқыр қылды көзін тартып,
Жетелеп, кейде арқалап, мойнына артып.
Қолына талдан жуан таяқ беріп,
Шаһардың көшесінде жүр сандалып.

Ләйлі де өлер болды зарлай-зарлай,
Шыдасын о да қайтіп күйіп-жанбай.
Қасына бір қыз ертіп тысқа шықты,
Жатуға күні бойы шыдай алмай.

Жоқтайды Ләйлі жылап ғашық жарын,
Қараңыз терең оймен қылғандарын.
Бұлтқа аспандағы мұңын айтып,
Болады шығармақшы іштен зарын:

«Қайғырдың, қара бұлт, мұнша неге,
Келдің бе разы болмай дүниеге.
Мәжнүнді көре алмаған мен сықылды,
Жүрмісің ғашық болып бірдемеге.

Қарайып, қамығасың тым құрыстап,
Күркіреп уһілейсің дертің ұстап.
Көңілің – от, көзіңнен жас жаудырасың
Сағынған ғашық жарын маған ұксап.

Кей-кейде шатырлайсың қаһарланып,
Көрсетіп қайратыңды тым мақтанып.
Аузыңнан отты жалын, оқ шығады,
Қайтесің, біз жазасыз кетсек жанып.

Ғаріпке жараса ма осындай жол,
Ешкімге, ғашық болсаң, залалсыз бол.
Қыласың бірде ашу, бірде рахым,
Төменсің сен де менен, айтқаным сол.

Сен неге күннің көзін жасырасың,
Қайғысын қайғылының асырасың.
Нұрымен ғашығының тұрса жайнап,
Сұрланып жердің өңін қашырасың.

Рахымсыз неткен жаман сенің ниетің,
Көрмесе жер мұнаяр күннің бетін.
Күн жерге, жердегі шеп күнге ғашық,
Дерті зор, улы жүрек болар шетін.

Қызыл гүл бұзылмай ма күн көрмесе?
Жарынан жарқыраған нұр көрмесе?
Рахым ет, көз жасыңнан су беріп кет,
Қайғыдан қурап өлер дым көрмесе.

Көкорай көлеңкеден күнгірт тартты,
Көрдің бе, жер жабырқап қайғысы артты.
Құйып кет көз жасыңды сорғалатып,
Бұршақпен шөп қиратып жаума қатты.

Торламай, айналып кет жер мен күнді,
Мұңайтпа күнді бермей, о да мұңды.
Қызыл гүл – мен сықылды ол бір зарлы,
Көре алмай күйіп жүрген Мәжнүнді».

Тұр еді көкке қарап Ләйлі зарлап,
Жақындап екі жаяу келді барлап.
Бұл келген бағанағы Зәйіт екен,
Мәжнүнді соқыр қылып жүрген алдап.

«Ағам, – деп, – көзі шыққан» айта салып,
Жетелеп бір соқырды қасына алып,
Өркімнен көшедегі қайыр сұрап,
Ләйлінің маңайына тұрды барып.

Соқырға қайыр берді жиылған көп,
Айламен Зәйіт тапты осындай еп.
Ләйліге жақын келді әлгі соқыр,
«Қарағым, марқабатың болмай ма?» – деп.

Екенін мұның Мәжнүн Ләйлі білді,
Көзі шын шықты ма деп қайғы қылды.
Қалтадан пешеттеген бір хат алып,
Соқырға садақа деп соны берді.

«Санап ап ашып көріп адам жоқта,
Ішінде ақшасы бар, аз ба, көп пе.
Қайырды көрінеу берген мақтау болар,
Пайғамбар «жасырын бер» деген жоқ па?»

Берген соң сол қағазды алды соқыр,
Ашпай-ақ қалтасына салды соқыр.
Алса да садақасын кетіп қалмай,
Сол жерде табан аумақ қалды соқыр.

Ғашығын көре тұра кетсін қайтіп,
Зәйт тұр алдандырып сөзді ұзайтып.
Өзгелер кет десе де тіл алмайды,
Ләйліге кетемін деп мұңымды айтып:

«Жоқтаймын бұл көз емес, шын көзімді,
Кім ұғып, кім ұқпайды бұл сөзімді.
Бақытым жоқ, дертім қатты бір сорлымын,
Саламын жанған отқа күнде өзімді.

Бұл көзім жоқ болса да бардай көзім,
Жоғалған шыны ғашық жардай көзім.
Қайғыдан босанарлық уақытым жоқ,
Көміліп топыраққа қалмай көзім.

Көрсем де дүниені көргенім жоқ,
Көңілімді өзге жанға бергенім жоқ.
Жалғанның рахатынан мүлде бездім,
Шықпай тұр құры жаным, өлгенім жоқ.

Көзім тұр, дуа қылсаң, көрейін деп,
Көңілім тұр күйе бермей өлейін деп.
Қайғыдан қашып өлген ерлік емес,
Бейнетке жүрегім тұр көнейін деп.

Қалқам-ау! Өлейін бе, өлмейін бе?
Ем сұрай мұнан кейін келейін бе?
Көзімнің дауасының ақысы үшін,
Жанымды осы арада берейін бе?

Ғаріппін, жылап туған өзімді көр,
Шатасқан диуана боп сезімді көр.
Дертіме бұ жалғанда дауа бар ма?
Соқыр деп жиренбесең, көзімді көр».

Көтерді көлеңкелеп орамалды,
Ішінен сезді Ләйлі бұл амалды.
Көзіне құдай үшін қарайын деп,
Білген соң жақын барды ол амалды.

Деді де көрсетеді міне көзім,
Қараңыз айла қылып айтқан сөзін:
«Соқырмын, түзу тұрмай жығыламын,
Беліңнен ұстат, – дейді, – мықтап өзің».

Амалмен аш белінен алды оралып,
Жығылды шыдай алмай Ләйлі талып.
Іштегі ғашықтықтың қызуы өтіп,
Ләйлінің бара жатыр үсті жанып.

Жүгірді көрген жандар тұра сала,
Соқырды Зәйіт кетті сүйреп ала.
Ләйліні өз үйіне алып барды,
Әр жері көйлегінің күйген шала.

Ақылын жиып алды біраз тұрып,
Бұған да айла тапты ойлап жүріп:
«Салулы қалтамдағы сіріңкені
Жандырды-ау әлгі соқыр қақырынып...»

Бір жерін денесінің жалын шарпып,
Күн сайын іштегі дерт барады артып.
Жүре алмай бұрынғыдай түрегеліп,
Бір жола жатып алды төсек тартып.

Мәжнүнді оңашаға алып кетті,
Ләйліден айрылдым деп налып кетті.
Жарының садақа деп берген хатын
Аулақта қалтасынан алып көрді.

Бір жүзік, екі бөлек салған хаты,
Біреуі Ебнсалам аманаты,
Біреуін өз қолымен Ләйлі жазған,
Қоштасып ғашығына айтқан дәті.

Бұл өлең қызық емес көрер көзге,
Сырты мұз, іші жалын, мағынасы өзге.
Жамағат құлақ салмай, ойынды сал,
Ләйлінің хатындағы мынау сөзге:

«Қарағым! Екі хаттың бірі аманат,
Өзіңе сәлем айтты неше қабат.
Іші дерт, уағдасы берік, бір сорлы екен,
Байғұстың қатесін кеш, қыл мархамат.

Өзімнің екінші хат – жазған хатым,
Қоштасқан біржолата мінажатым.
Көзіңнен айналайын, жылай көрме,
Мен кетсем, қалды өзінде махаббатым.

Қарағым, жерім қиын, келе алмайсың,
Бір келіп тілегімді бере алмайсың.
Бұрынғы көп сөзінің бірі деме,
Мұнан соң дүниеде көре алмайсың.

Демеуші ем, қалқам, сені күйгізейін,
Деуші едім күнде саған сүйгізейін.
Денеңе денем тисе жана бердім,
Өлген соң құшақтатып тигізейін.

Ғашыққа сендей шыдап жүре алмадым,
Қойныңа, арманым сол, кіре алмадым.
Қайтейін атым әйел, денем нәзік,
Еркектей қайрат қылып тұра алмадым.

Сен жеңдің, мен жеңілдім, бұрын өттім,
Жолыңа шыбын жанды құрбан еттім.
Қолына сағынғанда қарасын деп,
Белгіге жүзігімді беріп кеттім.

Артыңнан түнеугіде біреу кетті,
Шаһардан шыға бере саған жетті.
Сол барған, енді ойласам, Зәйіт екен,
Шошыма мен Зәйітпін десе нетті.

Сол жерде-ақ аманатың бермес пе едім,
Құшақтап жатып сені өлмес пе едім.
Не өліп, не қосылып сол арада
Тағдырда не жазылса көрмес пе едім?!

Өкініп өткен іске алмас пайда,
Зәйіттей іздесең де жолдас қайда?
Жүзімді тірі күнде бір көріп қал,
Бір айла табар Зәйіт осындайда.

Баптанар жай ойланып заман емес,
Кешіксең, мен боламын аман емес.
Зәйіттің сенен гөрі есі дұрыс,
Зейнепке қосылам деп алаң емес.

Зәйітке сәлемімді айт, айла тапсын,
Бір амал жолығуға қылып бақсын.
Шошимын жүрегімнің соғысынан,
Көре алмай, аялдасаң, қалар-ақсың.

Аман бол, жолықпасаң, мұнан былай
Бейісте қосылуға жазсын құдай!
Ішімді іштен туа елжіретіп,
Еріткен жүрегімді, ғашығым-ай!

Мен үшін Мәжнүн болды-ау Қайыс атың,
Өзгеден бөлек еді махаббатың.
Көзі - нұр, көңілі майда, қарашығым!
Ішінді күйдірмесін жазған хатым.

Мен үшін кезіп кеттің айдалаға,
Білмедім кеткенінді қай далаға.
Қарағым, ақыретте табысайық,
Бұл өмір енді қайтып айнала ма?

Қарағым, аманатың кетті менде,
Сақтап кел қарызымды бұзбай сен де.
Еншалла, кейінгіге жыр болармыз,
Есіркер, дұға қылар туған пенде.

Қарағым, басқа жарға көзің салма,
Жалғанда опа бар деп қапы қалма.
Біреуге аманатым беріп кетіп,
Бейісте қосыла алмай сонда ұялма.

Жалғанда білгеннен соң тұрмасымды
Жолыңа қылдым құрбан бір басымды.
Әншейін үлгі болсын деп айтамын,
Білемін жанға мойын бұрмасыңды.

Мен үшін тентіредің, Меке бардың,
Құдайдан ауыр науқас сұрап алдың.
Әншейін шала ғашық жаманша өлмей,
Белгі боп кейінгіге мирас қалдың.

Кім қылар біздің қылған ісімізді,
Жаратқан өзгеден жат ішімізді.
Ғашықтың әулиесі деп-ақ айтар,
Артқылар көрмесе де түсімізді.

Келіп жүр өлсем-дағы күмбезіме,
Көрінер мен кеткен соң кім көзіңе?
Өлген жоқ, мен өлсем де, махаббатым,
Кетіп тұр амандасып күнде өзіме.

Кеш, қалқам! Әйел едім, нашар едім,
Мауқыңды тірі болсам басар едім.
Зарланып қабіріме келіп тұрсаң,
Қойнымды әлім келсе ашар едім.

Құдая, қосылмадым бұ жалғанда,
Болады мен сықылды кім арманда.
Қақ жарып қабірімді жібергейсің
Басыма келіп Мәжнүн зарлағанда.

Қарағым! Мен өлді деп қайғы жеме,
Білемісің жан өлмейді, өлер дене.
Келгенде амандаса бейітіме,
Сөзіңді айт тірідегі, өлді деме.

Құр денем білмесе де жаным білсін,
Жанына өлгендердің мәлім қылсын.
Сен де өліп, жаным жанға қосылғанша,
Сағынбай дауысыңды сезіп жүрсін.

Қарағым, жаза берсем, жандырармын,
Дертінді ауырлатып қалдырармын.
Жылама, құдай қосса, қияметте
Құшақтап құмарыңды қандырармын».

Мәжнүнге қиын тиді хатты оқыған,
Отырды шыға жаздап құр шыбын жан.
Көзінен жас орнына қан сорғалап,
Қағаздың беті болды қып-қызыл қан.

Қараңыз ғашығына ауған ниетін,
Махаббат билеген жан қандай шетін.
Егіліп етпетінен жата қалды,
Бетіне басып алып хаттың бетін.

Кеттің деп неге тастап мені қиып,
Алады анда-санда хаттан сүйіп.
Мәжнүнді Зәйіт келіп құшақтайды,
Көзінің о да ала алмай жасын тыйып.

Ол-дағы ақылынан кетті адасып
Жүрегін есіл-дерті қайта басып.
Болса да жаны темір шыдата ма,
Қоштасып жазылған хат амандасып.

Көтерді есін жиып Зәйіт басын,
Жек көрді хат сөзінің мағынасын.
Мәжнүнді уатуға сөз айтады:
Ғашығың тірі, неге зарланасың?

Хатында бір жолық деп айтқан жоқ па,
Бастама жаман ырым, әзір тоқта.
Онан да жолығуға қам қылайық,
Ұмтылма күні бұрын құрулы оққа.

Бос оймен не қыласың босқа еңіреп,
Кеттің деп неге тастап зарладың кеп.
Өлмеген оны өлді деп өзің өлсең,
О да айтса не дер едің тастадың деп.

Хатынан тірі екені байқалады,
Оның да көңілі өзіндей шайқалады.
Сендерде ғашық оты азғана ма,
Қалайша өлмеймін деп айта алады?

Нана тұр Құдай үшін бұл сөзіме,
Белгілі менің жайым болды өзіңе.
Кеудемде жаным болса бір қосайын,
Жарыңды көрсетемін бір көзіңе.

Әуелі мен келейін онда барып,
Онан соң барамыз ғой қайта салып.
Жолықпақ уағдамен жер дайындап,
Құмарды бір басалық оңаша алып.

Соны айтып Зәйіт кетті шаһар жаққа,
Ләйліге тірі болса жолықпаққа.
Үміттің қауіп пенен арасында
Теңселіп Мәжнүн отыр сандалақта:

Тірі ме, өлі ме екен, көремін бе,
Жолығып аманатын беремін бе?
Келгенше қайта хабар шыдай алмай,
Ләйліні бір көре алмай өлемін бе?

Ойлашы осы кезде Мәжнүн қандай?
Жанып тұр тұла бойын өрт алғандай.
Қолымен басын сүйеп сұп-сұр болып,
Өзінің барлығын да байқай алмай.

Жоғалар дем алысы мүлде сарқып,
Маңдайын «уһ» дегенде жалын шарпып.
Өзегі үзілгенше өксігенде,
Лебізін ала алмайды қайта тартып.

Мөлдіреп екі көзі көкке қарап,
Білмеймін қай тілекті қылды талап.
«Ләйлі» деп әлі келсе бір айтады,
Бетінде қанды жасы тұр сорғалап.

Кей-кейде тірілгендей, өліп кетіп,
Көтерер қайта басын қалт-құлт етіп.
Суретін келістіріп айта алмадым,
Қолымды жылы жүрек дірілдетіп.

Көңіліңе түсірдім бе шын келбетін,
Мұндайды келістірмек тіпті шетін.
Оқыса бір художник бұл сөзімді,
Бұлжытпай салар еді-ау дәл суретін.

Жігіттер, кімді аяйсың мұны аямай,
Шыдайды ол ғаріпті кім аямай?
Жүрегім, махаббатым тоқтатпайды,
Жазайын десем-дағы тым аямай.

Біржола өлсе, әйтеуір, жұмыс бітті,
Бұл Мәжнүн екі өлімнің бірін күтті.
Зәйіт кеп бір хабарын бергенінше,
Болар ма мұнан қиын уақыт тіпті?

Болсаң да шыдар ма едің қандай батыр,
Осындай күйде болды Мәжнүн пақыр.
Өлі емес, тірі емес боп отырғанда
Бір адам шаһар жақтан келе жатыр.

Бір тұрып, бір отырды келгенінше,
Хабарын не де болса бергенінше.
Қайғыдан өмірінде бір босамай,
Қайран жас қаңғып өтті-ау өлгенінше!

Зәйіт те жай басады, ентелемей,
Не тірі, не болмаса өлді демей.
Мәжнүнге түсі суық көрінеді,
Намысын алып келген періштедей.

«Ей, Зәйіт, қандай хабар алып келдің,
Сұрланып, қаның қашып нағып келдің.
Шынын айт, азар болса өлген шығар,
Тірі деп болмай іздеп барып келдің.

Жолдасым, көргенінді бұрып айтпа,
Мені аяп ет-жүрегін жылып айтпа.
Жүзінде ғашығымның өлімі тұр,
Құрбымсың, маған айла қылып айтпа!»

«Ғашығың, – деді, – аман, маған нансаң,
Жалған деп амалым не нанбай қалсаң?
Күні ертең жолығуға сөз байладым,
Бақшада жолығасың, кешке барсаң.

Біз барып отырмақпыз көп зиратқа,
Бақша бар оған жақын шаһар жақта.
Ымыртта Ләйлі келмек бақшасына,
Сол жерде уағда қылды жолықпаққа».

Нандырды не қылса да жылы сөзбен,
Ғашығы тірілгендей күдер үзген.
Отырды таң атқанша азар шыдап,
Қан ағып жас орнына екі көзден.

Бейнетті рахат десіп ғашық жарға,
Тегінде, шыны да сол байқағанға.
Зейнеппен жүргендегі жайын айтып,
Ермек қып Зәйіт отыр ұзақ таңға.

Бұл Мәжнүн тұра тұрсын танды күтіп,
Кетпелік Ләйліні де тіпті ұмытып.
Бағана төсек тартып жатты деп ек,
Салмақты болып дерті қайғы жұтып.

Ол Ләйлі күннен күнге нашарланды,
Ұйқы жоқ, тыныштық жоқ, астан қалды.
Бір сұмдық денесінен сезді-дағы,
Шақырып ата-анасын қасына алды:

«Ата-анам, бір сөзім бар сіздерге айтар,
Өмірін ажалдының кім ұзартар?
Кетейін амандасып сырымды ашып,
Жалғаннан уақыт жетті енді қайтар.

Жыбырлап сорлы жүрек қайта соқты,
Болмаңыз іздеп әуре кеткен жоқты.
Мәжнүнге туа сала ғашық едім,
Мінекей болдым соған айтқан тоқты.

Жасымда-ақ шыдамаппын оны көрмей,
Қойдыңдар көре тұра мені бермей.
Бұл сізді табалаған сөзім емес,
Тағдыр сол, қалған шығар жөні келмей.

Енді мен сыр айтуға ұялмаймын,
Айтпауға жүрегімді тыя алмаймын.
Тіріден өлі кісі ұяла ма?
Әйтеуір дүниеде тұра алмаймын.

Жастықпен болғаным жоқ жүре ғашық,
Кетпедім тым болмаса мауқым басып.
Шыдамай бір құшақтап сүйемін деп,
Өртенді өне бойым дертім асып.

Күйеуге бермей және қоймадыңдар,
Той қылып, жұртты жиып ойнадыңдар.
Сен бердің, тәңірім бермей сақтап қалды,
Алды деп Ебнсалам ойладыңдар.

Хаты бар малын сізге берген қаттап,
Сырының сонда жазған бәрін даттап.
Өзімді жүзім түгіл бір көре алмай,
Сонан да қалып еді құдай сақтап.

Мәжнүннің жанында бар жазған хаты,
Шықты құр алды деген жаман аты.
Сарғайып құсаменен өліп кетті,
Оның да менде болып махаббаты.

Мәжнүнге жас күнімнен бас ұрушы ем,
Ұйқымды бір сол үшін қашырушы ем.
Өлгенін Ебнсалам сылтау етіп,
Дертімді онан бұрын жасырушы ем.

Ата-анам, мен өлемін, сен қаласың,
Айрылып жалғыз қыздан сандаласың.
Өлімге таянғанда талып кетсем,
Бетімнен сүйемін деп қамданасың.

Бетімнен, етімнен де сүймеңіздер,
Біреудің ғашығына тимеңіздер.
Денемнің өлсем-дағы оты сөнбес,
Жалынды сүйемін деп күймеңіздер.

Десеңіз жанға өлшеген жалғыз балам,
Кешіндер қарызыңды, атам-анам!
Тілегім, өлерімде сүйме мені,
Мәжнүннен басқа жанға тәнім арам.

Қиянат қылмаңыздар Мәжнүн жасқа,
Мен үшін қаңғырды ғой тау мен тасқа.
Баршасын дүниенің қылды талақ,
Жалғанның несін алды менен басқа!

Өлген соң қабіріме Мәжнүн келер,
Маңымнан аулақ кетсін онда өзгелер.
Жетпей ме тірілікте бермегенің,
Денемді тым болмаса оңаша бер.

Басымда зарланғанда Мәжнүн келіп,
Шыға тұр қабірімді оған беріп.
Күйеуің қызыңменен қосылғанда,
Тұрғаның ұят болар көзің көріп.

Ол кірер қабірімді ашып қойыныма,
Айқасып салар қолын мойыныма.
Болса да ол киімшең, мен жалаңаш,
Ұнай ма қарағаның ойыныма.

Лақатты кеңдеу қазғыз сол сыярлық,
Қылмасын екеумізге қабір тарлық.
Мәжнүнмен бір бейітте қосылуға
Құдайдан, еншалла, болар жарлық.

Бұлжымай осы сөзім келер анық,
Болса да сізге күмән, маған қанық.
Қабірге кіріп өлсе, қозғаманыз,
Сыртынан жаназа оқып қайтсын халық.

Мәжнүнге хат жазғамын мұнан бұрын,
Қоштасқан сол хатта бар барша сырым.
Көрсеніз, үш қайтара сәлемімді айт,
Аласарт жастығымды енді ақырын».

Әкесі уағда берді: «Ұнадым, – деп, –
Қарағым, айтқаныңды қыламын» деп.
«Қош, – деді, иман айтып көзін жұмды, –
Сөйлеуге бағанадан шыдадым», – деп.

Болғанын бір сұмдықтың көзі көрді,
Ойбайлап ата-анасы жылай берді.
«Мәжнүн!» деп жан шығарды үш айтты да,
Жалғаннан Ләйлі сүйтіп жөнелді енді.

Немене айтып-айтпай, дүние шолақ,
Адамның осы жүрген бәрі қонақ.
Еріткен тас жүректі қайран Ләйлі,
Алды-арты өмірінің болды сол-ақ.

Есіркеп елі-жұрты көп жылады,
Ләйлі үшін қатты уайым жеп жылады.
Мәжнүнге сұрағанда бермей қалған
Обалы әкесіне деп жылады.

Арулап ертең түсте жаназалап,
Қабірге алып жүрді солай қарап.
Ішіне бір күмбездің қойды-дағы,
Сандықтап мәрмәр таспен қойды қалап.

Сіздерден білген сөзді аянбалық,
Бұл бітті, Мәжнүнге аяңдалық.
Бақшада жолығам деп күтіп еді,
Біз енді соның жайын баяндалық.

Отырды танды күтіп талай заман,
Күн шытып, жақындады түске таман.
Айналып әңгімеге отырғанда,
Бұзылды Мәжнүн өңі тіпті жаман.

Қадалды сұп-сұр болып көкке қарап,
Зәйіт жүр не болды деп жанасалап.
«Ләйлінің жаны келіп шақырып тұр,
Қасында бірталай жан жүр анталап.

Зәйіт-ау, Ләйлі саған кез келді ме,
Шынымен мені тастап жөнелді ме?
Ләйлінің өткеніне көзім жетті,
Дұрыс айт, кеше өлді ме, жаңа өлді ме?»

«Қарағым, – деді Зәйіт, – кеше кеткен,
Кезімде өткен екен жаңа жеткен.
Болған соң әбден қойып айтайын деп,
Мен сізден жасырып ем со себептен.

Кеше айтсам кешікпейсің, тез барасың,
Ләйліні өліп жатқан бас саласың.
Құшақтап өліп кетер деп ойладым,
Өлімге онсыз-дағы қасқарасың».

«Зәйт-ау! Енді отырмыз кімге айналып,
Мен тірі жүре алам ба онан қалып?
Жүр-жүрлеп жаны келіп шақырып тұр,
Қабірін тура көрсет тез апарып».

Тоқтамай соны айтты да кетіп қалды,
Ләйлінің бейітіне жетіп барды.
Түлкі алған қыран бүркіт сықылдана,
Құшақтап қу моланы жатып алды:

«Қарағым! Неге кеттің ала кетпей,
Қор болып мұратыма қалдым жетпей.
Сен үшін тыным алмай үш жыл жандым,
Артыңа тастап кеттің рахым етпей!

Қарағым! Мен өлген соң, неге өлмедің,
Білесің, бір сен үшін не көрмедім.
Жаныңнан жанымды артық көргенім жоқ,
Тартайын бейнетіңді деп өлмедім.

Сөзіңе не де болса көнбес пе едім,
Жанымды сұрасаң да бермес пе едім?
Көзімше ең болмаса өлсең етті,
Құшақтап жатып сені өлмес пе едім!

Ғашығым, неге кеттің мені тастап,
Шақырып алып келді жаның бастап.
Қабірдің астында сен, үстінде мен,
Қосылмай өлейін мен мола жастап!

Қалқам-ай! Қайта тұрып, жүремісің,
Қабірге мені де ала кіремісің?
«Өлген соң тигізейін денемді», – деп,
Хатыңда жазғаныңды білемісің?

Өлсең де келгенім жоқ қашайын деп,
Мауқымды келіп тұрмын басайын деп.
Хатыңда алдамасаң, тағы айтқансың,
«Сен келсең, қойынымды ашайын», – деп.

Сен кеттің, тірі қалдым, ұлғайды арман,
Айрылып сорлы болдым ғашық жардан.
Айтқаның қате болып көріп пе еді
Өлген соң бола ма енді сөзің жалған.

Тіліңнен сорғыз дедің, бермедім бе,
Жеріңе уағдаласқан келмедім бе.
Қарызым мойынында кеткен жоқ па,
Жүзінді шыныменен көрмедім бе?

Деме сен «өліп қалдым, сен менен қаш»,
Айтқаның рас болса, қабірінді аш!
Жаталық бір орында құшақтасып,
Болсақ та мен киімшең, сен жалаңаш».

Жіберді сол қабірді тәңірім жарып,
Ләйліні құшақтады Мәжнүн барып.
Қайтадан қалыбына түсті сандық,
Қосылды осылайша екі ғаріп.

Қабірдің Зәйіт-тағы басында еді,
Кете алмай жолдасының қасында еді.
Жалғаннан сөйтіп өтті Ләйлі, Мәжнүн,
Сол жылы дәл он алты жасында еді.

Сыртынан жаназа оқып халқы кетті,
Бұл өлім талай жанды еңіретті.
Аямай ажал шіркін кімді алмайды,
Ол түгіл пайғамбарға қаза жетті.

Зәйіт пен Ләйлі, Мәжнүн ата-анасы,
Зарлаумен сонда тұрып өтті жасы.
Мәжнүнді асыраған сорлы кемпір,
Оның да сол арада бітті жасы.

Жігіттер, ендігі сөз – менің мұңым,
Мәжнүннен аз-ақ кейін көрген күнім.
Мен ондай қызға ғашық болмасам да,
Ғаріппін дерті қалың, шын осыным.

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,
Берейін атып атап, ұқсаңыздар:
Махаббат, ғаделет пен таза жүрек,
Бостандық, терең ғылым, міне, осылар.

Жарамас сөз ұғуға сыртқы құлақ,
Іштегі құлағыңмен тыңда, шырақ!
Бұлар жоқ дүниеде деп ойлама,
Қазақта ол бесеуі болмас, бірақ.

Ол қайдан табылсын деп ойыңа алма,
Елде жоқ нәрсе ғой деп айта салма.
Ақылға мүмкін істің бәрі «мәужіт»,
Өлгенше ізденіп бақ, қапы қалма.

Махаббат бұрын өлді, мен тірімін,
Көп иттің жұлып жүрген жемтігімін.
Баста бақ, қолда дәулет болса-дағы,
Осы елдің өз ойымша кемтігімін.

Ақ жүрек, ғаделетке қолым жетпей,
Қу жаным қуарып жүр өліп кетпей.
Ішінде көп арамның жүргенімше,
Құдайым тез алса екен тентіретпей!

Дегенім «қол жетпейді» ақым емес,
Жорысаң сөзімді олай, мақұл емес.
Таппадым таза жүрек, арманым сол,
Адалға елі-жұртым жақын емес.

Қазақта қайдан болсын терең ғылым,
Түбі арам айла қуған өңкей жылым.
Іздеген бес ісімнің бірін таппай,
Не болды қайғы болмай көрген күнім?

Өзім де тап баспаймын ғаделетке,
Ұрғызбай кетейін деп көп жендетке.
Сонымен өз бойымды арамдадым,
Айтарлық емің бар ма мұндай дертке?

Құбылдым, құйқылжыдым, шатып бақтым,
Бір мезгіл білмегенсіп жатып бақтым.
Шыдатпай шымбайыма батырған соң,
Ол атса, мен де оларды атып бақтым.

Жынданды бәрі бірдей барған сайын,
Тереңге кете берді салған сайын.
Көңілім дүниеден суи берді,
Халқымнан күдер үзіп қалған сайын.

Алған жоқ ешкім жеңіп өзімді әлі,
Кеткен соң не қылайын елдің сәні.
Махаббат, жылы жүрек, ақ пейіл жоқ,
Құрысын мені бүйтіп «хан» қойғаны.

Мәжнүннен менің дертім болды қалай?
Басымда бар емес пе қайғым талай?
Мал емес, мансап емес іздегенім,
Жазылмас жара берген құдайым-ай!

Бостандық - бойымдағы бір арман да,
Өзімді-өзім билеп жүре алғанда.
Еріксіз не сүйдіріп, не күйдірмей,
Қоя ма қазақ тыныш бұ жалғанда?

Не қулық, не сұмдықпен жұмысым жоқ,
Алдаған айла қылып бір ісім жоқ.
Арсызбен араны ашық арпалысып,
Жалғанда тақатым жоқ, тынысым жоқ.

Басында Мәжнүн болды барға ғашық,
Жолында бір Ләйлінің жанталасып.
Мен сорлы жоққа ғашық болып өттім,
Менікі кеткен жоқ па онан да асып?

Қазақта ғаделетті ғалым бар ма?
Бұл күнде момын жемтік залымдарға.
Мұным не, жоққа ғашық болған емей,
Мәжнүнше зарламасқа халім бар ма?

Болса да сыртым бүтін, ішім түтін,
Үзеді тірі жаннан кім үмітін.
Өлі деп есеп қылсаң болар мені,
Деуші едім туысқанға ерте күтін.

Мұнымды ескермеді бірде-бірі,
Қояды естиді де құры бұны.
Талайдан сөзім анау, өзім мынау,
Жүрер деп ойлайды екен қанша тірі.

Ақ жүрек таба алмадым елді шарлап,
Халқым деп жабырқадым күнде зарлап.
Ләйлінің қабіріне барғандаймын,
Табамын мен де қабір бір күн қармап.

Дертiмдi асырмаңыз, бөгeңiздeр,
Мақтайды өзiн-өзi деменiздeр!
Оны айтсаң, сүйегiмдi кемiргенiң,
Жемтiктi иттен қалған жеменiздeр.

Оның же, кiмiң жесең жемтiгiмдi,
Тоймасаң толтыра бер кемтiгiңдi.
Адамға адам етi халал емес,
Өзiң бiл ойламасаң ең түбiңдi.

Қуансаң етiм саған бұйырғанға,
Қасқырша табандап тарт сыдырғанда.
Менi жеп бұ тiрлiкте тоймасаң да,
Тоярсың көзiңе құм құйылғанда.

Тағы жұт қарыныңды томпайтпасам,
Болмассың бiр жолата шоңқайтпасам.
Қыл көпiр, тас таразы құрылғанда,
Аузым жоқ әзiр менiң, сонда айтпасам!

ӨЛЕҢДЕРІ

(Аударған: Әбіраш Жәмішев)

Ғашықтардың жан -жүрегi жақсылықтан жаралған,
Ақиқатты аңсағандар махаббаттан нәр алған.

Бұл махаббат - шалқу, шаттық, қуаныштың шыңы ғой,
Шарап буы, сыбызғы әнi қан боп бойға таралған.

Туралықтың төр жайлауы қатар жатыр онымен,
Қайыршы мен сұлтан-дағы мұнда бірдей баланған.

Шын сүйгенді құштарынан айыра алар қай пенде?
Өтер олар алдарына құрған небір араннан.

Ей, мұфтала, әуре болма ғашықтарды ғайбаттап,
Тағдырдағы жазмыш сөзін өшіре алмас қарау жан.

Махаббаттың қаламынан қасиетті сыр төгілген,
Ол мұтиғы ақиқатқа, аулақ пітнә, арамнан.

Ей, Физули, махаббаттың машахатын көп тарттың,
Содан-дағы жүрегің пәк, аяларың ақ арман!

* * *

Уа, досым-ау, мына дүние тіксе маған қаһарын,
Қапаланбан, саған жанды құрмалдыққа атадым.

Бір өзіңе бас байладым, жөн сұрамай ешкімнен,
Мен өзіме-өзім айттым жазаның ең қаталын.

Сезім сөнген, тәнім мүрде, ақыл-естен ада боп,
Мен де жүрген тірі өлікпін, адам деуге құр атағым.

Өзіңменен жолығудың ләззатына қана алмай,
Қамауында қалдым зұлмат қайғы-қасірет, қапаның.

Уа, бағбаным! Гүл дегеннің не екенін мен ұмыттым,
Тағдыр қысы тоңдырды ғой, көрмей өмір баһарын.

Алдаркатқан сайқал дүние сайқы-мазақ етіп жүр,
Құмарлықтың құмырасынан азап уытын татамын.

Ей, Физули! Махаббаттың ақ жолынан тайғам жоқ,
Құштарлықтың құлпытасын сәжде қылып жатамын.

* * *

Махаббаттың машақатын тағдыр маған сыйлаған,
Мәжнүн-дағы дәл мендей боп тартпаған-ау шырғалаң.

Масандықтан басым зеңіп, намазды да ұмыттым,
Алла, әйтеуір, бал шараптың рахатынан тыймаған.

Бағбан, сенің сәруіңе зәрулігім жоқ әсте,
Оныға мен сүйгенімнің сұлу бойын қимағам.

Көз жасымды көл ғып төгіп, күлкі болдым жұрттарға,
Жын-перінің салқыны ұрған сияқтымын жынды адам.

Мейлі, мейлі! Мен мәңгілік махаббатқа тұтқынмын,
Болса-дағы көңілге зар, жүрекке мұң сыймаған.

Тәңірім мені тәлкек етіп, тар қыспаққа салса да,
Ей, Физули, бүгін саған тізе бүгіп тұр ғалам!

* * *

Беу, салдақы-ай, қасиетің-ау, қатігездік, қаталдық,
Дәрменім де жоқ қой сені дәл осылай атарлық.

Сиқырлана қарайсың да, жымиясың сәл ғана,
Бірақ жақын жуытпайсың, жүрек кілтін мәкам қып.

Аһ, дүние-ай! Болса егер бір кеудемде жүз жаным,
Бәрін саған берер ем де, сақтамас ем татау, дық.

Қайдан білсін сенсіз менің өмірім қараң екенін,
Саған деген көңілімді кінәраттап жатар жұрт.

Қой, жүрегім, жоқты аңсап күйіп жана бермеші,
Әлі-дағы аз болмас-ау ащы уым татарлық.

О, гүлім-ай, көзім жасы запырандай сарғайтты-ау,
Маған сірә, күн бар ма екен қуанышқа батарлық?!

Ей, Физули, патша рахымы қайыршыға түсер ме,
Ашылмайтын алақаның десең-дағы: «Жат, аңдып!»

* * *

Ақ дидарың бар ғаламды нұрландырған күн еді,
Бүкіл дүние сен жамылған атыласты киеді.

Мөлдір сәуле, жарқыраған күн шұғыласы өзіңсің,
Күн менен ай сенен ғана жарық алып жүреді.

Қою түндей қара шашың жер жаһанды ораса,
Жарқын жүзің су бетінде қызыл нұр боп жүзеді.

Мынау ғажап кең табиғат жамалыңа табынып,
Сенің сұлу дәрғаһиңа сиынып бас иеді.

Лағыл-маржан кәрден кесе ұстамайсың қолыңа?
Өзіңбісің өкінішке толы өмірдің сүйеуі?

Алла өзі кәламымен жазды атыңды кеудеме,
Сен деп қана соғады енді ғашықтардың жүрегі.

Ей, Физули, бәрі жалған махаббаттан өзгенің!
Рас па бұл, теріс пе әлде, Тәңірім ғана біледі.

* * *

Мен өлімін, бірақ сенің пәк дидарың тірілтер,
Көз салмасаң мерт боламын, тәркі дүние күйінтер.
Зұлмат түнін сия қылып, әбғаусармен жазса да,
Қызыр- Илияс сөз таба алмай, көркінді құр бүлінтер.

Мен кедеймін, сен байсың ғой, ажарыңнан зекет бер,
Шариғаттың шарты осылай, бәрімізді жүгінтер.
Сұлулықтың тәңірісі өзің, басқаға кім сиынар?
Сенің ғана нұр жамалың біз сорлыны жүгіртер.

Хақ тағала жаратқан ғой өзгеше бір адам ғып,
Бүкіл Фитрат қол қусырып, өзіңе бас иілтер.
Табиғаттың таңғажайып тамашасын іздесек, –
Бәрі соның өз бойында, қараса көз сүрінтер.

Ей, Физули, сүйдім де оны тірлік қамын ұмыттым, –
Махаббаттың машақаты рахатымен сүйінтер!

* * *

Ей, самал жел, оңашада сүйгеніме айт шыныңды,
Білмейді ол менің мынау қасірет жұтқан сырымды.

Қарс айрылған көкірегімнің білдір ауыр қайғысын,
Ашулана берсін мейлі, сезсе болды мұнымды.

Жалғызсырап көңілім тұл, Мәжнүнді де іздеймін,
Ол дүниеден оралар ма естіп менің мұңымды.

Сырнай шіркін, сарнаса да жеткізе алмас жан күйін,
Махаббаттың ұшқын шоғы көмейіме тығылды.

Қызғаншақтың қызыл оты, көбелекше күйдірме,
Жұрт жүрегін жандыратын әдетің ғой бұрыңғы.

Күйкі тірлік күйбеңінен азат етті махаббат,
Оның жайған торы маған еркіндік боп құрылды.

Ей, Физули, күнді ұмытпай қарар болсаң оған сен...
Келер түн де, ойлан соны, қой, тайсақтап бұғуды.

* * *

Шарапшы дос, бұл өмірге қасірет толы-ау көңілге,
Шарап қана айықтырар, сол ғой дару тегінде.

Бұл тірліктің игілігі – жоқтық пенен тарлықта,
Патшалықтың керегі жоқ, ол қылкөпір шегінде.

Тәж бен тақтан талай бастар домаланып үзілген,
Таң – бұғау да, тәж дегенің – ашулы есік өлімге.

Сұлулардың шашын сипа, қара меңін сүйе бер,
Шын мен Үнді еркінде боп тұрар сонда сенің де.

Тәрік етіп қу дүниені, махаббаттан жай ізде,
Асылы оның жайлауы кең, өмір сүру жеңіл де.

Кедейліктің жолы – қайғы, байлық – базар, той-думан,
Сенбе мұндай сұм дүниеге, берсе алма тегінге.

Ей, Физули, қасіреттің патшасымын мен бүгін,
Қайғым – алтын, ал ақ күміс көз жасының көлінде.

* * *

Таң алдында шарап түбін жұтсам-дағы жетеді...
Лебізіңе-ақ кәйіп қылып ұтсақ дағы жетеді!

Тәңірім, маған қаһарыңды сонша тіге бермесей!
Дейсің бе әлде «Жеті оққа өзін тұтсам-дағы жетеді!»

Қасірет-қайғы не екенін келгендерге білгісі,
Қақтап өсек жалынына тықсаң-дағы жетеді.

Олар мені аямастан жаралайды-ау жанымды,
Махаббат үшін мазаққа жықсаң-дағы жетеді!

Гүл ерніңді сағынғаннан тілкемделген жүрегім,
Оны айтпай-ақ көз жасын бір сықсам-дағы жетеді!

Той-думанда қайғым - сырлас, жүрек қаны - шарабым,
Ән орнына күрсінумен шықсам-дағы жетеді.

Күйкі күндес жәбірлесе, мен адалмын ғашыққа,
Жамандықтың ақ жүрекке дық салғаны жетеді.

Ей, Физули, керек емес тахты Жам мен Жәмшидтің
Хан сарайым – шарапхана, жұтсам бәрі жетеді.

* * *

Беу, жүрегім, досың үшін өз жайыңды ұмыттың,
Дән ризамын, махаббаттың ләззатына ұйыттың!

Сүйісудің соры қалың жинай берме асылы,
Бұл қазына керек маған, одан қымбат сыр ұқтым.

Тәуіптен мен сұрап едім саулығымның ахуалын,
Махаббаттың ем қонбайтын дертін бойға жиыппын.

Махшар күні сүйіктімнің етегіне оралып,
Деймін оған: «Мені өзің өкінішпен құрыттың».

Айырылысудың өртейді оты, күлге айналып жүректер,
Есім-дертім сен ғанасың, бір сен үшін туыппын...

Қайғы-мұңның ақ маржанын алдыңа әкеп төгемін,
Ақ жүзіңді ардақтайын, қарамашы суық тым!

Ей, Физули, байқап жүрмін бас қойыпсың намазға,
Махаббаттан безіп пе едің? Қалай-қалай құбылттың?!

* * *

Жұртты қатты ренжітті ғой менің ауыр мұң-налам,
Бұған өзім өкінішпен қапа болып қиналам.

Бар бәданым махаббаттың үзеріне шалдыққан,
Емдемекші-ау одан мені кілең бейқам мүддағам.

Көзім жасы жүрегімнің қаны болып төгілген,
Лағыл ерін еркімді алып, ақылды арбап қинаған.

Күңірегенде күрсінісім көк көбесін сөккен жоқ,
Тағдыр жатыр таспен ұрып, таңсық та емес бұл маған.

Қан жұтсам да сыр білдірмей жүрген кезім жақсы еді,
Енді міне зар жылаймын, дейді жұрт та: жынды адам.

Кінәламан кірпіктерің кәр қылмаса тәніме,
Бәданымды көз жасымның қаныменен шыңдағам.

Мен, Физули, бұл өмірді тәркі етіп безбекпін,-
Бір өзіңнің лебіңнен басқа түк те тыңдаман.

* * *

Мені көріп «сұлулардан айныпты» жұрт, деседі.
Махаббаттан безу ұят, шариғат рас, кешеді.

Сен келгенде көз жанарым кілемге ұқсап жайылар,
Арманы не болса оның сүйген жардың төсегі?!

Гүл ернінде күлкі ойнайтын күннен күдер үздім мен,
Сәл жымисаң көңілім менің гүлдей жайнап өседі.

Кірпігіңнің кетті ұшында қан-қан болған ет жүрек,
Мұндай асыл махаббатқа қол жетпейді-ау есебі.

Түні бойы майшам сөнбей, көл болады көз жасым,
Уа, сүйген жар, қайтпасын да мен сорлының меселі!

Қанға толып қайран жүрек, суалғанда жанарым,
Есіне алды-ау асыл айым өмірімізді кешегі.

Ей, Физули, шарап толы құмыраға ұқсап нық отыр,
Тәңірінің тілін тапсаң, шаттық шалқып еседі.

* * *

Құл ұлына тақ бердім мен жүрегімнің төрінен,
Көңілім – Мысыр, ал ол – Жүсіп келген Ханан жерінен.

Есіл-дертім бір сұлу боп күрсінуге күн өтті,
Оны өзім Сүлейменнің тахтымен тең сезінем!

«Махаббатты қойшы!» дейсің, қолымнан бұл келмейді,
Айнығанша сірә одан, тірлігімнен безінем.

Қасірет шектім, қапалықтың түнегіне қамалдым,
Жанымды да қидым оған, қалайша енді шегінем?!

Махаббат қой азат еткен мені күйбең тірліктен,
Қуат құйып құтқарды ол қас дұшпанның шебінен.

Беу, жүрегім, асылымды сенде сақтап жүр ем ғой,
Қайда олар? Неге өртедің? Ойлап соны егілем!

Ей, Физули, көз жасымның нәрі өсірген балауса
Ғашығымның кірпігі ғой, айтпай бүгін келіп ем.

* * *

Көз жасымның әр тамшысы жан азабы аңдаған,
Мен - қасіреттің падишасы, сан елдерді жаулағам.

Көзсіз сорлы көбелектей махаббаттың оты өртеп,
Хас әулие болып алдым Хақтың жолын таңдаған.

Тәнімді өзің алаулаттың, енді таптай көрмеші,
Жүрек көмір, жанып барам, сақтансаңшы пәруанам.

Махаббаттың жолын кезген мен бір дәруіш диуана,
Жоқ, ол емес, періштемін, сансыз жұлдыз айналам.

Тұл бойымда көз жасынан маржан алқа тізілген,
Амал нешік, шашылып ол, тағдыр түтіп, жалмаған.

Таңданарлық не бар тағы, түтінге ұқсап шалқысам,
Махаббаттың майданында мәңгі от боп лаулағам.

Ей, Физули, сен өзінді сөзден неге қорғайсың?
Мен - құраған бау ағашы, тағдыр бақытын байлаған.

* * *

Мөлдір шарап жұғынына жүрмін бойды алдырып,
Құрмет тұтар кім бар мені? Қалған жанмын қаңғырып.

Келер күннен рахат, бақыт көре алмаспын, күтсем де,
Мен бір тұрған құр сүлдемін, жүрек әбден шайлығып.

Ойлаппын ба, күлімдеген көз жанары өртер деп,
Күйбең тірлік қамын жемен, еркіндікте жанды үміт.

Бұл дүниеде кімдер өзін ұлымын дер ерліктің?
Босағанды жуды жасым, біттім күннен айрылып.

Айтшы сопы, мешіттегі уағызыңнан не пайда?
Жайнамазға жүкқан кірмін, көп қой күнәм, Тәңірі ұрып.

Баяны жоқ мына жалған құтын алған бақыттың,
Баяғыдай шарап қана жүр ғой рахаттандырып.

Ей, Физули, дүниеден без, аңсар болсаң шаттықты,
Басқа бақыт атаулыдан қойған жерді жарлы ғып.

* * *

Беу, дүние-ай, сарайында сайран салған күн қайда?!
Көрген жоқ ед онда мені қасірет-қапа қинай да.

Жетегімде жүруші еді төбеттерің қарғылы,
Адам ата сияқты едім тұрған пейіш-гүл жайда.

Дәрғаһінда дәреженің неше төрін көрдім ғой,
Көз жанарың кеңпейілмен мейірім төгіп тұрғанда.

Сән-сәулетті сарайларда құлың болдым құрметті,
Риза едім ау сонда мені шалсаң дағы құрбанға.

Сенің сұлу дидарыңның жарқ жүрк еткен шұғыласы,
Жан қайғысын емдеген де, көздің жасын тыйған да.

Енді мынау отырғаным сағынумен сарғайып,
Баяғыдай тағы маған бақыт, құрмет сый бар ма?!

Қой, Физули, сүйіктіңмен жүрген шақты еске алма,
Одан енді шарапат та, рахат та жоқ мұндайда.

* * *

Қайран менің, сүйіктіммен бірге жүрген күндерім!
Сыбызғы боп сыр шертемін, күйзелемін, күйредім!

Кеудемдегі бөдене - жан, қуана бер босатам,
Сүйгенімнен айрылдым мен, - бәрі тәркі дүниенің.

Сен тағы да басқаларды алмасын деп сиқырлап,
Жүрген жерде айтам бәрін, жас төгемін, сүйгенім!

Опа бар ма көз жасында, кетеді айнып ілезде,
Жүрегімнің қаны еді ғой, білгендерге бұл менің.

Қаскөйлерім қанша мені қинаса да ренжімен,
Жұртқа аян ғой сәулем үшін азап кешіп жүргенім.

Қол жеткізбес қор үмітпен алдарқатам өзімді,
Аспандағы айдан дағы алыс тұрсын, ділгерім!

Ей, Физули, көз жасыммен жудым Мәжнүн есімін,
Енді өзім ғашықтықтың пірі болар күйдемін.

* * *

Мекен-жайым - шарапхана, отпарасқа қайыммын,
Мен шаттыққа тәуап етем, жолы осы баюдың.

Кім сусаса шарап қана қандырады мейірін,
Шарапшыдай мен де оны пір тұтамын, танымын.

Мейлі заһид шарифаттың шартын айтып таласар,
Мен сөйлесем, ол сопыңды отты сөзбен қаримын.

Жүрегімде бір мәлал жоқ, қайырымдылық - байлығым,
Жаным ұйып жақсыларды құрметтеуге дайынмын.

Уа, ұлылық! Сенің менен өрлігіңнен азатпын,
Жарастығы жоқ қой ешбір маған кеуде қағудың.

Жұрттан мені бөліп алып кетті асыл махаббат,
Дән разымын бұл халіме, пәктігі артық жанымның.

Ей, Физули, ақиретті ойлап қалма мақұрым ләззаттан,
Бақыт құсы-ақ арманым, тек соны аңсап сағындым!

* * *

Хақ жолы ғой – сұлулардың гүл өрімді бұрымы!
Дұрыс болып шығар әлі гәуірлердің қылығы.

Махаббатқа ерік беріп, мінәжаттан айрылдым,
Аңлап көрсем екен-ау ол күнәкарлық жиыны.

Жүрек қанын сағат сайын жүрміз ғой біз ағызып,
Білсін де жұрт махаббаттың осы екенін қиыны.

Көзімізде қанды жасы тас боп ұйып жатады,
Енді жүрек шаһарының қалмапты еш сиығы.

Кездесейік деген уәдең алдау екен, білмеппін,
Шыбын жанның өзінің де шықты-ау әбден ығыры.

Сүю деген оп-оңай бір нәрсе ғой деп ойлаушы ем,
Қызы құрғыр өскеннен соң қатты екен-ау құрығы.

Ей, Физули, неге сонша құмартасың періге,
Қауышудың ізін аңдып жүр айрылысу құйыны.

* * *

Тағдыр қатал, мына дүние шыр көбелек айналған,
Кеудемізде қайғы-қасірет шеменге ұқсап байланған.

Ғайып болып кетті көзден көлеңкесі үміттің,
Қайырсыздық қара бұлты қорқам қанат жайғаннан.

Ақыл, парық дегендерді қойдық-ау біз айтуды,
Тағдыр тараң, қол үздік қой ләззаты мол сайраннан.

Махаббаттың таза жолын былғап қулық, сұмдықтар,
Дүние толы зұлымдықтың зұлматында қалды арман.

Ай бейнелі қиғаш қасын иіліп іш өртейді,
Сәру сынды сұлу тұлғаң, буырқанып шамданған.

Жел желпіген жапырақтай ақылым да дал болды-ау,
Бақ сарайым қирап түсіп, құр елеске алданғам.

Аңсағаным қасірет боп, ауыр сынға кезіктім,
Алдым толы – үрей, қауіп, мен бір ғаріп арбалған.

Шымылдықты тұтып тастап перизатым отыр ғой,
Төңкеріліп жатыр кесе, шаттық адыра, жай қалған.

Рахат дүние жоқ қой маған, бақытым, бағым баянсыз,
Қайтем енді, жан болдым-ау, жол таба алмай
сандалған.

* * *

Рамазан туды, рұқсат болмай, ішуді қойдық шарапты,
Ән менен күй жоқ, егіліп сұлу, тым-тырыс қана
таң атты.

Сыңсыған әсем қобыздың үні тынды да қалды үзіліп,
Шарапқа толы көзелер-дағы тауыпты дамыл,
тағатты.

Тойлардың шырқы бұзылды-ау әттең сыбызғы сырнай
тартылмай,
Патшалық сарай қалайша бұлай той-думандарды
таратты?

Рамазан туа жұмақтың аузы ашылады екен деуші еді,
Ендеше рахат шарапханаларды неліктен бізден аяпты?

«Айнала түгел ашылсын, – деп, – жан сая
шарапханалар».
– Бәріміз достар, жиналып алып оқиық дұға аятты.

Осы айда әсте жарқырамайды-ау шұғыласы
шарап кесенің,
Апырым-ай, бұл не қылған қасірет, қара түн басқан
алапты?!

Көзімізден қап-қара болып қанды жас қана ағады,
Жаңа ай туып жарылқай келіп, ашсақ-ау
шіркін қабақты!

Ей, Физули, рамазаннан қорқатын жайың осы екен,
Амалың қанша, байқап-байқап басарсың,
досым, аяқты.

* * *

Мен бір ине, көктей өткен байлықтарға бөгелмей,
Қара бұрымның тұтты-ау бірақ матап қойған көгіндей.

Махаббаттың тақсіретін тартсаң жаның жай табар,-
Мынау жалған дүниеден бекер пайда көрем деу.

Қасіретімді жеңілдеткен көз жасым мен от демім,
Алтындатқан сарайларға жоламаспын өле-өлмей!

Сүйгеніммен жолығудың үміт жүзі тұмшалы,
Жан айнасы қарайған-ау жалын жеген шөгендей.

Ғашығымды көрген сәтте өмір жібі ұзарып,
Шумақталған жібек жіптер тарқатыла берердей.

Қанша уақыт, недер заман өтсе де бұл дүниеде,
Ләйлі менен Мәжнүн жолы келе жатыр көнермей.

Ей, Физули, бар қорқарың – залымдардың ғайбаты,
Білмейсің ғой жүрек пен көз – түпсіз тылсым тереңдей.

* * *

Сайқал сұлу адалдықтан өзге менен не көрген?
От тұтатсаң жарық болар, дүние нұрға бөленген.

Мешіттегі меңіреу сорлы тапжылмастан не таптық?
Ақымақтың исі аңқып тұр ғой сасық дегеннен.

Кәне, достым, іздестіріші шарапшылар мекенін,
Жарқын жүз бен мөлдір шарап, ең асыл зат, дер ем мен.

Мына дүние – қайғы-қасірет, қапас өмір тұрағы,
Тыныштықтың бәрін Тәңірім о дүниеге шегерген.

Ай дидарлым ажары үшін жау болып алды жұрт маған,
Тәңірім - досым, ол азат қой өтірік, сұмдық дегеннен.

Ғашық жардың құт жайына көңілім құштар, қайтейін,
Жалынудан өзге нәрсе таба алмай-ақ келем мен.

Ей, Физули, бұл өмірде жалған ерлік - жоқшылық,
Кедейлермен достасып ал, орын - жай бер төбеңнен.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ҒАЗАЛ

(Аударған: Өтеген Күмісбаев)

Ей, опасыз, қасірет кешу әдет болсын саған,
Алла үшін жапа шегу опасыздық па саған,
Әр назың жебе беттегі ойығың ишаратпен сызылып,
Сенің ісің еркелік, сиқырланып қарау маған.
Жаныңды сүймейтін жандарға мейірімің тікендей,
Бір жан болса ғой жаралы көңілді жазатын.
Мың рет болсам да сенімен жаным құрбан саған,
Ғашықтан басы кеткенді бұйырма айыпқа,
Ғашықтық өзі келеді деп кім айтты саған,
Ей, жүрек, ажырасқанға тоймай айды қалап тұрсың ба?
Шүкір ет мына халіңе, әлде басыңа жүз пәле аз ба саған?
Ей, алқызыл раушан гүлдей көз жасың сарғайып кетті,
Жағдайың мүшкіл болғанын таңғы жел көрсетті саған.
Физули жоқтардың жанын жоқтайды,
Ол шахтан ілтифат не байлық алып бермейді саған.

РУБАИЛАР

(Аударған: Өтеген Күмісбаев)

Тағдыр дәмін кім татпайды пайдама,
Ішкі рухы таза болса пайдама,
Тірлігіңе шүкір етсең жарайды,
Дүниеде қалмайды ешкім пайдама.

Ләппай сөзінде шекер бар ләзиз,
Лал демінде шекер бар ләзиз.
Шырын демесем қадірін білмес ем,
Жаһанға жайлы сөздерің ләзиз.

Әр демі мені тербетіп өтер,
Сұлулық бетер кіріптар етер.
Ашықтық кемел жандырар жанды,
Әр демі мені құрықтап кетер.

Көктемнің әр таңы арайлы бақ,
Сәулесін төксе қалмайды дақ.
Шаттығын шашса бұлбұлдар сайрап,
Гөзел бақтарда жағады шырақ.



МОЛЛА ПЕНАХ ВАГИФ

(Салахлы, 1717 – Шуша, 1797)

Әзербайжан әдебиетінің көрнекті өкілі Молла Пенах Вагиф 1717 жылы Газах уәлиатының Салахлы ауылында дүниеге келді. Ол да Мұхаммед Физулимен рулас. Екеуі де Баят руынан. Вагиф өз дәуірінің белгілі ғалымы Шефи Эфендиден білім алды. Молла Пенах парсы және араб тілдерін жетік меңгеріп, астрономия, математика және музыка өнерінен де терең білімі болған. Оқуын тәмамдаған Вагиф туған жері Газахта, кейін Қарабахта мешіт жанындағы медреседе дәріс береді. Сол себепті Молла Пенах атанады.



XVIII ғасырдың ортасында Грузия шекарасында болған шиеленістен Газах уәлиаты тұрғындары Қарабах пен Гәнже жаққа көшеді. Вагифтің отбасы да Қарабахтың Тартарбасар қаласына бас сауғалап барып, ол өзі сол жақта ұстаздық етуді жалғастырады. Кейін Шуша қаласына қоныстанған Вагиф өз мектебін ашады. Көп өтпей, қала халқы арасында әрі жақсы ұстаз, әрі қабілетті ақын ретінде таныла бастайды. Ақынның атағы Қарабах ханы Ибрахимхалил ханға

жетіп, сарайға шақырылады. Вагиф өмірінің соңғы күндеріне дейін сарайда өмір сүріп, бас уәзірлікке дейін көтеріледі.

Вагиф шығармашылығында шығыс поэзиясының барлық классикалық формаларын қолданумен қатар өлеңдерінің көбін ауыз әдебиетінде «гошма» деп аталатын 8 немесе 11 буынды төрт жолды өлең шумақтарымен жазған. Өлеңдерін қарапайым тілмен әрлеп, араб және парсы сөздерін аз қолдануға тырысқан. Оның өлеңдері әзербайжан поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты.



БІР ҒАЖАЙЫП СҰЛУ КӨРДІМ БҮГІН МЕН...

(Аударған: Ұлықбек Есдәулет)

Бір ғажайып сұлу көрдім бүгін мен.
Бүгін ғалам дидарына үңілген.
Ай жүзінен күміс нұры төгілсе,
Дүниенің өңіне қан жүгірген.

Ақ тамағы ақ жібекпен қауышқан,
Тұла бойы тал шыбықтай майысқан.
Хан қызындай бекзаттық бар бойында,
Құрбылары теңдесе алмай қалысқан.

Жұпар шашқан бұйра шашы қыналы,
Бір қарасаң жүрекке қан ұрады.
Періште ме бізге көктен жіберген?
Жәй пенденің мұндай болмас сияғы.

Сала-сала саусақтары сүйріктей,
Қос бұрымы жарысқан қос жүйріктей.
Құлпырады қарағанда айнаға,
Перідейін паң басады илікпей.

Маңдайына түскен шашы шашақтап,
Қос балтыры қайың сынды қос аппақ.
Жеке дара жаратылған хас ару,
Ешбір қызға қоя алмайсың қосақтап.

Бұл қыз маған оңаша бір көрінсе,
Қолдарымыз бір-бірімен өрілсе,

Ерніміз бен ерініміз жабысып,
Бар ләззаты бойымызға берілсе!

Ару қыздар- ғашық жүрек куәсі,
Бар болыңдар, жар болыңдар, расы!
Беу, асылым, бір өзіңе арнаймын,
Бұл Вагифтің қабыл болсын дұғасы.

ПЕРІ

(Аударған: Ұлықбек Есдәулет)

Бойың- көзе, бәденің- шынар,
Мәрмәрдай мойның жараған, Пері!
Сұлулығыңа сөз жетпес шығар,
Барлық көз саған қараған, Пері!

Ақылың ғажап! Әр сөзің- балдай!
Күлкіңнен жаным жарқырар тандай,
Көркіңе әлем қағады тандай,
Туғансың қандай анадан, Пері?!

Аршын төс ару, талшыбық белің,
Оймақтай ауыз, бал шырын ерін,
Білегің аппақ, үнің де керім,
Аққуға сені балағам, Пері!

Үргедек, үркек ақ марал тектес,
Өңіңде- арман, түсіңнен кетпес,
Созғанмен қанша қолың да жетпес,
Күдіретке сені санағам, Пері!

Көктегі күндей сұлусың неткен,
Вагифтің есін аудырып кеткен,
Қарашы маған жеті қат көктен,
Құлдық қып саған қарағам, Пері!

ДІЛДӘРІМ

(Аударған: Ұлықбек Есдәулет)

Шер дариясына батырып мені, құмарым,
Ағыл да тегіл несіне өзің жыладың?
Жаралы еткен жаныңды қандай күнә-мұң,
Өлтіріп, неге көзіңнің жасын бұладың?

Бұрымың тарқап, шашыңның ұшы бұрқырап,
Көкала үйректің қауырсынындай тұр құлап.
Қызғалдақ біткен жайнайтын шақта, шырқырап,
Неліктен, жаным, көзіңнің жасын бұладың?

Сен мені, әлде, опасыз жанға баладың?
Жаныңа нендей жарақат салдым, қарағым?
Келмейді, тіпті, бетіме менің қарағың,
Қымбаттым, неге көзіңнің жасын бұладың?

Жүрегіме қоса паршалап жырттың сен мені,
Жылама, жетер сағыныш уы меңдеді.
Қайтадан күлші, құса- мұң саған қол ма еді,
Ызадан неге көзіңнің жасын бұладың?

Сарылтып мені салмадың қанша азапқа,
Дертіннен сенің тірідей түстім тозаққа,
Өлгенім жақсы еді төзгенше мұндай мазаққа,
Ділдәрім, неге көзіңнің жасын бұладың?

БИЛЕСІН!

(Аударған: Ұлықбек Есдәулет)

Ей тойшылар, қыздырыңдар би кешін,
Тойға келген сол бір сұлу билесін.
Атын айтпан, елден ұят, сүйгесін-
Хордың қызы емен-жарқын билесін!

Түгесіліп бақытымыз, бағымыз,
Қасірет шегіп, шерге толды жанымыз,
Қос жүзiкті алдық қолға тағы бiз,
Екi уыста екi жүзiк билесiн!

Билесін ол саз, сырнайға қосыла,
Қасіреттен шеккен азап осы ма?
Ишара етем жан түсінер досыма,
Дос қадірін білген болса, билесін!

Мен- Вагифпін, тірлігімнен кетті мән,
Жанарымнан көз жасы емес ақты қан,
Ұзын бойлы сол сұлуға тәк тұрам,
Құрдымға алып кетсе-дағы, билесін!

МЕЙРАМ КЕЛДІ. НЕ ІСТЕРІМДІ БІЛМЕЙМІН...

(Аударған: Ұлықбек Есдәулет)

Мейрам келді. Не істерімді білмеймін,
Біздің үйде нан илейтін ұн да жоқ,
Түк татырмас тағдырымды тілдеймін,
Ет, май, күріш, қант тұрмақ, құм да жоқ.

Мен Алланың жақпайтұғын құлы ма ем,
Ауыз ашса- айырылар тілінен.
Қауғаң қағып жатса халық, шынымен,
Біздің үйде тіске басар дым да жоқ.

Алла жар ғой. Біздің үйде жоқ мал да,
Дүние жоқ, кілем де жоқ қаққанға.
Вагиф, «шүкір, миым көп» деп мақтанба,
Бізде, тіпті, ақыл да жоқ, ми да жоқ.

СЕН ШАШЫҢДЫ ЖУҒАНЫҢДА...

(Аударған: Ұлықбек Есдәулет)

Сен шашыңды жуғаныңда,
Гүлдің иісі бұрқырайды, Зейнеп!
Жұпар аңқып тұрғаныңда,
Шыбын жаным шырқырайды, Зейнеп!

Сүрме сүртіп жанарыңа,
Нұр жүгіріп жамалыңа,
Таудың ұқсап маралына,
Жаутаңдап бір қарадың ба, Зейнеп!

Желдей жеңіл жүрісінді-ай,
Талшыбықтай тұрысыңды-ай,
Бал ұсынған, у ұсынбай,
Үнің- алтын, күміс ыңғай, Зейнеп!

Вагифтің сен би – ханысың,
Ақыл, күші, иманысың,
Жанын пида қиғанысың,
Сен іңкәрлік дидарысың, Зейнеп!

ӨТІП АЙЛАР УАҚЫТТЫ ҰЗАТТЫ...

(Аударған: Асқар Тұрғынбаев)

Өтіп айлар уақытты ұзатты,
Ләйлі өлімі- Мәжнүнді езіп жылатты.

Жылап, жыртып үстіндегі лыпасын,
Жүгірді ол іздеп Ләйлә моласын.

Жүрді Мәжнүн молаларды жағалап,
Өлім де оны құтқармастай, қара-бақ.

Жол шетінде бір баладан сұрады,
«Қай бейітте білесің бе Ләйләні?»

Қымбаттымды қай топырақ жасырған?»
Күліп оған жауап қатты жас ұлан.

«Әй, Мәжнүн-ау, есің қайда жоғалған?
Әр моладан топырақ ал аз-аздан,

Махаббаттың исі шықса топырақтан,
Сол бейітте Ләйлә жатыр илансаң».

Сен де, Вагиф, мәснәуиді құрарсың,
Махаббатты сол баладан сұрарсың.

ЖАҚСЫ ӘЙЕЛ ТУРАЛЫ

(Аударған: Асқар Тұрғынбаев)

Жақсы болса егер Әйел жүрегі,
Жүз жыл өтсе қасиетін жоймайды.
Аппақ гүлдей ашық болса көңілі,
Қиындықтан ол қарая қоймайды.

Асылзатқа әсемдік те жарасар,
Сұлу мүсін сәмбі талмен таласар,
Өз жанына қайырым да қарасар,
Сатпайды ол, суына да қоймайды.

Оның қаны қыз кезіндей тап-таза,
Ерні қызыл Раушан гүлден, қараса,
Жүз жаста да жайдан өткір кірпігі,
Жыл өтсе де, болат әлсіз болмайды.

Қорқыныш па Кемелдікке жүз жасау?
Мейлі, оның қимылында күш аз-ау,
Бірақ көзде жанған жарық баяғы,
Сүйкімділік еш азайып қалмайды.


Нағыз бақыт дәл жанында жүреді.
Құмарлықтың қиын жолын біледі.
Қызға, Вагиф, сен көңіліңді алдырма,
Тыныш күндер сенде, әйтпесе, болмайды.



МИРЗА ФӘТӘЛИ АХУНДЗАДЕ

(Шәкі, 1812 – Тифлис, 1878)

Әзербайжан халқының ұлы ағартушысы, талантты драматургы, тұңғыық философы, көрнекті публицисі Мирза Фәтәли Ахундзаде 1812 жылғы 30 маусым күні Шәки қаласында туған. Ол өзі оқыған медресе ұстазы, атақты шайыр Мирза Шәфи Вазехтің ықпалымен жастайынан батыстың дүнияуи ілімдеріне ден қояды. Ақындар М.Лермонтов, А.Бестужев-



Марлинский, В.Соллогуб, шығыстанушы А.Берже, актер И.Золотарев, этнограф Н. Ханыков секілді көрнекті тұлғалармен, сондай-ақ грузин драматургы Г. Эристави, поляк ақыны Т. Заблоцкий және басқа көптеген зиялылармен дос болады.

Ахундзаде әлемдік драматургияның інжу-маржандарынан үлгі алып, өз ана тілінде пьесалар жазды. Алты комедиясымен Таяу Шығыс әдебиетінде драматургия жанрының іргесін қалады. Шығармалары ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударылды. Барабара «Мұсылманның Мольері» атанды.

Отыз жыл бойына өз жазуында араб әліпбиін пайдаланған Ахундзаде латын әліпбиіне көшу керектігі жөнінде бастама көтерді. Қазақ ғалым Нәзір

Төрөқұлов: «Өзербайжан түркі арасында әліпби мәселесін Мирза Фәтәли (Мирза Фәтәли Ахундов) деген кісі әуелі қозғаған. Біздің қазақ-қырғыз арасында Ахмет қандай болса, Мирза да жаңа заман әдебиетінде сондай орын алған», – деп баға берген.

М.Ф.Ахундзаденің 1857 жылы жазған «Алданған жұлдыздар» хикаяты кәсіби әзербайжан әдебиетіндегі көркем прозаның негізін салды. Оның сюжеттік желісі XVI ғасырдың соңында, Аббас шахтың билігі тұсында Иранда болып, тарихшы Искандер бек Муншидің «Тарихи-әлем-арайи-Аббаси» атты хроникасында баяндалған тарихи оқиғаға құрылған.

Түркі дүниесінің руханиятында шалқар мұра қалдырған Мирза Фәтәли Ахундзаде 1878 жылдың 10 наурызында Тифлис шаһарында дүниеден озды.



АЛДАНҒАН ЖҰЛДЫЗДАР

(Жүсіп шах туралы хикаят)

(Аударған: Амантай Шәріп)

Сефевилер билігі орнаған кезде Иранның астанасы Қәзуин еді. Мәхәммәд шах Сефеви әр қилы оқиғалардың ізін ала билік тізгінін өзінің ұлы Шах Аббасқа ұстатты. Біз баяндап отырған оқиға Шах Аббас билігінің алтыншы жылы бітіп, жетінші жылына иек артқанда болды.

Ерте көктемнің кезі. Жыл басы – Наурыз мейрамынан соң үш күн өткен. Түс қайта, сағат үштің шамасында Шах Аббас өзінің сүйіктісі Сәлми қатынмен асықпай әңгіме-дүкен құрып отырған сәтінде, кенеттен бас азбанқұл Мүбәрәк кіріп келді де, кеудесін төмен иіп тұрып:

– Бас жұлдызшы Мырза Сәдреддин әлемнің құбыласы – ұлы сахибтың құзырына жүгіну бақытына ие болып, өте маңызды іс бойынша пікірлескісі келеді, – деді.

Шах Сәлми қатынның нәрәмханаға бара беруін өтініп, азбанқұлға:

– Мырза Сәдреддинді шақыр, келсін, – деп бұйырды.

Ішке кірген жұлдызшы шахтың алдында басын төмен иді де, әдет бойынша қолын кеудесіне қойып тұрып, дұға оқыды және мадақ айтты.

– Не дерің бар, Мырза? – деп сұрады шах.

Бас жұлдызшы мынадай арызын жеткізді:

– Әлем құбыласының саулығын берсін. Жақында аспан шырақтарының қозғалысына сәйкес белгілі

болғаны: Наурыздан он бес күн алшақтай бергенде Мәррих (ауд.: Марс) планетасы Ақырап (ауд.: Шаян) шоқжұлдызына жанасып, олар енді өзара түйісер шақта шығыс аймақтарда, дәлірегі, Иранда ұлы билік иесіне тағдыр қатер төндіреді. Сол себепті мен, биік тақтың құлай берілген және сенімді құлы ретінде әлемнің құбыласына осыны ескерткенді парыз көрдім.

Шах жап-жас еді. Бар болғаны жиырма екіні толтырған. Бұл шақта әр жұмыр басты пендеге өмір әрі ыстық, әрі тәтті көрінеді. Ал бақуаттылықтың ең биік баспалдағында тұрып, билеушінің тағын иемденген жанға әсіресе қымбат. Сондықтан да бас жұлдызшының мына жайсыз хабарын тыңдаған жас шахтың зәресі ұшып кетті. Өңі қуарғаны соншалық, жаны шығып бара жатқандай болды. Аз-кем үнсіздіктен соң, еңсесін тіктеп, Мырза Сәдреддинге:

– Құп, боссың, бара бер! – деп әмір етті.

Бас жұлдызшы төмен иілген қалпы шығып кетті. Оңаша қалған шах ұзақ уақыт ойланып отырып қалды. Содан соң азбанқұл Мүбәрәкті дауыстап шақырып алды да:

– Күзетшілерді жұмса, тап қазір маған уәзірім Мырза Мохсұнды, сардарым Заман ханды, қазынашым Мырза Йахияны және бас молда Ахунд Сәмедті ертіп келсін! – деп бұйырды.

Көп ұзамай бас азбанқұл шақырған адамдар жиылып, сарай ғұрпының үйреншікті рәсімдерін жасады да, шахтың алдында мұқият үнсіздікпен оның пәрменін күтті.

– Мен сендерді маңызды бір нәрсе жөнінде ойласуға шақырдым. Оның шешімін табуға тиіссiңдер. Ұлы мәслихатта бас қосқандықтан, барлығыңның отырып жайғасуларыңа рұқсат.

Жиылғандар құлшылық етіп, оның айтқанын істеді. Шах оларға бас жұлдызшының әзір ғана жеткізген жайсыз хабарын естіртті. Ақыр соңында өз өміріне қатер төндіріп тұрған жазмыштың соққысынан құтылу үшін не істегені дұрыс болатындығы туралы айналасындағылардың пікірін сұраумен әңгімесін доғарды. Күтпеген қолайсыз жаңалықтан әлгілердің бәрі төбесіне жай түскендей есеңгіреп, қатты абыржып қалды. Бір мезет үнсіздіктен кейін Мырза Мохсұн уәзір сөз бастады:

– Дәрменсіз құлдың биік таққа бүкіл ынты-шынтымен құлдық ұратындығы баршаға аян. Әлбетте, бұрынғы патшалық тұсында мемлекет қазынасының қандай аянышты халде болғандығы әлемнің құбыласы, шахтардан ұлы шахымыздың есінде болар; ол уақыттарда шахтың мейірбанды бабалары өздерінің шексіз кең пейілдігінен уәзірлікке түсініктері мейлінше тар, көр соқыр адамдарды тағайындап келген. Бірақ мемлекет қазынасының жұтағанын білген бойда мына бағынышты құлыңыз оны тез арада толтырудың амалын іздестіруге кірісіп кетті және келесі оңтайлы тәсілді ойлап тапты. Қайсыбір аймақтағы белгілі бір мәнсапқа тағайындалмас бұрын сарайдың әр қызметшісі өзінің қолы жеткен дәрежесіне сәйкес қазынаға сый есебінде пұл төлесін деген шешім шығарылды. Сол мақсатта мынадай ұйғарым да жасалды. Әлем құбыласының

қандай да болсын қызметшіге немесе мәртебелі адамға ықыласы түскенде, оның үйінің табалдырығынан аттап, бақытқа бөлесе, шахтың осындай жарылқағыш көңіліне риза болған қуанышты құлы билеушіге тарту түрінде белгілі бір мөлшерде ақша ұсынуға міндетті әрі шаңырағының босағасын қымбат маталармен және кілемдермен көмкеруі тиіс; олар да ұлы мейманның меншігіне өтеді. Осы әрекеттердің арқасында шахтардан ұлы шахымыздың таққа отырғанына әлі толық жеті жыл да тола қоймаған қазіргі мезгілде, Аллаға шүкір, мемлекет қазынасы тасып-төгіліп жатыр. Мемлекет істерінің ойдағыдай ілгері басуына басыбайлы құлыңыз әрқашан үлкен септігін тигізді; бірде-бір шалыс басқан жері жоқ. Бірақ, ағымнан жарылып айтарым мынау: жұлдыздардың қозғалысына ықпал етер айла-шарғы табуға келгенде мейлінше қиналып тұрмын.

Мырза Мохсұн уәзірден соң сөз кезегі Заман хан сардарға тиді.

– Бас иіп жалбарынушы және сенімді құлыңыздың сақалы ұлы таққа адал және жан-тәнін сала қызмет етумен ағарды. Мысалы, осыдан он жылдай бұрын Бәкір паша Темірші ұлы бастаған жетпіс мыңдық османлы әскері Иранға басып кірді. Сонда аса қадірлі шахтың ұлы әкесі маған иран әскерін басқарудың сардарлық тізгінін берді. Өзінің саны жағынан османлыдан еш аз болмаса да, мен біздің даңқты сарбаздарымызды опасыз әрі жауыз османлы тайпасы жайпай ма, жоя ма деген қауіппен, сол османлы шекарасынан бастап бүкіл Әзербайжанның өне

бойындағы шаруалар егістігін тып-типыл етуге, малдарын айдап әкетуге өкім шығардым. Жолдар бұзылды, көпірлер қирады. Біздің шекарамызды кесіп өткен кезде Бәкір паша ешқандай әскери қарсылық жолықтырған жоқ; оның есесіне жолдардың жағдайы мүшкіл болғаны соншалық, артиллерия мүлде ілгері жылжи алмай қойды; тек жаяу әскер мен жеңіл атты сарбаздар ғана зор қиыншылықпен, көп шығынмен Тебризге жетті. Бәкір паша қосынына азық-түлік қарастыру үшін сарбаздарын маңайдағы қоныстарға жұмсады; бірақ олар бір түйір дән, жалғыз бас бұқа не сиыр таба алмады. Азып-тозған және аш-жалаңаш османлылар үшінші күн дегенде дабылдарын қағып, масқараға және лағынетке ұшыраған күйі Тебризді тастай қашты. Сөйтіп, Иран мемлекеті жат жұрттың езгісінен аман-есен қалды. Жолдарды бұзып, көпірлерді қирату жөніндегі шешімнің тапқыр да пайдалы болғаны сондай, біздің hükіметіміз оларды Бәкір паша қашып кеткеннен кейін де сол қалпында қалдыра бергенді қажет деп тапты; сонда алдағы кезде жат жерлік тайпалардың біздің шекарамызды кесіп өтуге батылдары бармақ емес. Осылайша біздің жеңімпаз әскеріміз әрқашан аман-есендікте болды; бірде-бір сарбазымыздың бір тамшы қаны төгілмеді. Сондай жауапты сәттерде ұлы сарайдың кәрі төбеті өзінің бүкіл өнерін кәдеге жарата біледі. Алайда жұлдыздар болжамының алдында менің ақылым әлжуаз... – деді.

Сардардың үні өшті. Шахтың қорқыныш сезімі жүрегін одан әрі қыспаққа алды. Кезек Мырза Йахия қазынашыға жетті.

– Уәзіріңізбен туыстық қатынаста болып, оның тәрбиесінен өткен және қолдауының арқасында қазіргі дәрежесіне жеткен бишара бұл құлыңыз жанқиярлық пен адалдық көрсетті, оның ойларынан, ізгі мұраттарынан және іс-әрекетінен тұла бойына азық тапты. Төменгі сатыдағы қызметшілер мен сарбаздар әлем құбыласының менің қолым қойылған жарлығымен кіріс көзінен жалақы алып тұрғаны белгілі. Уәзір баяндап айтқандай, мемлекет қазынасы бос және қаржы жоқ екендігі мәлім болғанда, мен бұған қатты күйзелдім. Жалақы беру туралы жарлықтардың бәріне өз қолымды қойып, аймақтарға жіберіп отырғанымда, мұның барлығы биліктің беделін көтеру және оның өкілдерінің ел алдындағы абыройын түсірмеу үшін жасалды. Жарлықтарды таратпас бұрын, мен әр аймақтың басшысына құпия нұсқау жолдайтынмын; онда жарлықта көрсетілген жалақыны беру үшін менің айрықша рұқсатымды күту керектігі айтылатын. Осылай істегеннің арқасында мемлекет қазынасы аз мерзімнің ішінде кемерінен асып төгілді. Ал өздеріне тиесілі жалақыдан айырылған сарбаздар мен атқамінерлерді алсақ, ел ішіндегі бейбітшілік пен тыныштықтың және ешқашан кездеспеген арзаншылықтың нәтижесінде олар ақшаға мұқтаждықты аса сезінген жоқ. Осы сияқты күрделі жағдайларда менің ақылыма біршама икемділік пен көрегендік тән, бірақ аспан шырақтарына қарсы тұруға оның айласы жетпейді, – деді ол.

Ақырында кезек тиген бас молда былай сөйледі:

– Жарылқаушы тәңірі саф таза және әулие имамдардың құрметі үшін біздің шахтың он екі мүшесін көктің қаһары мен жердің нәубеттерінен сақтай гөр! Сіздің басыбайлы құлыңыз Сефевилердің текті әулетінің амандығы жолына үздіксіз дұға оқиды; осы қуатты әулеттің алдындағы өзінің дәрменсіздігін сезінсе де, оның гүлденуі мен ұзақ жасауы жайында мадақ айтып, тілек бағыштағанымен, өз парызын өтеуге шамасы жетпейтінін біле тұра, солай істейді. Әлем құбыласының әкесі мені бас молда етіп жарылқаған кезде, Иранның жарты халқы, оның ішінде ордалы қала Қазуин де бар, сүнниттер еді. Бір жағы, жанды сақтайтын ақыл-кеңестердің және нанымды уағыздардың күшімен, екінші жағы, сесі зор үркітіп-қорқытулардың жәрдемімен мен сүннит нанымын ұстанғандардың барлығын он екі имамның ақиқат жолына салдым. Халықтың кең пейілдігін де ерекше алғыс сезіміммен атап өтуді өзімнің парызым деп білемін: менің жалғыз ұсынысым бойынша барлық бұрынғы сүнниттер аталары мен бабаларының иланымынан бас тартып, шын ілімнің соқпағына кірді. Мен армяндар мен жөйттерді де шиит сеніміне бет бұрғызғым келген, алайда данагөй адамдар бұл ойымнан айнытты; олар армяндар мен жөйттер аз тұратын және бұлардың дінінде ешкімнің шаруасы болмайтын басқа мемлекеттердің мысалын алға тартты. Қасиетті имамдардың күмәнсіз хадистерінің түсіндірмесіне жүгінсек, мұсылман елдерінде тақта отырған және тәж киген шахтар әулиеге жатпайды әрі табынуға лайық емес, өйткені бұл артықшылық

имамның немесе оның ізбасары – оқудың түбін тауысқан мұжтаһидтың ерекше құқығын құрайды. Бұл шатасушылықты жою үшін мен барлық дін қызметшілеріне және уағызшыларға: «Жоғарыдағы әпсаналардың қазір билік құрып отырған Сефевилер әулетіне қатысы жоқ, өйткені ол пайғамбар мен имамдардың кіндігінен тарайды», – деген бұйрық жөнелттім. Данышпан имамдардың осы тұжырымдар арқылы өз ұрпақтарының емес, басқа шахтардың билігі мен ықпалын шектегісі келгені анық. Аспан шырақтарының ақылға сыйымсыз қозғалысынан әлем құбыласының өміріне қатер төніп тұрған осы шақта сіздің бас иіп жалбарынушы құлыңыздың жүрегі қайраңда қалған балықтай тыпырлап, сарық миы бұл қысылтаяң тығырықтан шығатын жолды бәрімізден гөрі әлгі жексұрын жұлдызшының өзі тауып бере алатындығын тұспалдап тұр. Ол – жұлдыздардың мақсатын әшкерелеген, бірақ онымен күресудің амалын көрсетпеген нағыз сұмырай сатқынның өзі. Бізді келеке етіп отыр деп ойлаймын, себебі удың не екенін біле тұра, оған қарсы қолданатын тәсілді білмеуі мүмкін бе? Пайғамбарымыз (оған Алланың нұры жаусын): «Жұлдызшылардың барлығы – жалғаншылар» деп бекер айтпаған. Бұл нақыл, меніңше, олардың білімі мен ғылымына емес, іс-әрекеттеріне күдік келтіреді; өйткені, өкінішке қарай, көп ретте жексұрын жұлдызшылардың болжамдары дөп келеді, бірақ өздері екі жүзді және алаяқ болып шығады. Бас жұлдызшының өзін шақырып алып,

шахиншахтың төбесіне үйірілген қауіпке қарсы амал табуды бұйырған жөн болар еді. Егер солқылдақтық танытса, жендетке оның басын шабуды әмір етіңіз!

Бас молда бас жұлдызшымен көптен бері өштесіп жүр еді. Енді барлық жұлдызшы атаулыны – оның ішінде басшысы да бар - аталарының көріне қуып тығып, отқа жағып жіберетіндей қолайлы жағдай туды. Бас жұлдызшы Мырза Сәдреддиннің өзі де ақымақтық жасап отыр: шахқа осыншама қорқынышты хабарды жеткізіп, зәресін ұшырып әрі өз өмірін бәйгеге тігіп несі бар еді? Кейіннен оның бұл жаңсақтығын көп адам бетіне басты, алайда ол:

– Менің бұл жайсыз хабарды жеткізуге асыққан себебім, басқа жұлдызшылар менен бұрын құлағдар етіп қоя ма деп қорыққандығымнан. Ол жағдайда шахтың мені топас есекке балайтыны сөзсіз еді, бас жұлдызшы мансабынан айыруы да ықтимал болатын.

Қалай десеңіз де, жағымсыз жаңалықтан соң шах бас жұлдызшыны ішінен қатты жек көріп қалғанды, ал бас молданың сөздерінен кейін зәрін төккені соншалық, Мүбәрәк азбанқұлды шақырған бетінде, бас жұлдызшы Мырза Сәдреддинді алып келуге күзетшілерді жұмсауды бұйырды.

Арада бір сағат өтпестен, Мырза Сәдреддин билеушінің алдында тұрды. Шах ашулы арыстандай айбат шегіп, орнын көтеріле бере, зілдене айғай салды:

– Иттің баласы, сен маған жұлдыздарға жасырылған қатер жөнінде хабарладың да, оған қарсы не істеуге болатындығын неге айтпадың?! Әй, жендет, бері кел!

Бір сәтте белінде қылышы, қолында арқаны бар жендет жетіп келді. Мырза Сәдреддиннің жүзі өлердей бозарып, денесі күзгі жапырақтай дір-дір етті. Шах оны иегімен нұсқап, жендетке:

– Мына итті алып барып, басын шабыңдар! – деді.

Заман хан сардар өжет жауынгер болғанымен, жүрегінің жұмсақтығы мен мейірімділігі бар еді. Ол бас жұлдызшыны аяп кетіп, шахтан кешірім жасауды өтінді:

– Егер бұл иттің басын шауып тастаса, онда бізді бәледен кім құтқарады? Батылдығым барып айтайын, ұлы мәртебелім, менің самайымдағы ақ шашымды сыйлап, мына бишара құлды өлім жазасына кесуге асықпауыңызды және төніп тұрған қатерден құтылудың амалын табуды бұйырғаныңызды қалаймын. Егер ол қолымнан келмейді десе, онда жендет жанын жаһаннамға аттандыра берсін.

Шах жендетке «шығып кет» деп әмір берді. Содан соң бас жұлдызшыға қарап:

– Қарғыс атқыр құл! Бізге төнген қауіптен құтылудың жолын жылдам айт! – деп бұйырды.

Байғұс жұлдызшы сасқанынан абдырап қалды. Ол жұлдыздардың қолайсыз жайғасуына қарсы қояр ешқандай амалды білмейтін, бірақ қорқыныш сезімі өз дәрменсіздігін жасыруға мәжбүрледі. Тұла бойы түгелдей дір-дір етіп, ол:

– Басқан табаныңызға тұрмайтын мына менің бұл қырсықтан құтылудың жолы бар екендігін баяндауға батылым жетсін. Тек бір сағат мұрсат беріңіз -

«Зиджи-Ұлықбек» кітабын қарайын және онда мұндай құбылыстарға қарсы не істеу керектігі көрсетілгендігін анықтайын.

Шынтуайтына келгенде, «Зиджи-Ұлықбекте» жұлдыздардың жайсыз орналасуына қарсы амалдарға байланысты ештеңе айтылмайтын еді. Бас жұлдызшы мұны уақыт созып, жұлдызнаманың ең мықты білгірі санайтын өз ұстазы Мәулана Жамәләддинмен кеңесіп үлгеру үшін қолма-қол ойлап тапқан еді. Шах келісім берді, бірақ бас жұлдызшы сыртқа шығып үлгерместен, Мүбәрәк азбанқұл ішке кіріп, Мәулана Жамәләддиннің шахпен жүздескісі келетінін айтты. Шах оны кіргізуге бұйрық берді, ал бас жұлдызшының әзір сарай ішінде қала тұруына әмір етті. Мәулана кіріп, шахқа төмен иіліп құрмет жасады да, өзіне көрсетілген орынға жайғасып, былайша сөзін бастады:

— Әлем әміршісінің өміріне жаратқанның өзі жар болсын! Мен оның бағынышты құлы кәріліктен қалжырап, қалған жарық күнімді тағдырдың жазуымен жалғыздықта өткізіп жатырмын. Бірақ жұлдыздардың қолайсыз жайғасуы менің қалған әлімді жиып, сіздің жарқын жүзіңіздің алдында жүгінуіме мәжбүр етті. Наурыз мейрамынан кейін он бес күн өткенде, Мәррих планетасы Ақырап шокжұлдызының жанымен жылжып, олар жақындаса бастаған кезде әлем құбыласының басына зор қатер төнеді. Сондықтан сіздің бағынышты құлыңыз ұлы мәртебелі құзырыңызға төніп тұрған қауіп туралы хабарлауды және оның алдын алудың амалы туралы айтуды өзінің

парызы санады, өйткені тәжірибесіз жас жұлдызшылар аспан шырақтарының қозғалысын ажырата алмай, бұл үрейлі нышанды байқамай қалуы ықтимал.

Шах Жамәләддиннің бұл хабарына қатты қуанды.

– Мәулана, – деді ол, – біздің бәріміз осы жағдайды талқылап отырмыз. Ол жөнінде хабардармыз. Қандай амал қолдану қажеттігін айтыңыз.

Мәулана былай деді:

– Бұл қатерлі күндері, яғни Наурыздан кейін он бес күн өткен соң, әлем құбыласы мемлекет ісінен шеттеуі тиіс. Ол өзінің билігі мен тағынан бас тартып, өлім жазасына кесілуге лайық қылмыскерлердің біріне беруі керек. Ал өзі көзден таса жерге кетіп, беймәлім жағдайда болуы қажет. Сонда жұлдыздардың қаһары осы сәтте Иранды толық билеп отырған күнәһардың басына төнеді. Иранның жалған шахы, былғанышты жан қаза табады да, әлем құбыласы қайтып оралып, өзінің тағына отырады және біздің қуатты мемлекетіміздің бағына қарай, толық бақуаттылық пен есендікте патшалық құруын жалғастыра береді. Бірақ ұлы билеушінің өміріндегі бұл өзгеріс қатаң құпия жағдайда жүзеге асуы тиіс және оның қол астындағы халықтың бірде-бірі шахтың амалсыздан өз тағын басқа біреуге уақытша беріп жатқандығын білмеуі тиіс. Керісінше, қол астындағылар күнәһар жауызды Иранның нағыз билеушісі деп ойлауы керек. Шахтың барлық қатындарының некелерін бұзып, бұл жауаптылықтан босату қажет. Содан соң Аббас Мәхәммәдұлына, яғни енді Иранның шахы емес, қатардағы иран азаматына ерге шығуды ұсынуға

болады. Екінші қайтара тұрмыс құруға келісім бергендердің некесі қиылады, ал келіспегендері дереу талақ етіледі.

Бас жұлдызшының басындағы қауіп сейілді. Шах енді ештеңеден қорықпайтын болды. Ол риза көңілмен:

– Келістім. Оның қазасы содан болсын! Ойластырған шаруалар ертең жасалсын, – деді.

Мұның ізінше жоғарғы кеңестің мүшелері бет-бетіне тарқасты.

Бәлкім, оқырмандар бұл оқиғаның растығына сенбестік танытар ма немесе автордың қиялдан шығарғаны дер ме? Бұл жағдайда мен оларға «Тарихи Әлім-Өрәм» кітабын ашуды және сондағы Шах Аббастың патшалық құрғанының жетінші жылына арналған беттерді оқуын сұраймын.

Енді оқырманды Жүсіп ершімен таныстыралық.

Жүсіп ерші Қәзуин маңындағы қоныста дүниеге келді. Оның Кербалай Сәлім атты шаруакеш әкесі құдайға құлшылық етіп күнелткен, тазайын адам еді. Ол өз ұлын молда қылсам және дін ғұламаларының оқымысты ортасына кіріп кетуіне жол ашсам деп армандады. Осы мақсатпен Жүсіпті Қәзуинге әкеліп, медресеге берді. Кәмелет жасына жеткен соң, Жүсіп өзінің діни білімін толықтыру және жетілдіру үшін әуелі Исфаһанға сапар шекті, мұнан кейін қасиетті шәһар Кербалаға маңдай тіреді – мұнда ол тұңғыық білімдар дін ғұламаларының уағызын тындады.

Ұзақ жылдар бойына мұсылманшылық ілімін зерттей жүріп, Жүсіп дінбасылармен және ғалымдармен

жақынырақ танысты. Олардың екі жүзді және суайт екендіктеріне көзі жеткен соң, молда болудан айнып қалды және жүрегінде осы мәнсапқа деген өзгерте алмас жеккөрінішін әркез сақтады. Кербаладан ол Хамаданға қоныс аударды.

Қырық жасында бір жылдың ішінде ершілік кәсібін меңгеріп алды. Содан соң Қәзуинге қайта оралды, өйткені басқа шәһарлардан гөрі бұл арада табыс көзі молырақ болатын. Жүсіп осы жерде үйленіп, шеберхана ашты. Молдалардың аярылығы мен сатылымпаз бишікештердің пасық әрекеттерін көріп, бұл адал да ізгі ниетті адамның бүкіл ішкі дүниесін наразылық жайлады, оларды әшкерелемеуге дәті жібермеді. Жүсіптің шыншылдығы мен батылдығы оған көптеген шын және берілген дос тауып берді, бірақ ақыр түбінде ажалына себепші болған да солар еді.

Келесі күні, түс мезгілінен екі сағат бұрын сарайда шахтың әмірімен уәзірлер, ақсүйектер, игі жақсылар, шендесі жоқ ғалымдар, пайғамбар тұқымы – сеидтер мен әкімқаралар, яғни ұлы уәзірден бастап көшебасыларға дейін түгел жиналды. Кең қабылдауханада олардың әрқайсысы тиесілі орындарында тікесінен тұрып, әлем құбыласының келуін үнсіздікпен, дегбірсіздене күтті. Сәлден кейін шах өзінің салтанатты киінген қалпымен көзге шалынды. Басындағы тәжі жалт-жұлт етеді. Қолына асыл тастармен безендірілген алтын асатаяқ ұстапты. Беліне шах құдіретінің белгісі - алдаспан тағынған. Белдігі, алдаспанның балдағы мен қыны, сондай-ақ

жеңқабы жалтырауықтармен әдіптелген. Шах тағына мініп, жиналғандарға мынадай сөздерін айтты:

– О, менің шын берілген жамағатым, мәңгі жаратушының қалауымен сіздерге патшалық жүргізгеніме жеті жыл болыпты. Әрқайсыңызға шамамның мүмкіндігіне қарай мейірбандық танытып, ықыласымды арнадым. Өз кезегімде мен сіздердің барлығыңызға разымын, өйткені Сефевилердің қуатты әулетіне түбегейлі берілгендіктеріңіздің арқасында маған деген ынтызарлық, шынайылық пен сүйіспеншілік жөнінен олқы соққан кездеріңіз жоқ. Енді сіздерге жария етуім қажет деп санамайтын әлдебір себептерге байланысты мен үстем биліктен бас тартуға және оны ел билеуге лайықтырақ әрі тәжірибелі кісіге беруге мәжбүрмін. Бұл адамды сіздерге бас молда, Заман хан сардар, уәзір, қазынашы, Мәулана Жамәләддин мен бас жұлдызшы көрсетеді. Барлығыңыз соған барып, тиісті құрметпен салтанатты түрде сарайға әкелуге тиіссіздер. Осы таққа отырғызған соң, оны өздеріңіздің қолында толық билігі бар әміршілеріңіз деп қабылдап, айтқанына сөзсіз бағынуға міндеттісіздер. Менің бұл бұйрығымды бұзғандар және жана шахқа титтей бағынбаушылық танытқандар бақытсыздыққа душар болады.

Осы сөздерінен кейін шах басындағы тәжін алып, тақтың үстіне қойды; қымбат киім-кешегін де шешіп, алдаспанын ағытты және қарапайым киім киді. Сонсоң тағы да жиналғандарға қарап, былай деді:

– Енді мен жәй пенделердің бірімін, Аббас Мәхәммәдұлы атты кедеймін; бүгіннен бастап мені

көрмейсіздер. Сау болыңыздар! Баршаңызды құдіреті шексіз Жаратқан жарылқасын!

Содан кейін ол тақтан түсіп, һәрәмханаға бет алды.

Ұлы жиынның қатысушылары аң-таң қалды және болған істі қалай түсіндірерін білмеді...

Шахтың әмірі бойынша оның барлық қатындары тиісті бөлікке жиналды және өз әміршісінің келгенін асыға күтті. Оның қарапайым киінгенін көріп, һәрәмхана сұлулары ішек-сілесі қатқанша күлуге шақ еді, тек шахтың суық жүзі мен қаһарлы көз қарасынан сескеніп, дымдарын ішіне сақтады. Мүбәрәк азбанқұлға Молда Расулды екі жәрдемшісімен бірге әкелу бұйырылды. Алдын-ала ескертілген молдалар һәрәмхана есігінің алдында күтіп тұрған. Олар ішке кіріп, шахтың бұйрығымен жайғасқан кезде, билеуші былай деді:

– Менің қымбатты жарларым, жүрегімді сыздата отырып, сендерге бір өте мұңды жайтты хабарлауға мәжбүрмін. Мынаны біле жүріңдер: бүгіннен бастап мен Иранның билеушісі емеспін; бұдан былай менің тамаша сарайларым, қазынам, басқа да байлықтарым жоқ; сендерді енді әсем киіндіріп, үлде мен бұлдеге орай алмаймын. Енді мен – Иранның қарапайым тұрғынымын, жарлымын әрі тәуелдімін. Сол себепті сендермен неке бұзуға және әрқайсыңа ер таңдау еркіндігін толық беруге мәжбүрмін.

Содан соң ол молдаға өзі мен қатындары арасындағы некені бұзу рәсімін жасауға бұйырды. Молда Расул екі куәнің көзінше өз шаруасына кірісті. Қатындар

шахтың өмірінде әлдебір тосын өзгерістің болғанын түсінді. Оларды үрей мен абыржу биледі. Олар не болғандығынан бейхабар еді және төбелерінен жай түскендей, естерінен жаңылып тұрды.

Рәсім біткен бойда шахтың бұйрығымен Мүбәрәк азбанқұл неке қағаздарын жыртып тастады.

Мұнан кейін шах өзінің бұрынғы әйелдеріне қарап:

– Егер араларыңнан кімде-кім жарлылық пен жоқшылыққа көніп, менің, яғни Аббас Мәхәммәдұлының қатыны болам десе, молда қайтадан некемізді қияды.

Әйелдерінің барлығы дерлік шахтың қатыны болуға келісімін берді, өйткені ол жас әрі келбетті еді. Бұған қоса, олар мұның бәрін әзіл деп ойлады және Шах Аббастың өз еркімен әрі оларға түсініксіз себеппен тағынан бас тартып, Аббас Мәхәммәдұлына айналғандығын ақылдарына сыйғыза алмады.

Тек шахтың һәрәмханасына еркінен тыс алынған екі сұлу ғана жанарларымен жер шұқып тұрып, өздерін шахпен некеде болған уақытында бақытты сезінгендерін, бірақ енді сол бақыттан айырылған сәтте Аббас Мәхәммәдұлымен некеге отырғысы келмейтіндіктерін айтты.

Екі сұлу да сол заматта еркіне жіберілді. Олардың бірі гүржі қызы еді. Оны шахқа сый ретінде Гүржістан билеушісі жіберген болатын. Өзінің бағалы бұйымдарын, қымбат киім-кешегін және қалта-қалта алтынын алып, ол келесі күні немере бауырымен бірге отанына қайтты. Ол жақта қыздың айтқанына сенбей,

Ираннан қашып келген деп шешті. Кері қайтаруды ойлады, бірақ бара-бара ол туралы ұмытып кетті. Соңыра ол бір жас гүржі жігітіне тұрмысқа шығып, Гүржістанда қалып қойды.

Екінші сұлу қәзуиндік бай саудагердің қызы еді және заманында бір келбетті жас жігітпен байласқан уәдесі бар-тұғын. Шахтың жандайшаптары оның сұлулығын байқап қойып, билеушісіне хабар тигізді. Қызды әкесінің үйінен алып келіп, һәрәмханаға кіргізді. Сондықтан ол әкесінің үйіне қайта оралу мүмкіндігін пайдаланды. Кейінірек ол өзінің бұрынғы жігітіне күйеуге шықты. Басқа қатындар Аббас Мәхәммәдұлымен тағы некелерін қидырды, бұдан соң Мүбәрәк азбанқұлға оларды Қәзуин шәһарының алтыншы орамының шетіндегі үйге жаяулатып апарып, өзіне сарайға қайтып келу бұйырылды.

Һәрәмханадан жұрттың ең соңынан Аббас Мәхәммәдұлының өзі шығып, көзден ғайып болды.

Жүсіп ершінің шеберханасы алаңның шығыс жағында, шах мешітінің маңында болатын. Бесін намазынан соң екі сағат өтті. Намазын оқып қойған Жүсіп өз шеберханасында бұйымтай жасаушының өтініші бойынша сол күні дайын болуға тиіс жүгеннің тігісін аяқтайын деп ынталана еңбектеніп жатқан-ды. Оның қасында отырған екі досы мұның әңгімесіне мұқият ұйып қалған. Жүсіп биылғы жылы байғұс кедейлерге ауыртпалық әкеліп, қалталарын тақырлап кеткен қымбатшылық туралы сөз қозғады: өткен жылдың аяғында ұзақ мезгіл қуаңшылықтың және Қәзуин өңірінде судың аз болуының кесірінен егіннің

көбі күйіп кетті. Қымбатшылықтың себебі де содан. Ершінің айтқаны:

– Қәзуинге су тартуға сан алуан мүмкіншілігі бар үкіметке қайран қалам, халықтың жағдайын жақсарту мен астананы абаттандыруға осының маңызы зор екендігіне қарамастан, еш пайдаланбайды.

Осы мезетте алаңның батыс жағынан қою, қалың шаң көрінді. Жүсіп қолындағы бізін ұстап отырып, басын көтергенде, салтанатты шеруге көзі түсті. Әрине, оның өзіне қарай бет түзейтінін мүлде сезген жоқ. Көштің алдында сарай төңірегіннің үсті-басы алабажақ, төрт бұрышты бас киім киген он екі малайы келе жатты. Қолдарына алуан түсті ту ұстаған он екі байрақшы олардың ізін басып жылжыды. Одан әріде сарай маңының қызметшілері қаптап көрінді; олардың бірінің төбесінде үлкен дөңгелек ыдыс бар. Мұнан кейін таяқпен қаруланып, түрікмен тұқымды әдемі сәйгүлікті ауыздығынан ұстаған бас ат бағушыны жан-жағынан қаумалаған күзетшілер төбе танытты. Аттың үстіндегі қымбат ер мен арқасындағы жамылғы асыл тастармен әшекейленіп, өмілдірігі зүбәржатпен сәнделген, жүгені інжумен безелген, аттың мойнынан асылтас шашақтары төгіліп тұр.

Олардың соңынан бас молда Ахунд Сәмед, сардар Заман хан, уәзір Мырза Мохсұн, қазынашы Мырза Йахия, Мәулана Жамәләддин, бас жұлдызшы Мырза Сәдреддин, қадірменді дін ғұламалары, даңқы жер жарған сеидтер, текті ақсүйектер, игі жақсылар, билік адамдары мен шах сарайының басқа да өкілдері адымдарын жазды. Қаймақтай кілкіген қауымнан

кейін жаяу және атты әскери қосындар сап түзеді. Салтанатты шеру баяу, паңдана қозғалып, Жүсіп ерші шеберханасының алдына тоқтады.

Бас молда Ахунд Сәмед пен сардар Заман хан ілгері шығып, Жүсіпке иіліп тағзым етті. Жүсіп орнынан тұрды да, ештеңені түсінбеген қалпы, өздеріне сол ишарамен жауап берді.

Бас молда бірінші болып сөз алды:

– Тағдырдың бұйрығымен сен, Жүсіп ерші, бүгіннен бастап біздің билеушіміз боласың. Қазіргі уақытта Иран мемлекетінің тағы Шах Аббастан босады. Бізді бақытқа бөлеп, қуанта бергейсің! Сені шах тағына отырғызу рәсімі өтетін сарайға жүр.

Естігені есінен тандырған Жүсіп ерші бұл жағдайдың сырын ұға алмады. Оның қарсы алдында жоғары биліктің күллі өкілі тұрды. Әлгі сөздерді басқа біреу емес, Ирандағы ең ықпалды адамдардың бірі саналатын бас молданың өзі айтты. Алайда болып жатқан істің ғажаптығы әрі төтендігі соншалық, Жүсіп көзінің көргеніне, құлағының естігеніне сене қоймады. Ақыры бойы мен ойын жинақтап, бас молдаға былай деп жауап қайырды:

– Мерейі үстем молда! Мен сіздің Ирандағы ең бір ақылды және ықпалды адамдар қатарында екендігіңізді білемін, бірақ осы жолы...бірдеңе дей алар емеспін... есіңізден алжасқан жоқпысыз, көкнәр тартпап па едіңіз...маған мағынасыз сөздер айтуыңызға қарағанда? Мен – таққа отыру ойына кіріп-шықпайтын қарапайым еңбек адамымын, шах пен менің арамыз – құлама құз. Жаратқанның атымен ант етейін, сіздің

осы есірік сөздеріңіз нені меңзейтінін түсінбедім. Мені тыныш қояды және мазақ етпеуді құлдық ұра өтінемін.

Сонда ортаға сардар Заман хан сөзбен килікті.

– Сен, Жүсіп ерші, – деді ол, – нақ осы сәтте әлемнің құбыласысың, ал біз сенің құлыңбыз, сенің бақыт жайлаған сарайыңның байлаулы төбеттеріміз. Сенің тарапыңнан бізге жалынышты өтініш айту мүлде қисынсыз. Сен бізге әмір бере аласың. Біздің ешқайсымыз есімізден айырылған жоқпыз, көкнәр тартпағанбыз, ақылымыз бүтін және санамыз айқын. Бірақ Жаратқанның дегені болады. Сен бүгіннен бастап бүкіл Иранның билеушісі боласың. Сондықтан өтініш жасау бақытына ие болған бас молда айтпақшы, сарайға жүр, тәж кигізу салтанаты кешіктірілмеуі тиіс.

Осыдан кейін ол сарай маңының жақында тұрған төрт қызметшісіне қарата бұйрық берді:

– Шахтың киімдерін әкеліндер және әлемнің құбыласын киіндіріңдер!

Шахтың киімдері салынған табақты қолдарына ұстаған қызметшілер Жүсіп ершінің шеберханасына бас сұқты. Табақты жерге қойып, іске кірісті. Қарсыласқаннан пайда жоқ еді, Жүсіп ерші қызметшілердің айтқанына көне берді. Олар Жүсіптің ескі-құсқы жамауы бар тозығын шешті де, билеушінің көздің жауын алатын сәнді киімін кигізді. Ізінше бас ат бағушы алтынмен апталған, асыл тастармен көмкерілген жамылғысы бар сәйгүлікті көлденең тартты. Жүсіп ершіні атқа мінгізді. Сөйтіп, салтанатты шеру бұрынғы қалпынша қайтадан шах сарайына бет

түзеді. Көше бойында белсенді шах күзетшілерінің “Былай тұр! Аулақ кет!” деп саңқылдаған бұйрықшыл дауыстары естіліп жатты.

Қәзуиннің еңкейген баладан еңбектеген кәріге дейін тұрғындары, әйелдер мен еркектер терезенің ернеуіне жабысып немесе үйлердің төбесіне шығып, салтанатты шеруге таңдана қарады. Бірақ істің анығын білген ешкім жоқ, жұрттың бәрі дағдарыста болатын.

Шах сарайының алдында қызметшілер Жүсіпершіні аттан түсіріп алды. Бас молда мен Заман хан сардар оны қолтығынан демеп, тақ жайғасқан залға алып кірді. Барлық рәсім талаптарын сақтап, шах тағына отырғызды. Бүкіл игі жақсылар, ғалымдар, сеидтар, жоғары лауазымды адамдар мен тамаша сарайдың басқа да қызметкерлері оның алдында қолдарын кеудесіне қойып, бастарын төмен иіп, салтанатты сәтті күтіп тұрды.

Дұға оқыған соң, бас молда Жүсіп ершінің басына шахтың тәжін кигізді, беліне алдаспан байлады, гәуһартаспен әдіптелген қолжеңін бекітті, қолына асатаяқ ұстатты. Мұнан кейін тағы бір дұға оқып, жиналғандарға қарата шахты салтанатты түрде құттықтау туралы ұсыныс айтты.

“Даңқы жасасын” деген бір демнен шыққан, үздіксіз дауыстар сарай күмбезінің астын тебіrentіп, барлық түкпірде жаңғырыға естіліп жатты. Салтанатты әнұран сазы тартылды, әуеге отшашу атылды, қала сыртынан жүз он зеңбіректің гүрсілі естілді.

Сағди мен Хафизден кейін парсы поэзиясы құлдырауға ұшырағанына және шайырлардың

шығармалары бос та мағынасыз сөз тіркестеріне айналғанына қарамастан, бұл салтанатты күні Жүсіп шахтың Иран тағына отыруын әсірелей, әспеттей жырлаған бірнеше ақын табылды. Бұл мадақ өлеңдерде жаңа шахтың айрықша қасиеттері сөз болды, данышпандығы Сүлейменге, жомарттығы Хатемге, қаһармандығы Рүстемге теңгерілді, ал қуаты табиғат пен тағдыр күштеріне барабарлығы айтылды. Ол таққа отырған жыл келесі екі жолда бейнеленді:

Біздің Жүсіп жай патша емес келбетті,

Иран шахы ед, елді бақпен тербетті.

Тәж кигізу рәсімінен соң бас молда барлық жиналғандардың бара берулерін өтінді, сөйтіп сарай маңындағылар дереу шығып кетті. Әшекейлі залда Жүсіп шахтың өзі, оның алдында бастарын иген күйде Мүбәрәк азбанқұл бірнеше әтеппен, аға қызметші Әзімбек қарамағындағы малайлармен қалды; сарай алдындағы аулада шах күзетінің адамдары тұрды.

Өзін ғажайыптар дүниесіне тап болғандай сезінген Жүсіп шах әлденеше минут терең ойдың құшағына берілді. Содан соң Мүбәрәк азбанқұлға қарап:

– Сендер кімсіңдер? – деп сұрады.

– Біз – сіздің бағынышты құлдарыңызбыз, – деп жауап қайтарды Мүбәрәк азбанқұл, – шах һәрәмханасының әтектері; мен әтектерді басқарамын, мыналар- менің көмекшілерім.

Мұнан кейін Жүсіп шах қызметшілерге қарап:

– Ал сендер кімсіңдер? – деді.

Бас қызметші Әзімбек:

– Біз – сіздің ұлылығыңыздың дәрменсіздіктен жалбарынушы малайларымыз; мен оларды басқарамын, бұлар – менің қарамағымдағылар.

Одан әрі Жүсіп шах:

– Ал аулада тұрғандар кімдер? – деп сұрады.

– Олар сарай маңының күзетшілері, – деп жауап қайтарды Әзімбек, – Әрқашан шахтың бұйрықтарын орындауға әзір тұрады.

Жүсіп шах әмір етті:

– Барлықтарың бұл арадан шығып кетіндер, тек Мүбәрәк азбанқұл қалсын.

Бәрі шығып кеткен кезде шах Мүбәрәкті жанына шақырып алып:

– Түсі игіден түңілме деген, сенің жақсы адам екенінді көріп тұрмын, – деді ол, – Құдай үшін айта қойшы, осының бәрін немен түсіндіруге болады? Ұдайы һәрәмханада тірлік кеше жүріп, сенің бұл оқиғаның сырын білмеуің мүмкін емес.

Мүбәрәк азбанқұл расымен де ақкөңіл және шыншыл адам болатын. Әлем құбыласынан шындықты жасырғанды дұрыс көрмей, ол барлығын айтып беруді ұйғарды. Мүбәрәк азбанқұл әркез шақырған кезде тез үлгеру үшін Шах Аббас бөлмесі есігінің артында күтіп тұратын. Сондықтан билеушінің бүкіл құпиясын білетін. Ол кешегі күннің оқиғасынан да жақсы хабардар еді, жоғарғы кеңес мәслихатында айтылғанды түгел естіген. Сөйтіп, Жүсіп шахқа болған оқиға туралы бастан-аяқ баяндап берді.

– Шах Аббас қайда? – деп сұрады Жүсіп шах.

– Қарапайым адамша киініп, көзден таса болды, қайда жүргенін ешкім білмейді, – деді Мүбәрәк азбанқұл.

Жүсіп шах ақылды кісі болатын. Жұлдыздардан ешқашан қорыққан емес, бірақ өміріндегі күтпеген өзгеріс оны қобалжытты және үрейін оятты. Бірақ сарай маңының игі жақсылары мен ақсүйектер таққа отырғызған соң, ол өз міндеткерлігінен босанудың амалын таппады. Осылайша, тосын жағдайға душар болған Жүсіп шах Иранның мемлекеттік істерін жүргізуді мойнына алды.

Ең алдымен ол өзіне күзет бастығы Асадбекті шақырып алып, қатал бұйырды:

– Жаныңа он екі сарбаз ертіп, дереу шәһарға аттан, бас молда Ахунд Сәмедті, сардар Заман ханды, уәзір мырза Мохсұнды, қазынашы мырза Йахияны, бас жұлдызшы Мырза Сәдреддинді, Мәулана Жамәләддинді қамауға ал және барлығын Арика зынданына таста. Бұйрықты орындаған соң маған келіп мәлімде.

Асадбек шахқа тағзым ишарасын жасап, шығып кетті.

Мұнан кейін Жүсіп шах бас қызметші Әзімбекті шақырып алып, бұйрық берді:

– Мен бүгін нәр татқан жоқпын, маған кешкі ас әзірлеуге әмір ет!

Бас қызметші аспаздарға тиісті өкім беріліп, олар кешкі асты әзірлеуге кірісіп кеткендігін баяндады.

Шах енді сарайдың ішін, һәрәмхана бөлмелерін және өзінің жатын жайын аралап көруге ықылас байқатты.

Бас қызметші Әзімбек пен Мүбәрәк азбанқұл алдыға түсіп, оған ішкі бөлмелердің залдарын көрсетті. Бірінші залда қымбат өрнекті кілемдер төселіпті. Қабырғаларда және төбеде құстар, өсімдіктер мен шөптер бейнеленген. Тағы да қымбат кілемдер төселген екінші залда Сефевилер әулетінің бұрынғы шахтарының, қайсыбір өнер саласында қабілетін байқатқан шахзадалардың суреттері көз тартады. Үшінші залда басқа әулеттердің атақты патшаларының суреттері салынған. Төртінші залдың қабырғасында ежелгі иран жауынгерлерінің мүйізді және құйрықты мазандаран дәулерімен «Шахнамә» кітабында жырланған шайқастары бедерленген. Келесі залдың қабырғалары Сефевилер әулетінен шыққан Шах Ысмайылдың басқа халықтарға жасаған жорықтары мен жүргізген соғыстары туралы мәлімет береді. Һәрәмхананың барлық бөлмелерінің қабырғалары жігіттер мен бойжеткендердің бейнелерімен әшекейленген. Жігіттер бойжеткендерге гүл шоқтарын тарту етсе, аналар өз кезегінде шарап толтыра құйылған алтын зеренді ұсынып тұр. Һәрәмхананың әр бөлмесінде сәнді төсек қойылған.

Жүсіп шах Һәрәмхананың бір бөлмесін өзіне жатын жай етіп таңдады. Содан соң Мүбәрәк азбанқұлдан Һәрәмханада бұрын тұрған сұлулардың сәнді киімдері мен әшекей бұйымдары қайда сақталатындығын сұрады. Мүбәрәк азбанқұл шах қатындарының киімдері мен әшекейлері арнайы бөлмеде сақталатындығын, бірақ оны есігі жабық екендігін, ал қойманың кілті сандықшы Аға Ғасанда болатындығын айтты.

Сандықшы тез арада шақырылып, қойманың есігін ашып берді. Үлкен бөлменің барлық төрт қабырғасына көлемі әр түрлі сандықтар тақай қойылыпты. Жүсіп шахқа әйелдердің неше алуан қымбат киімдері, бағалы кашмир орамалдары, жұқа жібек маталар, құнды паршадан тігілген көйлектер, асыл тастармен көмкерілген зергерлік алтын бұйымдар мен айшықтар, гәуһар сырғалар, баға жетпес жүзіктер, інжу алқалар мен басқа да көптеген қазыналы заттар көрсетілді.

Жүсіп шахтың үш қызы мен екі ұлы бар еді. Үлкен қызы он төртті толтырған, ал одан кейінгі екеуі тиісінше он екі және сегіз жаста болатын. Ұлының үлкені алтыға, кішісі төртке келген. Әр қызына ол алтын бұйым, жүзік, алқа, сырға, жұқа орамал және әдемі көйлек таңдады. Әйеліне де сондай орамал мен көйлек алды. Мүбәрәк азбанқұлға осы заттарды Қәзуиннің екінші көшесіндегі үйіне апарып, әйеліне тапсыруға әмір етті. Сондай-ақ ол әйелінің өзінің тағдырына алаңдамауын және ертеңіне ұлын осы араға жіберуі қажеттігін бұйырды. Мүбәрәк азбанқұлдың жанына сыйлықты алып жүру тапсырылған екі күзетші бекітілді.

Күн ұясына қонуға беттеген. Бас қызметшінің сыпайы шақыруымен шах бірінші залға қайтып оралды. Мұнда алтын шамдалдарда шырақтар жандырылыпты және шахтың тамақтануы үшін дастарқан жайылыпты. Ғұсыл алып, ақшам намазын оқыған соң, шах ас ішуге отырды. Қызметшілер әр түрлі тағамдарды әкеліп жатты. Шах ішіп-жеп, тойды. Дастарқан жиылды. Шахқа құмыра мен табақ әкеліп, қолын жуғызды. Кофе берілді, одан кейін хор-хор әкелініп, шах оны тарта бастады.

Осы мезгілде сарай күзетінің бастығы Асадбек ішке кіріп, оның бұйрығы орындалғанын мәлімдеді. Шах ризашылығын білдіріп, оны шығарып салды. Ізінше Мүбәрәк азбанқұл келіп, жіберілген заттардың көздеген жерге жеткізілгендігін баяндады. Шахтың әйелі мен қыздары жолданған сыйды көріп, естерінен танып қала жаздады. Олар тек алаңсыздыққа бой алдырып қана қоймай, күтпеген бақытқа мейлінше шат еді және қуаныштан төбелері көкке тиген.

Шах Мүбәрәк азбанқұлдан және күзет бастығынан өзін қызықтырған тағы да басқа мәселелер жөнінде сұрастырып, қас қарая ұйықтайтын бөлмесіне барды. Төсек салынып тұрды. Ол күзет бастығына қарауылды бұрынғы тәртіп бойынша қоюды бұйырып, төсегіне жайғасты да, көп ұзамай ұйқыға кірісті. Бас қызметші мен Мүбәрәк азбанқұл шахпен қоштасып, әрқайсысы өз бөлмесіне кетті.

Келесі күні Жүсіп шах өзінің қандыкөйлек сенімді достары Молда Рамазанды, Құрбанбекті, Мырза Жәлелді және Мырза Зәкиді қабылдауына шақырды. Олар келген соң, бас молданың қызметін Молда Рамазанға берді; Құрбанбекті сардар етіп тағайындап, хан атағын қоса сыйлады; Мырза Жәлелді уәзірлікке қойды, Мырза Зәкиді бас қазынашы қылды; ал бас жұлдызшының мәнсабы халық пен мемлекетке зиянды деп табылып жойылды.

Шах барлық аймақтардың билеушілеріне бір қатаң жарлық жіберуге бұйрық берді, соған сәйкес – олар халықтан дұрыс емес және заңда көрсетілмеген салықтарды жинамауы, байшыкештер өздерінің жеке

пайдасы мен құлқынын тойдыру мақсатында бейбіт жұрттан әділетсіз төлем талап етпеуі, өлім жазасына кеспеуі, көзін ағызып тастау, құлағы мен мұрнын кесу секілді қорлау мен азаптауға жол бермеуі тиіс. Шах барлық аймаққа сенімді қадағалаушы бастықтарды тағайындады. Оларға әр аймақтың жай-күйі, халықтың мұң-мұқтажы туралы дәлме-дәл дерек жинау және бұлардың бәрі жөнінде жеке өз құзырына баяндау жүктелді.

Шах бұл жаңадан тағайындалған қадағалаушы бастықтарды сарайға шақырып алып, мынадай бағдар беретін сөз сөйледі:

– Менің атымнан аймақ билеушілеріне айтыңдар: құдайдан қорықсын, әділдікпен соттасын, халықты паракорлықпен және заңсыз алым-салықпен тозғындатпасын. Мұндай әрекеттер ертеңгі күні өз бақытсыздықтарының, тіпті ажалының себебі болатындығын естерінде мықтап сақтасын. Олар өздері де талай рет заңсыз түрде ақша тапқандардың ақырында сұмдық жоқшылыққа ұшырап, тіпті бастары шабылғандарының куәсі болған. Ирандағы бірде-бір әулет әділетсіз алым-салық және тонау жолымен тапқан байлығын сақтай алмаған. Дамағандық Жапар ханның ас та төк байлығы қайда? Сәлім хан Қарагөзлының қазынасы ше? Шираздық Мырза Нағидың дүние-мүлкі қай жақта? Мемлекеттік қызметте дүние жинаған шенді қызметкердің әрбірін иран билеушілері әр түрлі себеппен жауапкершілікке тартып, олардың күшпен тапқан мүлкін қайтарып алған, ал өздерін өлім жазасына кескен немесе қайыршылықта бишара тірлік

кешетін күйге итермелеген. Аймақ билеушілері бұл тұрғыдан алғанда қан сорып тырсиған сүлікке ұқсайды; оларды денеден жұлып алғанда, барынан айырылады; сүліктердің көбі өледі, ал кейбірі әлжуазданып, әлсіреп қалады. Егер билеушілер ашкөздіктен тыйылса және өздеріне заңды берілетін жалақыны қанағат тұтса, халықтың сүйкімдісіне айналады, мансабы өседі, жағдайы тәуір болады және жақсы аты жайылады.

Мұнан соң ол қадағалаушыларды шығарып салды.

Шахтың өкімімен сарайдың жұмсайтын шығыны азайтылды.

Ол байланыс жолдарын көркейтуге ерекше мән берді; барлық жолдарды жөндеп, көпірлерді қалпына келтіруді; шәһарлар мен үлкен қоныстардың арасында аялдайтын бекеттер мен тоқтайтын үйлер салуды; әр аймақта мектеп пен аурухана ашуды; ылғал тапшылығы бар жерлерде арық қазып, су келтіруді; жесірлерге, жетімдерге, мүгедектерге, соқырларға көмек көрсетуді тапсырды.

Жүсіп шах іссіз бос сандалып жүрген әркімдердің дінбасылар қатарына енуіне тыйым салды; ал діни атақ алғысы келетіндер бас молданың айрықша рұқсатын сұрайтын болды; бұған қоса, Жүсіп шах барлық жердегі дін қызметкерлерінің саны жамағаттың мұқтажы мен сұранысына сәйкес келуі керектігі жөнінде қаулы шығарды. Дінбасыларын ұстап тұру үшін ол мемлекет қазынасынан белгілі бір мөлшерде қаржы бөлдірді; осы арқылы дінбасыларын мемлекетке тәуелді етті және жалақыға өмір сүретін шенді қызметкерлерді қансорғыштар деп атайтын молдалардың аузын жапты.

Дін ғұламаларын мемлекеттік биліктің құзырына қарайтын сот істерін жүргізуден шеттетіп, оларды айрықша үкімет соттарына берді. Бұл өкімі арқылы ол халықтың сот шешімдерінде дінбасыларына тәуелділік сезімінде болмай, мемлекеттік органдарға жүгінуіне жол ашты.

Ол сондай-ақ халықтың ең кедей бөлігіне арналған қайырымдылықтан және басқа көздерден түсетін қаржыларды шәһардың ең адал деген төрт адамының қарауына тапсырды; олар ақшаны әр кедейдің мұқтажына қарай беруі және жұмсалған қаржы жөнінде жыл сайын мемлекеттік кеңсеге есеп өткізуі керек болды; осы арқылы ол барлық кіріптар адамдардың арасында ақшаны теңдей бөлуге қол жеткізгісі келді.

Дінбасылары мен пайғамбар ұрпақтары – сеидтердің жағдайын жасау үшін бөлінетін кірістің бестен бір бөлігін беру тоқтатылды. Бұл пайғамбардың (оған Алланың нұры жаусын) ұрпақтары тіленшілікке салынбай, басқа адамдар сияқты, адал еңбекпен айналыссын деген тілекпен жасалды. Беделді дін ғұламалары қасиетті кітаптан сәйкес қағидаларды тауып алды, солардың негізінде бұл салық жойылды.

Шах барлық аймақтарға бұдан былай бірде-бір адам оның өзіне, жоғары билік тұтқасын ұстағандарға, өзге де басшыларға тарту жасаушы болмасын, сондай-ақ мансапқа пара мен сыйлық арқылы жетпесін деген жарлығын шашты; өйткені мансап өзінің адалдығын дәлелдеген және мемлекеттік қызметке бейімдігін байқатқан кісілерге ұсынылуы тиіс делінді.

Аймақтардың кірісі мемлекет қазынасына түсуі қажет және жер-жерлердегі сенімді адамдардың қол астында сақталуы ләзім. Мемлекеттің алдын-ала ресми түрде белгіленген шығыстары әр аймақтың сұранысына қарай ортақ қазынадан жеке-жеке жұмсалуды тиіс және бұл ретте халықтың қалтасына түсуге мүлде болмайды.

Мемлекет кірісін көбейту үшін Жүсіп шах барлық сословиеден, оның ішінде дінбасылардан да, алым өндіруге бұйырды; шахзадалар, хандар, бектер, саудагерлер, молдалар, сеидтер және басқа азаматтар қазынаға табысының оннан бір бөлігін, ауылдық жерде тұратындар жиырмадан бір бөлігін құюы тиіс.

Әскерилер мен мемлекеттік қызметшілерге жалақы төлеуді еш уақытта кешіктірмеу жөнінде өкім шығарылды; себебі бұл құбылыс мемлекеттік биліктің абыройын құлдыратады; жалақы бір күн де кешіктірілместен аймақтар мен өңірлердің жергілікті қазынасынан берілуі тиіс.

Мүлікті сатып алу мен сатудың белгіленген тәртібі бекітілді; бұл саладағы келісімдерден арнайы алым жиналды.

Кепілдіктер жойылды, өйткені ақшасы көптер осыны пайдаланып, кедейлерді қыспаққа алды; оларды өз мүлкін арзан бағамен кепілдікке қоюға мәжбүрледі, сөйтіп төлем уақыты жеткенше кепілдікке қоюшылардың өз дүниесін сатып алуға шамасы жетпейді деп үміттенді.

Жүсіп шахқа бас ат бағушының қазынаға тиесілі жылқыларды жаздығүні тау жайылымына шығарған

кезде жергілікті жұртты зәбірлейтіні және тонайтыны; зеңбірекшілер бастығының қарамағандылардың жалақысын өзіне алып, оларға соқыр бақыр ұстатпайтыны; мемлекеттік қазынаның басшысы өз қызметін пайдаланып, ел ішіне жасанды ақшалар тарататыны; Қәзуиннің тәртіп қызметі бастығының пара алатындығы; алым-салық жинаушылардың байларға жұмсақ қарап, жарлы-жақыбай халыққа тізе батыратындығы; көшебасылардың тазалықты қадағаламайтындығы... белгілі болды.

Шахтың арнайы өкімімен аталған барлық қызметкерлер жұмыстарынан қуылып, олардың орнына шахқа өзінің мүлтіксіз тіршілігімен мәлім – адал және таза адамдар тағайындалды.

Қапасқа тасталған бас молда Ахунд Сәмед өзінің орнына қарсыласы әрі жауы Молда Рамазан тағайындалғанын абақты бастығынан естіген кезде, күйікке шыдамай, жүрегі жарылып өлді.

Шах Қәзуиннің көшелерін кеңейтіп, жүргіншілер байқаусызда мертігіп қалмас үшін олардың ой-шұңқырларын тегістеуді тапсырды.

Жоғары үкімет басшыларының арызқойлар мен шағымшыларды қабылдау тәртібі бекітілді.

Шахтың ерекше өкімімен Қәзуиннің қуаңшылықтың салдарынан мұқтаждыққа душар болған ең кедей тұрғындарына мемлекеттік астық қоймасынан бидай таратылды.

Халықты сумен қамтамасыз ету үшін тәжірибелі жер мамандары мен білгір адамдардан арнайы кеңес құрылды; оған ұлы мәртебелінің қарауына ұсыну үшін Қәзуинге су тартудың жоспарын жасау тапсырылды.

Осы уақытта Парсы шығанағынан алыс емес бір жерде голландтар тұрып жатты. Баяндап отырған күндері Иран үкіметімен сауда-саттық жөнінде келісімшарт жасасу үшін олардың елшісі нөкерлерімен бірге келді. Жүсіп шахтың қабылдауында болды.

Келісімшартқа қол қойған соң, шахтың жомарттықпен жасаған сый-сияпатына бөленген шетелдік меймандар Иран билеушісінің ақ жарқындығына, ақылына, сұңғылалығына және маңғаздығына қайран қалған күйі кетті.

Жүсіп шахтың таққа отырғанынан бері бір апта өтті. Иран халқы оның әр күні жаңа бір жарылқауға кенелді. Иранның тіршілігінде гүлдену кезеңі басталды, бақыт пен молшылық күндері келді. Бірақ, белгілі бір нәрсе мынау: адам баласы ешқашан өзіне шын мәнінде қымбат және пайдалы нәрсені бағалай білмейді. Мәселен, біздің тұңғыш бабамыз Адам мен алғашқы анамыз Хауаға жұмақта не жетпеді? Олар құдайдың тыйымын бұзды, сол үшін жәннаттан қуылды. Адам жаратылысы деген осы!

Қәзуин тұрғындары бөлшектене шабылған, шәһар қақпасында асылып тұратын адам мәйіттерін көрмейтін болды; олар Шах алаңында жендеттердің адамдарды жазаға тартып, дарға асқаны, көздерін ойғаны, мұрындары мен құлақтарын кескені секілді көріністерді бақыламайтын шаққа жетті – бірақ бұл оларға күдікті әрі түсініксіз нәрсе сияқтанатын.

Әуелгі кезде:

– Жаңа шах, шамасы, мейірімді және кешірімді адам болса керек! – деді.

Содан соң ол шын мәнінде мейірімді және кешірімді ме, жоқ әлде – бұл оның жігерінің әлсіздігін, мінезінің күйректігін көрсете ме? Ақырында оның бойынан көптеген басқа да кемшіліктерді таба бастады. Қысқасы, ақылды да адам сүйгіш шахтың қол астындағы бейбіт өмір қәзуиндіктерге мейлінше бірсарынды әрі іш пыстырарлық көріне бастады.

Қызметтерінен қуылған бұрынғы билік басының өкілдері зеріккен тобырдың көңіл-күйін түсініп, әрине, қолайлы сәтті өз пайдасына жаратып қалуға тырысты. Олардың әрқайсысы Жүсіп шахтың беделін түсіріп, оған қарсы көтеріліс жасаудың жоспарын іштей пісіріп, ойластыра бастады.

Көп ұзамай Қәзуинде үлкен көтерілістің оты тұтанды.

Оның бастаушысы жаңа шах жұмыстан қуған бас ат бағушы болды. Істен шеттетілген сандықшымен бір күні кездесіп қалып, бас ат бағушы оған:

– Алланың разылығы үшін айтшы, Мырза Хабиб, Қәзуиннің тұрғындары жаңа шах туралы не дейді?

– Қәзуиндіктер жаңа шахты жек көреді, оны делқұлы және сандалбай, – дейді.

– Алланың атымен ант етемін, Мырза Хабиб, қарапайым халық бізге қарағанда әлдеқайда ақылды. Алланың разылығы үшін айтшы, біз қалайша билеушінің тағына қайдағы бір надан ершіні өз еркімізбен тандап, зор қателік жіберіп алдық?! Сау басымызға сақина тілеген өзіміз ғой. Біздің таққа деген адалдығымызға, билеушіге шын көңілден және риясыз қызмет еткенімізге қарамастан, ол бізді жұмыстан

куды; біздің абыройымызды төккені соншалық, күллі Қәзуин аймағының кез келген бұралқы иті бізден гөрі сыйлырақ. Жаратушының атымен ант етемін, біз жер жүзінің алдында өзімізді өзіміз масқара еттік.

– Оны шах етіп сайлаған біз бе едік? Бұл Шах Аббастың қалауы болды ғой! Оның айтқанына бас изегеннен басқа, біз не істей алар едік?

– Жарайды. Бірақ Шах Аббас сол кезде біздің билеушіміз болды да, оның қалауы біз үшін бұлжымас заң еді. Ал енді, Шах Аббас жоқ уақытта, мына жексұрынды, оның үстіне, қауесетке құлақ түрсек, адамдардың жаны көшпелі дегенге сенетін қарғыс атқыр күнәхарды тақтан тайдырып, көзін жоюға кім кедергі бола алады? Оны тақтан тайдырған соң, орнына асылзада Сефевилер әулетінің ең тандаулы кісісін отырғызар едік; текті тұқымнан шыққан мұндай шахқа жұрттың бәрі сөзсіз бағынады.

– Сенің айтып тұрғаның нағыз шындық, мен барлығымен келісемін, бірақ біз екеу-ақпыз ғой. Біздің қолымыздан не келеді? Мәселені кейінге қалдырмастан, тап қазір зеңбірекшілердің бұрынғы бастығына барып, соның бұл төңіректегі пікірін есітсек қайтеді? Ол да, біз секілді, жақында жұмыстан қуылған.

Сөйтіп, олар зеңбірекшілер бастығына барды. Анау бұлардың келгеніне қатты қуанды. Сөздерін мұқият тыңдап болған соң, түгелдей келісушілік танытты және Жүсіп шахқа қарсы көтеріліске қатысуға толық дайын екендігін білдірді. Бірақ атты әскердің бастығы Бағыр хан келіспейінше және қатыспайынша, шаруадан ештеңе шықпастығын жеткізді.

– Бағыр хан менің өте жақын досым, – деп сөзін жалғады зеңбірекшілер бастығы, – сондықтан мен оны төңкеріске қатысуы үшін үгіттеуге тырысамын. Оған бұл ғайыптан тайып пайда болған күнәһар Жүсіп шахтың билігінің тұсында қызметтің тұрақтылығына сенуге болмайтындығын, ерте ме, кеш пе, оның да қуылған мына біздер секілді жағдайға душар болатындығын ұғындырамын; сол себепті ол өз басына қатер төнгеннен бұрын, зұлымдықтың тамырына балта шабуға әрекет етуі тиіс. Бұл сөздердің Бағыр ханға әсер ететіндігіне сенімдімін, өйткені күні кеше ғана шах жалпы қабылдаудың үстінде оған мас күйі мешітке намаз оқуға барғандығы үшін қатаң сөгіс жариялаған. Бағыр хан осы шаруаға келісім беретін болса, сөз жоқ, жаяу әскердің бастығы Фарадж хан да бізге қосылады. Ол – Бағыр ханның немере бауыры әрі күйеу баласы, сондықтан тілегіне ешқашан қарсы тұрмайды. Тап қазір Қәзуин шәһары тәртіп қызметінің бұрынғы бастығына барып, оның келісімін және ілгеріде өзі басқарған сақшылар мен көшебасыларына ықпал ететіндігі жөнінде уәдесін алыңдар.

Мұнан кейін қастандық ойлаушының әрқайсысы өзіне жүктелген міндеткерлікті атқаруға кірісті. Арада үш-төрт күн өтпей-ақ, құпия жерде бас қосқан бүлікшілер көтеріліс бастауға толық мүмкіндік бар екендігіне көздерін жеткізді. Қастандық ойлаушылар сенбі күні, ертемен шах сарайын қоршап алып, ішкі бөлмелерге басып кіруді, сөйтіп Жүсіп шахты өлтірген соң, оның орнына Сефевилер әулетінен жаңа бір шахты отырғызуды жоспарлады.

Қастандықтың жүзеге асырылатын күні, таңертеңмен шах сарайының есіктері әлі ашыла қоймаған шақта үсті-басы мұздай қаруланған жаяу және атты бүлікшілер басты орданы қоршауға алды. Болып жатқан жайтты көрген Жүсіп шах қақпаларды ашпауға бұйрық берді.

Жаңа шах үшін көтеріліс күтпеген оқиға болды, өйткені халық арасында ықпалы бар және өзінің бітіспес қарсыластары саналатын бас молда Ахунд Сәмед, сардар Заман хан, уәзір Мырза Мохсұн, қазынашы Мырза Йахия, бас жұлдызшы мен Мәулана Жамәләддин тұтқындалғаннан кейін ол толық қауіпсіздіктемін деп ойлаған еді. Бірақ қауіп күтпеген жақтан келді және шахты абайсызда қара басты.

Көтеріліс туралы көп өтпей Жүсіп шахтың жақтастары да білді. Тез арада қаруланып, олар топ-тобымен сарайға қарай жылжыды және бүлікшілерге қарсы тұрды. Бүлікшілер бұлардың айтқан үгіттерін құлақтарына қыстырған жоқ. Соңыра шахтың достары ымыра болмасын анық сезді де, ұрысқа кірісіп кетті. Атыс басталды.

Сәт сайын шайқас үдей түсті. Соғысып жатқандардың ешқайсысы есе жібергісі келмеді, олардың әрбірі жеңіс үшін жанын қиюға әзір болды. Аз ғана атыстан соң, қарсыластар қолма-қол айқасқа кірісіп, бір-біріне жалаңаштаған қылыштарын ала ұмтылды. Қан судай ақты. Қиян-кескі шайқас үш жарым сағатқа созылды. Екі жақты қосқанда алты мыңдай адам саптан шықты.

Ақырында Жүсіп шахтың жақтастарының сапы сыр берді. Бұған шәһардың жақсылықты білмейтін

қараңғы тобырының бүлікшілер жағына қосылып кеткендігі себеп болды. Нәтижесінде Жүсіп шахтың жақтастары жеңіліске ұшырап, қаша жөнелді.

Бүлікшілер сарайға ұмтылып, есіктерін жұлып алды да, билеушінің баспаналарына ентелей кіріп, Жүсіп ханды іздей бастады. Бірақ еш жерден таппады. Ол із-түзсіз жоғалыпты. Біреулер шайқас кезінде Жүсіп шах өзінің жақтастарымен бір қатарда болып, өз өнегесімен рухтандырып оларды жүрген, сөйтіп басқалармен бірге ажал құшқан деп тұжырымдады. Келесі біреулер Жүсіп шах ұрыс уақытында болған жоқ, ә дегеннен қарасын жоғалтқан деді. Қалай болса да, Жүсіп шах жоғалып кетті; қаза тапқандардың арасынан шықпады, тірілердің қатарынан да көрінбеді.

Шахтың сарайын тонап болған соң, бүлікшілер базарға бет алып, сауда қатарлары мен керуен сарайларды тас-талқан етті; одан әрі әуелі армян, мұнан соң жөйт орамдарына баса-көктеп барып, үйлерді тонап, астан-кестеңін шығарды. Адамшылыққа жатпайтын көптеген қылықтар істеді.

Күн ұясынан шықты. Жұрттың бәрі үйлеріне қайтты. Көтеріліс бітті, бүлік тоқтады.

Келесі күні көтеріліс басшылары Арика зынданына барып, сардар Заман ханды, уәзір Мырза Мохсұнды, қазынашы Мырза Йахияны, Мәулана Жамәләддинді және бас жұлдызшыны бостандыққа шығарды.

Болған оқиғалар жөнінде баяндаған бүлікшілер олардан «Сефевилер әулетінен кімді таққа лайық деп ойлайсыздар?» деп ақыл сұрады.

Сонда Мәулана Жамәләддин бұларға:

– Алланың разылығы үшін айтыңдаршы, бүгін қай күн? – деп қарсы сұрақ қойды.

Бас ат бағушы Наурыз мейрамынан кейін тура он алты күн өткендігін айтты. Мәулана Жамәләддиннің жүрегі қуанышқа толды. Ол төнген қатер өтіп кеткендігін және күні кеше Жүсіп шахтың төбесінде жай ойнағандығын хабарлады.

– Сефевилер әулетінде таққа отырғызуға лайық ханзада қалған жоқ – олардың бірі мүгедек, бірі соқыр. Біреулерін Шах Ысмайыл көзден айырды, келесілерін Шах Аббас басыр қылды; олардың ешқайсысы ел басқара алмайды, сондықтан Шах Аббас тағына қайта мінітетіні айқын, - деді ол.

Бұған бас ат бағушы Шах Аббас секілді әділ билеушісі болғандығына барлығы да қуанышты екендіктерін айтты; оның уақытында жұрттың бәрі жақсы өмір сүрді, бірақ, өкінішке қарай, ол тақ пен тәжден өз еркімен бас тартып, із-түзсіз жоғалып кетті және қайда жүргені белгісіз деді.

Мәулана бұған күле жауап беріп, әлгі мезгілде шахтың тағы мен тәжін уақытша бере тұруына мәжбүрлеген себептің болғандығын, ал енді ондай қатердің жоқтығын, шах Аббас қайда тығылып жатқанын білетінін айтты. Қазір соңынан барып, таққа қайта оралуына өтініш жасау керек деді.

Мұнан соң барлығы дереу шах Аббас жасырынып жатқан үйге барып, оны шах сарайына салтанатты түрде алып келді. Шах Аббас тағына қайта отырып, бұрынғысынша Иранның билеушісіне айналды. Әрі қарайғы өмір Жүсіп шах деген ешқашан болмағандай жалғаса берді.

Мен жұлдыздардың аңғалдығына таң қалам: олар ирандықтардың өздерін алдағандығын, Жүсіп ершінің олардың таққа қулықпен отырғызған жалған шах екендігін қалай сезбеген. Неткен аңқау жұлдыздар! Оларды қу ирандықтар қалайша әдемі алдап соқты!

Жұлдыздар байғұс, ешқандай жазығы жоқ Жүсіп шахты бақытсыз етіп, Иранның шын билеушісі Шах Аббасты жайына қалдырды және қырық жыл бойына оның қаталдығына, жауыздығына және рақымсыздығына бей-жай қарады. Шах Аббастың адамшылықтан жұрдайлығының, қаталдығының мысалы оның өз ұлдарына істегенінен көрінеді: екеуінің көзін ағызып, үшіншісін өлтіріп тынған.

Бірақ жұлдыздарды айыптаудың да қажеті жоқ: олардың Шах Аббасқа еш өшпенділігі болған жоқ. Олар Наурыз мейрамынан кейінгі он бесінші күні Иран тағында отырған адамды құртуы тиіс болды. Ал сол күні тақта Жүсіп ерші отырды, сөйтіп аспан шырақтарының кәріне ұшырады!

Жұлдыздар ирандықтардың өздерін алдап, Иранның заңды билеушісінің орнына жалған шахты отырғызып, жапа шеккізерін болжап біле алар ма еді?

Осындай қауіпті халыққа қарсы соғыс аша жаздаған ағылшындарда да ес жоқ-ау, сірә!

САРАҢНЫҢ НЕМЕСЕ ҚАЖЫ ҚАРАНЫҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Бес перделі пьеса

Қарабах бекзадаларынан Хайдар мырза екі жылдан бері той жасап, атастырған қалыңдығы Сона ханыммен отау құра алмай жүр. Ресей билігі орнаған соң, бектер бұрынғы кіріс көздерінен айрылып, табыстан құралақан қалған. Хайдарға достары Сәфәр мырза мен Әскер мырза «Араз өзенінің арғы жағынан Тебризден заңсыз тауар тасып сатып, осылайша тапқан пайдаға той жаса» деген ұсыныс айтады. Бекзадалар сараңның сараңы, бір тиын шығынға ұшыраса, өзін өлтіре жаздайтын саудагер Қажы Қараны да бұл іске қосып алады. Олар заңсыз тауар әкеле жатып, армян старшина Оханның жасақтарына кез болады. Мақтаншақ Охан Хайдар мырзадан қорқып, қашып кетеді. Қажы Қара болса, сараңдығынан орыс жендеттерінің қолына түседі. Охан Хайдар мырзадан өшін алу үшін Уәлиат басшысына қарақшы топпен армяндарды тонады деп Хайдар мырзаны айыптайды. Уәлиат басшысы енді үйленіп, Сона ханымды үйіне кіргізген Хайдар мырзаны тұтқындау үшін барады. М.Ф. Ахундзадениң барлық комедияларындай бұл шығармасы да сәтті аяқталады. Оханның өтірігі әшкере болып, заңсыз саудамен айналысқан Хайдар мырза мен жолдастарының қылмысы жазасыз қалады.

Кейіпкерлер:

Хайдар мырза

Әскер мырза

Сәфәр мырза

Сона ханым – Хайдар мырзаға атастырылған

Тәйібә ханым – Сона ханымның шешесі

Қажы Қара – саудагер

Түкез – Қажы Қараның әйелі

Бәдел – Қажы Қараның ұлы

Кәрімелі – Қажы Қараның малайы

Құдайберді – мәзін

Охан – қарауылдардың старшинасы

Сәркіс, Қаһарман, Қарапет және тағы басқа
алты қарауыл

Мкртыч және **Туғ** егіншілері

Аракел

Шенеунік

Начальник

Халил – старшина, шенеуніктің қасында

Есаул

Бірінші перде

Жарық түн. Хайдар мырзаның ауылының шетіндегі үлкен қарағайдың түбі. Қалың киінген Сәфәр мырза қару асынып, бір тас үстінде отыр. Хайдар мырза да қару асынып алған. Дауысы жабырқаулы.

Хайдар мырза: Апырмай, бұл қандай заман өзі! Не боп кетті! Ат шаптыру мен мылтық атудың мәні мен сәні жоғалды. Таң атқаннан күн батқанға дейін,

күн батқаннан таң атқанға дейін қол-аяғың байлаулы үйде, төрт қабырға арасында отырасың. Ақша қайдан келсін, бақыт қайдан келсін? Аһ, өткен уақыт-ай, өткен замана-ай! Апта сайын, ай сайын бір керуенге тиісіп, бір армияға қоқан-лоқы көрсетуші едік. Енді істеп көр осыларды. Ештеме де жоқ: қызылбас¹¹ соғысы да, османлы соғысы да жоқ. Армияға қосылам десең, жалаңаш лезгиндермен соғысуға мәжбүрсің. Өрең дегенде бір кісіні таудан қуып шықсаң, қолыңа бір тоннан басқа не түсер? Қане, Қарабахты алтын мен күміске көмкерген қызылбас пен османлы соғыстары? Осы күнге дейін Асландүз шапқыншылығынан бірнеше үй қиналып жатыр. Әміраслан мырзаның ұрпағы күні бүгінге дейін Ахчабеди базарында аталарының османдықтардан тонаған олжасын сатып жатыр. Мен қолбасшы болған бір соғыс болса... Сонда бір батырлық көрсетсем, дастан кейіпкері Рүстемнен де асып түссем... Менің жұмысым осы. Қазір начальник шақырып, «Хайдар мырза, тыныш жүр. Қарақшылықты қой, ұрлық жасама!» дейді. «Начальник, біз бұл бұйрығыңды орындармыз. Бірақ сендер біз сияқты ата-тегі белгілі кісілерге қалай күн көру керектігін ұғындыруыңыз керек» деп айттым. Енді тыңдашы маған не дегенін: «Хайдар мырза! Егін егіп, бау-бақша сал, сауда жаса» деді. Мен бір Баназор армянымын ба оған, таң атқаннан күн батқанға дейін жер тырмалайын, немесе Лемберанлықпын ба жібек құртын бағып, немесе құмықтардай ауылда ұсақ сатушы болайын ба? «Әй, начальник, Жаваншир ешуақытта бағбан не егінші болмаған. Әкем Құрбан

¹¹ Қызылбас – сафауилер, Ирандағы шах әулеті

бұндай жұмысты істемеген. Оның ұлы Хайдар, мен де істемеймін» деп жауап қайтардым. Ашуланып, теріс айналып, кетіп қалды.

Сәфәр мырза: Бұл сөзден пайда жоқ. Кім не десе о десін: ұрланған ет жемей, ат мінбеген соң, дүние жүзін аралаудың қандай мәні бар? Таң атты ғой, Әскер мырза неге кешікті екен? Анау келе жатқан сол шығар!

Осылай отырғанда Әскер мырза келеді.

Әскер мырза: Хайдар мырза, мен де дайынмын. Барасыз ғой, бісмілда деп жолға шығайық. Неге ойланып қалғансыз?

Хайдар мырза: Кім екен, аузына ие болмаған біреу начальникке мені айтып қойыпты. Серуендеуге шығыпты. Бүгін өтіп бара жатып, мені шақырып алып:

Хайдар мырза, ұрлық жасама деді.

Сәфәр мырза: Яғни, құса боп, өл демекші ғой!

Хайдар мырза: Әрине, бар айтары сол ғой! Бүкіл Қарабахтың ұсақ малын ұрлаған бір Хайдар мырза екен! Егер де ол бұл ісін қойса, халық тынышталатындай. Ұсақ малдың өзін ұрлау қиын. Енді не істерімді білмей жүрмін. Қызды алып қашсам, әке-шешесі шағымданар, тағы да қашқын аталамын.

Әскер мырза: Хайдар мырза, сол қызды ата-анасы саған бермеді ме, Қарабах түгел білмей ме осыны. Алып қашудың не қажеті бар?

Хайдар мырза: Себебі былай: ақша тауып, шығынын көтеріп той жасай алмай жүрмін. Сондықтан, Сәфәр мырза алып қаш, тойдың шығынынан құтыласың

дейді. Бұл мен үшін өлімнен бетер болады. Сонда ел-жұрт: «Құрбан мырзаның ұлы қаражат таба алмай, той өткізбепті, атастырған қалыңдығын алып қашыпты» демей ме. Ал Сәфәр мырза болса «қорқып, сылтауратып отырсың» дейді. Мен де ашуланып, маған серік боларсың деп сені шақыртып алдым.

Сәфәр мырза: Мен үшін бәрібір. Екі жылдан бері атастырған қалыңдығымды той жасап, ала алмай жүрмін деп, аһілеп-уһілеп жүрген өзің. Мен де қаласа, барып алып қашайық дедім. Енді өзің білесің!

Әскер мырза: Хайдар мырза, бұл ниетінді таста. Маған он күн уақыт бер. Мен саған керек қаражатты тауып берейін. Әдемі той жасап, қалыңдығыңды алып келерсің.

Хайдар мырза: Тойдың ақшасын қайдан табасың?

Әскер мырза: Он бес күн ішінде Тебризге барып, қайтып келеміз. Тауар алып келіп, сатамыз да, соның ақшасымен той жасаймыз.

Хайдар мырза: Айтқандарың көңілге қонымды, оқығаның Құран болса, Тебризде бекер зат беріп жатса, неге барып алып келмеске?

Әскер мырза: Қазір тегін деген бар ма? Ақшаға сатып аламыз.

Хайдар мырза: Не деп тұрсың? Ақшаны қайдан табамын?

Әскер мырза: Менде де ақша бар деймісің? Менің айтайын дегенім Ахчабедилік Қажы Қара деген бай саудагерден ақша алып, тауар әкеліп сатайық. Ақшасын қайтарып береміз де, тапқанымыз өзімізде қалады.

Хайдар мырза: Қажы Қара өте сараң ғой. Ол кісіге ақша бермейді.

Әскер мырза: Мен оны алдап, өзімізге серіктес етіп аламын. Дүниеқор адам ғой, берер бізге ақша, өзі де барады бізбен, көресің.

Хайдар мырза: Жақсы, тәуекел, барсақ барып келейік. Бірақ алдымен қызбен кездесіп, жағдайды түсіндіріп алайын, бүгін түнде келемін деп уәде беріп қойып едім.

Әскер мырза мен Сәфәр мырза: Жақсы, жақсы.

Хайдар мырза: Қазір сендер бара беріңдер, мен кейін келемін. Кездесіп, Қажы Қараның қасына бірге барайық.

Әскер мырза мен Сәфәр мырза: Ал, жақсы. Біз кеттік. Таңертең ерте кел.

(Олар кетіп қалады)

Сол кезде перде өзгереді. Алыстан бір қос көрінеді. Қостан он қадамдық жерде Сона ханым әдемі киімдерін киіп алған, жібек орамалы басында, ары жаққа бір, бері жаққа бір қарап отыр.

Сона ханым: Уа, жаратушы ием, көріп тұрсын ғой. Тағы не боп қалды? Түн ортасынан өтті. Әлі көрінбейді. Қазір таң қылаң беріп ағара бастайды, не істеймін енді мен? Тағы біраз күтейін, келмесе басқа амал жоқ, қосқа қайтармын.

(Тұрып, оңы мен солына қарайды)

Келмейтін сияқты! Кім білсін, бір жындыға кезігіп, жылқы ұрлығына кетті ме екен? Әйтпесе осы уақытқа

дейін келіп қалушы еді. Осы жолы егер біліп қойса, тағы қашқын боп жүріп, менің күнімді қарайтады ғой. Тағы мен екі жыл бойы үйде қамалып отырамын. Құдай ақы, енді күтпеспін оны. Басқаға тиемін. Әкемнің үйінде менің шашымды ағартпақшы ғой. (Жерге отыра қалып) Түһ, ойымның неше саққа жүгіруін. Кетпеген шығар. Сені алғанға дейін ешқандай ұрлық жасамаймын деп ант-су ішіп еді. Кешігуінің басқа бір себебі бар шығар. Тәп қазір мына бұтаның артынан мен басқаға тиемін дегенді есітсе, сене ме екен? Әрине, сенбейді, менің өтірік айтып тұрғанымды біледі. Аузыма келгенді айтып тұрмын өзім. Біреу келе жатқан сияқты.

(Осы сәтте бұталардың артынан салт атты Хайдар мырза шыға келеді, аттан түседі)

Хайдар мырза: Сона ханым!

Сона ханым: Хайдар, сенсің бе?

Хайдар мырза: Менмін!

Сона ханым: Жалғызсың ба? Жолдастарың қайда?

Хайдар мырза: Ешкім жоқ, жалғыз келдім.

Сона ханым: Не айтып тұрсың? Жалғыз келдім дегені несі? Әкем де, інілерім де қоста жатыр, кешіктің ғой, қазір таң атады, мені қостан таба алмай артымнан іздеп шықпай ма? Мені сенің қолыңнан алып кетеді. Содан кейін мені мүлдем көрмейтін боласың.

Хайдар мырза: Мен сені алып қашуға келмедім, қорықпа!

Сона ханым: Қалайша алып қашпайсың, не деп тұрсың өзі?

Хайдар мырза: Басқа мәселе бар, құлақ сал.

Сона ханым: Ешқандай мәселе жоқ! Атты бұр, мен кеттім! Мен қосқа қайтып бармаймын!

Хайдар мырза: Тұра тұршы, сөзімді айтып алайын!

Сона ханым: (*аттың жалын ұстан*) Тыңдамаймын. Үзеңгіге сал аяқты, сөзді жолда айтарсың.

Хайдар мырза: (*қолынан ұстан*) Әй, қыз, тыңдашы айтатынымды! Сөз таластырма!

Сона ханым: Таң атады қазір. Күтіп тұратын уақыт жоқ. Сөзіңді кейін айтарсың.

Хайдар мырза: Әй, қыз, ақша таптым. Ел-жұрт қатарлы әдемі той жасаймын. Сол үшін неге сені алып қашамын? Сені ешкім тартып алайын деп жатқан жоқ қой?

Сона ханым: Өтірік айтасың! Ақша табатын кісі осы екі жылда тауып алушы еді. Маған тойдың қажеті жоқ. Қосылып қашып кеткен мен ғана емес, күніне жүз кісі қосылып қашады. Мұның несі ұят? Жиырма қыздың біреуіне той жасалмайды.

Хайдар мырза: Жаным сол, ол қашқандардың әкешесі рұқсат бермейді, қыздың амалы таусылып, қашады. Ата-анаң сені маған өздері береді. Әй, ұятсыз, бұл істегенің не, бізді қарабет қылдың ғой деп айтпай ма кейін? Сонда мен не деп жауап қайтарамын?

Сона ханым: (*біраз ойланып барып*) Ақшаны қайдан таптың?

Хайдар мырза: Бәсе, отыршы бір жерге, тыңда, қайдан тапқанымды айтайын.

Сона ханым: (*жерге отырады*) Ал, жақсы, айт ендеше.

Хайдар мырза: Сен заңсыз тауардың қандай қымбат, қандай табыс әкелетінін білесің бе?

Сона ханым: Заңсыз тауарға қандай қатысың бар? Саудагер емессің, есеп-шотқа да жоқсың. Айтшы ал, қанша ақша таптың?

Хайдар мырза: Бір тыңдасаң нең кетер. Орыстар француз шытына тыйым салыпты, адамдар содан қорқып, әкеле алмай жатыр екен. Тек ержүректің қолынан келер іс екен.

Сона ханым: Маған қандай қатысы бар, орыстардың француз затына тыйым салуы. Жақында жергілікті шытқа да тыйым салатын шығар. Айт енді, ақшаны кімнен алдың?

Хайдар мырза: Әй, қыз-ай, тыңдасаңшы аяғына дейін сөзімді. Бұл жақтың халқы француз шытына әуес екен, оны көрсе жасылға да қарамайды екен. Әскер мырза әрі арзан, әрі әдемі, түсі де кетпейді дейді. Әйелдер осындай шытқа құмар. Орыс шытына қарамайды екен.

Сона ханым: Маған қандай қатысы бар, француз шыты ма, орыс шыты ма? Екеуі де құрып кетсін, айтатыныңды айтсаңшы енді.

Хайдар мырза: Начальниктің әйелі де, ылғи француз шытын алып киеді екен. Қажы Әзім жақында оған жиырма түмендік француз шытын сатыпты.

Сона ханым: Тозақта сатсын, қабірде сатсын! Шыт дегенді аузынан тастамайтын болды ғой. Хайдар, есің ауысып кеткеннен саумысың? Не айтып тұрсың өзі?

Хайдар мырза: Жә, болды енді, түсіндің бе, француз шытының қандай қымбат екенін?

Сона ханым: Оны қайтейін? Француз шытын алып сатып жатқан жоқпын ғой!

Хайдар мырза: Жақсы, енді дұрыстап тыңдап ал. Мен бір рет барып француз шытын әкеліп саудагерлерге берсем, екі тойдың ақшасы шығады.

Сона ханым: Жаңадан бері айтайын дегенің осы ма еді? Бәрекелді! Мен де бәсе, жігітім ақша тапты деп тұрсам. Француз тауары дегенің шөлде жатыр екен, бұл барып соны жинап-теріп алып келеді екен. Тұр, кеттік, қазір таң атады.

Хайдар мырза: Таптым ақшаны, өтірік айтып тұрған жоқпын!

Сона ханым: Ақша тапсаң, той жаса! Француз тауарына ненді төлейсің?

Хайдар мырза: Қарыз алдым деймін. Шартпен алдым ақшаны, француз затын алып келемін, түскен пайдасын екіге бөліп аламыз, әйтпесе бермейді әншейінде той десең.

Сона ханым: Мен сенің пайда тауып той жасауыңды қаламаймын, тұр кеттік. Француз тауары осыншама пайда түсірсе, неге сенімен бөліседі екен? Барып, өзі әкеліп, пайдасын өзі көрмей ме?

Хайдар мырза: Өзі саудагер кісі, мен сияқты адамдарға қосылмаса, Араздың сол жағына аяқ баса ала ма? Казактар оны түгімен жеп қояды ғой.

Сона ханым: Казактар сені де түгімен қоса жұтып қоймай ма?

Хайдар мырза: Мен ұрлық істеп жүрген кісімін. Неше түрлі айла-тәсіл білемін. Казактардың көзіне түсе қоймаспын, олар менің иісімді де сезбес.

Сона ханым: Сен ылғи ұрлыққа шыққанда айтушы едің ғой, мені ешкім көрмейді, ешкім танымайды деп. Бірақ көріп қояды, таниды. Екі жыл қашқын болып жүріп, ешкімге көрінбедің. Енді ақталып болғанда, жаңа бір кәсіп тауып алып, тағы қашасың, мені жылатып тастап кетерсің. Мен бұған көнбеймін. Тұр, кеттік, маған тойдың қажеті жоқ!

Хайдар мырза: Жарайды, тойдың керегі жоқ дейсің, бірақ нан тауып жеу керек қой.

Сона ханым: Алланың пейілі кең, ешкім аш қалмайтын шығар?

Хайдар мырза: Қалайша аш қалмаймыз? Ұрлық жасама, қарақшы болма, тауар әкелме дейсің, нанды бізге біреу әншейін бере сала ма?

Сона ханым: Таң атты! Тұр, кеттік! Мені үйіңе алып бар да, екі аптадан кейін тауарыңа бар!

Хайдар мырза: Маған рұқсат берсең, екі апта әкеңнің үйінде бола тұр, содан кейін сені той жасап алмасам, менен нақұрыс адам болмай кетсін!

Сона ханым: Қаламаймын! Қаламаймын! Мен қазір барамын! Тұр, кеттік! (*Тұрады*)

Хайдар мырза: Айналайын, аяғыңа жығылайын, жалбарынамын, екі апта шыдашы! Екі аптадан кейін, шын айтам, той жасап алып кетемін. Сені тойсыз алу мен үшін өлімнен бетер. Әке-шешеңнің алдында мені ұялтпа!

Сона ханым: Екі апта шыдау – тозақ азабынан да бетер. Шыдай алмаспын, жүр, кеттік!

Хайдар мырза: Құдай үшін, сөзімді тыңдашы!

Сона ханым: *(жылай бастайды)* Хайдар, менен суып кеткенсің бе?

Хайдар мырза: Сона ханым, жүрегімді одан әрі ауыртпа! Шыдай алмасаң, атқа мін, кеттік.

Сона ханым аяғын үзеңгіге енді сала бергенде, таң азарып, Сона ханымның шешесі Тәйибе ханым қостан шығып шақыра бастайды.

Тәйибе ханым: Сона, Сона, Сона, әй!

Сона ханым: Құдай-ай, шешем шақырып жатыр, енді кете алмаймыз *(жерге тез сытылып түседі)*.

Хайдар мырза: Әй, қыз, мен не істейін енді?

Сона ханым: Тұрма бұл жерде, кет! Шешем қазір жетіп келеді!

Хайдар мырза: Қашан келейін енді?

Сона ханым: Ешуақытта, кет, енді мені көрмессің!

Хайдар мырза: Сона, сөзіңді өзгерт, әйтпесе мына қанжарды жүрегімнің түбіне сұғып, өзімді өлтіремін!

Сона ханым: Жоқ, жоқ, құдай үшін! Бар, тауарыңа, содан кейін келіп, тойыңды істе! Кет, кет деймін, шешем сені көріп қалмасын!

Хайдар мырза: *(мойнынан құшақтап, бетінен сүйеді)* Тап қазір барамын, жаным сол, көп ойлама, қарашы, өзің де рұқсатыңды бердің.

Тәйибе ханым: Әй қыз, Сона, қайдасың? *(Хайдар мырза атына қарғып мініп, кетіп қалады)*.

Сона ханым: Анашым, мұндамын, келе жатырмын.

Тәйибе ханым: *(жақындап келіп)* Әй қыз, далада не қайырып тұрсың осыншама уақыт?

Сона ханым: Анашым, күндіз осы жерде кілем тоқып отыр едім. Түнде есіме түсіп кетті, кілем осы жерде қалған екен. Тұрып келіп қарайын, малшылар алып кетпесін деп. Кілемді көтеріп әкеле жатыр едім, кебісімнің бір жұбы аяғымнан түсіп қалды, қараңғыда іздеп таба алмай жүрмін. *(иіліп, кебісін іздеген болады)*

Тәйибе ханым: Аяғыңды түзу басып жүрмейсің бе? Қай жақта түсіріп алдың?

Сона ханым: Мына жерде түскен сияқты. *(Қолымен жер сипайды)*

Тәйибе ханым: *(жерге иіліп)* Қане, мына жерге түсті ме?

Сона ханым: Қара, таптым, мінеки! *(Кебісінің біреуін қолында ұстап тұрып)*

Тәйибе ханым: Ки енді аяғыңа, кеттік! *(Сона ханым кебісін киіп, шешесімен бірге кетеді)*

Перде жабылады.

Екінші перде

Ахчабеди ауылы. Базардың бір бұрышында құрылған дүкенде қызыл бөз, көк бөз, арзан шымт тәрізді маталар төгіліп жатыр. Қажы Қара қолында жарты аршын қайғырып отыр.

Қажы Қара: О, Алла, мұндай базардан болмағаны артық! Мұндай сауданың не керегі бар! Маған бөз

берген иттің қолы ауыр екен. Қаладан алғанымға үш ай болыпты, әкеліп бес орамын да сатпаппын, ешкім қарамайды да. Индеттен қырылғандардан қалған заттай. Ешкім келіп, жақындап қарамайды да. Бұл базарда мен бір жылға дейін бұларды сатып бітіре алмайтын шығармын. Үйім қирайтын болды ғой! Бес жүз манат ақша жұмсайсың, пайдасын да көрмейсің, бұндайды қайдан көрдіңдер? Маған шыт сатқанның үйі қирап кетсін! Бөз бергеннің есігі сынсын! Сатқан затыңның пайдасын көрмей кеткір! Ah-ah! (*қолымен санын соғады*) Залым-ай, ант-су ішіп еді жақсы сатылады деп. Ахчабеди базарында үш күнде бәрін сатып жібересің деп еді. Үш күн емес, үш ай өтті. Үш айда емес, үш жылда да сатылмайды-ау бұл заттар. Мені қатырып тұрып алдап кетті. Жалпы есеп бойынша тура жүз манат зиянға ұшыратты. Ай, өлетін болдым ғой.

Осы кезде Худаверди мәзін қасына келеді.

Худаверди: Ассалаумағалейкум! Қажы, әкеңіздің аты қалай еді?

Қажы Қара: Уағалайкумассалам! Нашурдың бумасы қанша дейсің бе?

Худаверди: Жоға, мен марқұм әкеңіздің аты-жөнін сұрап тұрмын ғой.

Қажы Қара: Оны қайтесің, ғазизим?

Худаверди: Қалайша қайтемін? Әкеңіздің атына бір сүре түсірейін деп едім.

Қажы Қара: Өте ризамын сізге! Бұл қайырлы іс ойыңызға қалай ғана келді?

Худаверди: Қалай келді дегені несі? Бүгін сәресіде үйдің жанынан өтіп бара жатып, ұлыма өзіңіз айтпап па едіңіз, әкеңе айт, бүгін бір жұма сүресін менің әкеме оқысын, келсін, аббасы¹² берейін демеп пе едің?

Қажы Қара: Мен бе? Әй, сен өзі алжығаннан саумысың?

Худаверди: Қажы, мен әлі алжыған жоқпын. Сен айтыпсың, ұлым маған айтты, мен де сүрені оқыдым, енді ақшамды бермесен, сонда мен алжитын шығармын.

Қажы Қара: Әй кісі! Өзіңнен-өзің менің әкеме құран оқығаның кімге керек?

Худаверди: Мен өзімнен-өзім оқымадым, сен айттың, мен оқыдым.

Қажы Қара: Менің аузымнан мұндай сөз шығып көрген емес. Мүмкін емес! Мен әрдайым әкеме құранды өзім оқимын. Ақшамен ешуақытта құран оқытып көрген емеспін.

Худаверди: Қажы, бір аббасыдан нең кетеді, осыншама сөз айтқаның? Айтпасаң да тиыныңды бер, мен кетейін. Ұлым тура өзіңе нұсқады.

Қажы Қара: Ғазизим, ұлың қателескен сыңайлы. Басқа біреу айтса, жарайтын еді. Бар енді, ақтарып тауып ал тиыныңды. Бұл мардымсыз базарда ешқандай пайда тауып жатқаным жоқ, тиыныңды қайдан тауып берейін? Құдай үшін, дүкеннің алдын жаппа, біреу-міреу кіретін шығар.

¹² Аббасы – құны жиырма тиын болатын күміс монета

Худаверди кетіп қалады. Осы кезде Әскер мырза, Сәфәр мырза, Хайдар мырза келеді.

Әскер мырза: Ассалаумағалейкум, Қажы!

Қажы Қара: *(басын көтеріп)* Уағалайкумассалам! Садағаң кетейін. Ішке кіріп, жайғасыңыздар! *(Мырзалар ішке кіріп отырады)* Қош келдіңіздер, жақсылық әкелген боларсыздар! Бұл дүкен сіздерге бұйырсын! Шылым тартасыңдар ма, кальян шегесіңдер ме?

Әскер мырза: Кальян шегейік!

Қажы Қара: Қазір дереу, садағаң кетейіндер! *(Жылдам барып, кальянды толтырып алып келеді)*

Әскер мырза: Қажы, саудаңыз қалай жүріп жатыр?

Қажы Қара: Алла берекетін берсін! Айналайындар, тауар жақсы, сауда жүріп жатыр! Өздерің білесіңдер, мен нашар зат сатпаймын. Күндегісі күнде сатылады. Кеше дүкен толығымен босады. Қалаға тапсырып едім, бұларды тез арада жіберіпті. Бүгін де сондықтан толтырып қойдым *(Кальянды беріп, қолына кездеме, бөз алып, мырзалардың алдына жайып салады)* Айналайындар, қанша керек сендерге, таңдап алыңдар. Құранмен ант етейін, Пайғамбар ақы, ұлым Бәделдің тойын көрмей кетейін, өтірік айтсам, Ахчабедиде бұдан жақсы кездеме мен шыт ешкімде жоқ! Бұлардың матасы мүлдем басқа. Тоқтатпайды, сатып алып кетіп жатыр. Ертең бұлардың бірін де таба алмай қаласыз. Алыңыздар!

Әскер мырза: Қажы-ау, қайтеміз бұларды? Қиналмай-ақ қой, бәрін ашып шашпа!

Қажы Қара: *(аң-таң болып, мұңайып қалады)* Қалайша қайтесіңдер? Сауда істемейсіңдер ме? Мереке келе жатыр, киім-кешекке керегі жоқ па?

Әскер мырза: Жоға, Қажы, ол үшін келген жоқпыз, басқа бір мәселе бар.

Қажы Қара: Егер қолма-қол ақшаңыз болмаса, майға да сатамын. Тек таза сиырдың майы болсын.

Хайдар мырза: Әй кісі, май болса, өзіміз жемейміз бе, сиырдың майы да, қойдың майы да жоқ. Тыңда, Әскер мырза не дер екен.

Қажы Қара: *(қас-қабағын шытып)* Құдай үшін, онда қазір барыңдар, басқа уақыт келерсіңдер, сол кезде әңгімелесейік! Қазір кісілер келеді, дүкеннің алдын жаппандар!

Әскер мырза: Қажы, өте маңызды бір шаруа бар. Сауданы біраздан кейін жасайық, біз сен үшін арнайы келіп отырмыз!

Қажы Қара: Құдай үшін, қазір жағдайым жоқ. Кейін сөйлессек. Енді шықсаңыздар!

Хайдар мырза: Әй, мырзам, бізді қуалап жатырсың ғой? Қандай адамсың өзі!

Қажы Қара: Айналып кетейін, мен қуалап отырғаным жоқ. Өтініп жатырмын. Мен саудагермін, сендерден мен зардап шегіп жатырмын. Ендігәрі сіз келмесеңіз, бес-он бума шыт, кездеме сатып қояр едім.

Хайдар мырза: Әскер мырза деген жақсы адам саған алып келді бізді! Жарайды, тұрыңдар, кеттік, бұдан ештеме өнбес!

Әскер мырза: Хайдар мырза, сен үндемей тұра тұр! Қажы, ренжіме, бір кальян бер, шегіп алайық, қазір кетеміз.

Қажы Қара: Ұлым өліп кетсін, дорбада темекі жоқ. Ақырғысын сілкіп, толтырып бердім. Ал, қош-сау болыңдар!

Әскер мырза: Қажы, бір кісіге Алла тағала жарытпаса, дәулет қонбайды деуші еді. Ахчабедиде үш айдан бері үш бума шыт, кездеме сата алмай отырғаныңды, зиянға ұшырағаныңды білемін. Біз болсақ, он бес күнде саған жүз манат пайда тапсын деп келген едік. Өкінішті-ақ, өз бақытыңды өзің теуіп отырсың, ал сау бол ендеше!

Түрегеліп, кетуге дайындалады.

Қажы Қара: Бері қара, не дейсіндер? Он бес күнде жүз манат дейсіндер ме?

Әскер мырза: Иә. Сен тыңдамай қойдың, бізді әшкерелеп қуып жатырсың.

Қажы Қара: Әй кісі, мен қашан сендерді қудым? Отырыңдар, жайғасыңдар, құдай ақы үшін, сауда тозақ болып кетсе-дағы! Жайғасыңдар! Мен сендер өкпелейді деп ойламаппын, әйтпесе жүз туман¹³ зарар көрсем-дағы сендерге ештеме айтпас едім. Менен ешкім ауыр сөз есіткен емес!

Әскер мырза: Ендігі шаруа былай, жарайды, отырайық, мән-жайды түсіндірейік.

Барлығы тез жайғасып отырады.

¹³ Туман – Иранның ақша бірлігі.

Қажы Қара: Ал, енді айтыңдаршы, Қажы айналып кетсін сендерден, жүз манатты¹⁴ кім береді? Бұл жақсылықты кім әпереді?

Әскер мырза: Бұл жақсылықты әперетін Хайдар мырза. *(Хайдар мырзаға нұсқайды)*

Қажы Қара: Қайдан әпереді? Сенің құлың болып кетейін, Хайдар мырза! Кальян толтырайын ба? Ауруыңды маған бере сал!

Хайдар мырза: Темекі жоқ, немен толтырасың?

Қажы қара: Дорбада бар. Сен кальян десең болды ғой! *(Қолын созып, дорбадан темекіні шығарып, кальянды толтырып Хайдар мырзаға ұсынады да, Әскер мырзаға қарайды)*. Ал енді айт, қалай әпереді?

Әскер мырза: Қажы, осыншама тауарың бар, бұл жерге төгіп тастапсың, бір пайда-кіріс бар ма?

Қажы Қара: Қайдан білейін, бар ма, жоқ па, айтатыныңды айт енді!

Әскер мырза: Қажы, Хайдар мырзаның қайсарлығын, өжеттігін білесің ғой?

Қажы Қара: Иә, ел солай дейді, өжет дейді!

Әскер мырза: Бәрі біледі, Қарабахта Хайдар мырзаның аты аталғанда құстар қорыққаннан ұшып кетеді.

Қажы Қара: Осы уақытқа дейін өжеттікпен қалта толғанын естімеппін.

Әскер мырза: Өжеттік болмаса, ақша да болмайды. Қажы, бері қара! Қазір француздардың затының

¹⁴ Манат – Әзербайжанның ұлттық валютасы.

бағасын көрдің бе? Тебризде аршыны бір аббасыға алынған шыт, бұл жақта алты шахы¹⁵ға сатылады. Қадағы бір манатқа алынған шай бұл жақта бір жарым манаттан сатылады, неге екенін білесің бе?

Қажы Қара: Жоқ, білмеймін!

Әскер мырза: Мұның гәбі мынада, қарабахтықтар, армян есауылдар, кеден қарауылдары және казактардан қорыққаннан құс екеш құс та, Араз өзенінің ар жағына өте алмайды.

Қажы Қара: Құстан да сақ болып, Араз өзенінің арғы жағына өтіп кетеміз дейсіңдер ме сонда?

Әскер мырза: Әрине. Хайдар мырза қасымызда болса, қарауыл бізге не істей алады!

Қажы Қара: Қарауыл мен есауылдарды былай қойғанда, казактар болмаса, шындап келгенде, айына екі рет Тебризге барып келуші едім! Қарауыл мен есауыл маған не істейді? Мен Алланың рақымшылығымен олардың жиырмасынан құтыламын. Бірақ орыс деген кезде жүрегім жарылып кете жаздайды. Олардың мылтығы мені қорқытпайды, тергеушісі мені жүдетеді. Негізі казактар оңбайды осы!

Әскер мырза: Біз елу жол білеміз, казактарды алдап соғып, басқа жерден өтеміз, ізімізді білдірмейміз.

Қажы Қара: Ал, маған не себепті келдіңдер?

Әскер мырза: Айтайық дегеніміз, көзіңе шыбын үймелей-үймелей сен бұл жерде не табасың? Көп ақша алып бар, бізге де бер, өзіңе де алып қал. Біз саудадан түсінбейміз. Тебризде біз үшін де, өзің үшін

¹⁵ Шахы – құны бес тиын болатын бақыр монета

де сауда жасайсың. Біз де сені аман-сау жеткіземіз. Он бес күнде жүз қызылға елу қызыл пайда табасың. Бізге берген ақшаның пайдасын бізге бересің де, өз ақшаңның пайдасын өзің аларсың.

Қажы Қара: Жақсы, сендерге берген ақшаның түсімі не болады?

Әскер мырза: Түсімі орнына біз саған жақсылық істейміз, сені қарақшылардан өткіземіз, оның пайдасын көресің, бұдан артық не керек? Он бес күнге ақшаңа түсім сұрау ұят емес пе? Біз болмасақ, сен бара алмайсың да, тауар да әкеле алмайсың!

Қажы Қара: Неге бара алмайды екенмін? Қаласам, бүгін барамын. Ешкім менен бір тал да ала алмайды! Мен өзім қанша жолы қарақшыларға кезігіп, дауластым.

Әскер мырза: Ә, солай ма, қасыңда жүз айдаһарың болса да, бұл жолмен жалғыз барып келе алмайсың! Біз сенің өжеттігіңді мойындамай отырған жоқпыз ғой.

Қажы Қара: Шыны керек, мен пайызсыз ақша бере алмаймын. Егер ақшаны пайызбен беретін болсам, айтатындарыңды тыңдармын.

Әскер мырза: Бір кісіге жүз қызыл берсең, он бес күнде қанша пайыз сұрайсың?

Қажы Қара: Жүз қызыл берсем, бес қызыл пайыз сұраймын. Артылғаны сіздікі болсын.

Әскер мырза: (*Хайдар мырзаға, Сәфәр мырзаға бұрылып*) Жолдастар, не дейсіңдер, келісесіндер ме?

Хайдар мырза мен Сәфәр мырза: Басқа не дейік, келістік!

Әскер мырза: Қажы, ақшаны дайында!

Қажы Қара: Қашан барасыңдар?

Әскер мырза: Бүгін кешке шығайық!

Қажы Қара: Өте жақсы, ақша дайын. Барып, киініп, кешке қарай біздің үйге келіндер. Мен де атымды, сауыт-сайманымды дайындап қояйын.

Мырзалар: *(түрегеліп)* Ал, кездескенше, қажы!
(шығып кетеді)

Қажы Қара: *(арттарынан)* Ал, қош болыңдар, кешке қарай қайтып келесіңдер!

Мырзалар: Амандықпен. *(Алыстап кетеді)*

Қажы Қара: Әй, мына иттің баласының заттарының үстінде отырамын деп қалжырап қалғанымды. Ақырзаманға дейін бұлары сатылмас. Саудагер болсаң, француз затын алып сатпа, қызылбас, орыс затын алып, сат деп айтады. Мен неге өз басымды қатерге тігейін! Қызылбас, орыс заты неге сатылмайды осы? Бұл іс оңға баспай қалса, мен бұл зиянды қалай көтеремін! Үйге барып, дайындалайын. *(Дүкенін жиыстырып, буып түйіп, шығып кетеді)*

Осы сәтте Қажы Қараның үйі көрінеді. Қажы Қара қолында кілт, сандықтың аузын ашып жатыр, дорбадан қызыл ақша алып шығарып жатыр. Үш жүз қызылды санап, бөлек-бөлек дорбаларға салып, содан кейін мылтық, тапанша, қанжарын әкеліп қойып қояды. Сол кезде әйелі Түкез келеді.

Түкез: Әй, кісі, не істеп жатырсың? Мына қару-жарақты алдыңа неге төгіп тастағансың?

Қажы Қара: Жорыққа шығамын, жолға дайындалып жатырмын!

Түкез: Не дейді-ей, қайда барасың?

Қажы Қара: Шаруаң болмасын!

Түкез: Қалайша шаруам болмасын? Қарақшылыққа кетіп бара жатқан жоқсың ғой, менен жасыратындай.

Қажы Қара: Сол сияқты бір нәрсеге!

Түкез: Сондай бір нәрсе болса, ешуақытта бармайсың! Тұр кәне, бар, дүкенге, тауарыңды барып сат! *(Қару-жарағын жинай бастайды.)*

Қажы Қара: Дүкенді құдай алсын, тауары әдірәм қалсын! Сауда жаса дейсің бе! Жібермейтін болсаң, өзім білем не істеу керектігін.

Түкез: Әй кісі, не болған саған, не істейсің? Не деп тұрсың өзің?

Қажы Қара: Не болсын, үйім тозып тұр. Тура жүз манат зиянға ұшырадым. Кеңірдегімнен ас өтпей қалды ғой!

Түкез: Кеңірдегің жабысып қалсын, су да өтпей қалсын, кепкен неме! Балалар асық жинағандай, осыншама ақшаны жинап алып, не істейсің? Жүз жыл өмірің болғай, жейсің, ішесің, киесің, сенің ақшаң бір бітпейді ғой. Жүз манат зияннан неге өзінді өлтіреді екенсің?

Қажы Қара: Мың рет саған айтқан шығармын, барып әйелдің шаруасымен айналыс, маған ақыл айтпа! Қару-жарақты жерге таста! *(Қолын созып, мылтық пен тапанишаны тартып алады.)*

Түкез: Сен, мына қаруды асынып алып, адам қорқытасың ба? Бұл мылтық пен тапаншадан жиырмасын асынып алсаң да, мен әйел кейпіммен сенен қорықпаймын! Әй, бәтшағар! *(Екі қолымен басын ұстайды.)*

Қажы Қара: Сен маған қарғыс айтқызба, қатын! Тұқымың құрып кеткір! Жоғал, көзіме көрінбе!

Түкез: Әй, сен жынданғаннан саумысың? Мен үйімнен шығып, қайда кетпекпін? Айтшы, ал, қайда барасың?

Қажы Қара: Тозаққа, мазарға! Шаршаттың ғой? Не керек осы саған?

Түкез: Сол тозақ пен мазарға кетіп қалсаң ғой! Сол күнге жеткізсе, той жасармын. Не пайда, Әзірейілдің жолы болмай кетсін, сен сияқты бетпақты жер бетінде қалдырып, үлбіреген жастарды қара топырақ астына жолдайды!

Қажы Қара: Жер бетінде қалған бетпақтардың бірі өзіңсің, қарғыс атқыр, менің кеңірдегімнен тарс ұстап алғансың! Мен өмірі ешкімді ренжітпегенмін, ешкімге ешқандай залалым болған емес! Мен неге бетпақ боламын?

Түкез: Ешкімге жамандық жасамасаң да, жақсылық та жасамайсың! Сол үшін бетпақсың, өз затыңды не өзің жеп-ішпейсің, не үй-ішіңе жұмсамайсың. Сен өлсең, тіпті болмаса, бала-шағаң тойып нан жер.

Қажы Қара: Бала-шаға у ішсін!

Түкез: Үйінде удың өзін таба алмайсың, болса, оны да бізге аяп бермеуші едің! *(Сол кезде мырзалар шақырады)*

Мырзалар: Қажы! Қажы!

Қажы Қара: Әй, қатын, ары тұр, адамдар келе жатыр! *(Түкез тез шығып кетіп, есіктің саңылауынан тыңдап тұрады)*

Мырзалар: *(киініп алған, ішке кіреді)* –
Ассалаумағалейкум, Қажы!

Қажы Қара: Уағалайкумассалам. Айналайындар, келіндер, жайғасыңдар!

Әскер мырза: Қажы, дайынсың ба?

Қажы Қара: Ия, айналайын, дайынмын. Ақша міне, бөліп қойдым; бірақ, үш жүз қызылды Тебризде мен өзім көз алдарыңда шайға, матаға жұмсаймын, соны алып келесіндер!

Әскер мырза: Неге, Қажы? Осы жерде берсең не болады?

Қажы Қара: Жақсы! Маған бәрібір.

Әскер мырза: Ештеме етпейді, жарайды. Тұр, кеттік!

Қажы Қара: Біраз күте тұрсаңдар, ұлымды аттар мен қызметшіні әкелуге жіберіп едім.

Әскер мырза: Қанша ат апарасың, Қажы!

Қажы Қара: Үш ат, айналайын! Біреуіне ұлым мінеді, біреуіне өзім, біреуіне жүктесек, қызметші де жібін ұстап барады. Сендер неше атпен барасыңдар?

Әскер мырза: Бізде де әрбіреуіміздің екі аты бар: біреуі жүкке, біреуі минуте. Бұл қару-жарақ сенікі ме, Қажы?

Қажы Қара: Иә!

Әскер мырза: Өте жақсы. Бас, жүр, киін!

Хайдар мырза: Иә, Қажы, сені танымайтын біреу көрсе, үрейі ұшады ғой.

Сәфәр мырза: Шынын айтайын, мен Қажыдан күмәнданбап едім.

Қажы Қара: Адамның қандай екені басына іс түскенде белгілі болады. Сендер мені аршындап өлшеген түріммен білесіңдер ғой. Бірақ құдай қаласа, көресіңдер, мен қорқақ емеспін! Жолдан өткен әркімге тауарын бере салып, бос қайтатындарға таң қаламын осы.

Сәфәр мырза: Қажы, тауарды тартып алатындардың қандай айлакер екенін білмейсің бе. Есаул – қарауыл дегенің адамдарға көрінбей жүреді. Кейде ат, кейде есек мініп, кейде жаяу жүріп, қару-жарақсыз алдыңнан шыға келеді. Бір бишара жолдан өтіп бара жатыр деп ойлайсың. Тура алдыңнан шыға келгенде қаруын қайдан суырып алғанын түсінбей қаласың. Көзіңді ашып жұмғанша, сені тонап, бар затыңды алып кетеді.

Қажы Қара: Айтқандарыңның бәрі қорқақтықтан және байқаусыздықтан болады. Ешкімді өзіңе жақындатпау керек. Қандай киім кесе де. Маған кездесіп көрсінші оларға не істейтінімді бір көрсетейін, бәлем! Бәрін тәубеге келтіремін!

Сәфәр мырза: Дұрыс айтасың, адам қорқақ болса да, сақтанып жүру керек!

Тура осы жерде Қажының қызметшісі Кәрімәлі мен ұлы Бәдел кіріп келеді.

Кәрімәлі: Аға, аттар дайын, қайда барасың?

Қажы Қара: Тебризге!

Кәрімәлі: Тебризге мені де апарасың ба?

Қажы Қара: Ия!

Кәрімәлі: Не үшін бара жатырсың, аға?

Қажы Қара: Оны қайтесің?

Кәрімәлі: Білуім керек қой, мені де апарады екенсің. Не үшін бара жатқанымды білуім керек қой.

Қажы Қара: Саудаға бара жатырмын. Тауар алып, атқа жүктеймін, сен атты жетектеп алып келесің.

Кәрімәлі: Ай ағасы, құжатты қашан алғансың, Тебризге бару үшін?

Қажы Қара: Құжаттың қажеті жоқ.

Кәрімәлі: Олай болса, мен бармаймын. Мен бір жолы Сәлианға билетсіз барған едім, шенеуник мені соққыға жыққаны соншалық, соны әлі ұмыта алмай жүрмін.

Әскер мырза: Қорықпа, шенеуник біздің барғанымызды білмейтін болады.

Кәрімәлі: Шыны керек, уақытым жақындапты, енді басқасына қызметші боламын. Қажы жалақыны өте аз береді, қарным да тоймайды. Барғым келмейді.

Әскер мырза: Сен осы жолы бар. Жолда қарның ашса, наныңды берерміз. Бәрімізден бір-бір бума шыт аларсың.

Кәрімәлі: Қажы да бере ме?

Қажы Қара: Жүкті аман-есен алып келсең, мен де саған берілген шыттарды қымбатқа сатып беремін.

Кәрімәлі: Жақсы!

Қажы Қара: *(бәрі сыртқа шығады)* Ал, шығайық жолға!

Түкез: *(арттарынан)* Ойпырмай, шаңырақтарың опырылып түссін! Адамдарды жинап алып, заңсыз тауар тасуға апара жатыр. Саған бірдеме болса, балаларың жетім қалады ғой. Аллай, аллай *(қолымен тізесін соғып қалады.)*

Перде жабылады.

Үшінші перде

Араз өзенінің жағасында. Қызылбаш ауданында, мырзалар мен Қажы Қара Тебризден тауар алып, Араздың жағасына келіп жиналып тұр. Араз сарқырап ағып жатыр, төңіректі тұман басқан, аракідік найзағай жарқылдайды.

Хайдар мырза: Бұл жерден енді өте алмаспыз. Төрт шақырым төменге барып, шу шығарайық, (Дон) казактары түгелдей төменге түссін, содан кейін қайтып келіп, осы жерден өтейік.

Әскер мырза: Әй, кісі, енді осы тұманда, сіркіреген жауында казактардың барлығы тығылып жатқан шығар. Араздың жағасында бірде-бір жан жоқ, келіп қалғанда өтіп кетейік.

Хайдар мырза: Болмайды! Мен Араздан бұл жаққа ұрлық жасауға көп барғам, казактар Араздың ар жағында тығылып жатады.

Қажы Қара: Хайдар мырза дұрыс айтады. Сақ болайық! Ол не десе, соны істейік.

Сәфәр мырза: Қажының айтқаны дұрыс. Барып, төменде қиқу салып, қайтып келейік. Қажы, сен жүктің қасында қал.

Мырзалар алыстап кетеді. Біраздан кейін шу шығады. Жоғарыдан казактар қару-жарақ асынып, бір-бірден төменге түсе бастайды.

Казактардың бірі: Малғұндар! Қарақшы шығар, ат қуалап өткісі келіп жатқан, сірә!

Екіншісі: Қашқындар шығар!

Үшіншісі: Кім болса да, сыбағасын беріп келейік.

Казактар саябырлайды. Біраздан соң тыныштық орнайды. Мырзалар Қажы Қараның қасына келеді.

Хайдар мырза: Қане, тез болындар! Тұрып қалмайық.

Барлығы Араз суына кіріп кетеді, ортасындағы Қажы Қараның аты құлап қала жаздайды. Қажы Қара атынан суга құлап түседі, судың ішінде өсіп тұрған бір талға екі қолымен жармасып қалады да айқайлап көмекке шақырады.

Қажы Қара: Құдай үшін, Хайдар мырза, Сәфәр мырза, Әскер мырза, ойбай, мен тұншығып барамын!

Хайдар мырза: Қажы, қайдасың?

Қажы Қара: Мұндамын, талға жабысып тұрмын!

Хайдар мырза: Түһ, құрып кеткір, терең жерге құлапсың ғой, сені енді қалай шығарамыз?

Бәдел: Құдай ақы үшін, әкемді құтқарындар!

Кәрімәлі: Қайтесіңдер, тұншыға берсін, дүние-мүлкі шашылсын, бес күн ішіп-жеп мәз-мәйрам болындар! Қайтесіңдер оны!

Әскер мырза: Кет әрман, доғар сөзіңді!
Қоржындағы арқанды шығар, әкел бері! *(Кәрімәлі арқанды тез арада алып келеді)*

Хайдар мырза: Әскер мырза, әкел тез арқанды!
(Әскер мырза арқанды алып келеді)

Хайдар мырза: Қажы, арқан тастаймыз, ұста!

Қажы Қара: Айналайындар, ұстай алмаймын.
Қолымды талдан тартсам, су мені алып кетеді. Құрық жасап лақтырыңдар, беліме қарай!

Хайдар мырза арқанды құрықтап, лақтырады. Арқан Қажы Қараның мойнына ілінеді. Тартып суырып алады. Қажы Қара екі қолымен арқанды ұстап, тұншыға жаздап, жағаға шығады.

Қажы Қара: Құрып кетсін, мені осындай жағдайға душар еткендер! Қазаның қирасын, дүкенді тастап, бос әуреге салып!

Хайдар мырза: Әй, Қажы, жол жүрген адам сан қилы жағдайға түсуі мүмкін, мұндайға ренжуге болмайды! Ренжисудің уағы емес, қазір бізді байқап қалар. Тездетіп, жағадан алыстап кетейік, қамыстардың арасына барып жасырына тұрайық. Түн ортасында адамдар ұйқыға кеткенде жолға шығамыз.

Барлығы тездетіп, жағадан алыстап, көзден ғайып болады. Он шақты қару-жарақты армяндар бұл жақтан өтеді.

Охан: *(армяндардың старшинасы)* Арыстан Саркис, арыстан Карапет, батыр Қаһарман, сендер менің қасымда болындар, мылтықтарыңды дайындап қойыңдар, мен ишарат берген кезде көздеп тұрып

атасыңдар! Мен сендерді бір-бірден аттарыңды атап, шенеуніктен сұрап алдым, жүз қашқын болса да, сендермен бірге бәрін жеңеміз. Қалғандарың біздің артымызда жүріңдер, қорықпандар. Бізді көргенде жүктерін тастап, қашады. Қашпай, атысатын болса, құдай біледі, бәрін хинкалдай турап тастаймын!

Саркис: Старшина, қай жақтан келеді?

Охан: Қара, тура алдымыздан келеді. Қасид бұл жерден басқа келер жол жоқ деп айтты. Саркис, абайла! Құдай қаласа, мына жүктерден әрбір адамға елу манаттан артық шайпұл түседі!

Саркис: Старшина, қай жүкті аласың?

Охан: Құдай куә, қоржындарына дейін алып кетемін!

Саркис: Старшина, обал емес пе? Қандай болғанның өзінде, әйтеуір қарабахтық емес пе? Біз оларды жақтамасақ, кім қорғайды оларды? Өздеріне де бір нәрсе қалдырайық, әйтпесе қарғыс айтып кетер.

Охан: Не деп шатып тұрсың, бізге оларды жақтау керек пе? Бір жақты жақтасаң, қарабахтық деп қарасаң, қарғыстан қорықсаң, қызметке жарамайсың деген сөз.

Саркис: Старшина, ілгері барып, бір шолып келейін бе?

Охан: Жарайды, байқа, қорқытып кері шегіндіріп алма!

Саркис: Жоға, көздеріне түспеймін! *(Кетіп қалады)*

Охан: Жігіттер, сапқа тұрыңдар! *(Адамдарды санай бастайды)*

Саркис: *(қайтып келеді)* Старшина, үйіңе от түссін, қашқындар келе жатыр! Алдарында ұзын бойлы, жақсы киініп алған, қару асынған бір жігіт келді, сұсты көрінеді. Көзінен от ұшқындап тұр.

Охан: Шын айтасың ба?

Саркис: Алла куә, шын айтамын!

Охан: Сен өлесің десеңші!

Саркис: Сен өлесің, басың кетеді!

Охан: Үстінде шынымен мылтық пен тапанша көрдің бе?

Саркис: Шын айтамын!

Охан: Қанша кісі?

Саркис: Барлығы үш кісі болып көрінді, бірақ ана жігіт ешбіріне ұқсамайды.

Охан: Қорықпандар, келе берсін. Саркис, көп ілгері шығып кетіппіз, мына жерде тура алдымыздан шыға келеді. Біраз кері шегініп тұрсақ дұрыс болар.

Адамдарды кері шегіндіріп тұрғызады, осы кезде мырзалар алдыдан, артынан Қажы Қара мен жүк келе жатады.

Хайдар мырза: *(қолындағы мылтықпен көздеп тұрып)* Әй, кімсіңдер? Неге жолды бөгеп тұрсындар? Жолдан шегініңдер!

Охан: Уа, жігітім, жолдан неге шегінеміз? Сен кімсің, қорықпай айғайлап тұрған?

Хайдар мырза: Әй, малғұн неме, бізді жолдан неге бөгейсің? Қайтесің кім екенімді! Жолдан кетіңдер деп тұрған жоқпын ба, қарныңды қорғасынмен толтырайын

ба? *(мылтықты көтереді)* Әскер мырза, Сәфәр мырза, не қарап тұрсыңдар, мыналардың көзін құртыңдар! Атыңдар мыналарды!

Охан: *(жолдастарымен жолдың шетіне шығып)* Жігітім, жынданғаннан саусыңдар ма? Нақақ қан төгуді үйреніп алған сыңайлысыңдар, шырақ, біз берілетін кісі емеспіз.

Хайдар мырза: Нақұрыс, не деген сөз ұқпайтын адамдарсыңдар? Қазір, бәлем! *(Мылтығын алып, көздейді)*

Охан: Әй балам, қой таста! Қара, біз кетіп бара жатырмыз. Сен де өз жолыңа түс. Құдай үшін, нақақ қан төкпе, біздің де сендермен жұмысымыз жоқ!

Хайдар мырза: Жоқ, сені өлтірмей тынбаймын!

Охан: Бекзадам, мен батырсынып айтып тұрған жоқпын, біз жантәсілім болатын адам емеспіз, айтайын дегенім: бізді шенеуник жіберді, бізді өлтірсендер шенеуникке не деп жауап бересіңдер?

Хайдар мырза: Ақымақ, өзіміз білеміз шенеуникке не деп жауап беретінімізді, сенің қандай қатысың бар? Тергеушісің бе? Кет әрмен, жолдан, әйтпесе тура қазір барлықтарыңды жапырақтай шашыратып тастаймын!!

Охан: Кетіп бара жатырмыз, тарықпа, қалқам! Саркис, Карапет, Қаһарман, қайтыңдар, жігіттер!

Саркис: Старшина, біз шенеуникке не дейміз?

Охан: Әй, балам, не деуші едік? Бұлар қарақшы. Қашқындар мұндай болмайды. Қашқындар болса, қарайған бір нәрсе көрсе, заттарын тастап қашады, бұлар болса бізді де қан-жоса қылып кетпекші.

Иттің баласы Қасид, бұларды қашқын деп өтірік айтып келген! (*қайтады*)

Саркис: Старшина, шенеуник ешкімді көрмедіңдер ме десе, не дейміз?

Охан: Ешқандай қашқынды байқамадық дейміз!

Саркис: Қарақшы көрдік деп айтайық па?

Охан: Әй, балам, қажеті қанша? Түйені де, тезегін де көрмедік деп айтайық.

Карапет: Жоқ, старшина, қарақшыға кезіктік, көп екен, оларды ұстай алмадық дейік.

Охан: Жарайды, оны кейін ойластырамыз, кеттік!

Саркис: Тоқтай тұрыңдар, мыналардан сұрайын, заңсыз тауар бар ма деп? (*қайтып барады*)

Хайдар мырза: Әй, армян, неге кері келе жатырсың? Ажалың жетті ме, мен сендерді қырып тастамасам, сендер бұл жерден кетпейсіңдер! (*армяндарға қарай жүреді. Осы кезде қашып бара жатқан Саркистің қалпағы басынан түсіп қалады*)

Охан: Әй, Саркис, кел бері, бізді қанға бояма!

Саркис: Старшина, қалпағым түсіп қалды, тұра тұр, алып алайын.

Охан: Таста, кеттік, жата берсін!

Саркис тез қайтып келеді, барлығы кетіп қалады.

Хайдар мырза: (*арттарынан*) Әй, атаңа нәлет, бізді көргендеріңді бір жерде айтатын болсаңдар, келіп үйдегі бесіктегі балаларыңа дейін бәрін қырып кетемін! Өздерің білесіндер!

Охан: *(алыстан)* Не деп тұрсың? Біз бір елде тұрмаймыз ғой, кездесіп қалатындай? Не үшін айтамыз, айтпаймыз. Біз әдейі сендерді күтіп тұр деп ойладыңдар ма? Өтірік сендерге соқтыққан болдық. Бізді шенеунік жіберді, сендер не дейді екен деді. Біз Хадруттанбыз. Шахсевендерден қодас алуға келдік, саудамыз жүрмей, қайтып келе жатырмыз.

Хайдар мырза: Жарайды, кетіндер енді! *(Хайдар мырза аяғымен жер теуіп)* Тез, тез, кетіндер!

Армяндар жылдам басып, алыстан кетеді.

Қажы Қара: *(жолдастарына)* Әй, армяндарды неге қоя бердіңдер? Қолдарын байлап қамысқа тастап кету керек еді?

Хайдар мырза: Неге, Қажы?

Қажы Қара: Олар қазір барып, казактарды бастап алып келмесін.

Хайдар мырза: Қодас алған қайтсін, қиналып, біз үшін казактарды шақырып?

Қажы Қара: Сен білмейсің бе, бұлар қодас алмаған. Олардың сөзіне сенуге болмайды. Сәфәр мырза, бұлардың жүз түрлі айласы болады дегенін естімеп пе едің.

Хайдар мырза: Қажы, мен кепілдік беремін, бұлардан саған ешқандай жамандық келмейді.

Қажы Қара: Жігітім, не деп тұрсың? Бірінші рет болып тұрған жоқ қой. Осындай адамдардың бірнешесіне жаза берсең, саудагерлердің алдына шықпас. Алдымызға шыққан адамдарды тірі қалдыра беретін болсақ, тауар тасу қиындайды ғой. Осыдан

кейін мен осындай жорықтан қалмайтын боламын. Мен саған қол ұшын бере алмай қалдым, талды ұстап қалдым, әйтпесе бұлардың көкесін танытар едім!

Әскер мырза: Жақсы, тағы бір жолы кездескенде көкесін танытарсың, болды енді кетіп қалды.

Қажы Қара: Алла жазса, сендер де естисіңдер. Айдандар аттарды, тоқтап тұруға уақыт жоқ. Бүгін түнде Қарғабазарға жетіп алайық. Ол жерде мен Бәделді сендермен қалдырып, Кәрімәлімен Ахчабедиге өтіп кетейін, таң атқанда жұма болады, сол базарға үлгерейін, заттарды сатайын.

Хайдар мырза: Қажы, ол жаққа жалғыз бара аласың ба?

Қажы Қара: Ол жақта казактар жоқ шығар.

Хайдар мырза: Казак жоқ, бірақ шенеуник пен есаулға тұс келіп қалуың мүмкін.

Қажы Қара: Құдайдан тілейтінім, шенеуник пен есауылына кезіксем, олардан өшімді алармын!

Хайдар мырза: Бәрекелді, Қажы, тіл-көзден сақтасын, өте батыр екенсің!

Қажы Қара: Бір-екі есаул маған кезіксе, оларды ұмытпастай етіп, қинаймын, содан кейін олар да халықты қинамайтын болады! Бұл есауылдарды есінен тандырмасақ болмайды!

Хайдар мырза: Ғажап болады, біз де сенің өнеріңді еститін боламыз, Қажы.

Кете бастайды, біраз жүрген соң көзге көрінбей кетеді.

Перде жабылады.

Төртінші перде

Хонашин жылғасында. Жарық түн. Екі армян, бірі жаяу, біреуі есек мініп алған, кетіп барады.

Аракел: Мкртыч, құдай қаласа, биыл сексен қап бидайымыз болады.

Мкртыч: Бұйырса болады. Үш жылдан бері бидайды шегіртке жеуші еді, енді биылғы өсім жақсы, өткен жылдарға қарағанда екі есе.

Аракел: Мкртыч, бидайымыздың бұрыннан бері өсіп келе жатқаны қандай жақсы болған, әйтпесе мына қымбат дәуірде қиналушы едік.

Мкртыч: Әсіресе біздің қаланың бидайы болмаса, Дизак ауданы түгелдей аштықтан қырылушы едік.

Аракел: Екіншілікке Алла берекет берсін. Дүниеде содан жақсы іс жоқ.

Мкртыч: Аттың дүбірі естіледі. Тұра тұр, көрейік, кім екен.

Тоқтап тұрады, сол кезде Қажы Қара келіп жақындайды.

Кәрімәлі: Үйіміз қирап кеткір, аға, алдымызда бізді екі кісі күтіп тұр ғой. Айтпадым ба, жолдастардан ажырамайық деп. Ал енді Ахчабеди базарында тауарыңды сатарсың. Қазір олар біздің жүкті тартып алады.

Қажы Қара: Кет-ей, не деп оттап тұрсың? Менің заттарымды ешкім тартып ала алмайды.

Кәрімәлі: Басымызға бәле болады бұлар. Қарашы кейіптеріне! Бұлар шенеуниктің есауылы сияқты. Қане, ал енді тығып көр заттарыңды олардан.

Қажы Қара: Оларға ештеме бермеймін. Сен жүктің үстіне жақсылап отыр, қорқып құлап қалма, мен барып сұрастырып келейін кім екенін. Ұстап, қолдарын байлап, өзенге итеріп жіберемін. Өзімді көрсететін кез келді. Құдай қаласа, ендігәрі бізді ешкім мазаламайтын болады.

Кәрімәлі: Мен жүктің үстіне шегедей қадалып отырамын. Біреу тартып құлатпаса, өзім құламаймын.

Қажы Қара: Жарайды, дұрыстап отыр! (*армяндарға жақындайды, қолында мылтық*) Әй, кімсіңдер? Айтыңдар, әйтпесе атамын!

Мкртыч: Жаным-ау, неге атасың? Біз саған қандай жамандық істедік? Өз жөнімізбен кетіп бара жатырмыз!

Қажы Қара: Қайдағы-жайдағыны айтпа! Жолдан әр түрлі адам өтеді. Турасын айт қане, кімсіңдер? Түннің бір уағында не ғып жүрсіңдер?

Мкртыч: Туғ ауылынанбыз, сырттағы бидайымызды орып, жинап, үйімізге қайтып бара жатырмыз.

Қажы Қара: Бұл сөздеріңмен мені алдай алмайсыңдар. Мен сендер ойлағандардан емеспін. Мен сендердің кім екендеріңді білемін. Екеуіңді мен қан-жоса қылмасам, ел сендерден дамыл тауып, келіп-кеткендер сендердің қолдарыңнан құтылмайтын болар!

Мкртыч: Аракел, мынау не деп тұр?!

Аракел: Дұрыстап жөнін сұрашы, не дейді, не сұрап тұр өзі?

Мкртыч: Әй, бауырым, біз бақыр, патшаның құлымыз. Өзіміз кәсіп етіп, күн көріп жүрген адамбыз. Ешкімге ешқандай зиянымыз тимеген. Жол кеспейміз, көтеріліске шықпаймыз. Біз соншалық не істеп қойыппыз, мемлекет бізден құтылатындай.

Қажы Қара: Мен сендердің барлық айла-тәсілдеріңді білемін! Егер де жөні дұрыс адам болсаңдар, түнделетіп жүрмес едіңдер. Сендердің барлық ойларың халыққа зиян келтіру, халықтың үйін қирату. Мылтықтарыңды жерге тастаңдар, әйтпесе атып тастаймын!

Мкртыч: Жаным-ау, жерге тастайтын мылтық қане! Қолымызда орақтан басқа ештеме жоқ. Бізді тонаймын десең, айт.

Қажы Қара: Мен адам тонайтын кісі емеспін. Сендер сияқты елдің затын алғысы келетіндердің жанын шығарамын!

Аракел: Мкртыч, бұл не деп шатып тұр? Мен мұның сөздерін түк түсінсем бұйырмасын.

Мкртыч: Мен де түсінбей тұрмын. Тұра тұр, не дейтінін көрейік. (*Қажы Қараға қарап*) Бауырым, біз кімнің затына көзіміз түсіп тұр екен? Біз диһан халықпыз. Құдайға шүкір, патшаға алым-салық төлейміз. Барщинаға бара жатырмыз. Мүмкіндігімізше халыққа да қайырымымыз тиеді. Биылғы бағаның қымбаттауынан аштықтан қырылып қалмасын деп көрші мұсылман ауылдарға бидай қарызға бердік. Осы

уақытқа дейін туғлалық бір кісінің бір тиынын жеген болсақ, қанымызды сен ағызарсың!

Қажы Қара: Осы уақытқа дейін қандарыңды ешкім төкпеген екен, енді сендерді ажал маған айдап әкеліпті. Басқаға ор қазған, өзі құлайды сол орға. Көп адамның үйін қиратыпсыңдар. Енді сазайларыңды тартасыңдар. Қару-жарақты тастаңдар! Әйтпесе, мылтықты қазір жүрегіңнің түбіне кезеймін!

Армяндар қорқа бастайды.

Мкртыч: Әй, бауырым, құдай ақы, біздің ешқандай қаруымыз жоқ. Біздің кінәміз нешік, осыншама бізге ашуыңның келгені қалай?

Қажы Қара: Сендердің кінәларың жер бетіне де, көкке де сыймайды, жексұрындар!

Мкртыч: Жаным-ау, дүниеде біздің кәсібімізден артық кәсіп бар ма екен? Біздің кәсіп болмаса, ешкім нан жей алмаушы еді.

Қажы Қара: Қарай гөр мынаған, кәсібім дейді. Алаяқ неме, халық азаптанып, маңдай терімен нан тауып жесін, сендер соған тегін ие болмақсыңдар. Бұл не деген кәсіп?

Мкртыч: Бауырым, құдай үшін, бізді жіберші, жөнімізге кетейік. Бізбен қалжындап тұрған сияқтысың өзің.

Қажы Қара: Қимылдасандар, жерге бір-ақ құлатамын! Менің айтқандарымды қалжың деп тұрсыңдар ма? Ниеттерің осы ғой, ә бәлем, мен сендер сияқты нақұрыстарға алданайын, сендер де өз білгендеріңді істейсіндер? Қару-жарақты тастаңдар, деймін!

Мкртыч: Аракел, не істейміз?

Аракел: Мен де не істерімді білмей тұрмын.

Мкртыч: Ой Алла, қайдан ғана кезіктік! Жаным-ау, бізді жөнімізге жібер, басқа жол тауып кете берейік.

Қажы Қара: Ешуақытта! Қимылдамандар. Барып, шенеуникке айтып, оны маған айдап салмақсыңдар ғой, бәлем! Сендердің өлім хабарларың жетер шенеуникке. Кейін басқа жолдастарыңа да сабақ болады!

Мкртыч: Жаным-ау, сен бізді кім деп ойлап тұрсың?

Қажы Қара: Мен сендерді қарақшы, жол кесуші, халықтың үйін қирататын залым, дарағашқа асылатын қарақшы деп тұрмын!

Мкртыч: Сен өзі кімсің?

Қажы Қара: Мені сендер жақсы білулерің керек. Білмесеңдер, осы уақытта түнде өзеннің жағасында күтіп тұрар ма едіңдер?

Мкртыч: Мына жолға қайдан ғана түсе қалдық, қайдан ғана саған кезіктік деп біз де өкініп тұрмыз. Сені мүлдем танымаймыз, ұйықтасақ түсімізге де кірмейсің.

Қажы Қара: Айтқандарың түкке тұрмайды! Соңғы рет айтамын: мені ашуландырмаңдар! Тез, қару-жарақты тастаңдар!

Мкртыч: Аракел, не істейміз?

Аракел: Қару-жарағымыз жоқ! Мына екі орақтан басқа ештеме жоқ, қаласаң лақтырайық оларды, міне! (*Орақтарды лақтырады*)

Қажы Қара: Мылтық, тапанша, қылышты да тастандар, әйтпесе атамын!

Аракел: Әй, сен қандай адамсың өзі? Құдай ақы, мылтық жоқ, тапанша жоқ!

Қажы Қара: Сенбеймін, өтірік айтасындар, тығып қойдыңдар, тастандар, кәне.

Мкртыч: Сенбейсің бе, өзің біл, не істесең істе! Алла жазанды берер!

Қажы Қара: Солай ма? Қара да көр не істейтінімді! *(Бастарының үстінен мылтық атады. Есек үркеді. Аракел қорқып, есектен домалап құлайды. Қажы Қара тапаншасымен бұларға қарай жүреді)* Қозғалмаңдар!

Бишара армяндардың біреуі құлайды, біреуі тұр.

Мкртыч: Әй, Алланың пендесі, бізді неге бостан-босқа өлтіресің?

Қажы Қара: Қозғалмаңдар! *(Кәрімәліге қарап)* Кәрімәлі, бар, мен бұларды ұстап тұрамын, тез қашып құтыл!

Кәрімәлі: Әй, аға, қайда қашамын, кері ме, ілгері ме?

Қажы Қара: Әй, дүлей, кері қайда қашасың? Қайта Аразға барасың ба? Ілгері қаш, құтқар жүкті тез!

Кәрімәлі: Жүкпен қаш дейсің бе?

Қажы Қара: Құдай-ай, жәрімес! Әрине, жүксіз қайда барасың?

Кәрімәлі: Мен өзім де соны айтып тұрмын ғой. *(Атты қамшылап, кетіп қалады. Сол кезде Аракел тұрайын деп әрекет жасайды)*

Қажы Қара: Әй, қозғалма, әйтпесе атамын!

Аракел қайта жерге жатады. Сол кезде шенеуник және тағы бір топ кісі келеді.

Старшина Халил: (шенеуникке) Ағасы, мына жерде, таптым, келіндер!

Мкртыч: Айналайын сендерден, келіп, бізді мына залымнан құтқарыңдар!

Аракел: (*түрегеліп*) Айналып кетейіндер, бізді мына қарақшыдан құтқарыңдар!

Қажы Қара: Кім болсаңдар да, келе беріңдер! Бұлар менен қорқып, қозғала алмай тұр. Бұлардың қолын байлаңдар, мен кете берейін.

Осы кезде шенеуник адамдарымен бұларға жақындайды.

Шенеуник: Арамзалар, қайда бара жатырсыңдар? Сұрау салып, арттарыңнан келе жатырмын! Старшина Халил, жіберме!

Старшина Халил: (*армяндарға*) Қозғалсаңдар, бәріңді қырамыз, қаруларыңды тастаңдар!

Мкртыч: Айналайын, біз қарақшы емеспіз. Бізге мына кісі өзінен-өзі төніп тұр.

Қажы Қараны көрсетеді. Старшина Халил оған қарайды.

Старшина Халил: Әй, қозғалма, таста қаруыңды!

Қажы Қара: Бауырым, мен өз жайыммен жүрген кісімін. Жолдан өтіп бара жатқанда бұлар менің алдымнан шығып, тонайын дегенде мен тонатпадым.

Шенеуник: Старшина Халил, барлығы қаруларын тастасын! Сонда кімнің айыпты екені белгілі болады!

Мкртыч пен Аракел: Ағасы, біздің қаруымыз жоқ! Қаласаң, жақындап келіп көр.

Старшина Халил: *(Қажы Қараға)* Әй кісі, сен қаруыңды таста, шенеуник бұйырды!

Қажы Қара: Айналып кетейін, шенеуник осында ма? Міне, тастадым! Жаныммен дүние-мүлкім шенеуникке сый болсын. Бұлар өтірік айтады, қару-жарақтарын тығып қойған. *(Қару-жарағын жерге тастайды, содан кейін шенеуник өз адамдарымен Қажы Қараға жақындайды)*

Шенеуник: Әй кісі, мен сені үш күн бойы іздеп жүрмін. Старшина Халил, мынаның қолдарын байла! *(Старшина Халил Қажы Қараның қолдарын байлайды)*

Қажы Қара: Айналайын, мен не істеп қойдым?

Шенеуник: Көп сөйлеме, жолдастарың қайда, әйтпесе таңертең сені дарағашқа асып қоямын!

Қажы Қара: Аға, мені неге дарағашқа асасың? Мен қарақшы емеспін, жол кесуші емеспін. Дарағашқа қарақшыларды асушы еді.

Шенеуник: Неге қарақшы емессің? Сен Әйлис армяндарын тонап, жібегін алып кеткендердің жолдасы емессің бе?

Қажы Қара: Ағасы, айналып кетейін, мен жазықсызбын, саудагермін. Адам тонауды білмеймін.

Шенеуник: Онда неге қару-жарақ асынып түнделетіп жүрсің? Есі дұрыс адам бұл жерде жүрмейді. Мұны дұрыстап ұстаңдар, мыналардың кім

екенін көрейік. (*Армяндарға қарап тұрып*) Әй, сендер кімсіңдер?

Мкртыч: Жолыңа құрбан болып кетейін, біз туғлалық бишара егіншілерміз, егіннен үйге қайтып бара жатқанда мына кісі бізді тоқтатып, жібермей қойды. Сен келмесең, бұл бізді ұстап тұрушы еді.

Шенеуник: (*Қажы Қараға*) Бұларды сен ұстап тұрсың ба?

Қажы Қара: Мен бе екен оларды ұстап тұрған? Өтірік болса, Алла бұлардың үйін қиратсын! Айналайын, бұлар менің жолымды бөгеп, мені тонағысы келді.

Мкртыч: Ағасы, өтірік айтып тұр, ол өзі бізді тонағысы келді!

Қажы Қара: Бұлардың неше түрлі айласы бар! Бұларға сенбе! Сендердің есаулдарың деп айтты. Енді өз сөздерінен танып тұр.

Мкртыч: Ағасы, бұл кісі өтірік айтып тұр! Мұның сөзіне сенбе! Біз өмір бойы егінші болғанбыз деп қанша айтсақ та, бізді тыңдамай қойды. Мұның тағы бір жолдасы бар еді, қашып кетті.

Шенеуник: Старшина Халил, бұлардың қайсысы дұрыс айтып тұр, бір байқап көр. Басты қатырып жіберді ғой. Бұлардың кім екенін қайдан білеміз. Үшеуін апарып, таңертең начальникке көрсетейік, тергеп көрсін. Не деп бұйырса, соны істерміз.

Старшина Халил барлығын тұтқындайды.

Қажы Қара: (*жылай бастайды*) Ошағы өшсін, менің үйімді қиратқанның! Мені қанға тұншықтырған

- қан құссын! Имансыз өлсін, мені бәлеге душар еткен!
 Мен қайда, сот қайда! Мен тергеуден құтылып едім,
 енді тағы тергелетін болдым! Бәрін тәптіштеп сұрайтын
 болды-ғой. Енді солардың бос әуре сұрақтарына жауап
 бер! Ақыры немен бітіп тынады екен енді!

Армяндардың бірі: Ал бәлем, көңілің орнықты ма,
 күлмей кеткір, бізге бекерден бекер килігіп едің. Енді
 тергеуден құтылуымыз екіталай! Орыстың тергеуі
 ұзаққа созылады. Бидайды кім жинайды, қыrmанды
 кім тегістейді! Ах-ах!

Халил: Көп сөйлемей, жүріңдер!

(Барлығы кетеді, көзден ғайып болады)

Перде жабылады.

Бесінші перде

*Қыстақта. Хайдар мырза шатырдың ішінде отыр,
 бір күн бұрын той жасаған, қалыңдығы қасында.
 Сырнайдың үні. Жас балалар ойнап, ән салып жүр.*

Хайдар мырза: Аллаға мың шүкір! Өңім бе, түсім
 бе, қосылдық әйтеуір. Екі жыл бойы шөлде қайғы
 жұтып жүріп, ақыры арманым орындалды.

Сона ханым: Хайдар мырза, ант-су ішейін, осыдан
 кейін қыдыруға да шықпайтын боласың! Енді сенен
 бір сәтке де болса, айрылмаспын. Сенің басыңа бір
 күн туса, қашқын болып жүрсең, ұсталып қалсаң, мен
 жер бетін басып жүре алмаспын. Сені бір күн көрмей
 қалсам, өлетін шығармын!

Хайдар мырза: Тыныштал! Қарақшылыққа, ұрлыққа енді бармайтын болдым. Начальниктің өзі де айтты. Пайда табатын жақсы бір іс таптық. Сен өзің де бөгет болмайтын шығарсың. Қиын жұмыс та емес.

Сона ханым: Айтшы, қане, қандай жұмыс?

Хайдар мырза: Білмейсің бе? Осыдан жиырма бес күн бұрын саған айтпап па едім, Қажы Қарадан ақша алып, тауарға бара жатырмыз деп? Разы болмап едің. Енді қайырын көріп отырсың. Барып алып келіп, Қарабах базарында сатып, Қажы Қараның ақшасын ұлына қайтарып бердік. Жолдастарым да өз үлестерін маған берді. Он күнде ел қатарлы той жасап, сенімен отау құрдық. Айтқаныңа көніп, бармағанда сені алып қашушы едім, немесе сен әкеңнің үйінде отырушы едің осы күнге дейін.

Сона ханым: Бірақ тауар тасуға тыйым салынды дейді ғой, барып келгендерді жазалайды екен.

Хайдар мырза: Әрине, әлсіздерді ұстайды. Тауарын тартып алып, жазалайды. Бірақ маған кім жақындай алады!

Сона ханым: Алдыңнан ешкім кездеспеді ме?

Хайдар мырза: Неге кездеспеді? Оны бірден шықты, қорқытып едім, барлығы қашып кетті.

Сона ханым: Байқашы, Хайдар мырза, бұл іс те қате сияқты! Шыны керек, менің жүрегім бұны да қабылдамайды. Қажы Қараға айтайын, ендігәрі сендерге ақша бермесін, сендерді қызықтырып апармасын. Осыны айтып отырып та аландаймын!

Хайдар мырза: Не болды соншама, қобалжитындай? *(Сона ханымның мойнын құшып, бетінен сүйеді)* Жаным-ау, онда не істеймін? Немен күн көреміз?

Сона ханым: *(жылай бастайды)* Бұл ісінді қой! Әкемнің үйінен әкелген жасаумен бір жыл тұра аламыз. Содан кейін жақсы жұмыс тауып аларсың!

Хайдар мырза: Бір-екі рет барып келейін, жолдастарымның қарызын төлейін, содан кейін бармайтын боламын.

Сона ханым: *(жылап тұрып)* Ешуақытта жібермеймін! Жолдастарың күте тұрсын!

Хайдар мырза: Соңғы сертіміз осылай болатын. Бармасам, ақшасын сұрайды, күтпейді олар.

Сона ханым: Сен араласпа, шешеме тапсырып қоямын, ол әкеме айтар, әкем оларға басу айтар.

Хайдар мырза: Неге соншалық қобалжитыныңды бір түсінбей қойдым.

Сона ханым: Сен бірдемеге араласып кетіп, бір нәрсеге ұрынып қаласың деп қорқамын, мен тағы қайғы жұтып отырамын ғой.

Хайдар мырза: Қайдағы-жайдағыны ойлама. Ешқашан бұлай болмайды!

Сона ханым: Мен басыла алмай отырмын. Сені біреу менен тартып алатындай. Қатты қобалжып отырмын.

Осы кезде Қажы Қараның әйелі Түкез кіреді.

Түкез: Қарағым, менің еріме не істедіңдер, оған не болды? Сендер барлықтарың қайтып келдіңдер. Өзі де, көмекшісі де жоқ!

Хайдар мырза: Әй, қатын, осы уақытқа дейін әлі келген жоқ па?

Түкез: Жоқ. Не бүлдірдіңдер? Байғұс адамды алдап апарып, әуре-сарсаңға салдыңдар! Әлде өлтіріп тастадыңдар ма?

Хайдар мырза: Әй, қатын, қорықпа, бір ауылда ойын-сауық құрып жүрген шығар, келіп қалар, қорықпа!

Түкез: Ауылда ойын-сауық құрмайды. Ақылы болса, ендігәрі келуші еді. Мен ерімді сендерден сұрап тұрмын! Ерімді қалай ертіп алып кетсеңдер, солай менің қолыма тапсырасыңдар!

Хайдар мырза: Біз не істеппіз соншама. Біз оны алдап апаратындай күйеуің бала емес, кәмелетке толмаған жас емес қой. Біз оған ұсыныс айттық. Бізге қосылып барған өзі. Барған жерде қиын жерден өткізіп, жолына шығарып салдық. Біз келмесе не істейміз. Кет әрман, басты ауыртпай!

Түкез: Барып шенеуникке, начальникке шағым айтамын. Сендер менің ерімнің көзін құртыңдар деймін!

Тура сол кезде айғай-шу шығып, шенеуник пен начальник адамдарымен шатырды қоршап алады.

Шенеуник: Начальниктің бұйрығы, ешкім орнынан қозғалмасын.

Хайдар мырза: *(алдына шығып)* Начальник неге ашуға басты? Бұл жерде қашып кететін айыпты жоқ қой.

Шенеуник: Айыпты бар, жоқ, ол жағын білмейміз. Начальник Хайдар мырзаны көргісі келеді.

Хайдар мырза: Хайдар менмін, әміріңізге құлдық!

Начальник: *(ілгері жүріп)* Хайдар мырза, сен менің ақылымды алмадың, тағы жаман іске араластың ба? Енді менімен қалаға барасың!

Сона ханым діріл қағып, жылай бастайды.

Хайдар мырза: Начальник, сен маған ұрлық, қарақшылық жасама дедің. Айтқаныңды орындамаған болсам, мені Сібірге айдатып жібер.

Начальник: Тілімді алмапсың! Он күн бұрын Араздың біраз жоғарысында Әйлис армяндарын тонап, жібектерін тартып алыпсың. Қылмыс ашылды. Жазанды жеңілдету үшін мойындап, серіктеріңді айт.

Хайдар мырза: Начальник, қылмыс ашылды дейсің. Бірақ мен ешкімді тонаған жоқпын. Егер біреу келіп, осыны істеді деп айтса, жанымды саған пидаеттім.

Начальник: Жақсы, Старшина Халил, армяндарды шақыр мұнда!

Старшина Халил старшина Оханды тобымен алып келеді.

Начальник: Старшина Охан, осы ма саған кезіккен?

Хайдар мырза: Начальник, алдыға келген мұжықтың сөзіне сеніп, мені сорлатпа!

Охан: Шырағым, мен қайдағы бір мұжық емеспін. Мен жиырма жыл бойы облыс бастықтарына қызмет етіп келемін. Жиырма шақты алғыс хатым бар. Былтыр маған күміс медаль берілді! Міне, ал, оқы құжаттарды! *(құжаттарын көрсетеді)*

Начальник: Қызметтеріңді тексеріп жататын уақытым жоқ. Көріп білгеніңді айт!

Охан: Бектік үшін куәлігім де бар. Алып, оқындар! *Куәлігін қалтасынан шығарып, начальнику созады.*

Начальник: Жігітім, айтарыңды айт, бекзаттығыңды кейін дәлелдерсің!

Хайдар мырза: Начальник, бұл куәліктердің жүз данасының да көк тиын пайдасы жоқ. Өзінен күмәнданғандар осындай куәлік дайындайды.

Охан: Бұл сөздерді начальниктің алдында емес, басқа жерде айтқанда осы мылтықпен саған жауап берер едім! *(Қолын мылтығына қарай созады да начальнику қарайды)* Мен соңғы тіркеу акінде бек деп жазылдым. Ал бұл болса, менің бекзадалығымды жоққа шығарайын деп тұр. Мен байғұсты сорлатпаңыздаршы.

Начальник: Болды енді, қазір саған елу дүре соқсын деп бұйырамын. Бекзадалықты бір сәтте ұмытып кетерсің, сұрағыма жауап бермесең! Сенен мен сұрап тұрмын, бұл ит пе сендерге кезіккен?

Охан: Иә, мырзам, бұл еді бізге жолдастарымен мылтық, қылыш кезеген. Жиырма қару-жарақ асынған атты болатын. Біз болсақ, он кісі едік. Бізден көп болмағанда, тұтқындар едік. Бізден өтіп барып, Әйлис армяндарын тонады.

Хайдар мырза: Начальник, айтқандарының бәрі өтірік!

Начальник: Татар (түрік) тайпасы толығымен өтірікші негізі. Сен де солардансың, сөзіңізге сену мүмкін емес. Біреуінің қару-жарағы бар, екі туғлалық армянды тонап кетіпті. Енді ісінен танып тұр, армяндардың өзі оны тонады дейді.

Хайдармырза: Мен анакісінің кімекенін білмеймін. Негізі Қарабахтың жақсы-жаман адамдарының көбін танымын. Оны көрсем, шын айтып тұр ма, өтірік айтып тұр ма білемін. Шындығын айтатыныма ант етемін.

Начальник: Старшина Халил, ұсталған кісіні бері алып кел! (*Старшина Халил Қажы Қараны алып келеді*)

Начальник: Қане, айт тез, бұл кім, қандай адам?

Хайдар мырза: Начальник, мен оны танымын. Бұл кісі тонамайды, армяндар жала жауып тұр.

Начальник: Старшина Халил, армяндарды алып кел.

Старшина Халил туғлалықтарды алып келеді.

Начальник: Хайдар мырза, мен негізі сенің сөзіңе сенбеймін. Өзің ойлап көрші: мына армяндар кісі тонай ма? Бірақ мына кісі бұлар оны тонағысы келді дейді!

Хайдар мырза: Олай емес, бұл кісі де өтірік айтады.

Начальник: (*ашуланып*) Бұлар не дейді өзі? Барлығыңыз жан-жақтан өтірік айтып тұрсындар! Барлықтарыңды жазалау керек! Мен сені де апарамын!

Хайдар мырза: Өзің білесің.

Сона ханым қалшылдай бастайды.

Начальник: (*Қажы Қараға*) Әй кісі, сен не үшін мына армяндарды ұстап тұрдың?

Қажы Қара: Мен өз кәсібіммен айналысатын адаммын, ешуақытта жол кесу менің жұмысым болған емес. Тек қана саудамен айналысамын. Патшаға көп қызмет еттім.

Начальник: Патшаға сен қандай қызмет жасадың, ә?

Қажы Қара: Айналып кетейіндер, он бес жылдан бері патшаға жылына елу түмен салық төлеймін.

Начальник: Аа, солай де, үлкен қызмет жасайды екенсің! Шынымен зор шапағатқа лайық екенсің!

Қажы Қара: Иә, солай, қызметім үшін маған алтын медаль берілуі керек еді негізі...

Начальник: Сен сияқты қызмет жасайтындар көп. Берген ақшаны алтын медаль етіп, өздеріңе қайтарайық демекшісің ғой. Қайдағыны оттама! Айт қане, армяндарды неге тоқтаттың?!

Қажы Қара: Олар мені тоқтатқан.

Мкртыч: Құрбаның болып кетейік, өтірік айтады, негізі ол бізді тонағысы келді!

Осы кезде Жаванишр шенеуниктің есауылы келеді.

Есаул: (*Начальникке*) Шенеуник әйлистіктерді тонаған қарақшыларды ұстады, барлық жібекті алып, өздерін тұтқындады. Осыны айтсын деп мені сізге жіберді. Жағдайды жазу арқылы білдіреді.

Шенеуник: Тағы сол татарлар шығар.

Есаул: Иә.

Начальник: Ағылшын не француз деп ойлап па едің, не?

Охан: Қарақшылар осы ылғи да татарлардан шығады. Біздер еш уақытта қарақшы болмаймыз!

Начальник: Өшір үнінді, бұл сендердің адалдықтарыңнан емес. Бұған жүректерің бармайды да, қолдарыңнан да келмейді!

Есаул: Шенеуник тағы бір қашқынды жүгімен ұстап алыпты.

Қажы Қараның түсі өзгеріп кетеді.

Начальник: Қайда? Алып кел бері! (*Есаул кетеді*)

Хайдар мырза: Начальник, енді түсіндіңіз бе, мен қарақшы емеспін.

Охан: Ұсталған қарақшылар еш күмәнсіз мұның жолдастары шығар.

Начальник: Ақиқат қазір белгілі болады.

Осы кезде Есаул Кәрімәліні алып келеді. Қажы Қара оны көріп, «ия, Алла» деп талып қалады.

Начальник: (*таң қалып*) Не боп кетті өзі? Бұл неге талып қалды? Есін жиғызыңдар қане! *Шенеуник су құяды, Хайдар мырза, Старшина Халил қолын уқалайды, Қажы Қара көзін ашады.*

Начальник: Әй, кісі, саған не болды, неге талып қалдың?

Қажы Қараның тілі күрмеліп қалады.

Начальник: Шыныңды айтсаң, сені жіберемін. Бұл кісі сені көргенде неге талып қалды?

Кәрімәлі: Білмеймін.

Начальник: Сен кіммен, қашан тауар алуға бардың?

Кәрімәлі: Мен ешкіммен ешуақытта тауар алуға барған емеспін.

Начальник: Не деп тұрсың? Сені жүктің үстінде ұстапты, неге танып тұрсың?

Кәрімәлі: Мен ол жүк туралы ештеме білмеймін.

Начальник: Онда ол тауар кімдікі?

Кәрімәлі: Білмеймін.

Начальник: Ат үстінде отырған сен емес пе едің?

Кәрімәлі: Мен.

Начальник: Жүкті аттың үстіне кім салған?

Кәрімәлі: Шайтан салған шығар, менің хабарым жоқ.

Начальник: Ғазизім, біз шайтанды сенен жақсы танимыз. Көп іске араласқанымен тауар тасымайды. Шыныңды айт, әйтпесе теріңді сыпырамын.

Хайдар мырза: Начальник, бір сөзім бар.

Начальник: Айт қане.

Хайдар мырза: Бұл кісіні мен екі жолдасыммен заңсыз тауар әкелуге апардық. Ұсталған – оның қызметшісі. Өте нәзік жанды болғандықтан талып қалды. Армяндарды да тауарын алып қояды деп қорқып, жолда ұстап тұрған.

Начальник: (*Хайдар мырзаға*) Енді түсінікті болды. Жолдастарың кім?

Хайдар мырза: Әскер мырза, Сәфәр мырза.

Начальник: *(шенеуника)* Оларды шақырып келіңдер!

Шенеуник: Дереву! *(Шенеуник бір Есаул жібереді)*

Начальник: *(Хайдар мырзаға)* Неге Охан өтірік айтып тұр деп айттың?

Хайдар мырза: Охан шынымен өтірік айтты. Алты кісі болатынбыз, тауар әкелуге барған. Төрт жүгіміз болды. Бұларға кезігіп қалдық, қорқытып қуып тастадық та, өз жөнімізге кете бердік. Әйліс армяндарының тоналғандығы туралы естімеппіз! *(Осы кезде Есаул Әскер мырза мен Сәфәр мырзаны алып келеді.)*

Начальник: Хайдар мырза, жолдастарың осылар ма?

Хайдар мырза: Иә, осылар!

Начальник: Хайдар мырза, қарақшылық тұрғыдан сен қылмыс істемейсің, бірақ құжатсыз шекара өтіп, заңсыз тауар әкеліпсің, бұған қоса шенеуник жіберген қарауылдарға қарсы қылыш пен мылтық кезепсің, заң бойынша мен сені тұтқындап қалаға апаруым керек.

Хайдар мырза: Өзің білесің, Начальник!

Сона ханым: *(Начальниктің етегіне жабысып)* Құрбаның болып кетейін, мені өлтір, оны әкетпе! Мені иесіз қалдырма!

Начальник: Хайдар мырза, бұл кім?

Хайдар мырза: Начальник, бұл менің әйелім. Кеше ғана той жасап, алып келдім. Бұлай істеуіме себепкер болған өзі!

Начальник: Қалайша яғни?

Хайдар мырза: Начальник, біз бір-бірімізді сүйеміз. Екі жыл бойы қауыша алмай жүрдік. Той жасауға ақша таба алмадым. Ақыры, заңсыз тауар әкеліп, тапқан пайдасына той жасап, оны алып келдім. Шіркін, бұл күнді көргенше өлсемші.

Сона ханым: Патшаға құрбан болып кетейін! Құл қатасыз, аға мейірімсіз болмайды. Бұл істі жоғарыға жаз, менің көзжасыма рақымшылық көрсетер. Мен өзім жазып кепіл боламын, Хайдар мырзаны ешбір жаман іске жібермеймін.

Хайдар мырза: Начальник, мен бұл қылмысымды өз қаныммен Дағыстанда патшаның дұшпандарымен соғысып жуып-шайайын.

Начальник: *(шенеуникке қарап)* Бұл бишараларды бір-бірінен айыруға жүрегім бармай тұр. Бұл істі жоғарыға айтқанға дейін бұларға уақыт беруге бола ма?

Шенеуник: Болады.

Әскер мырза: Начальник, біз де дұшпанға қарсы қылыш сермеуге дайынбыз!

Начальник: *(шенеуникке)* Жоғарыдан жауап келгенше бұларды босата тұрайық, !

Осы кезде Қажы Қараның әйелі Түкез келіп, Начальниктің аяғына жығылады.

Түкез: Айналып кетейін, менің ерімді маған бер!

Начальник: *(Қажы Қараға)* Әй, кісі, сен ендігәрі тауар тасуға бармайтын шығарсың енді?

Қажы Қара: Тәубе етейін, Начальник! Күндіз-түні саған дұға айтамын, мені бұл істен алып қалдың деп!

Начальник: (*шенеуникке*) Мұны да босат.

Қажы Қара: Айналайын, тауарым не болады?

Начальник: Шыдай тұр біраз.

Қажы Қара: Жолыңа құрбан болып кетейін, тауарым келмесе, өлемін!

Начальник: Старшина Халил, Қажы Қараның қызметшісі мен туғалықтарды да босат, кете берсін. (*Мырзаларға*) Заңсыз іспен айналысып, жаманатты болу сендердің бекзаттықтарыңмен мүлдем сәйкеспейді. Ұрлық, әсіресе заңсыз тауар тасуға мемлекет тыйым салады. Патшаның әмірін орындамау – Алланың әмірін орындамаумен тең. Алланың әмірінен шыққанға о дүние тозақ болса, патшаның әмірін орындамағанға бұ дүние тозақ болады. Алланың әмірін орындағанға жұмақ, ал патшаның әмірін орындағанға қайырымдылық пен рақымшылық. Мемлекеттің қайырымдылығы зор, сендердің де қылмыстарың кешіріледі. Бірақ осыдан кейін шын жүректен мемлекетке адал қызмет етіп, жаман ниеттерінді қоясыңдар!

Мырзалар: Айтқан кеңесінді қабылдаймыз, Начальник!

Начальник: (*Сона ханымның қолын алып*) Сұлулығың мен көз жасың үшін Хайдар мырзаны сенен айырмадым. Оған мұқият бол, жоғарыдан тағы бір жаман іске араласып кетпесін!

Сона ханым: Құба-құп, Начальник! Маған сен! Оны жаман іске араластырмаймын, оның орнына өзім өлгенім артық.

Начальник: Өте-өте ризамын! Сенің кепілдігің әрінен сенімдірек. Ал қош-сау болыңдар! (*Кетуге ыңғайланады.*)

Қажы Қара: Айналайын, начальник, шенеуниктің есаулдары мені тұтқындағанда қалтамнан жиырма тиынымды алып қалып еді, соны маған қайтарып берсінші!

Начальник: (*шенеуникке*) Дерев ақшасын қайтарып берсін! Есаулдарың енді мұндай әрекеттерін тоқтатсын!

Қажы Қара: Алла тағала сенің өмір мен дәулетінді арттырсын, ағасы! Өмір бойы сенің бұл рақымшылығыңды ұмытпаспын!

Начальник алыстап кетеді, артынан адамдар да кетеді.

Перде жабылады.



ЖӘЛИЛ МӘММЕДҚҰЛЫЗАДЕ

(Нахчыван, 1869 - Баку, 1932)



Жазушы-драматург, журналист, қоғамдық қайраткер Жәлил Мәммедқұлызаде 1869 жылғы 10 ақпанда Нахчыван қаласында дүниеге келді. Алғашқы білімін алдымен молдалардан, кейін Нахчыван қалалық мектебінде алды. 1887 жылы Закавказье мұғалімдер семинариясын бітіріп,

Иреван губерниясының ауылдарында мұғалім болып істеді. Алғашқы әдеби шығармалары - «Шай салтанаты» (1889) аллегориялық пьесасын, «Данабаш ауылының жағдайы» (1894-1936 жылдары жарияланды) әңгімесін сол жылдары жазды.

«Молла Насреддин» журналын шығара бастаған Жәлил Мәммедқұлызаде Әзербайжанда, сондай-ақ Таяу Шығыста сатиралық журналистиканың негізін қалады.

Жәлил Мәммедқұлызаде публицистика, проза және драматургиялық шығармалары арқылы әзербайжан әдебиетін тек мазмұндық тұрғыдан ғана емес, түр және форма тұрғысынан да байытты. Оның «Пошта жәшігі», «Зейнал шебер», «Иранда еркіндік», «Құрбанәли

бей» тәрізді әңгімелері, әйгілі «Өлілер» комедиясы әзербайжан реализмі мен сатирасы тарихында маңызды орынға ие. Шығармашылығында ұлттық сана-сезім («Анамның кітабы», 1919), мектеп тәрбиесі, халықты ағарту («Данабаш ауылының мектебі», 1921) мәселелеріне кеңінен орын береді.

Жазушы 1932 жылғы 4 қаңтарда Баку қаласында қайтыс болды.



ӨЛІЛЕР

(трагикомедия)

Үзінді

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Кейіпкерлер:

Шейх Насрулла – 45 жаста.

Шейх Ахмед – оның шәкірті, 40 жаста.

Қажы Хасан – қаладағы қадірлі қажылардың бірі,
50 жаста.

Кербелан Фатма ханым - оның әйелі, 40 жаста.

Ескендір – оның ұлы, 22 жаста.

Жәлел – оның кенже ұлы, 10 жаста.

Назлы – оның қызы, 12 жаста.

Зейнеп – Қажы Хасанның күңі, 20 жаста.

Әли – Қажы Хасанның қызметшісі, 18 жаста.

Қажы Бәхшәли - 45 жаста.

Қажы Кәрім - 50 жаста.

Қажы Қазым - 50 жаста.

Мәшәди Орудж - 35 жаста.

Мәшәди Орудждың шешесі - 50 жаста.

Мирбағыр аға - 35 жаста.

Хайдар аға – телеграф жолдаушы, 45 жаста.

Әли мырза - аудармашы, 30 жаста.

Мырза Хүсейн - мұғалім, 40 жаста.

Кербелан Вәли - 35 жаста.

Төрт қыз – Шейх Насрулланың 13-14 жасар
әйелдері.

Бір топ адам, қонақтар, әйелдер.

Оқиға Иреван уәлиатындағы қалалардың бірінде
болады. Жиырма жыл бұрын.

Бірінші перде

Қажы Хасанның үйі. Ескендірдің бөлмесі, бұрышта темір кереует, алдында ескі үстел, үстінде бір-екі кітап; үстелдің жанында екі ескі орындық.

Жәлел мен мұғалім бір-біріне қарама-қарсы отырып алып, сабақ оқуда.

Жәлел алдында кітап, тоқтап-тоқтап оқып отыр.

Мұғалім¹⁶ *(қатты дауыстап).* Берәфт!

Жәлел. Әз дест берәфт, ей мүрги сәһәр, ешки зипәрванә, зипәрванә....

Бір кісі *(Мәшеди киімін киген кісі асығып, үйге кіріп келеді де, ентігін).* Қажы Хасан үйде ме?...

Жәлел *(кісіге).* Әкем базарға кеткен.

Кісі шығып кетеді. Мұғалім аң-таң болып артынан қарап қалады.

Жәлел *(тағы оқи бастайды).* Зипәрванә бейаму, бейамуз... ганә... сухтарә....

Мұғалім *(қатты дауыстап).* Дұрыстап оқы.

Ескендірдің дауысы естіледі: «Марс, Марс, Марс!» деп айғайлап ішке кіреді.

Жәлел *(ары қарай оқиды).* Кон сухтәра, кон сухтәра... *(Ескендірге)* Аға, шықшы, сабағымды оқиян.

Ескендір иттің құлағына жармасып, ішке қарай сүйрейді. Ит шегіншектеп, кірмейді.

Жәлел *(Ескендірге).* Ағатай, итті ішке кіргізбеші, сабағымды оқиян.

¹⁶ Мұғалім парсы тілін оқытып жатыр.

Ескендір итті қоя береді, көңілді күймен шляпасын кереуеттің үстіне лақтырып тастап, папирос шеге бастайды.

Мұғалім (*Ескендірге*). Сәлеметсіз бе, Ескендір мырза. Келгеніңіз жақсы болды. Мырза Жәлелге сабағына ден қойсын деп ақылыңызды айтарсыз.

Ескендір (*кереуеттің үстіне отырады*). Әрине, ақылымды айтамын. Бірақ менің сөзімді тыңдайтын бар ма? Ит екеш ит те менің сөзімді тыңдамады, қанша тартсам да ішке кірмеді. Ха-ха-ха ... (*қарқылдап күледі*).

Мұғалім. Жоқ, бұлай ойламаңыз. Мырза Жәлел ақылды бала, мырза Жәлел сіздің сөзіңізді тыңдайды. Оны оқытып жүрміз, әкесі де оқысын дейді. Бұл еңбегіміз зая кетпес. Білімсіз адамды ешкімнің керек етпейтінін Мырза Жәлел біледі. Білімі жоқ адамның ешқандай құны жоқ, ешкім оны құрметтемейді де.

Ескендір (*қатты дауыстап, қарқылдап күледі*). Мырза Жәлелдің өзі байқамай ма екен, білімсіз адамды ешкім керек етпейтінін. Ха-ха-ха. Білімді болса, құрметі жоқ. Ха-ха-ха. Ал құрметі бар кісінің білімі жоқ болады. Ха-ха-ха. Адамдар оған не білімі жоқ, не құрметі жоқ дейді.

Мұғалім (*Жәлелге*). Жо-жөк, Ескендір мырза қалжындап жатыр.

Жәлел (*мұғалімге*). Мұғалім, ағам тағы мас қой.

Ескендір (*тез тұрып, Жәлелдің қасына келеді*). Мен бе? Мен маспын ба?

Аузын Жәлелдің аузына түйістіріп, үрлейді. Қане? Мен маспын ба?

Жәлел (*басын бұрып, бетін тыржитып*). Түһ, аға, тағы шарап ішіп алыпсың ғой.

Ескендір (*қатты күліп тұрып*). Өтірік айтасың, оллаһи, өтірік айтасың! Шарап ішпедім, арақ іштім! Көрдің бе, өтірік айттың! Ха-ха-ха!...

Мұғалім (*тұрып Жәлелге*). Бүгінгі сабағыңды жақсы оқымапсың. Сол себепті саған жаңа тапсырма бермеймін. Ертең таңертең сұраймын.

Бір кісі (*Мәшеди киімін киген кісі асығып, үйге кіріп келеді де, ентігіп*). Қажы Хасан үйде ме?

Жәлел (*кісіге*). Үйде емес.

Кісі кетіп қалады. Сыртта ит үреді.

Ескендір (*есікке қарай барып*). Кә-кә-кә! Ха-ха-ха! Кә-кә-кә! Ха-ха-ха! Марс, Марс, Марс! Болды, болды! (*итті тыныштандырады*).

Жәлел (*Ескендірге*). Аға, көкем келгенде «ағам келгендерге итті айтақтады» деп айтамын.

Ескендір (*Жәлелге бір қарап алып*). Мен де Жәлел сабағын қарамады деп айтамын. Ха-ха-ха! (*Біраз күліп алған соң, Жәлелдің қасына келеді*). Жо-жоқ, айтпаймын, айтпаймын. Мен сені қалай жақсы көретінімді білесің ғой (*бетін ұстайды*). Ағаңның сөзін тыңда. Кітапты алдыңа қойып, оқып отырсың (*кітапты қолына алады*). Әкең бұл кітапқа үш аббасы, бәлкім төрт аббасы, не бір манат беріп, сатып алды, ал сен ақымақ, жай қарап отырсың. Сол ақшаны апарып Карапетке берсе, саған екі шиша Смирнов арағын беруші еді. Сен де әкеліп Ескендір ағаңа беруші едің. Мен де қалтама салып алар едім. Біреуін таңертең

сенің денсаулығың үшін, екіншісін де кешке ішуші едім мырзамыздың денсаулығына деп. Сіз аман-сау ал мен мас болушы едім (*мұғалімге қарап*). Мырзам, дұрыс айтып тұрған жоқпын ба? Ха-ха-ха!...

Мұғалім. Ғафу етіңіз, Ескендір мырза. Сізге насихат айту дәрежелік болар, бірақ балаларға мұндай сөз айтуыңыз орынсыз, сірә. Сіз бауырыңызға білім жолын қу деп айтудың орнына білімнің керегі жоқ деп ақыл айта бастадыңыз.

Жәлел кітапты қолынан алғысы келеді, бірақ Ескендір бермейді.

Ескендір. Ха-ха-ха!... (*Жәлелге*). Білім жолын қу. Ха-ха-ха! Білім жолына түс. Тыңда саған айтарымды.

Бір мәшәди (ендігің ішке кіріп). Қажы Хасан үйде ме?

Ескендір. Үйде, үйде.

Жәлел (*Мәшәдиге*). Ағам өтірік айтады, көкем базарға кеткен.

Мұғалім (*Мәшәдиге*). Не болды, жай ма?

Мәшәди ештеме айтпай, кетіп қалады.

Ескендір (*қолында кітап, Мәшәдидің артынан қуалап барып*). Әй, кетпе, қажы үйде. Марс, Марс, Марс! Кә, кә, кә! Айтақ, айтақ! Кә, кә, кә! (*Аяғымен жер тепкілейді*).

Мұғалім (*шыққысы келіп*). Ой, Алла сақтасын (*шығып кетеді*).

Ескендір (*мұғалімнің артынан күліп*). Мырзам, кетпе! Садағаң кетейін, кел Жәлелге білім үйрет. Оқып, ғалым болсын.

Жәлел (*Ескендірге жақындап*). Аға, бер кітабымды.

Ескендір (*ашуланып*). Тозаққа түскір!

Жәлел қорқып, қашып кетеді.

(Ескендір артынан біраз қарап тұрып, кереуеттің үстіне отырып, бір қалтасынан арақты, екінші қалтасынан стакан алып, құйып іше бастайды. Содан кейін кітапты ашып қарап отырады).

Ескендір (*кітапқа қарап*). Танимын сені. Мен де сені біраз оқығанмын. Осыдан он бес жыл бұрын тура осы бөлмеде мен де оқығанмын. Менің мұғалімім маған айтушы еді, әй бала, сабағыңды жақсы оқы деп. Бірақ ешкім маған адам бол деп айтпады. Кімді көрсең-дағы тек сабақ оқы, ғалым бол. Бірақ маған ешкім білімнің не екенін түсіндірмеді. Ғылым деп осыны айтпай ма, қазір бір кісі мына бөтелкені басына көтеріп алып, бәрін тауысады. (*ішеді*). Пах! Пах! (*бетін тыржитады*). Білім деген осы.

Жәлел (*есіктен сығалап тұрып*). Аға, әкем келгенде айтамын барлығын.

Ескендір (*стакан мен бөтелкені қалтасына қайта салып қояды*) Жәлел, Жәлел, кел бері, саған бірдеме айтамын.

Жәлел. Келмеймін, сен массың.

Ескендір. Жәлел, сен білесің бе Сократтың не дегенін?

Жәлел. Сократ кім?

Ескендір. Сократ деген бір кісі болған; ертеде бір кісі. Сократ былай деген екен: «мен оқымай тұрып,

бәрін білемін деп ойлаушы едім. Білім-ғылым білмей тұрып, бәрін білемін деп ойлайтынмын. Кітап оқи бастаған соң, ешнәрсе білмейтінімді түсіндім». Ха-ха-ха! Арақ ішуді де білмеймін! Жәлел, әй Жәлел! Енді сен маған жоламайсың, маған массың дейсің. Бірақ Қараағаштың піріне ант етейін, сен де мендей сабақ оқыған соң, Ескендір ағандай құмыраны құшақтап жатарсың. Ха-ха-ха!...

Назлы (*есіктен қарап*). Аға, сен азырақ ішсеңші бұл удан!

Ескендір. Құп болады, ішпеймін. Менің көзіме қарашы (*қолымен көзін жабады*).

Назлы. Өтірік айтасың, ішесің.

Ескендір. Оллаһи, өтірік айтпаймын. Сен осы жерде тұрсаң, ештеме ішпейтін боламын, кетіп қалсаң, ішемін.

Назлы (*Ескендірдің қолына жабысады*). Мен де сенің қасыңнан кетпеймін онда.

Ескендір (*Назлыны құшақтайды*). Әй, менің сұлу қарындасым Назлы. Таңертеңнен кешке дейін үйде отырып, шешеннен «бозбашты»¹⁷ қалай пісіру керектігін үйренесің. Бірақ маған жоламайсың. Өзім қыдырған қалалар туралы саған айтып берейін, бұл дүниенің көрікті жерлерін әңгімелеп берейін. Қарашы, күн шықты, сен сол күнді көрмейсің, оның сәулесі неге керек онда? Далада шөп шығыпты, ағаштар бүршік жарыпты, бірақ сен болмасаң, ол бүршік пен шүйгін шөптің не керегі бар? Сенің мұрынбоқ інілерің (*Жәлел*

¹⁷ Бозбаш – әзербайжандардың ұлттық тағамы; ішіне нут, картоп қосылған етті сорпа.

мен Назлы күледі) арықтардың шетіндегі жоңышқаны теріп жейді. Ал сен үйде отырып, сағыз шайнайсың. Үйде битті апайларыңмен қол ұстасып, секіріп ойнайсың да, «хагушка, хагушка¹⁸» деп айтасың. Ха-ха-ха!... (*Жәлел мен Назлы күледі*). Менің Назлы қарындасым! Кел, кетейік бұл жақтан.

Қажы Хасан ентігіп ішке кіреді. Назлы мен Жәлел оған барады.

Ескендір. Әке, қал қалай?

Қажы Хасан (*біраз ойланып тұрып*). Кербелаи Фетулла тірілді дейді.

Ескендір (*әкесіне таңдана қарап*). Қалай?

Қажы Хасан. Кербелаи Фетулла тірілді дейді.

Ескендір (*таңданып*). Кербелаи Фетулла дейсің бе?

Қажы Хасан. Қажы Рүстем ағаның ұлы Кербелаи Фетулла.

Ескендір. Ол Хорасанда өлмеп пе еді?

Қажы Хасан. Иә, иә. Сол Кербелаи Фетулла.

Ескендір. Яғни, тіріліп, қабірден шыға келген бе?

Қажы Хасан (*сабырсыз*). Иә, иә, тіріліпті.

Ескендір тұрып, бетін жасырады, күлкісін тыя алмай, қарқылдап күліп, сыртқа қашып шығады.

Қажы Хасан (*артынан қарап тұрып*). Алланың лағынаты тисін саған! Біздің оқымыстымызға қараңдаршы! Тағы ішіп алыпты. Мас болмаған күннің өзінде, мұндайға сенбейді ғой. Оқысын деп

¹⁸ Хагушка – Әзербайжандағы жастар мен балалардың ырғақты биі.

өз салмағындай ақша жұмсадым, он жыл өтті, қане білімі, қай тозақта сабақ оқыды екен? Енді қарашы түріне, не болғанын. Кейбір арамзалар мұсылмандарды балаларын сабақ оқытпайды деп айыптайды. Міне саған сабақ! Енді келіп, сол оқығандарды көрсе екен солар. Егер де мен енді осыдан былай балама алыс жаққа кәпірлер арасында білім алғызатын болсам, Алла маған мың лағынат айтсын! Мен негізі, ақымақ басым, ақыры осылай болатынын біліп едім. Бірақ жайыма қалдырмайды ғой; олаһи, биләһи бұл адамдар бізді жайымызға қалдырмайды, халық өз білгенін істетеді. Жағама жабысып, қажы, ұлыңа жаның ашымай ма, құдайға шүкір, ақшаң бар, білім алсын, келіп бір қызметке кірсін, инженер болсын, дәрігер болсын, тергеуші болсын, әйтеуір бірдеме болсын деді. Оны осы мақсатпен жібердік. Машаллаһ, оқып келді, енді көріңдерші ал не болғанын, таң атса мас, кешке мас. Алла тағала осыған себепкердің ошағын сөндірсін.

Қажы Бәхшәли (*екі өкпесінен ентігіп ішке кіреді*). Қажы, Кербеләи Фетулла тіріліп пе?

Қажы Хасан (*орнынан тұрады*). Иә, иә, тіріліпті; тіпті өз қолымен қағаз да жазыпты. Өзім де аң-таңмын.

Қажы Бәхшәли. Алланың құдіреті ғой, бірақ қажы, осы өлген адам өздігінен тірілмейтін шығар. Оны тірілткен біреу бар шығар.

Қажы Хасан. Уа, қажы, бұған таңдануға болмайды. Былтыр Қабла Хәлілдің әйелі өлді деген хабар тарап еді. Кейін таң атысымен тіріліп кетіпті деген. Енді сап-сау жүр.

Ескендір (*есіктен сығалап*). Әрине, кешкісін әйел өліп қалады да, таң ата сала тіріліп кетеді! Ха-ха-ха!...

Қажы Хасан (*Ескендірге айғай салады*) Жоғалт көзіңді!

Қажы Кәрім (*ентігіп ішке кіреді*). Қажы, Кербелаи Фетулла тірілді ме?

Қажы Хасан. Иә, иә, солай. Қажы, отыр, отыр.

Отырады.

Қажы Қазым (*ентігіп ішке кіреді*). Қажы, Хасан аға Қажы Рүстем ағаның ұлы тірілді деп жатыр ма?

Қажы Хасан (*орнынан тұрады*). Иә, қажы, солай дейді.

Мәшәди Орудж, артынан тағы бірнеше кісі ентігіп кіреді.

Мәшәди Орудж (*бір қолында қағаз, екі қолын көкке көтеріп, Аллаға жалбарынады*). О, Алла тағала, сенің құдіретіңді айтуға тілім жетпейді. Саған мың да бір шүкір, о жаратқан Ием!

Адамдардың бір бөлігі қағазға қарап тұрып:

«Бұл Кербелаи Фетулланың қағазы ма? Оқы, қане, көрейік не жазған екен.»

Қажы Хасан (*Мәшәди Оруджға*). Мәшәди Орудж, қағазды оқы, жамағат түгел есітсін, өте таңғажайып оқиға болған екен, адамдардың барлығы аң-таң.

Мәшәди Орудж (*екі қолын жоғары көтеріп, жылай бастайды және көз жасын сұрткеннен кейін қағазды оқи бастайды*).

«Әй, менің ғазиз бауырым Мәшәди Орудж! Бұл қағаз қолыңа тие сала, алдымен Қажы Хасан ағамнан сүйінші сұра.

Қажы Хасан жылай бастайды.

Содан кейін шешем тірі болар, барып шешемді бауырыңа басып былай де: «Ана, бишара ана, қайғылы ана, ұлың Кербелаи Фетулла тіріліпті. Содан кейін ұлым Мәхәммедхасанды құшағыңа алып, былай де: «Әй, бишара бала, жүрегінді ауыртпа, сен енді жетім емессің, әкең тірілді, бірнеше күннен кейін саған Хорасаннан қызыл кебіс алып келеді». Айып етпесең, Мәхәммедхасанның шешесі, күйеуге тиген шығар, егер тимеген болса келінді жіберіңіз, оған хабар берсін (*жылайды*). Әй, менің ғазиз бауырым Мәшәди Орудж! Мен тірілді деген хабар қызық болып көрінуі мүмкін. Бұған күмәнданған кісілерге мың лағынат!

Кісілер бәрі бірге: Лағынат!

Мәшәди Орудж (*ары қарай оқиды*). Бауырым! Мәшәди Орудж! Мен және менен кейінгі жүз он төрт кісі қабірден тіріліп, бұ дүниеге тағы бір жолы келгендер, бір аптадан кейін кезігерміз, Құдай қаласа, бір аптадан кейін елге қайтамын. Ал енді қысқаша былай деп айта аламын: қасиетті Мәшхәд қаласында бір тақуа пайда болды, оның аты Шейх Насрулла. Алла тағала өз шапағатын төксін! Шейх мырза бірнеше жыл Исфаһанда білім алған соң, Хорасанға барған екен, сол жақта діни білім алған соң, толығымен Алла жолына түсіпті¹⁹.

¹⁹ Мәшәди Орудж парсы тілін көбірек қолданады.

Әй, менің қайырымды бауырым Мәшәди Орудж! Мән-жайды Құдай қаласа, келгенде өзім айтып түсіндіріп берермін, сен естіп таң қалатын боласың. Бірақ-та хижра күнтізбесі бойынша алтыншы айдың он сегізінші күні, ай дүниеге жақындаған кезде, Шейх мырза қасиетті Мәшхәди қаласында жат кісілердің мазарына келіп, алдымен дұға оқи бастайды, содан кейін дауыстап: Өззәмтү әлейкүм я әхләл-күбүр! Ей Алланың мүмин пенделері, тұрыңдар! Бұл дауысты естіген өлілердің барлығы Алланың құдыретімен қозғала бастайды.

Адамдар жылай бастайды.

Тағы не айтайын, бауырым? Бір кісінің басыма келіп тұрғанын көрдім, ұзын бойлы, қырық жастарында, қара көзді, қасиетті жүзінің түсі жасылдау екен, қасиетті аты Шейх Насрулла Исфәһани.

Қажылардың біреуі: Құдайға мың да бір шүкір!

Бірі айтады: О, Алла тағала, рақым ете көр күнәлі пенделеріңе!

Барлығы тағы жылайды

Мәшәди Орудж (ары қарай оқиды). Әй, менің мүмин бауырым Мәшәди Орудж! Бұл қағазды саған жазғандағы мақсатым, сені хабардар ету, қасиетті Шейх Насрулла режеп айында қасиетті Мәшхәдиден шығып, Жулфа жолымен Тебризден өтіп, Неджефул-ешреф қаласына қарай жолға шығады. Шейх мырза біздің қаламызда бір күн қалып, қабірлерді зиярат еткен соң, ары қарай кетеді.

Адамдар жылайды.

Бұл қағаз сенің қолыңа тигенде бұл хабарды жерлестеріме, әсіресе құрметті Қажы ағама жеткізерсің, осы айдың жетісі немесе сегізінде шейх мырзаның алдынан шығып, сол пәк кісіге лайықты құрмет көрсетілсін. Оның кереметі мен рақымшылығынан жерлестерім құр қалып қалмасын. Қош-сау болыңдар. Қағазға қол қойылған, Мәшәди Фетулла қажы Рүстемнің ұлы, қасиетті Мәшәди қаласы. *(Екі қолын жоғары көтеріп, жылайды. Адамдар да жылайды).* Құдайға шүкір!

Қажы Бәхшәли *(аң-таң болып).* Шейх мырза біздің қалаға да келеді ғой?

Қажы Хасан. Иә, иә. Қағазда солай жазылып тұр. Адамдардың бірнешеуі біздің қалаға келетін болыпты.

Мәшәди Орудж. Иә, иә, біздің қалаға келеді, яғни келіп осы жерден Тебризге барады.

Қажы Қазым. Қашан келеді? Әй, не дейсің?

Мәшәди Орудж. Иә, иә, солай жазылған екен; режеп айының жетісінде не сегізінде келеді.

Қажы Кәрім. Қалай дейсің? Біздің қалаға неше күннен кейін келеді?

Мәшәди Орудж. Екі-үш күннен кейін.

Кісілердің бірнешеуі. Екі-үш күннен кейін шейх мырза біздің қалаға келе ме?

Мәшәди Орудж. Иә, иә, солай.

Кісілер қозғала бастайды да: «Біз не ғып тұрмыз?» деп бір-біріне қарайды.

Қажы Хасан *(қажыларға қарап тұрып)* Оллаһи, бұл дүние істеріне аң-таңмын *(біраз ойланып барып).*

Негізі бұл бір керемет қой, адам өлген соң тіріліп, қайтадан біз сияқты адам болады.

Қажы Бәхшәли. Қажы Хасан аға, сен олай деп айтпа. Алланың хикметінен шүбәланбау керек. Өз қолымен қағаз жазыпты. Қажы аға, сен сондай сөздерді айтпа.

Бірнеше кісі. Әрине, әрине, бұлардың барлығы бір хикмет. Бұл Алла тағаланың бір хикметі.

Қажы Хасан. Олай болса, не ғып тұрмыз? Шейх мырза жолда келе жатқан болар. Қарап тұруға уақыт жоқ. Қажы Қазым, Қажы Кәрім, Қажы Бәхшәли, Мәшәди Орудж, тағы кім бар, баршаңызға айтып тұрмын: тұрмандар, дайындалындар.

Қызметші Әли есікте кісілердің артынан сытылып шығады.

Атқа арпа беріндер, керек-жарақтың бәрін сайлай беріндер. Сендер де қажылар, мәшәдилер, дайындалындар; карап тұруға уақыт жоқ. Дайындалу керек. Жолға шығайық.

Қажылар мен кісілер қозғала бастайды. Адамдардың бірнешесі шығып, бір-біріне: «Кеттік жүріңдер, аттарды дайындайық» дейді.

Қажы Хасан. Хайдар, жүгір! Тез барып, үйге хабар беріндер, бөлмелерге кілем төсесін, қонақ келеді.

Кісілердің арасында тұрған қызметші Хайдар шығып кетеді.

Қажы Қазым (Қажы Хасанға). Қажы, сіз әбігерге түспеңіз, шейх мырзаның әуресін мен тартайын, біздің үйдің қонағы болсын, сіз әбігерге түспеңіз.

Қажы Хасан. Жо-жоқ. Қажы Қазым, сен олай деп айтпа. Мұндай әбігер сауап болады.

Қажы Бәхшәли. Жоқ, Қажы Хасан, шейх бізге қонақ болсын.

Қажы Кәрім. Мен разы болмаймын, шейх мырзаны өзім қарсы аламын. Болмайды.

Қажы Хасан (*Қажы Кәрімге*). Шейх мырзаның бізде қалуға қақы бар.

Қажы Қазым. Солай ғой, Қажы Хасан аға, жақсы, күтіп тұрмайық. Барып дайындалайық. Қажылар, кеттік, жолға дайындалайық.

Барлығы «өтіңіз-өтіңіз» деп шығып кетеді. Бөлмеде Қажы Хасан ғана қалады. Есіктен Кербелаи Фатма ханым басында шадра, тартыншақтап ішке кіреді.

Кербелаи Фатма ханым (*Қажы Хасанға*). Қажы-ау, бір хабар есіттім. Кербелаи Фетулла тіріліп келе жатыр дейді ғой.

Қажы Хасан. Фатма, қарап тұрма, үй ішінді дайында. Хорасанда қанша кісі өлсе, барлығы тіріліпті деп бәрі бір-біріне айтып жатыр. Кербелаи Фетулла да тіріліпті, бүгін таңертең келеді. Оны тірілткен шейх та келе жатыр, біздің үйге түседі. Саған айтып тұрмын, бар, дайындал (*зор дауыспен*). Саған айтамын, тұрма енді! (*Шыққысы келеді*).

Кербелаи Фатма ханым. Қажы-ау, біздің қалада да өлгендерді тірілте ме екен?

Қажы Хасан (*есікте*). Әй, қатын, тездет, не ғып тұрсың? Тірілтіп тірілтпейтінін қайдан білейін. Алланың рақымшылығына байланысты. Өзім де аң-

таңмын, қалай тіріледі екен, білмеймін. Бар, қамдан, тездет! Мен кеттім. *(шығып кетеді)*.

Кербелаи Фатма ханым *(екі қолын жоғары көтеріп жылайды)*. Жер мен көкті жаратқан, о жаратушы Ием! Мені бір жарым жылдай жылаттың, жауқазын гүліндей құлпырған қызымды алдың, менің жүрегімді жараладың! О, рахман Алла, мен сенен Сарамды сұраймын! Кербелаи Фетулланы тірілткен Алла, маған шапағатың тисін, менің гүлдей құлпырған қызымды тірілт! О, Алла тағала!... *(жылап, жерге етпетінен жатады)*.

Ескендір *(ішке кіріп, ақырын ғана шешесінің қасына келіп, басын төмен түсіріп)*. Өкінішті-ақ, ана!

Перде жабылады.

ПОШТА ЖӘШІГІ

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Қараша айының он екінші жұлдызы. Аяз қатайғанымен, қар жауатын сыңайлы емес. Дәрігер соңғы рет ханның науқас әйелін тексеріп, «аурудың жағдайы жақсы, бір аптадан кейін жолға шығуға болады» деді. Хан өте маңызды жұмыстар үшін Иреванға жол жүруге асыққан болатын. Қар жауып кете ме, ауа-райы суыта ма, науқаспен жолға шыға алмай қаламыз ба деп әбіржіген еді. Хан қолына қалам алып, иревандық досы Жәфәр мырзаға хат жазды:

«Ғазизім! Бір аптадан кейін, бұйырса, Иреванға отбасыммен бірге келемін. Өтініп сұрайтыным,

біздің бөлмелерге кілем төсеп, пештерді жағып қойсын, бөлмелердің ауасы тазарып, жылынсын, науқас қиналып қалмасын. Бұл хаттың жауабын маған телеграмма арқылы берерсің. Сен маған айтқан жұмыстардың барлығын реттедім. Қош-сау бол!

Саған жақсылық тілейтін Вәли хан. Қарашаның 12-сі».

Хан хатты бүктеп, конвертке салып, үстіне маркасын желімдеді. Қызметшісін поштаға апарып салып жіберуге шақырайын деп еді, басқа бір жұмысқа жұмсағаны есіне түсті. Сол кезде есік қағылды. Хан шығып қарап еді, есікті қаққан кісі ханның Итқапан ауылынан жерлесі Новрузелі екен. Бұл кісі көп уақыттан бері ханның қасына келіп-кетіп жүретін, келген сайын ұн, бал, май әкелетін. Осы жолы да Новрузелі құрқол келмеді. Ханды байқап қалған соң, таяғын есікке сүйеп, екінші жақтауын аша бастады. Ашып болған соң, үстінде жүгі бар есекті ішке кіргізіп, жүктің арасынан үш-төрт тауық-балапанды қыт-қыттатып, жерге жіберіп, жүкті шешіп, қаптарды жерге түсіріп, ханға қарап екі жолы иіліп сәлемін берді. Хан сәлемін қабыл алып:

– Әй Новрузелі! Осыншама неге әуреге түстің? – деді.

Новрузелі қаптардың кендір жібін шешіп жатып:

– О не дегеніңіз, хан ием! Мен өле-өлгенше сіздің құлыңыз болып өтермін... – деді.

Новрузелі осы сөзін айтып, үстінің шаңын қаға бастады... Осы кезде түс ауа бастаған кез еді. Пошта жабылып қалуы мүмкін. Ханға сол мезетте жазған

хатты Новрузелі поштаға апарып тастасын деген ой келді.

Хан қонағына қарап:

– Новрузелі, поштаның қайда екенін білесің бе? – деп сұрады.

Новрузелі жауап қатты:

– Тақсыр, мен ауылдықпын, қайдан білейін поштаның қайда екенін?

– Начальниктің кеңсесін білесің бе?

– Әрине білемін, неге білмеске. Өткен апта шағым түсіру үшін начальникке барғанмын. Хан ием, ант етейін, ауылнай бізді жәбірлейді. Негізі, біздің бұл ауылнай басқа рудан. Бізді көргісі келмейді. Өткен апта менің екі бұзауым жоғалып кетті. Барып...

– Кейін айтарсың. Тыңда, не айтатынымды: басқарма ғимаратының алдында бір-екі үй тұр. Есігінің аузында бір жәшік тұр, сол пошта жәшігі. Кішкентай, бірақ ұзын қақпағы бар. Осы хатты дереу апарып, жәшіктің қақпағын қозғап, хатты жәшіктің ішіне сал, қақпағын жауып, қайтып кел!

Новрузелі екі қолын ханға қарай созып, үрейленіп хатты қолына алды. Біраз ханға қарап тұрды да, қабырғаға қарай бұрылып, хатты қабырғаның түбіне сүйеп қойды. Хан дауыстады:

– Жерге қойма! Қойма деймін ол жерге! Қағаз былғанады, тез апарып, жәшікке салып кел!

– Хан, айналайын, есектің басына дорба іліп қояйын. Жануар аш қалмасын, жол жүріп келді ғой.

– Жо-жоқ! Ештеме етпес! Пошта жабылып қалады. Есектің дорбасын содан кейін ілерсің.

– Жаксы, онда есектің аяғын тұсап қояйын, әйтпесе тура барып, ағаштарды кеміріп тастайды.

– Жо-жоқ, ештеме етпейді, бар тез, хатты салып кел!

Новрузелі қолын қалтасына салып, дән шығарды... Хан дауыстады:

– Болды деймін!... Таста бәрін. Тез жөнел, шауып барып хатты поштаға салып кел!

Новрузелі қолына ағашын ұстап, балаша жүгіріп кетті. Содан кейін біраз ойланған соң, қайтып келіп ханға қарап:

– Хан, өтінемін, шүберектің ішінде жұмыртқа бар, қарай салыңдар, есек ақырғанда жұмыртқалар сынып қалмасын, - деді.

Хан тағы да дауыстады:

– Болды енді сөзді ұзатпай. Тез барып қағазды сал, уақыты өтіп кетер.

Новрузелі алыстап бара жатқанда Хан артынан айғай салды:

– Новрузелі, хатты басқа біреуге беріп қойма!.. Ешкімге берме, ешкімге көрсетпе! Тез барып, жәшікке салып, қайтып кел!

Новрузелі де дауыстап жауап берді:

– Мен хатты басқаға бере салатын бала емеспін ғой. Соншалық топас емеспін. Бұл хатты ешкім ала алмайды.

Новрузелі бұл сөздерді айтқан соң кетіп қалды... Хан бөлмеге кіріп, әйеліне қарап, тәтті тілмен былай деді:

– Дайындал, көзімнің қарашығы. Иреванға бөлмелерді дайындасын деп хат жаздым. Енді бара

аламыз. Машаллаһ, тәуір болдың. Дәрігердің өзі ауаны өзгерту керек деп айтты.

Хан әйелімен сапар туралы біраз әңгімелескен соң, қызметшісі келіп,

– Хан, бұл есек кімдікі, бұл заттарды кім әкелді? – деп сұрады. Хан жауап берді:

– Заттарды орналастыр! Оларды бізге Итқапандық Новрузелі алып келді.

Қызметші тауықтар мен жұмыртқаларды ас үйге апарды, есекті айдап тауық қораға қамап, есігін жауып қойды. Содан кейін келіп, ұн қапшықтарының біреуінің аузын ашып, ішіндегі ұннан бір шымшым алып, ханға апарып былай деді:

– Хан, жақсы ақ ұн екен.

Хан ұнға қарап алған соң, қызметшісіне көшенің қақпасын жауып, нанды алып кел деп бұйырды.

Новрузелінің әкелгендерін екі сағаттай жеп отырды. Хан тамақтан кейін Новрузелінің хатты поштаға апару керектігі есіне түсті. Хан қызметшіні шақырып сұрап еді, қызметші ауылдан келген кісінің поштадан әлі келмегенін айтты. Хан Новрузелінің осыншалық кешіккеніне таңғалды, бәлкім Новрузелі хатты поштаға салып, өзіне базардан нан мен бір нәрселер алып жүрген шығар деп ойлады. Мүмкін базарлық алып жүрген шығар. Бір сағат өтті, Новрузелі әлі келген жоқ.

Хан қызметшісін шақырып, оған пошта жаққа барып, Новрузелінің қайда жүргенін, осыншалық кешігуіне не себеп болғанын анықта деп айтты. Жарты сағат өтер-өтпесте қызметші қайтып келіп, Новрузеліні

таба алмағанын айтты. Хан балконға шығып, бір шылым тұтатып, арлы-берлі жүре бастады. Мұншама кешіккеніне қарағанда, Новрузеліге бірдеме болып қалды ма деген ой келді. Хан осыны ойлап тұрған кезде есікке полиция жасауылы келіп, Ханмен жолығу керек деді:

– Хан, пристав полицияға келуіңізді бұйырды, жерлесіңізге кепіл болсын деді. Егер кепіл болмасаңыз, пристав оны түрмеге жіберетінін айтты.

Хан бұл сөздерді есітіп, аң-таң болып, жасауылдың бетіне қарап, не істерін білмей, сасып қалды. Біраздан кейін тілге келді:

– Ол ауылдан шыққан кедей бір адам. Пристав оны ұстап босатпайтындай не істеп қойды?

Жасауыл жауап берді:

– Мен ештеңе білмеймін. Өзің барып, полициядан сұрасаң жақсы болады. Әйтпесе ана кісіге обал болады.

Хан әйелінің мазасын алмау үшін болған жағдайды оған айтпады. Киініп, полиция жаққа жүріп кетті. Жолда терезеден тұтқындарды көріп, бишара Новрузелінің бірнеше тұтқындармен бірге бір бұрышта балаша жылап, көзінің жасын көйлегінің ұшымен сүртіп отырғанын көрді.

Хан Новрузелінің жағдайын приставтан сұрастырған соң оған кепіл болды да, өзімен бірге үйіне алып келді. Новрузелі аулаға кірер-кірместен егіл-тегіл жылай бастады. Саман толы дорбаны есектің басына байлап, өзі қабырғаға сүйеніп отыра кетті. Хан үйіне кіріп, бір шылым тұтатып, балконға шықты. Новрузеліні көріп, жанына шақырып былай деді:

– Новрузелі, мұнда кел, не болғанын айтшы, тыңдалық! Сенің бұл әңгімең өте қызық екен. Негізі кітап етіп жазу керек. Барлығын бір-бірден бастан-аяқ асықпай түсіндір. Хатты апара жатқан кезден бастап, тұтқындалуыңа дейінгі оқиғанды түгел айтып бер.

Новрузелі түрегеліп, Ханға жақындап, көйлегінің ұшымен көзінің жасын сүртіп, әңгімесін бастады:

– Құрбаның болып кетейін, Хан, балаларыңыз үшін бағыштай көріңіз мені. Менің ешбір күнәм жоқ. Ауылдан шыққан қарапайым адаммын, қайдан білейін хат не екенін, жәшік не екенін, пошта не екенін? Айналайын, Хан, мені кешіре көріңіз сүйкімді балаларыңыз үшін. Еш зияны жоқ, әзірге өлмедім, аман қалдым, сізге қызмет етермін, жақсылығы алдымнан шығар. Бір қателік жасадым. Бәрінің басына келуі мүмкін. Бұлардың бәрі Алладан. Барлық шындығым осы. Мені кешіріңіз, Хан ием. Мен өле-өлгенше сізге қызмет етермін.

Новрузелі бұл сөздерді айтып, Ханға біраз жақындап, оның аяқтарын құшып, сүйгісі келді. Хан артқа қарай шегіншектеп:

– Новрузелі! Жаныңды қинамай-ақ қой. Мен саған не дейін? Мен сені кешіретіндей сен маған қандай жамандық жасадың? – деді.

– Құрбаның болып кетейін, бұдан басқа қандай жамандық болсын? Хатты қолыммен сол кәпірге бердім, ол да қалтасына салып, алып кетті.

– Кім хатты қалтасына салып алып кетті?

– Кәпір орыс, иттің баласы!

– Қайда салып алып кетті?

– Сол жердегі үлкен бір үйдің есігінің алдында жәшік бар екен, сол жерге салды.

Хан біраз ойланып барып:

– Бірақ сен хатты жәшікке салмапсың, - деді.

– Қалайша салмадым, салдым. Хатты салып болған кезде, бір кәпір келіп, жәшікті қалай ашқанын білмеймін, хатты алып кетті.

– Жәшікте сен салған хаттардан басқа хат жоқ па еді?!

– Қалай жоқ? Көп хат болды. Солардың барлығын жинап, алып кетті.

Хан қарқылдап күліп алды.

– Новрузелі, бастан-аяқ мән-жайды дұрыстап түсіндіріп берші: хатты қалай апарғаныңды, жәшікке қалай салғаныңды және орыспен қалай төбелескеніңді, бәрін бір-бірден айт.

Новрузелі сөзін былай бастады:

– Хан, құрбаның болып кетейін, мен хатты бұл жерден алып, басқарма үйіне қарай жақындадым. Маған түсіндірген үйді таптым, сол жерге барып, жәшіктің қақпағын көтердім. Хатты жәшікке салғым келіп, хатқа бір, жәшікке бір қарап тұрдым. Маған ашуланасың деп қорықтым негізі. Шыны керек, салайын ба, салмайын ба деп тұрып қалдым; хатты жәшікке салғаннан кейін жәшіктің жанында күтейін бе, әлде хатты салып үйге келейін бе, сол жағын сенен сұрауды ұмытып кетіппін. Хатты салып, жәшіктің жанында біраз күтіп тұрсам ба деп ойландым. Айналайын, хан, өзің де көрдің ғой, есекті аш қалдырып, аяғын шалып байлап кеттім. Бір қап ұн алып келген едім, сол күйі тұр. Хан, саған жаным

пида, қазір дәл уақыты, қызметші келіп, қаптарды үйге кіргізсін, жаңбыр жауып кетсе, ұнға су тиіп кетер.

– Новрузелі, бұлардың бәрі істелді... Ары қарай не болды, айта берші.

– Хатты салған жоқпын. Жәшіктің қақпағын жауып, артқа шегініп, шетте біраз тұрдым. Алдымен қайтып келіп, сенен сұрайын деп ойладым, сен маған ашуланасың деп қорықтым. Шыны керек, «осы біздің Новрузелі есек шығар» деп ішіңнен айтарсың деп қорықтым. Қабырғаға сүйеніп, біраз шаршағанымды басайын деп отырдым. Тура сол кезде 10-12 жасар бір армян баласы жәшіктің жанына барып, қақпағын көтеріп сен берген хат сияқты бір қағазды жәшікке салып, қақпағын жауып, өз жөніне кете барды. Сол арсызды қаншама шақырдым, хат жәшікке салынған соң қайда барады деп сұрайын деп едім, тілімді түсінбеді ме, білмеймін, маған жауап бермеді. Жауап бермек түгіл, бетіме де қарамады. Армян баласы алыстап кеткен соң, бір орыс әйел тез-тез жүріп келіп, жәшікке жақындап, ол да бір хат салып кетті. Осыларды көрген соң, мен де жігерленіп, жәшікке салынған хаттар жәшіктің ішінде қалуы керек деп түйдім. Батырсынғаным соншалық, «пісмілдә» деп жәшіктің жанына барып, қақпағын ашып, хатты жәшікке салып жібердім. Біраз алыстап бара жатқанымда бір орыстың жәшіктің қасына келіп үлгергенін көріп қалдым. Мен басында жәшіктің ішіне хат салғысы келді ме екен деп ойладым. Бірақ бұл айлакердің ойы басқа болып шықты. Ол оң қолын жәшіктің ішіне сүңгітіп жіберді. Хаттарды ұрлағысы келгенін сезіп қойдым.

Хан, басыңды қатырып жібердім ме, мені кешіре гөр, ұлыңа айтшы, мені шығарып салсын. Ымырт жамыла бастапты, ауылға жете алмай қалуым мүмкін.

– Әй, мен саған әлі кетуге рұқсат берген жоқпын. Айт ары қарай, содан кейін не болды?

– Иә, құрбаның болып кетейін, хан, менің жетім-жесірім саған құрбан болсын. Сенсіз менің өмірім болмай кетсін. Жаңағы орыстың ұялмастан хаттарды жәшіктен ақырындап алып, жиыстырып, қолтығының астына салып алғанын көрдім. Жәшіктің қақпағын жауып, тура кете берді. Мен тез қуып жетіп, қолынан ұстап алып, жібермей қойдым. «Әй, досым, бұл хаттарды қайда апара жатырсың?» деп сұрадым. «Бұл хаттар сен үшін салынған жоқ. Жұрттың хаттарын орнына сал! Новрузелі қожайынының хатын саған бере салады деп ойладың ба, мен әлі өлген жоқпын. Мұндай істер жақсы емес, адам өзгенің меншігіне қол сұқпауы керек. Сіздің бұл істеріңіз шариғатта күнәға жатпай ма сонда?» дедім.

– Асықпай тұра тұршы, кетерсің... Содан кейін не болды?

– Түһ, не айтып тұр едім. Әй, ұста-ұста, ана есек жүзім ағаштарын сындырады қазір.

Новрузелі есекке қарай барғысы келіп еді, хан жібермей қойды.

– Новрузелі, кетпе деймін, тоқта. Иә, ары қарай не болды?

– Не болушы еді? Қанша жалынып жалпайдым, ханым мені өлтіреді деп. Тым болмаса, ханымның хатын берші маған дедім, жоқ бермеймін деді.

Қашқысы келгенін байқап қалдым. Сол кезде ашуым келіп, алқымынан алып, жерге бір-ақ құлаттым. Жығылып қалды, аузы қанады. Содан кейін басқарма үйінен солдаттар шыға келіп, мені ұрып-соғып қамап тастады. Сен болмасаң, мені баяғыда Сібірге айдаушы еді. Қамауда менен басқа да тұтқындар болды, олар маған сол орыстың үкімет адамы екенін айтты. Осылай... енді мен не дейін? Хан, құрбаның болайын, айтшы енді, кім кінәлі?

Хан ұзақ қарқылдап күлді.


Қас қарайды. Новрузелі бос ұн қапшықтарын аш есегінің үстіне салып алып, есекті қызыл шыбықпен айдап, ауылына жол тартты.

Иреваннан үш күннен кейін «хат жетті, бөлмелер дайын» деген телеграмма келді, Хан жиналып, Иреванға кетті.

Бір жарым айдан кейін Новрузелі сотталып, үкімет қызметкеріне тіл тигізгені үшін үш ай түрме жазасына кесілді. Бірақ Новрузелі өзіне тағылған айыпты мойындамады. Үш ай өткен соң ғана бұл хабар Иревандағы Вәли ханға жетті. Хан терең ойға батты.

ӘБДҮРРЕХИМ БЕЙ ХАҚВЕРДИЕВ

(Шуша, 1870 – Баку, 1933)



Әбдүррехим бей Хақвердиев – әзербайжан жазушысы, драматург, педагог, әдебиеттанушы, өнер қайраткері. 1870 жылғы 17 мамырда Әзербайжанның Шуша қаласы маңындағы Ақбұлақ ауылында дүниеге келді. Алғашқы білімін 1880 жылы Шушада Юсиф бейдің уақытша жазғы мектебінде алып, кейін Шушадағы мектепте жалғастырды (1881-1890). Тифлистегі орта мектепті бітірген соң Петербургтағы жол инженерлері институтында жоғары білім алды (1891-1899). Студенттік кезінде шығыстану факультетінің тыңдаушысы болды. Сол кезден бастап әдебиетке деген ықыласы оянып, «Жейсің қаз етін, татарсың дәмін» (1892) және «Ыдыраған одақ» (1896) шығармаларын жазды.

1905 жылғы төңкерістен кейін Ресей Мемлекеттік думасына Гәнже губерниясынан өкіл болып сайланды.

Әбдүррехим бей Хақвердиев әдеби шығармашылыққа Шуша мектебінде оқып жүрген кезден-ақ бастап, М.Ф. Ахундзадениң ықпалымен «Қажы Дашдемир» (1884) атты шағын пьеса жазды.

Петербургта жоғары білім алып жүргенде көркем сөзге деген ықыласы одан сайын арта түсті.

1899 жылы Әзербайжанға қайтқан Хаквердиев біршама уақыт Бакуде тұрды. Бір жағынан мұғалім бола жүріп, режиссура ісімен де айналысты. Сол жылдары «Бақытсыз жігіт» (1900), «Пері-мыстан» (1901) трагедияларын жазып, ұлттық драматургияны идеялық және поэтикалық тұрғыдан байытты. 1906 жылы «Хаят» газетінде әңгімелер, «Молла Насреддин» журналында бүркеншік атпен фельетондар, анекдоттар жариялады. «Маралдарым», «Хортданның тозақтан хаты», «Шейх Шабан», «Елес», «Аш кісілер» және тағы басқа шығармалардың авторы.

Шетелдік әйгілі жазушылардың шығармаларын әзербайжан тіліне аударды.

1933 жылғы 17 желтоқсанда Бакуде дүниеден озды.



МИРЗА СӘФӘР

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Ақ чухалы²⁰, ақ қысқа пешпент киген, Бұхара терісінен папахасы бар, семіз қарнына күміс белдік тағып алған Мирза Сәфәрді бәрі танитын. Кісілер оған сәлем беріп өтетін. Той мен қонақасыдан қалмайтын. Мирза Сәфәрдің әңгімесін бәрі ұйып тыңдайтын. Ұйқасын келтіріп, әдемі сөйлейді. Көп ақынның өлеңдерін қойын дәптеріне жазып алып, сол өлеңдерді оқитын, оқып болған соң, әрбіреуін орыс тіліне аударатын. Жас шағында Мирза Сәфәрдің өзі ақын болғысы келген екен, қанша тырысып баққанымен, бір нәтиже шықпаған деседі.

Мирза Сәфәр өлең жазу үшін екі құрал керек екен дегенді естіпті: бірі оңаша бөлме, екіншісі бір шиша шарап.

Шарап ішкен соң шабыттанып, өлеңдер өздігінен судай ағылады екен-мыс. Ұйқас іздеп қиналып қалса, екі мәрте ызаланып, жер тебінсе, ұйқас өзінен-өзі табылады екен.

Мирза Сәфәр бір шиша қызыл шарапты үйіне алып келді. Мирзаға шарап міндетті түрде қызыл болу керек, сұлу жардың ерніне ұксау керек деп айтылған екен. Шарапты үстелдің үстіне қойды, қалпағын бір жаққа, чухасын екінші жаққа лақтырып тастап, жағасын ағытып, шашын дудыратып жіберіп, масаттанып тұрып, айнаға қарап былай деді:

– Бәрекелді, Сәфәр, енді нағыз ақын болдың!

²⁰ Кавказда ер адамдар киетін ұзын сыртқы киім

Шараптан бір стакан құйып алып ішкен соң, көздері қызарып кетті. Бірақ ақындығы әлі ояна қоймаған тәрізді.

Орындыққа жайғасты, алдына бір парақ қағаз қойып, қолына қалам алды. Төрт-бес рет қаламды сияға малғаннан кейін тұрып, бөлмеде әрлі-берлі жүрді. Қанша ойланса да, өлеңді бастап жаза алмады. Бір стакан тағы ішті. Қыза бастады. Отырып, қолына қалам алып, әдемі етіп жазды:

Қақпамызды тағдыр қақты!

Мирза Сәфәр қанша тырысқанымен екінші жолды жаза алмады. Қанша рет аяғымен жер тепкілесе де, шарапты түбіне дейін ішіп бітірсе де, өлең жаза алмады.

Мирзаның әкесінің үйінде сағат бірде түскі ас ішілетін. Сағат бір болды, екіден өтті, Мирза түскі тамаққа келмеді. Әкесі алаңдай бастады.

Ұлының терезесінің жанына өтіп бара жатып, бетінің анардай қызарып кеткенін, көздері шарасынан шығайын деп тұрғанын көреді. Шашы ұйпа-тұйпа, үстіндегі киімі мыжылған, маңдайынан тер судай ағып жатыр. Бөлменің бір басынан екінші жағына кідірместен жүр, бөлменің тура ортасына келгенде аяғымен жер тепкілеп былай дейді:

«Қақпамызды тағдыр қақты, қақпамызды тағдыр қақты, қақпамызды тағдыр қақты!»

Әкесі бөлменің есігін ашып, ішке кірді:

– Балам, саған не болған?

Мирза Сәфәр әкесінің айтқанын естімей, «Қақпамызды тағдыр қақты!» деп айғай салды.

Байғұс әке жақындап барып, ұлым жынданған шығар деп ойлады. Үстелге қарай жақындағанда, үстел үстіндегі қағаздағы жазуды оқыды: «Қақпамызды тағдыр қақты!»

Сол кезде әкесі ұлының ақын болғысы келгенін түсінді. Жақындап, ұлын құшақтап тұрып:

– *Қақпамызды тағдыр қақты!*

Сендей мақау былжырапты.

– Кел, ақымақтың баласы, түскі асыңды ішіп ал. Менен қандай ақын шықса, сен де сондай ақын боларсың.

Ұлын бөлмеден шығарып, түскі асқа алып барды.

Бірнеше жылдан кейін Мирза көршінің қызына ғашық болып, шешесін елші етіп жіберді. Қыздың шешесі Мирзаның анасын құрметтеп қарсы алды. Жауабында қыздың еркі әкесінде, әкесі келгенде айтайын деді. Менің қызым Сәфәрдан жақсыны қайдан тапсын, ұры емес, алаяқ емес, тауыққа да тас атпайды. Жаман істерге араласпайды, кешкісін әкесімен сөйлесіп, жауабын айтармын, – деді.

Мирзаның шешесі осы сөздерден кейін еш алаңдамастан үйіне қайтты.

Қыз есіктің артында олардың әңгімесін тыңдап тұрыпты. Шешесі қонақты шығарып салып, қайтып келгенде қызының жылап тұрғанын көріп:

– Жаным, не болды саған, неге жылап тұрсың? – деді.

Қызы жауап берді:

– Анашым, әңгімеңізді толығымен есіттім, мені құрбан ет, мені тірідей турап, иттерге бер, бірақ мені бақытсыз ете көрмеші.

– Қызым-ау, Сәфәр жақсы бала еді, ұнатпайсың ба?
– Қаламаймын, анашым, садағаң кетейін.
– Әлі ештеме болған жоқ қой, ол алмады, біз де бермедік сені. Мүмкін әкең де келіспейтін шығар.

Сәфәрді қыздар көп ұната бермейтін. Пақыр, басы ілмиіп жүретін, ешкімге соқтықпайтын, беліне тапаншаны ілмейтін, мықынын таянып шіреніп жүрмейтін, папахасын көзіне түсіріп кимейтін. Бұйра шашын жоғарыға қарай тарамайтын, темекі шекпейтін, ашурада²¹ бас жармайтын, әрі бойшаң да емес-тін. Мұндай жігіттерді қыздар сүймейтін.

Кешкісін қыздың әкесі базардан келді. Шешесі жағдайды айтып берді. Әкесі біраз ойланып тұрып:

– Сәфәр жаман бала емес, атасы да абыройлы кісі. Бірақ біз оған қыз берсек екі үйді де асырайтын боламыз. Қызымызды бір үзім нан жейтін, бізге мұқтаж болмайтын бір жерге берейік, - дейді.

– Олар бізден жауап күтіп жатыр.

– Бір күн күте тұрсын, ештеме етпейді, таңертең көрші дүкендегі Қажы Әбдүләзіммен ақылдасайын. Ол – көпті көрген, ақылды кісі.

Қыздың әкесі Қажы Әбдүләзімнің дүкеніне барып, жағдайды айтып береді. Қажы Әбдүләзім дұрыстап тыңдап алған соң:

– Сен өз қызыңның дұшпанысың ба? Менің кішкентай мысығым болса, оны да бермес едім Сәфәрге. Ораза ұстамайды, намазға жығылмайды, мешітке мүлдем басын сұқпайды, тіпті кешке дейін армян базарында отырып, шарап ішіп, түнде үйіне мас

²¹ Мухаррем айының 10-күні

болып кетеді. Егер маған кеңес сұрайын деп келсең, менің айтарым осы.

Екі күннен кейін Сәфәрдің шешесіне үлкен қыз тұрмысқа шықпайынша, кіші қызды әкесі ешкімге бермейді деген жауап кетті. Бұл жауаптан Сәфәр қиналып, ауырып қалады.

Әкесі ұлының жағдайын көріп, былай дейді:

– Балам-ау, іш-құса болдың ғой! Өзің де білесің, біз жарлымыз, көмекке зәруміз, арқа сүйер ешкіміміз жоқ. Біздейлерге қыз бере ме? Бұл жақта қалсаң, жағдайың тіпті нашарлайтын сияқты. Ең дұрысы, Құрбанлыдағы нағашыңның үйіне барып, бірнеше күн серуендеп қайт. Мүмкін бұл қызды ұмытатын шығарсың.

Мирза әкесінің сөзіне көніп, ауылға кетеді. Сол жақта бірнеше күн жүргеннен кейін жабық конвертпен бір хат келеді. Хатты ашып қараса, бір өлең жазылған. Белгісіз бір ақынның өлеңі.

Бұл хаттан кейін Мирзаның көңіліне шер түсті. Кейінгі кезде бұл өлеңді де өзі арада бір оқуға құштар болып алды. Мирза Сәфәр ауылда жүргенде қыз Қажы Әбдүләзімнің ұлына ұзатылды.

* * *

Жоғарыдағыны Мирзаның өзі де әңгімелеп беретін.

Мирза Сәфәрмен біз танысқанда оның жасы қырық бес-елудің арасында. Өзі уезд канцеляриясында қызмет етті. Орысша сауаты аз болғандықтан, таза қағазға көшіріп жазу оның жұмысы болатын. Жалақысы - жиырма бес манат.

Мирзаға бәр жерде құрмет көрсететін. Бір ғана шынайы досы болатын – сағат шебері Зейнал. Мирза

күнде түскі астан кейін келіп, шебер Зейналдың дүкеніне барып, онымен әңгімелесетін. Әңгіме кезінде қалтасынан жаңғақтың түр-түрін, киш-миш шығарып үстелдің үстіне жайып салатын. Мирзаның қалтасы жаңғақ пен қаққа толып жүретін. Жолда кетіп бара жатып, қалтасындағы жаңғақты алып шығып, таяғының ұшымен шағып, жеп кете беретін.

Зейнал ұстаның дүкенінде Мирза ғазал оқып, содан кейін оқыған ғазалдарын орыс тіліне өзінше аударғандай болатын. Орыс тілін білмегендіктен аудармасы да жөнді болмайтын.

Зейнал ұста, тыңдашы, ақын қалай әдемі айтқан.

– Жарайсың, ақын! – деп жаңғақтың біреуін аузына салып кеп жіберді.

Зейнал ұста да сауат ашқан кісі болатын. Ол да өлең оқуды жақсы көретін. Мирза Сәфәр сол себепті онымен сөйлескісі келетін. Канцелярияда Мирзаны барлығы құрметтейді. Өйткені басқалар жұмысын тындыруға келгендердің бәрінен пара алса, Мирза өз жалақысын қанағат етіп, бір тиын пара алмайтын. «Пара алу адамдарды қорқақ және кінәлі қылады, парасын алған адамдарды көрсең екі есе басыңды иесің... Неменеге керек сол? Таза болғаным, жалақыға қанағат еткенім жақсы емес пе, ешкімге кіріптар болмай, баршаның алдында басымды тік ұстап жүремін. Жиырма бес манат еңбек ақым бар, айына бір рет үйге келіп өтініш жазғызғандардан он манат кірісім бар, осылар маған жетер» дейтін.

Мирзаның кезінде базардың бағасы арзан болатын: жақсы қой етінің қадағы төрт тиын, нанның қадағы екі тиын, майдың пұты төрт манат еді. Мирза

тапқан ақшасымен ұлдарына да тәрбие беретін. Жағымпаздандудың не екенін Мирза білмейтін. Бек пен ханды да елемейтін. «Босағасына барып нан да сұрамаймын – бермей-ақ қойсын» деп айтатын.

Бір күні бір кісі канцелярияға келіп, хатшыдан қағазын сұрайды. Хатшы «қағазың Мирза Сәфәрда, көшіріп берсін, содан кейін апарарсың» дейді. Кісі Мирза жаққа барып:

– Мирза, менің қағазымды, мүмкін болса тезірек жаз, апарып тастайын, – дейді.

– Шыда, уақыты келгенде жазармын, қолымда басқа жұмыстар бар.

– Білесіз бе, мен Хасан ағаның туысымын.

Мирза қолындағы қаламын тастап, сол кісінің көзіне қарап тұрып:

– Шынымен Хасан ағаның туысысың ба? – дейді.

– Шынымен.

– Осы сен Хасан ағаның туысысың ба?

– Уаллахи, рас айтамын.

– Сен Хазрет Аббас Хасан ағаның туысысың ба?

– Хазрет Аббас хаққы Хасан ағаның туысымын.

– Өліп кетейін, Хасан ағаның адамымын де.

– Өліп кетейін, Хасан ағаның адамымын.

– Олай болатын болса, кел, мін менің мойныма.

Не істейін, Хасан ағаның туысы болсаң, күт, қағазың уақытында дайын болады, сол кезде апарасың.

Ал бір шаруамен келген ауылдықтарға Мирза әрдайым жылы шырай танытып сөйлесетін. Бұрын канцелярия қызметкерлерінің бірі күнде басшылық кеткеннен кейін қалып, жеделхаттарды, телеграммаларды қабылдайтын.

Бір күні кезек Мирзаға келген екен. Канцелярияның террасасына таза ауаға шығатын. Ауылдан келген бірнеше кісі көшенің ортасында отырып, өз араларында сөйлесіп отыр екен.

Мирза солардың біреуіне қолын бұлап:

– Әй, бермен келші.

Кісі тұрып келді.

– Өміріңізге құлдық, Мирза!

– Көңіл қаймықса, жылай ма, жыламай ма?

– Мен қайдан білейін-ау, Мирза.

– Күйзеліске ұшыраса, жылай ма, жыламай ма?

– Айналайын-ау, Мирза, мен мұндай нәрселерді түсінбеймін. Сауатсыз кісімін.

– Дұрыс, сауатсызсың. Бұлар әдемі сөздер, ұлыңды оқыт. Осындай өлеңдерден ләззат алсын.

Бір күні бастығы бұған ашуланып:

– Сәфәр! Папаханды әкет, кет бұл жерден! – депті.

Мирза Сәфәр тұрып, бастықтың бетіне бажырая қарап тұрып:

– Бастық мырза, мен бұл жерден кететін болсам, папахамды қалтырып кетпейтін шығармын.

Жолдастарының барлығы бір ауыздан бастықтан оны кешірсін деп өтінді. Мирза Сәфәрдің өзі болса, сол күйі бүлк етпестен қарап тұрды.

Жолдастары Мирзаның таза қызметкер болғанын бағалайтын, сол себепті оны құрметтейтін. Мирза сөйтіп қызметінде қалады.

Мирза Сәфәрдің екі ұлы бесінші сыныпта оқитын. Мирзаның жағдайы нашар болғандықтан, мектепке қарайтын қайырымдылық қоры балалары үшін ақша алмайтын.

Бір күні балалар мектептен келіп, Мирзаға биылдан бастап оқу ақысын төлейтіндерін, ақша бермесе екеуін де мектептен шығарады деп айтып келді.

Келесі күні таңертең Мирза бастықтан рұқсат алып, мектеп директорына барады.

Директор:

– Мен шеттен келген бір кісімін, тек мектептің жұмыстарымен ғана айналысамын. Балалардың отбасыларының жағдайын біле бермеймін, білсем-дағы қолымнан ештеме келмейді. Ұлдарыңыздың екеуі де жақсы оқиды. Олардың мектептен шығарылуына менің де ішім қаймығады. Мен сізге бір кеңес айтайын, қордың басшысы Хасан ағамен бір сөйлесіп көріңіз. Сол кісінің қолынан келетін жұмыс, – дейді.

Мирза Сәфәрдің Хасан ағаның туысына айтқандары ағаның құлағына да жеткен екен. Ол ашуланып, қордың бір жиынында «Мирза Сәфәрдің жағдайын білемін, балаларын өз ақшасымен оқыта алады» депті. Жиыннан шыққанда мүшелердің бірі Хасан ағаға:

– Аға, Мирза Сәфәрге обал емес пе, оның жағдайын біз де білеміз, оған мұндай жамандықты істемесеңіз, – депті.

Аға сол кезде былай деп жауап беріпті:

– Сіз оның ұяттан жұрдай боп бара жатқанын көрмедіңіз бе?! Ешкімді сыйламайды, ешкімге сәлем бермейді, адамдардың барлығын қызметшісіндей көреді. Осылай басынғанына қарағанда ауқатқа кенелген шығар. Байып кетпесе, ол да басқа шенеуніктердей өз орнын білу керек қой.

Осыны есіткен Мирза Сәфәрдың салы суға түсіп үйіне қайтады.

Әйеліне істің мән-жайын айтқан соң, Мирза:

– Не істейін енді, бүгін балаларды мектептен шығарады. Мен оларға не бетіммен қараймын? Шаңырағымды шайқалтып жіберген Хасан ағаның өз шаңырағы опырылып түссін.

– Қаймықпа, сен өзің мектепте оқымасаң да нан тауып жеп отырсың. Балалар азды-көпті білім алып қалды, күнкөрістеріне жетер. – дейді әйелі.

– Менің жегенім нан ба? Жыланның уы сол наннан тәуір шығар. Ертең жұмыстан шығарып жіберсе, өлуге мәжбүр болатын шығармын. Хасан ағадай залымның бірі бастыққа барып шағым түсіріпті. Папаханды қолтығына қысып алып кет деп, есікті көрсетті. Ұлдарым қаңғып кетсе, өзімді өлтіретін шығармын.

Мирза тәбеті келмесе де, тамағын ішіп, жатайын деп еді, дөңбекшіп, ұйықтай алмады. Тұрып, киімін киіп, Зейнал ұстаның дүкеніне барды. Әрдайым шатшадыман, өлеңдетіп жүретін Мирза Сәфәр бұл жолы басы салбырап, ішке кіріп, сәлем берді. Зейнал ұста:

– Мирза, түнеріп кетіпсің ғой, не болды? – деп сұрады.

– Ештеме жоқ. Қайырлы болатындай ештеме жоқ.

– Айт, тыңдайық.

– Не айтайын? Хасан ағаның үйі қирап кетсін, мектепке барып, ананың ақшасы асып-тасып жатыр, балаларын өз ақшасымен оқыта алады депті. Енді балаларды маған жіберіп, осы айдың он бесіне дейін қырық манат бермесең екеуін де мектептен шығарамыз деген хабар жолдапты. Менің табысымды білесің. Олардың кітаптары мен киімдеріне әрең жеткіземін. Жарты жылда қырық манат, жылына сексен манат

болады. Мен қайдан алам сонша ақшаны? Балаларды мектептен шығарып жіберсе мен өлетін шығармын.

Зейнал ұста Мирза Сәфәрге Хасан ағаға бар деп айтады. Мирза Сәфәр бірнеше минут Зейналға қарап тұрып, бірден орнынан ұшып тұрып былай деді:

– Зейнал ұста, бұл не дегенің? Хасан ағаның аяғына жығыл демекшісің бе? Мен қайғымнан өлуге разымын, ұлдардың екеуінің де басын кесемін, бірақ барып Хасан ағадай кісіге жалбарынбаймын. Мейлі, балаларды қуса қуа берсін.

Зейнал ұста бұны есіткен соң отырған орнынан тұрып, барып Мирзаны мойнынан құшақтап, бетінен сүйді.

– Мирза, мен сені сынап едім. Енді сені нақ таныдым. Сен қиналсаң да, барып ешкімнің аяғына жығылмассың. Бәрекелді саған, Мирза Сәфәр! Осы сәттен бастап мен дүние-мүлкімді, жанымды сендей досқа арнаймын. Біраз ақылдасып алайық. Сенің тұрмысың нашар болатын, енді бұдан да қиындайтын болады. Мен де сағат жөндеп сенен көп табысқа кенеліп жатқаным жоқ. Сенің балаларыңа қолұшын беремін. Ұлыңның бірін өзің, екіншісін мен оқытайын. Жылына сексен манат сен үшін қиын болады. Бірақ қырық манатты бірдеме қылып құрастырып аларсың. Менің де күшім жетеді.

Мирза Сәфәр Зейнал ұстаны мойнынан құшақтап, бетінен сүйгілей бастады. Зейнал ұста Мирза Сәфәрдің көзіне жас алғанын байқап қалды.

– Жылаудың қажеті жоқ. Мирза, бұрын-соңды сен ешкімнен жәрдем алған емессің. Бірақ мен сенімен дос болғалы жиырма жылдан асып кетті. Бұл менің

қосқан ағайындық үлесім болсын. Бір туыстың ұлына сый жасауға болмай ма?

Зейнал ұста қарсы жақтағы шай тасушыны шақырды. Ол екі стакан шай әкеліп, қойып кетті.

– Мирза, шай іш, жүрегің орнына түссін.

Мирза шай ішіп отырып, Зейнал ұстамен біраз сөйлесіп үйіне қайтты. Мирзаның ұлдары он бесінде қырық манат алып барып, мектептің ақысын төледі.

* * *

Мирза Сәфәрдің ұлдарының екеуі де мектепті бір жылда бітірді. Осыған байланысты Мирза дастархан жайып, палау асты. Қонақтардың ең құрметтісі Зейнал ұста болды.

Мирза балалары бірнеше күн демалып алған соң бір күні кешке Зейнал ұстаны кешкі шайға шақырды. Мирза біраз әлденіп алған соң Зейнал ұстаға қарап:

– Зейнал ұста, бұл балаларды енді ары қарай оқыту керек. Жартылай тастап кетуге болмайды. Жоғары білім беруге шамам жетпейтін сияқты. Сен де маған жақсы көмектестің. Енді бір амалын ойластыру керек. – дейді.

Зейнал ұста ойланып қалады. Сол кезде Мирзаның кіші ұлы әкесіне қарап былай дейді:

– Әке, айына он бес манат ағама жібере аласың ба?

– Жоға, оған шамам жетпес. Он манат мүмкін... Не айтайын деп едің?

– Мен былай деп ойлап отырмын, ағам оқуға барсын. Мен де бұл жақта мемлекет қызметкерлерін балаларына сабақ берейін. Тапқан ақшаны ағама

жіберемін. Ол білім алып келген соң, маған ақша жібереді. Мүмкін мен сабақ беріп көп ақша тапсам, сенің он манатыңды да алмайтын шығармыз.

Оның бұл айтқанын барлығы мақұлдайды.

Бір күні Мирза Сәфәр Растабазардан өтіп бара жатып:

– Мирза Сәфәр, Мирза Сәфәр! – деп өзін шақырған бір дауысты естиді.

Бұрылып қараса, шақырып тұрған Хасан аға. Саудагер Қажы Құлының дүкенінде отырып, сол жақтан қол бұлғап отыр екен.

Мирза Хасан аға жаққа бұрылды.

– Ағасы, жайшылық па? Қажы Құлы, ассалаумағалейкүм!

Хасан аға:

– Мен саған сүйінші берейін деп шақырдым, балаларың мектепті бітіріпті деп естідім, көзайым болып жатырсың ба?

– Рахмет, аға!

– Шүкір, барған сайын зиялылардың саны артып жатыр, оларды маған жібер, біраз әңгімелесейік.

– Не үшін барады екен саған?

– Қалай не үшін? Мектепті бітірді, ақсақалға келіп, бір сәлем беріп кетсін. Қабілеті неге бар екен соны біліп, тәуір бір қызметке орналастырайық, жұмыс істесін, сен де біраз демал.

– Аға, қызметке кіргізейін деген ойым жоқ. Балаларым жоғары білім алсын, содан басқа арманым жоқ.

– Сен жарлы адамсың, балаларыңа жоғары білімді қалай бересің? Жоғары білім алу үшін жылына мың манаттан көп шығындану керек. Мен ұлыма айына жүз манат жіберемін, соның өзінде «жетпейді» дейді. Сен қолда барлармен қалай жарысасың? Аяғыңды көрпеге қарай көсілмейсің бе?

– Аға, ақылыңыз өте жақсы, өмір жасыңыз ұзақ болсын. Сіз әрқашан балаларымды ойлап жүресіз. Олар сіздің арқаңызда оқып, білім алды. Сізге өте ризамын. Үш жыл бұрын балаларға жасаған жақсылығыңызды еш ұмытпаспын.

Хасан ағаның түсі бұзылып:

– Не дегің келіп тұр, не деп тұспалдап тұрсың?

– Жай әншейін, аға! Бізді ойлап қиналмай-ақ қойыңыз. Балаларымның келешегін менің өзіме жүктеңіз. Сізге келіп нан сұрайтын болсам, қызметшілеріңізге мені қуып жіберсін деп айтыңыз. Ғафу өтінемін, басыңызды ауыртсам. Аллаға аманат, Қажы Құлы.

Мирза Сәфәр кетеді. Хасан аға Қажы Құлыға:

– Көрдің бе, қажы, халықтың қалай құтырғанын? Осындай майда-шүйделер адам қатарына қосылып жатыр. «Жоғары білім алған ұлдарды не істейсің? Екі ұлын да мектепті бітірді, тамаша, екеуін де жұмысқа орналастыр, сені бақсын» дедік қой. Жұрт барған сайын құтырып бара жатыр. Берген жауабын есіттің бе?

Хасан аға үйіне қайтады.

Екі айдан кейін Мирза Сәфәрдің үлкен ұлы қамданып, Ресейге жол тартады. Зейнал ұста Мирза

Сәфәрдің ұлына бата беріп, ақ жол тілеп, алтын сағат сыйлайды.

Мирза Сәфәрдің кіші ұлы мемлекеттік қызметкерлердің балаларына сабақ бере бастайды. Балаларды жақсы оқытқаны үшін ісі ілгері басып, ағасына артық ақша жіберіп, тіпті өзі үшін де ақша жинай бастайды.

Көктемнің соңғы айында Мирза Сәфәрдің ұлы студент формасымен үйіне демалысқа келеді.

Бір-екі күннен кейін Хасан аға Мирзаны базардан өтіп бара жатқанда қасына шақырады:

– Мирза Сәфәр, бермен келіп кетші.

Мирза келгенде қолын қатты қысып тұрып:

– Кеше ұлыңды көрдім, машаллах, жақсы балаға ұқсайды, маған бір келіп кетсін, ағаң үйге қонақ болып, шай ішіп кетсін деп жатыр деп айтшы.

Мирза аң-таң боп, ағаның бетіне қарап:

– Білесіз бе, аға, менің ұлым қазір менен де ақылды. Мен оған ешқандай ақыл-кеңес айта алмаймын, өзі біледі.

– Сен онда айт ұлыңа, енді Еуропаның салтын біледі екен. Ақсақалдарға сәлем беріп, кіріп шығу керек екенін де білетін шығар.

– Жақсы, айтармын. Қош-сау болыңыз.

Хасан аға тағы бір жолы Мирзаға қолын ұзатады.

* * *

Мирза Сәфәр өлім аузында жатыр. Дәрігер болған үлкен ұлы бір жағында отыр, қайта-қайта әкесінің маңдайына дымқыл орамалды басып, дәрісін беріп

жатыр. Инженер болған кіші ұлы ағасының айтқанын орындап жүр. Дәріханаға барып келу, дәрігерге жүгіріп бару, кенеп матаны суға шылау, тағы басқа жұмыстарды тындырып, жүгіріп жүр. Зейнал ұста мұңайып, досынан көзін алмай қарап отыр.

Мирза көзін ашты.

— Балаларым, бері жақындандаршы, қолдарыңды маған беріңдер.

Ұлдарының қолын ұстап жатып:

— Балаларым, мен біраз өмір сүрдім. Еңбек етіп, арманыма жеттім. Бұл дүниеден армансыз кетіп бара жатырмын. Таза, адал өмір сүрдім. Бірде-бір адамға жалтақтамадым, сендерге менің айтар өсиетім: аш қалсаңдар да Хасан ағадай адамдарға барып жалбарынбаңдар. Соған ұқсайтын адамдарға жоламаңдар. Таза жүрсеңдер, бақ құсының өзі-ақ сендерді тауып алар. Мен кетіп бара жатырмын. Екінші айтар өсиетім: Зейнал ұстаны өз әкелеріндей көріңдер. Мен бұ дүниеде тек соны ғана құрмет тұттым.

Мирза Сәфәр осы сөздерді айтып, мәңгілікке көзін жұмды.

Мирзаның өлім хабары шаһарға жайылды. Ұлдарының құрметіне қаладағы саудагер, зиялы, ақсүйек атаулының барлығы жаназаға келді. Тіпті Хасан ағаның өзі де келді.

Мирзаның жаназасы шыққаннан кейін жұртшылық бірнеше күн бойы ұлдарына келіп, көңіл айтып жүрді. Бұлар ресми түрде келіп кеткендер болатын.

Бір кісі ғана Мирзаның өліміне қатты қайғырды. Ол — Зейнал ұста болатын.

МИРЗА ӘЛӘКБӘР САБИР

(Шамаһы, 1862 - Шамаһы, 1911)



Мирза Әләкбәр Сабир (Әләкбәр Зейналабдин оғлы Тахирзаде) – ақын, қоғам қайраткері, философ және ұстаз.

Әләкбәр Зейналабдинұлы Тахирзаде 1862 жылы 30 мамырда Шамаһыда дүниеге келді. Шағын кәсіпкер болған әкесі ұлы сегізге келгенде оны медресеге жіберді. Сабир 10-11 жасында «Рамазанда ораза ұстадым» деген өлең жазды. 12 жасқа келгенде медреседе оқып, кейін 1874 жылы Баку губерния мәжілісінің Шамаһыдағы діни мектепте ағартушы ақын Сейид Әзим Ширванидің жаңаша білім беретін мектебінде оқыды.

Сабир 23 жасында Орталық Азияға, Иранға зиярат деп атаған саяхат жасады. Ол Себзивар, Нишапур, Самарқан, Бұхара, Мешхед, Хорасан қалаларын аралады. Бұл жақта озық ғалым және жазушылармен кездесіп, танысты. Саяхатынан қайтқаннан кейін сабын саудасымен қатар, шығармашылықпен де айналысты. XX ғасырдың басынан бастап, Сабирдің өлеңдері баспа беттерінен көрінді. 1906 жылы «Молла

Насреддин» журналының ең белсенді журналистерінің бірі болды.

Сабир 1910 жылдың бастапқы кезінде Бакудегі «Зәнбур» («Сона»), «Гүнеш» («Күн»), «Хақиқат» журналдарында істеді.

1911 жылғы 12 шілдеде Шамаһыда дүниеден озды. Бір жылдан кейін оның өлеңдері жұбайы мен достарының қолдауымен «Хопхопнама» деп аталатын жинақ ретінде шығып, Әзербайжанда қысқа уақытта әйгілі болды.



ХАЛЫҚ ҚАЛАЙ ТОНАЛСА, ТОНАЛА БЕРСІН, НЕ ЖҰМЫСЫМ БАР?

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Халық қалай тоналса, тонала берсін, не жұмысым бар?
Дұшпандарға мұқтаж болса, бола берсін,

не жұмысым бар?

Мен өзім тоқ болайын, басқаларға не қатысым бар,
Дүние-жаһан аш болса, бола берсін, не жұмысым бар?

Үндеме, жатқандар оянар, жатса жата берсін,
Жатқандарды, разы емеспін, ешкім оятпасын,
Бір-бірден оянған болса, Алла маған жәрдем берсін
Өзім аман-сау болайын, бүкіл әлем батса, батсын,
Халық қалай тоналса, тонала берсін, не жұмысым бар?
Дұшпандарға мұқтаж болса, бола берсін,

не жұмысым бар?

Түсірме есіме дүние тарихы туралы әңгімені,
Бұрынғы күндерді еске салушы болма,
Маған тек керегі долма мен нан,
Болашақты көрудің не керегі бар, өмір деген өткінші,
Халық қалай тоналса, тонала берсін, не жұмысым бар?
Дұшпандарға мұқтаж болса, бола берсін,

не жұмысым бар?

Ел ұрпағы құр сандалып жүре берсін,
Кедейліктің кір суында қолы, басы ластансын,
Жесір әйел қайыршы болса болсын, отқа жансын,
Тек менің атақ-абыройым шарықтасын,

Халық қалай тоналса, тонала берсін, не жұмысым бар?
Дұшпандарға мұқтаж болса, бола берсін,
не жұмысым бар?

Әрбір ұлт бұл дүниеде көшін алға бастар,
Әрбірі ел жолын паналап, ілгері басса,
Ұйықтап жатып есіме ілгері басу түссе,
Біз де түс әлемінде ілгерілейтін боламыз;
Халық қалай тоналса, тонала берсін, не жұмысым бар?
Дұшпандарға мұқтаж болса, бола берсін,
не жұмысым бар?

Бізге не?

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Егер ауыртпалық халықты жаншып тастаса, бізге не?!
Егер аш-жалаңаш аштықтан өліп жатса, бізге не?!

Біз аштарға қалтырғандай едік дүние-мүлкімізді?
Әрбір лайықтыға бағыштайық мүлкімізді?
Жоға, біздің заңымыз: өз пайдамызға ғана адалмыз!
Бала-шағамызға қалар біздің байлығымыз!

Әкесіз жетімдерді боран басса, бізге не?!
Егер аш-жалаңаш аштықтан өліп жатса, бізге не?!

Жиған-терген ақшаны соларға берейік дегені несі?!
Зангезур арамтамақтары тартып алсын дейсің бе?!

Егер шарасыз болса, бізге қандай қатысы бар
Таста, көзіне сүйел түссін, жамандықты көрмеуге!

Күндіз-түні мазасы кетіп, аштықтан бұралса, бізге не?!
Егер аш-жалаңаш аштықтан өліп жатса, бізге не?!

Насыр қожа, таста, сен де бізді қиынға тартпа!
Біз сенің айлаңменен еш түспеспіз бұл торға!
Зангезурға енді шын жүректен қарамаспыз!
Қарлы тауларда суықтан өлгендер кірсін көрге!

Ол бейбаққа жазық жер бұйырмады, бізге не?!
Егер аш-жалаңаш аштықтан өліп жатса, бізге не?!

Бізге көрсетпе, досым, сол қырсықтың панасын,
Жазда көп аралаппыз ал гүлдер бүршік
жарған тауларды,
Салығын жиып, босаттық бауларды,
Қыста Тифлис жерін паналап, ойнаймыз!

Боран борап Зангезурды өлім айналып жүр, бізге не?!
Егер аш-жалаңаш аштықтан өліп жатса, бізге не?!

Өзірге тоналған үйлерді қалтырып кеттік,
Тифлистегі сарайларды аралап,
Ақыры таптық сұп-сұлу Лизаларды,
Үйлерді аспалы шамдармен безейміз,

Зылихалардың там үйін қараңғы бассын, бізге не?!
Егер аш-жалаңаш аштықтан өліп жатса, бізге не?!

ХҮСЕЙІН ЖАВИД

(Нахчыван, 1882 - Шевченко, 1941)



Хүсейін Жавид (Хүсейін Абдулла оғлы Раси-заде) 1882 жылдың 24 қазанында Әзербайжанның Нахчыван қаласында дүниеге келген.

Әуелі Тебриз шаһарындағы медреседе араб және парсы тілдерінен тәлім алып, денсаулығына байланысты еліне қайтып оралады. 1905 жылы Түркияға барып, Ыстанбұл университетінің әдебиет бөліміне оқуға түседі. 1909 жылдан бастап Тифлис, Гәнже, Нахчыван мектептерінде бала оқытады. 1918 жылы Бакуға қоныс тебеді. «Мусават» партиясына мүшелікке кіреді. 1926 жылы Германияға кетіп, Берлин қаласында ұзақ жылдар бойын меңдеген сырқаттан емделеді.

1937 жылдың 4 маусымында «халық жауы» ретінде қамалып, Магаданға жер аударылады. 1941 жылдың 5 желтоқсаны күні Ресейдің Иркутск облысының Тайшет ауданындағы Шевченко селосында ауыр науқастан қайтыс болады.

1982 жылы ақынның денесі туған жеріне әкелініп, қайта арулап жерленді.

Замандастары «Шығыстың Шекспірі» деп әспеттеген Хүсейін Жавид – XX ғасырдың басындағы әзербайжан әдебиетінің классигі. Поэзиялық және драмалық шығармаларында романтикалық сарындар басым. Көзі тірісінде «Кешкен күндер» (Тифлис, 1913), «Көктемгі шық» (Баку, 1917) өлең жинақтары жарық көрген. «Шейда», «Шейх Санан», «Ібіліс», «Князь», «Сиявуш», «Хайям», т.б. пьесалары әзербайжан драматургиясында өшпес із қалдырды.



СОҒЫС ЖӘНЕ ҚАСІРЕТ

(Аударған: Амантай Шәріп)

Анадолы сарбаздарына арнау

Бір заманда айбыны асқан Тұранның,
Жетегінде жиһангерлік ұранның,
Қаһармандық даңқпен тарқап шерлері,
Түріктердің түкті жүрек ерлері,
Жердің жүзін шапқын қылды шаңдатып,
Үкім айтқан әрбір сөзін аңдатып.
Түріктердің кісінесе айғыры,
Бағынбаған қалды әлемнің қай қыры?!
Корольдарда, принцтерде, хандарда,
Ұлы шахта, зор патшада – жан бар ма,
Папалар да, халифтар да бағынып,
Тізе бүкті түріктерге жағынып.
Жаулап ерлер қылышымен жер түбін,
Бүркіттей боп бүріп жатты жемтігін,
Ең қарулы, ең жорықшыл, ең үстем,
Ұлылықтан, салтанатты жеңістен.
Мұны көрген қоңсы елдерде парық бар,
Мемлекеттер, жапа шеккен халықтар,
Бойын бағып, түрікке кеп жалбарды,
Мархабаттан... есі ауарға сәл қалды.
Бұл рахат, бұл рақымның аяғы,
Түріктерге зарар болды баяғы.
Ескі жара аузы сыздап қайда да,
От құмыра оқ жаудырды айнала.
«Сыйға – сыйды» солай етті сорлылар,

Жақсылықты қор қылам деп тор құрар.
 Сұмдық жайлап, қанға бөккен қыр төсі,
 Куә болды сор заманға жұрт осы.
 Міне, тақта! Көрмегенде не етесің,
 Бақ та байқа! Жынды болып кетесің.
 Түрік ұлының бастан бағы ауғаны,
 Топырақ құшты, көктен сұрап сауғаны.
 Зорлық қаптап, бойды қарып қатты ызғар,
 Көзінді сал! Бойжеткендер, пәк қыздар,
 Қасарысқан жауларының қолында,
 Жаны құрбан ақ өлімнің жолында.
 Бәрі босқын, бәрі аш пен жалаңаш,
 Көп бейшара... жанарыңды ала қаш!
 Қаны саулап, көнбей дұшпан кәріне,
 Бауыр іздеп зарығады бәрі де.
 Жәрдем сұрап, пана тілеп жырақта,
 Жан айғайын кім естиді бірақ та?
 Қамқоршы кім? Жүрегін кім ашады?
 Бұл не пәле ұрпаққа зәр шашады...
 Иә, өлім – ең ұлы бақыт... қашады...

* * * * *

Ұшар, ұшар, жайсаң рухым жер қайғысын құшар,
 Ұзақ, ұзақ, шексіз ұзақ мұхит жолын тұсар.
 Суық, суық!.. Түн түп-түнжыр, сұрғылт
 жиһан сұсты,
 Заржақ байғыз зауалымен тінтеді алыс тұсты.
 Көзден ұйқы жырақ қашып, жүрек дүрсіл қағып,
 Неден екен, әй, білмедім, бітпес уайым бағып.

Қарсы алдымда қан жоса боп өлім-өзен аққан,
Жалын атқан жанартаулар миымда от жаққан.
Бұрмай қойды маған қарай мына дүние бетін,
Терісінен түсті айналып, өрт шарпыды шетін.
Ажал тапқан адамдарды төбе-төбе үйген,
Хақ жолында жаны пидә, күреспесе - күйген.
Жағар, жығар, жаншыр, жояр, басылар да басар,
Отан үшін өлді, өлтірді, асылар да асар.
Мылтығы бар, қылышы бар, зеңбірегі зілді,
Гүрсілдете доп лақтырып, неге ауаны тілді?!
Ол не кесір бәлекеті? Бұл не құрғыр жала?
Ол не ашулы ғадауаты? Бұл не дертті нала?
Кешір, мынау неткен сауық? Сарсылады ождан.
Әй, сұмдық-ай! Түсінгенше кісі жаны тозған.
Мәдениет соңы – сойқан, бұл неғылған ғажап?..
Қайыр-қайыр... не дер екен, көрген күні азап.
Саясаттың ерлері әркез ұмтылса да өрге,
Қан майдан құр несібені тықпалайды көрге.
Қосын жию олар үшін – айрықша бір табыс,
Ертеңіне мейрам жасау жолындағы шабыс.
«Христосшыл, исламшыл, үлкен, кіші, қара, ақ,
Қыр мен қала, білгіш, надан– барлығы бір жарак.
Күллі адамның құқығына берілсе де ерік,
Жігері жоқ бейшараға болмас пайда серік...».
Кешір, енді бұл жиһанда зұлымдық жоқ қалған,
Дегеніңіз – бір тәтті аңыз, әдемі сөз жалған.
Қандай әйбәт бұл көңіл-күй, шайырлық бір қиял,
Пәк арманның сырлы үзігі, биік самғау сияр...
Сүре сөздің шербет дәмі, білгелерден баян,
Пайымы асыл пәлсападан сыр ашылар аян.

Жарлылардың мұңын шаққан, болып қиян-кескі,
Ақыры түбі оралады сол қазыққа ескі.
Құшақ-құшақ уәделер, бар ішінде бүкпе,
Ойлан, сенбе! Жалған бәрі... Кедейге жоқ түк те!..
Сенбе! Аштардың құқығы жоқ; қайыр ету - күлкі,
Хақиқат та, хақ та әлемде - күштілердің мүлкі.

* * * * *

Ау, арқа сүйер жолдас!
Отандасым, оян!
Заманыңмен қолдас...
Жата алмасың аян!
Тап болғаны мылқау –
түрлі ызғарға дала,
Гибрат үшін шырқау
жұлдыздарға қара!
Нұр төгілсе, тамұқ
тұншығады кенет,
Түн ұйқысы қанып,
Күн шығады, демек.

Кеуде толы кенім
көшпегендей болса,
Оян, халқым! Сенім
өшпегендей болса.
Тұр ұйқыдан! Күрсін!
Шет қалғансың – бір сын.
Қайдан шыққан ұлсың?

Неткен жансың? Кімсің?
Дәрежеңді асыр,
Бой шөктіре берме!
Бар бес-алты ғасыр -
Ой шектірер елге.
Қандай едің? Тоқта!
Жолдан тайған бағыт.
Өттең, ұшқан жоқ па
қолдан қайран бақыт?!
Біраз уақыт шалқып,
мастанғаның жетер,
Әр мақтанға балқып,
аспандадың бекер.
Қанатсыз қол - кенде,
текке шыдап жатқан,
Жерде жауыз пенде,
көкке шырақ жаққан.
Желбіресе жалау,
самғап өткен пырақ.
Мұхит беті алау,
қанға бөккен құрақ.
Қиялға бір баттың,
қызық көрдің «шүу» деп,
Шабысымен аттың
сызып бердің сурет!
Босқа бағып тұрған,
қия басты делік,
Құрметі жоқ құрбан -
тұяқ асты өліп...

Қой терісі құтты -
сабалауға берсе,
Жайын оны жұтты,
жағалауға келсе.
Сүйгеніңмен қалмақ -
мағынасы қайда?
Санаға зіл салмақ,
шағынасың Айға.
Төбең көкке жетер,
езілмейтін ер бол!
Жау жорыққа кетер,
көз ілмейтін ер бол!
Шомыласың нұрға,
күдерінді үзбе.
Шарапат жоқ құрға,
шідерінді ізде!
Ойға тұмар тақтың,
«кел-кел» дейді арман,
Байсын жұрты бақтың
көлбеңдейді алдан!
Мұрат – жанға пана,
шалдырмайтын күйік.
«Иттихадқа» қара!
Алдырмайтын биік!
Қалмаған соң енді
дүрлікпеген құрлық,
Құтқарады елді
Тірлік пенен Бірлік!

1916 жыл, желтоқсан

ТҮРІК ТҰТҚЫНДАРЫ

(Аударған: Амантай Шәріп)

Ер мен әйел, жас бала үрпиісіп,
Дерт, көз жасы сұралмас жұрт ұйысып,
Меңіреу бір аралдың құрсауында
Мың сан түрік тағдыры тұр түйісіп.

Жазықсыздар сәт сайын тоғытылған,
Бұл – бір мазар, тозақтың шоғы тұнған.
Қансыз, сөлсіз айналып қуыршаққа,
Үміті жоқ үңгірге көбі құрбан.

Қан құстырып жатса да қазалы айлар,
Жанарларда жасырын нажағай бар.
Солған, семген жүздерін аршып қалсаң,
Шымырлайды тереңнен таза қайнар.

Суық, жаңбыр, ақ боран, долы дауыл,
Ащыға - өт, ашуға толы бауыр.
Жегідей жеп жоқтық пен жалаңаштық,
Жарық ерінді жас жуды, солығы ауыр.

Жауыз бүркіт таусылып барша амалы,
Балапанды бейкүнә паршалады.
Әділдіктің сиқы осы! Жылан жатақ
Адамдарды қоныс боп қарсы алады.

«Бірлік, теңдік, туыстық» деп ұран сап,
Құр мастанған сұмдардан өмір алшақ.

Алдамшының айғайы кімге керек,
Дос боп жүрген дұшпанды жеңіп алсақ.

Әй, түрік елі! Миллиондардың ұлы өлкесі!
Аласарып тауыңның тұр өркеші!
Тітіренбеші сөзіне бауырыңның,
Саңырау, соқыр – тағдырдың бір еркесі...

ІБІЛІС

(Аударған: Амантай Шәріп)

(пьесадаң үзінді)

Төрт перделі трагедия

Кейіпкерлер:

Ібіліс

Періште

Қарт шейх – ақ сақалды бір тақуа

Қауэр – Қарттың немересі

Әріп – ұйпа-тұйпа шашты, жұпыны киімді жас жігіт

Уәзіп – ерікті түрік офицері (Әріптің інісі)

Кіші офицер – Уәзіптің жолдасы

Рәнә – шені төмен, сүйкімді мейірбике (түрік)

Ибн Иәмин – қырық бес жастағы қараторы өнді араб офицері

Жаралы офицер – орыс әскеріне қатысы бар жас жігіт

Зәңгі шабарман – Ибн Иәминнің қызметшісі әрі сарбаз нөкері

Әруак – Рәнәнің қайтыс болған атасының елесі

Елхан – офицер (әскери қашқын)

Офицерлер, сарбаздар, қарақшылар, араб бишілері,
сәбилер, әруақтар, музыканттар тобы және басқалар

Бірінші перде

Бағдат маңындағы шоқ тоғайдың іші. Табиғаттың тамаша бір мүйісі. Бір тарапта – сырты жасыл желекпен көмкерілген, ішіне ши төселген жұпыны баспана. Баспананың екі терезесі, онда, солда және қарсы бетте есіктері бар. Текшеде тұрған бір топ кітап көзге шалынады. Тамыз айы. Екінді шағы.

Перде ашылғанда, Әріп бір шетте, ағаш төсек үстінде басын қолына таянып, қиялға беріліп жатады. Сахна қараңғы. Айналада – көктің күркірі, найзағайдың жарқылы, дабылдың жаңғырығы, зеңбірек добының, бомбаның жарылыс үні. Қарсыда, сахнаның түкпірінде екі үлкен «көз» (терезе) от шашады, алау ішінде қаһарлы соғыстың бейнесі белгі береді. Қолдарына дүрбі ұстаған бір топ офицер тақпа-тұқ әскери бұйрық беріп әуре.

«Көздердің» бірінен Ібіліс, басқасынан Періште көрінеді.

Тарсыл-гүрсіл тыйылып, құлаққа ұрған танадай тыныштық орнайды.

І б і л і с

(шаттана күліп)

Дариялардан топан қаптап,

Жанартаулар сахараны таптап,

Селдей аққан қызыл қанға қараңдар,
Жаны шыққан, үйін жыққан адамдар...
(күледі)

П е р і ш т е
Уа, раббым, неткен сұмдық,
Неғылған бұл пәлекет?
Жабайылық, жан түршігер әрекет.
Ынсап, рақым бойында, әттең, кенде еді,
Ібіліс кеп азғырды ма пендені?!

*Ібілістің созыла жаңғырыққан зілді күлкісі. Онымен
қабаттасқан көк күркірі, зеңбіректен атылған оқ
гүрсілі. Тағы да – тыныштық.*

І б і л і с
(есірік күлкімен)
Атқан оқтан дірілдейді дүние,
Дірілдейді!.. Қияметке кім ие,
Жауын емес, көктен жалын жауады,
Тозақ оты жер бетіне ауады.

П е р і ш т е
Уа, раббым, аз ғана қайырым қыл!
Адамзаттың адасқан айыбын біл.
Жердің жүзін түгелдей лаң басып,
Ібіліс пен саясат тұр арбасып.
«Көздер» (терезелер) жабылады, сахна төрі ашық
көрінеді.

Ә р і п

*(Кұдды бір ұйқыдан оянгандай, маңдайын сипап,
көзін уқалайды. Басын жерден көтеріп, көкке қарайды)*

Дүниені жоқтан жаратқан, ей, ұлы тәңірі!

Уа, жасампаз ақыл иесі!

Танымым, түйсігім – жүрекке жүк болып бәрі,

Күмәнсіз тірліктің қайда екен киесі.

Көргім кеп келбетін перделі шындықтың,

Іші не, сырты не,

Мың түрлі құбылған сырды ұқтым,

Айналдым күлкіге...

Бұлбұлдың сайрауы, алуан гүл шешегі,

Көңілдің бағынан көшеді.

Әлемді шайқаған шабытым кешегі,

Ол да тез өшеді.

Ей, барлығы – жоқтан, жоқтығы бардан
артық ділбәрім!

Рухым сені іздейді.

Бір сәтке нұрлы жүзінді көрсем,

бұл мәлім –

үмітім егіздейді.

Пайғамбардың сөздеріне, кітаптарға ұйып ем,

Тағы мұңға кезіктім.

Күллі азап, тәубә, инабат күйінен

Адамдардың әлсіздігін сезіппін.

Әр пәлсапа – бір әбігер, әр тәттіңіз – бір қиял,

Жоқ жетелер ожданы.

Сенсің ғана жүрегіме нұр құяр,

Амал нешік, әркімдікі - өз қамы.

Келші маған, не биікке көтергін,

Шырқайын ұшарында.
 Сүрінгенде - сүйемелде,
 Төбем көкке жетермін,
 Сенімнің құшағында.
 Көтер мені, сайрандайын, самғайын,
 Жәннат толы сұлулар ма жиналған?
 Қалқып көкте, зұлымға көз салмайын,
 Қарасаңшы, жердің жүзі қиналған.
 Уа, раббым, қылмыс пенен қиянат,
 қайыршылық тағы да,
 Жанына жоқ мүлде көмек.
 Жаратқанда адамды,
 бар шығар бір мағына,
 Ал Ібіліс кімге керек?!

*Шаршаған, ойлы кейіппен орындыққа жайғасады.
 Әп-сәтте сахнаның жарығы азаяды. Жердің астынан,
 алаудың ішінен тоқтаусыз және мазақтай қарқылдап
 Ібіліс шығады.*

*Жалқын әрі күлгін түспен құбылған жамылғысының
 етегі жайқала желбіреп, үстіндегі көйлегі жалт-
 жұлт етіп, жүзі отты реңкке бөленеді.*

І б і л і с

Әй, әлін білмеген Әріп! Қолдан келмес іс бастап,
 Бишара бала Ібіліспен ұстаспақ?!
 Данышпандар, пайғамбарлар не түрлі,
 Меніменен айқаспаққа бекінді,
 Ешбірінің күші жетпей, азулары кетілді.
 Дәйім мені мұқатпақшы ең, мынау не?

Жәй әңгіме, бос әбігер, құр әуре...
Бір уақытта сен де солай соларсың,
Ібілістің қолында ойыншық боларсың.
Ібіліспін! Құдіретпін! Оттан туған Тылсыммын!
Бір күн сені құл қыламын...
Неменеге күрсіндің?
Бірақ, әттең, дертіңе ешкім ем таппастан тұтылар,
Жалбарынған жан дауысың түн қойнына жұтылар.
*Жамылғысының етегімен Әріптің жүзін бір
шарпып өтіп, алаңсыз қарқылдаған даусы жаңғырыға,
көзден ғайып болады. Сахна жарықтанады.*

Ә р і п
*(есеңгіреген, қалшылдаған кейіппен шашын
тарамдай береді, ішке кіріп келе жатқан Қартқа
абыржулы және мазасыз күйде көз тастайды)*
Кел, кел маған! Кел, дертіме дауа тап!

Қ а р т
Балам, нендей дертің бар, айта ғой, не ем керек
саған?

Ә р і п
(ащы мысқылмен)
Миымды шаш, жүрегімді аш!
Өкініштісі, шаша да алмассың,
аша да алмассың.
Одан да қаш менен, ұзаққа қаш!
Бірақ тіпті қаша да алмассың.
Ашуым қатты, жуыса көрме, аулақ жаққа тайып
тұр...

Жо-жоқ, қашпа, тоқта, кел,
дертімнен мені айықтыр!

Қ а р т

Балам! Әдеп әлемінен қаштың, бәлки тойындың,
Енді келіп,
тағылық пен тасырлықтың дүниесіне бой ұрдың.
Адамдардың әділетсіз, зұлым кейпін
шығар-дағы есіңнен,
Жүрегіңнен өшпенділік, қызбалықты
жөн болады өшірген.
Жүз..., мың емес, күллі адамзат осы күні
Ібіліске ілесіп,
Ошақ бұзып, қан ішетін әдетімен дәрежесі тұр өсіп.
Әріп! Балам, ұмыт бәрін, айтқаныма құлақ ас,
Әйтпесе, ертең жоқ боларсың, тағдырға ісің ұнамас.

Ә р і п

(ащы күлкімен)

Мұны ұмыту мүмкін бе? Сұмдықтар тым көп еді,
Ешкім де оны тоқтата алмас, себебі –
Адамзаттың хайуандығы таңдандырған талайды,
Адам түгіл, хайуанның өзі бұған қайран
қалып қарайды.

(қалшылдай, ышқына, көкке қарап)

Білмеймін, сол қылмыс, сол қиянат, сол қасірет,
таусылар ма, Жаратқан!

Сабырдың не қажеті бар, елді төмен қаратқан?

(ызаланып)

Бер, бұйрық бер, жаһаннамның қақпалары ашылсын,
Қайнаған бүкіл жалыны дүниеге шашылсын.

Отқа оранған залымдардың жұртын алау

текке құшсын,

Жердің жүзі бір аһ ұрып, күлі олардың көкке ұшсын.

Осы сәтте көктің жойқын күркірі басталады. Бұл күркірмен қабаттасып Ібілістің қарқылдаған қатты күлкісі естіледі. Ұнжырғасы түсіп, мұңды кейіппен Қарт баспанадан шығады. Әріп қолын маңдайына қойып, күркір мен күлкіге құлақ түреді. Келесі мезетте сахнаның жарығы азаяды. Әріптің қарсы алдынан кенет Ібіліс шыға келеді.

Ә р і п

(бас киімін түзеп, сасқалақтап)

Кімсің, жағдайың қалай?

Сөйле, қандай пікір, ойың бар?

Қайдан келесің, аты мәлім біреумісің барлығымыз мойындар?

І б і л і с

(тәкаппарлықпен қарқылдап)

Мен – қазір нағыз Отпын, бірақ әуелде періште ем,

Бар халықпен сыйындыра, сүйіндіре көріскем.

Періштелер маған баста шексіз құрмет білдірді,

Бірақ қамсыз адам заты ақырында

келбетімді бүлдірді.

Төмендеген жоқпын одан, даңқым қатар теңескен,

Алламенен бірге атап, шығармайды мені естен.

Ә р і п

Енді аңғардым, аңдадым, айтпасыма амал жоқ,

Қарсы алдымда - Ібіліс! Тұр сұмдыққа қамал боп.

Ә р і п

Нұрға ғана мен шындап табынамын,
Отыңды нағыламын?

І б і л і с

Сенсең маған – от болмаса, нұр қайда?
Көкте Күн – от,
Адамзаттың тірлігі де түгел оттан тұрмай ма?
Әр әрекет, жаратылыс оттан ұшқын алады...
Зәрдөштің сен ілімін біл,
пәлсапасы, пікірлері, даналығы осы оттан тарады,
дүниенің бүкіл сыры оттан ғана табылуға қарады,
Жалғыз соған ашылыпты ғұламалық жол жаңа,
Тек сол ойлы бас кенелген теңдесі жоқ олжаға...

Ә р і п

(қалшылдап)

Жоғалса да бар білгенім, саған сенбен, кет әрі!

І б і л і с

Тұрмаймын, кетемін...
(қарқылдай күліп ұзай береді)

Ә р і п

Әйдә, бара бер, жолың ашық!
(Бас киімін бір жақ жерге атып ұрып, ашулы күй кешеді. Сахнаның жарығы молаяды)

Қ а у ә р

(толқыған әрі қобалжыған кейіпте шығады)
Айтшы, Әріп! Тағы не болды өзіңе,
Және кімдер елестеді көзіңе?

Ә р і п

Сұрама, еш сұрама, аяулым Қауэр,
Қабағымнан қалың бір қайғы жауар.

(оны бауырына қысып)

Сен, иә, сен болмасаң, сорлы жаным не көрер?
Мені бір күні қанқұйлы өмір ұйығына шөгерер.
Әй, білсең ғой, ол көздердің не айтарын...

Қ а у ә р

Не деп еді? Айтшы, кәні... Бар шығар бір байқарым...

Ә р і п

Рухы өзіне еріксіз тартып еді,

Және де жарқын өңі...

Мені осылай сөйлеткен ескі естелік қана.

(аулаққа қарап)

Қарсы алдымда тұрғандай бір сол ғажайып Рәнә.

Қ а у ә р

Маған қара, сенің менен жасырған бір сөзің бар...

Ә р і п

Оны менен сұрай көрме, сүйіктім!

Алжасады ақыл-ес...

Қ а у ә р

(аулаққа қарап)

Қатыгез!

Осы кезде Қартпен бірге Ибн Иәмин, Рәнә, зәңгі шабарман және қолына кішкентай дорба ұстаған сарбаз келеді.

И б н И ә м и н

(ықыласты бір көңілмен Қарттың иығына қолын артып)

Қадірменді Ақсақал, бакуатты барсыз ба?

Қ а р т

Еш уайымым жоқ,

Аман бол сен де, Ибн Йәмин!

И б н И ә м и н

(маңдайының терін сүртіп)

Күн аптап, жол да бүгін тым ұзақ!

(сарбазға)

Әйдә, бар, жүгір! Аттарға жем сал!

(сарбаз қолындағы дорбасы салбырап, шаба жөнеледі)

Ә р і п

(айналаға таңданыспен көңіл бұрып)

Аһ дегіздің, о, Рәнә!

Ерке назың тартады тереңіне!

Қ а у ә р

Тағы саған не болды, Әріп!

Соншама қайғырудың керегі не...

Ә р і п

Иә...

(Рәнәға жақындап)

Айтыңызшы, сіздің есіміңіз Рәнә ма?

Р ә н ә

*(Әріптің қолын қысып, таңданыспен және
қуанышпен)*

Әріп!

И б н И ә м и н

(Әріпті көзімен сүзе қарап, аулаққа тіл қатады)

Бізге кедергі болмасын мына сорлы ғаріп!

Ә р і п

Кешіріңіздер, мұнда қай маңнан келдіңіздер?

И б н И ә м и н

(тәккапар үстемдікпен)

Қай маңнан келуші ек,

Майданнан келдік!

Атысып-шабысқан ойраннан келдік!

Семсер сілтеген сайраннан келдік!..

Ә р і п

(ащы мысқылмен)

Өлтіру, өлу – абырой болса,

Жыртқыш хайуан бізден гөрі шарапатты шығар.

И б н И ә м и н

(мазақтай қарқылдап)

Бұл бос былшыл сөз, бастан-аяқ жаңылыс...

Өмір сүргің келсе егер,

Соғыс, шайқас, тағы ұрыс!

Иә жеңесің, ия жеңілесің,

Онсыз мұратқа жетем деме,

Жарты жолда боқтыққа көмілесің!

Ә р і п

(мысқылды әрі зілді күлкімен)

Дұрыс ойлайсыз, өте дұрыс ойлайсыз.. иә...

Әрбір әскер, әрбір халық бұл күні

Сол пікірден алып отыр үлгіні,

Сондықтан да бітпек емес дүниенің қырғыны.

Қ а р т

(оның қолынан ұстап)

Әріп, балам, таста дауды, серік болғай төзіммен,

Жүр, сөзім бар сөйлесетін оңашада өзіңмен...

(оң жаққа кетеді)

И б н И ә м и н

(аулаққа қарап)

Аһ, жақсы...

(Рәнәға)

Мына ғаріп философ па, есуас па әйтпесе,

Надандықпен ілім айтып, тоқтамайды қайт десе...

Р ә н ә

Әр көңілдің түйсінетін өзінше бар қорегі,

Не қыласың, ол да өзінің ойдағысын көреді...

И б н И ә м и н

Осындай да ой бола ма, не дерімді білмеймін!

Қарасаңшы мынаған, түсінігін тауысқан,

ақылынан ауысқан!

Қауәрдің жүзінен наразылық байқалады.

Менінше, ол - ессіз емес,
құштарлығы бір пікірде тоғысты,
Не десең де, жек көреді сен ұнатқан соғысты.

Мұны қайдан білесіз?

Өте жақын көрші болдық...

(аулаққа)
Бәлесін қарай гөр!

Асыл тегі Ыстанбұлдан, бірақ та
Байғұс бала жастайынан өсіп еді дерт еміп,
Үйі жанып, оттың басы кеткен түгел өртеніп,
Інісімен екеуі тек құтылған,
Ол да кейін мәңгілікке жұтылған.
Сөйтіп, өзі жалғыз қапты жалғанда...

(сағатына қарап, Рәнәға)
Тағы да не арман бар,
Махаббаттың әңгімесін жалғандар.
Ал біз енді баралық,
Айналада не боп жатыр, қаралық.
(шабарманымен бірге шығып кетеді)

Р ә н ә

(төсектің үстінде жатқан екі кітапқа көзі түседі)

Бұл кітаптар сенікі ме?

Қ а у ә р

Иә, өткен жылы Әріп маған алып берген.

(кітаптардың астыңғы жағындағы суретті мұқабасын бір-бірлеп аударып көрсетеді)

Қожа Нәсіреддиннің әңгімелері.

Ал мынау «Мың бір түннің» хикаялары!..

Р ә н ә

(ашып, беттерін парақтайды)

Өтінем, маған бір жұтым салқын су беріңіздерші...

Қ а у ә р

Міне, қазір.

(шағын құмыраны алып, оң жақтағы есіктен шығып кетеді)

И б н И ә м и н

(тысқарыда, терезе алдында, шабарманына)

Толық ұқтың ба, не істеу керек?

Ш а б а р м а н

Бегім, әр қимылынан бір қатер көрдім Әріптің,
Себебі Рәнәға тым жақындығы бар ғаріптің.

Бәлекет бар және біздің әскерде,

Қорқатыным, бар құпия боп жүрмесін әшкере.

Рәнәнің атасының көзін жойған мезгілді

Көріп қойған сұмырайға кез қылды...

*(Әріп оң жақтан пайда болып, олардың әңгімесіне
құлақ түреді)*

И б н И ә м и н

(басын жұлқып, мысқылды күлкімен)

Бір ұлы әскер, бір қауым халық – қолымда тұрған,
Менің үшін болған жолымда құрбан.

Миллиондарды тойға шашып, мен ысырап еткенмін,
Әлі де сол билігім бар – өктеммін!

Мен кімін? Арабпын!

Көңіліңе қандай күмән түнеді?

Бір байғұстан қорқатындай

Ибн Иәмин кім еді?

Кетеді.

Ә р і п

(Рәнәға таяп, сүйіспендік сезіммен)

Сенсең, толқып тұр бақыттан сезімім,

Күтпеген бұл кездесудің үстінде

Сені көріп бітті тағат-төзімім.

Түн жамылған түстерімде аңсап ем,

Бұл бір сәтке сыйып кетті қанша әлем,

Шексіз ләззат тұла бойым шарпыды,

Жүрегіммен бір өзіңе табынуым арқылы.

Мұнда қалсаң, біз екеуіміз жұптасып,

Еш шүбәм жоқ,

Шаңырағымызда тұрар еді құт тасып.

Р ә н ә

(күмілжіп)

Бұл арман ғой, кім біледі, не тағдыр!

Ә р і п

Бір сөзім бар, тек айыпқа бұйырма,

Айтшы, Рәнә!

Бұл қандықол қылмыскермен қандай ғана қиырға

Бірге енді бет аласың,

Және мұнан не табасың?

Р ә н ә

Жақын жерде жаралылар бар дейді...

Ә р і п

Абайла сен, алданба!

Сұм сатқыннан айла-құлық қалған ба?

Жаны толы жықпыл менен жыраға...

Осында қал, кете көрме,

Себебін тек сұрама!

Р ә н ә

Бәлкім, сенің айтқаныңның бәрі шын,

Бірақ мені тоқтатпайтын бар адамдық борышым.

*Жарық азаяды. Ақ сақалды, ашаң жүзді
полковниктің еңселі елесі көрінеді. Рәнә сасқалақтаған,
абыржыған халде.*

Аһ, атам-ай, дана да даңқты атам-ай!

Кегінді қайтармадым,

Дәрменсіз екенімді айта алмадым.

А т а с ы н ы ң е л е с і

(үрейлі де ауыр үйлесіммен)

Кегімді қайтар! Кегімді қайтар, балам!..

(кейін шегінеді)

Р ә н ә

(қолдарын елеске қарай жая созып, көңілсіз үнмен)

Қандай қиын бұл сауал!

І б і л і с

(сырттан рахаттана күліп)

Кегін қайтар! Кегін қайтар!

Ә р і п

Не болды, аманшылық па?

Р ә н ә

Атамды кім мерт қылғанын біле алмастан келемін,
Сол жауыздың қолында өлсем деп едім.

Шөліркеген қиялымның қанжарын мен ұштармын,
Кек алуға құштармын...

Арым да сол, зарым да сол...

Ә р і п

Таппадың ба, ол қанішер кім екен?

Р ә н ә

Жоқ, білмедім, іздеп сол бір малғұнды,
Қапалықпен өткіземін әр күнді.

Ибн Йәмин уәде еткен былайша деп сонымен:

«Жер астынан тауып берем оны мен».

Ә р і п

Бұл да оның қулығы, тыңдамағын!

Қ а у ә р

(Құмыраны әкеліп, Рәнәға су құйып береді)

Мінекейіңіз, дәмді де салқын су...

И б н И ә м и н

(Қартпен және шабарманымен қабаттасып келеді, су ішіп жатқан Рәнәға)

Кеттік!

Р ә н ә

(орнынан тұрып, үй ішіндегілерге қарап)

Шексіз ризамын сіздерге.

Шабарман дорбасын алады.

И б н И ә м и н

Нәсіп етсе, қайтар жолда соғармыз,

Бұл араға тағы үш... мүмкін, бес күн қонармыз.

Қ а р т

Иә, ол күнге жеткізсе, біздер үшін зор бақыт...

Үшеуі кетуге ыңғайланады, оларға Қарт мен Қауәр да ілеседі.

Қ а у ә р

(Рәнәға)

Келгеніңіз керемет еді,

Көл-көсір қуаныш көңілге сыймайды,

Бірақ кеткеніңіз ұмытылмастай боп жанды қинайды...

Р ә н ә

Алла үшін,

осы мазалағанымыз жетер, қатты уайым етпеңіз.

Қ а у ә р

Еш оқасы жоқ, мүмкін болса, кетпеңіз!

Ә р і п

Кетпе, турасы сол, кетпе, Рәнә!

(мұңлы әрі сансыраған кейіппен орындыққа отырады)

Қ а у ә р

(кері бұрылып)

Айтшы, Әріп, не болды сонша саған?

Ә р і п

О, Рәнә, назды қылығың, нұрлы келбетің

Көз алдымнан жұлдыз болып жиі аққан.

саған жәрдем етпесем,

жер бетін

азап көріп, өліп кетем ұяттан.

Қ а у ә р

Жасырмастан сырыңды айтшы алдымда,

Сен бұл қызға ғашық болып қалдың ба?

Ә р і п

Сүймек басқа, махаббаттан өзгеше бір сезіммен,

Қалып қойған ескі құрмет, әсерленген кезімнен...

Қ а у ә р

Жоқ, сенбеймін, болмысыңнан жаңылдың...
Сөзің, даусың... жанарыңмен және оған таңылдың.
Алай-түлей бір төңкеріс ішінде,
Түрің мынау мүлде басқа пішінде...

Ә р і п

Сен Әріптің білетінін білгенде,
Ибн Иәмин не істемегін назарыңа ілгенде,
Бостан-босқа намысыңды жыртпас ең,
Тепсінгеннен қаның тулап,
Басқа сөзді айтар едің жұртқа сен.

*Осы сәтте Уәзіп пен оның кіші офицер жолдасы
қару-жарақсыз, жаралы бір орыс офицерін көтеріп
әкеледі.*

У ә з і п

(кіші офицерге)

Тоқтай тұр, қалжырап қалған секілді.

Қ а р т

(Олардың арт жағынан келіп, жәрдем береді)

Жараланған ба? О, сорлы, жазған бала-ай...

Көтеріңдер, жаны жай тапсын.

Ә р і п

Тұтқын ба, әлде қашқын ба?

У ә з і п

Жаралы орыс тұтқыны.

Қ а р т

Кел, қызым, жарасының аузын байлап, таңып таста.
(Қарт мен Қауәр жаралының маңдайы мен қолын
таңып, ішкі бөлмеге әкетеді).

Ә р і п

(Уәзіп пен кіші офицерге)

Мейіріміңіз, қайырымыңыз жаратқанға ұнаған,
Ұшырасты сіздерменен қай арада бұл адам?

У ә з і п

Жақын маңнан, бойлағанда ұзын жолдың жиегін,
Көріп қалдық,
Сал боп жатты көтере алмай сүйегін...

К і ш і о ф и ц е р

Тұтқын осы, дұшпан таппас күн қайда,
Жауыңа да жәрдем керек мұндайда.

Ә р і п

Тап осындай қасиетке ие болса күллі адамзат нәсілі,
Қасірет те болмас еді, асылы.
(сол жақтағы есіктен ішке өтеді)

К і ш і о ф и ц е р

Уәзіп! Ойдан бас алмайсың, мұның не?
Мәжнүн болар түрің бар-ау түбінде.

У ә з і п

Ибн Йәмин сатқынды таба алмасам, әлбетте,
Қала бермек мінезім өзгерместен сол бетте!

Рәнә, қайран Рәнә!..

Ол бағында шешек атып, гүл ашуға лайық,
Айламенен періштені арбағанша,
Топырақ құшып тынайық.

К і ш і о ф и ц е р

Түрік әскері шабуылмен ап дүниенің көп елін,
Иранға да, Капқазға да аямаған көмегін,
Орыс қолы тұрмас алда, кетер әрі ығысып,
Уәзіп! Осы жарқын күннен пайда көрсек, дұрысы,
Әйтпесе, әттең, қапияда барлығынан айырылып,
Сатып алар ақыл тапшас, ел артына қайырылып.

У ә з і п

Мейлі, әскері түріктердің жолын түгел таптасын,
Үнді жетіп, Ауғанды алып қалауынша қаптасын,
Керек етсе, қарсы шыққан қамалдардың
барлығына төрлесін,

Тұранды басып бауырына,

Алтай таудың биігіне өрлесін.

Мүмкін емес, тек жеңіспен табу дүние амалын,
Қолмен қылған қиянаттың ел сезбесе залалын...

К і ш і о ф и ц е р

Жорық жасап, озбырлық қып басқаларға расында,
Сайран салса, бақ тұра ма мұндай елдің басында?

У ә з і п

Түрік қолы бағындырар әлі талай өлкені,
Ең ақыры саясатта зиян болар өздеріне сол, тегі,

Ел басылар, бөлінер,
Ақылы кем басшылары надандыққа берілер,
Қалың жұрты қолындағы ойыншығындай көрінер.
(ойлы кейіпке еніп, ізінше өткір әрі қатқыл
дауыспен)

Тұранға қылыштан да өткір бір ұлы қуат қажет,
Ол – жалғыз: мәдениет, мәдениет және мәдениет!

К і ш і о ф и ц е р
(кері оралған Әріпке)
Ау, бұл арадан біздің алдымызда ғана кеткен кімдер
екен?

Ә р і п
Бір атты араб офицері, жанына ерген бір бойжеткен
бар...

У ә з і п
Көрдің бе? Кешіктік де шығарып алдық уыстан,
жоғалтып алдық назардан.

К і ш і о ф и ц е р
Адам қайда қашса да, құтылмайды ажалдан.

У ә з і п
Кел, босқа тұрма, әлі де қуып жетер мұрсатымыз
бар.

К і ш і о ф и ц е р
(жымия күліп)

Еш күмәнің болмасын, олар бүгін алақаныңа топ ете түседі.

Олар жеңіл өтінішпен баспанадан шығып, тура Ибн Иәмин бет алған тарапқа қарай жылдамдата қадам басып кетеді. Әріп тұрған жерінде қалиия қарап қалады. Күйзеліске көмген үлкен бір мұң мен қайғы рухын шырмал алады. Осы сәтте сахнаның жарығы азаяды. Ібіліс мысқылды және қуатты күлкісімен оның қарсысынан шығады.

Ә р і п

Жоғал, тағы келдің бе?

І б і л і с

...Ғазиз жансың, бала болма!

Әй, Әріп! Бері қара, әлсіздікті таста, қайғыға берілме.

Күрес үшін керек екен жүрек жұтқан өжеттік,

Ал сенікі бос қызбалық тегінде.

Мен барлығын түйіп жүрем, терісі не, оңы не,

Рәнә сенің шыныменен рухыңды билеп, жан бітірген өңіңе.

Сол ғана ие сезіміңе, ақылыңа... Дүниеден шет едің,

Айырылсаң, ұстайды ол сен білетін жексұрынның етегін...

Ә р і п

Әріпті сен үйретпек боп сүйрейсің-ау әр тұсқа,

Аярлығың көрініп тұр, сөзінде жоқ сенетіндей бір нұсқа...

І б і л і с

Әттең, мына қырсықтықпен түбіңе өзің жетесің,
Бір күндері пұшайман боп тіршіліктен өтесің,
Өкінішті, таба алмасаң мұратыңа сүйемел.
(қолына бір тапаниша мен бір қалта алтын ұстап)
Мыналарды ал... Бауырыңа бас! Жақсылап бір ие бол!
Бұлар сені бақытты етер аяғы,
Ал! Бұл да – от, құдайлардың ең сүйікті сарқытындай
баяғы!

*(тапанишаны бір рет ұңғысын аспанға қарата
атады)*

Ал! Отпенен жүрегіңе қуат бірге жетеді,
Жалғыз содан жаудың бойын үрей билеп кетеді.
*(қалтадағы алтынды сылдырата ойнатып, Әріпке
береді)*

Қарай гөрші, сылдырайды Жебірейілдің әуезімен
қатарлас,

Сенсең маған, мұнсыз ешкім мақсатына жете алмас.

Ә р і п

*(Ібіліс бермек болған тапаниша мен алтынды жерге
лақтырады. Кейін ашулы әрі қалжыраңқы кейіпте)*

Жоғал, жетер, сыйлығыңды тұрғаным жоқ құп
алып,

Алтын менен қорғасынға мұқтаж емес бұл Әріп!

І б і л і с

Тағы да айтам, әлжуаздықты қой, алданарсың,
Қатты алданарсың, бері кара, сонда неңді
малданарсың!

(қарқылдай күліп кетеді)

Ә р і п

(қобалжып және ойланып, соңынан)

Қасында сол періштеге төніп тұрған қауіптің,
Лайық па бұл тірлігім? Бос қиялға шауыппын.

(бел шешкен батылдықпен)

Жоқ, барайын, мені бұл сәт қандай сиқыр байлады,
Оған деген махаббат пен құрметімнің айғағы...

*(жамылғысын, «сыйлықтарын», бас киімін алып,
сыртқа жөнеледі)*

І б і л і с

(келеді, мысқылмен күледі)

Бара ғой,

Бірақ осы құрмет пенен махаббаттың сүргіні
Қантөгісті ғадауатқа апарады бір күні.

Бара ғой,

Тым белгілі табиғаты пенденің,

Таба алмайсың енді емін.

Сіздердегі мейірімнің соңы – қатыгездік,

Сіздердегі шапағаттың аяқ жағы – жек көру,

Сіздердегі алғыстың ақыры – лағынет!..

Лағынет!...

(ұзаққа ұласқан күлкі)


Соңы.

Перде жабылады.

АХМЕД ЖАВАД

(Сейфәлі, 1892 - Баку, 1937)

Ахмед Жавад (Жавад Мәхәммедәли оғлы Ахундаде) – ақын, аудармашы, Әзербайжан жазушылар одағының мүшесі (1934), профессор (1933). Ахмед Жавад 1893 жылдың 5 мамырында Гәнжа губерниясының Шәмкир ауданының Сейфәлі ауылында дүниеге келді. Гәнжа діни семинариясында (1906-1912), Әзербайжан



жоғарғы педагогикалық институтының тарих және филология факультетінде (1922-1927) білім алды.

Өлеңдері 1913 жылдан бастап жарияланды. Шығармашылыққа лирикалық өлеңмен бастаған ақынның 1916 жылы «Гошма» деп аталатын алғашқы кітабы жарық көрді. 1919 жылы «Далга» («Толқын») кітабы жарияланды. Әйгілі «Тәуелсіздік жолында» өлеңдер кітабы болса 1928 жылы Ыстанбұлда жарық көрді.

Ахмед Жавад 1918 жылы құрылған Әзербайжан Халық Республикасы мемлекеттік гимнінің сөзін жазды. Кеңес үкіметі құрылған соң Губа Халық

ағарту филиалының директоры (1920-1922), Гәнжада Әзербайжан Ауыл шаруашылығы институтында әзербайжан және орыс тілдері кафедрасында мұғалім, доцент, кафедра меңгерушісі (1930-1933), Әзербайжан Мемлекеттік баспасының аударма филиалында редактор (1934), «Әзербайжанфильм» студиясында деректі фильмдер филиалының директоры (1935-1936) болып қызмет етті. Сол жылдары оған қарсы жазылған мақалалар мен домалақ арыздар оның бірнеше мәрте түрмеге түсуіне себеп болды.

1937 жылдың наурыз айында Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған жиһанкез» атты шығармасының аудармасы үшін марапат алса да сол жылы тағы да түрмеге қамалды. 1937 жылдың 12 қазанында басталып, барлығы 15 минут жалғасқан соттың шешімімен келесі жылы ату жазасына кесілді. Оның зайыбы Шүкрие ханым «сатқынның әйелі» деген жаламен Қазақстанға 8 жылға айдалды.

1955 жылдың 19 тамызында ақын ақталды.



ӘЗЕРБАЙЖАН БАЙРАҒЫНА

(Аударғандар:

Кәдірбек Құныпияұлы, Айнұр Маемерова)

Маңдайыңды Түркістанның желі өбіп,
Дертті сырын шертер саған, байрағым!
Қарт Каспийдің үш нұрына бөленіп,
Сыйға тарту ет, халқыңа байрағым!

Бастадында Тұранға жол сен, еркем,
Бақ құсындай басқа қонды көлеңкең.
Көзімде жас, жыламайын мен ертең,
Жан құсамды толқынға жай, байрағым!

Қайыханның тегінен алған реңін,
Елхан боп тұр мұсылмандық тілегің,
Асыл дінге қорған болған тірегім,
Көңіліме шуақ септің, байрағым!

Алға бассам, кеудем дауыл сүйеді,
Мен өлейін көлеңкеңде киелі...
Сұлу жұлдыз Алланың ақ нұры еді,
Қойныңдағы кіріпті Айға, байрағым!

Баку, 1919 жылдың 10 сәуірі.

ӘЗЕРБАЙЖАН МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІ

(Аударғандар:
Кәдірбек Құныпияұлы, Айнұр Маемерова)

Әзербайжан! Әзербайжан!
Әй қаһарман ұлдардың айбынды отаны!
Сен үшін жанпида етуге дайынбыз!
Сен үшін қан төгуге даярмыз!
Үш түсті байрағыңмен шат-шадыман бол!
Үш түсті байрағыңмен шат-шадыман бол!

Мыңдаған өмір құрбан болды,
Кеудең соғысқа майдан болды!
Жанын пида еткен әскердің!
Әрбірі қаһарман болды!

Сен боласың гүлістан,
Саған әр кез жан құрбан!
Саған деген махаббат
Кеудемізі жандырған!

Намысынды қорғауға,
Байрағыңды желбіретуге,
Намысынды қорғауға,
Барлық жастар дайын!

Айбынды отан! Айбынды отан!
Әзербайжан! Әзербайжан!
Әзербайжан! Әзербайжан!

ЖӘФЕР ЖАББАРЛЫ

(Хызы, 1899 - Баку, 1934)

XX ғасыр әзербайжан әдебиеті, мәдениеті және өнерінің дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті драматург, ақын, жазушы, театртанушы, аудармашы, киносценарист, журналист Жәфер Гафар оғлы Жаббарлы 1899 жылдың 20 наурызында Бакуден 110 шақырымдық жердегі Хызы ауылында кедей отбасында дүниеге келді.



Жәфердің отбасы 1903 жылы Бакуге көшіп, қаланың «Таулы аудан» деп аталған жоғарғы бөлігінде тұрды.

XX ғасырдың екінші он жылдығында шығармашылық жолына түскен Жәфер Жаббарлы көп қырлы және бай жолдан өтіп, әдебиеттің өлең, драма, проза түрлерінде қалам қарымын сынап көрді. Қазіргі әзербайжан әдеби тілінің қалыптасуында да оның ерекше үлесі бар.

Жәфер 1905 жылы Қажы Мәммедхүсейн Бәделовтың жеке қаражатымен ашылған үш сыныптық мектебінің бірінші сыныбына алынды. Кейін Бакуде 1915 жылы орта мектепті бітірген Жаббарлы Баку Политехникалық мектебінің электро-

механика филиалына құжат тапсырды. 1920 жылы аталған мектепті бітірген соң Әзербайжан мемлекеттік университетінің медицина факультетіне алынды. Біраз оқыған соң медицинаға қызықпайтынын түсініп, оқудан шығып кетті. 1923 жылы сахна әлемі мен театр тарихымен жақыннан танысу мақсатымен Баку Түрік театр мектебіндегі дәрістерді тыңдай бастады. Сол уақытта Әзербайжан Мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің тарих филиалында білім алуды жалғастырды.

1915-1920 жылдар Жәфер Жаббарлының әдебиет пен өнерге келген дәуірі. Оның қаламынан «Сенімді Сәрийе немесе көз жасымен күлімсіреу», «Солған гүлдер», «Насреддин шах», «Траблус соғысы немесе Жұлдыз», «Едирненің алынуы», «Баку соғысы», «Зиялы» тәрізді әзербайжан көрермендерін ойға салған шығармалар жазып, лирикалық және сатиралық өлеңдер мен әңгімелерін басып шығарды.

Жаббарлы жастайынан адамдардың ауыр жағдайын, қоғамның кедейлер мен байларға бөлінгенін, кедейлердің қиын жағдайларда өмір сүргенін байқап, көріп-білгендерін жазып, өз ойын ортаға салуға тырысты. Ойлап-түйгендерін «Боранды қыс күні» («Құртулуш» журналы, 1915), «Тіленші» («Бәсирет» газеті, 1917) және «Наурыз мерекесіне дайындалған мұсылманға сыйлық» («Бәсирет» газеті, 1917) өлеңдерінде жазды.

Әйгілі жазушы 1934 жылдың 31 желтоқсанында дүниеден озды.

ЕЛІНІҢ ҰЛЫ БОЛҒАН ЕР ОҚТАЙ (ОҚТАЙ ЕЛОҒЛЫ)

(6 бөлімді пьеса)

Үзінді

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Кейіпкерлер:

Оқтай Елоғлы

Фиренгиз

Север

Самат мырза

Гүлгез

Қажы Заман

Аслан мырза

Надя

Наргиз

Тамара

Хасболат

Мазандаранский

Шахқұлы

Шекинский

Дурсун

Мұқан

Елханлы

Рүстем

Өзтемір

Шварц

Қашақ

Моор

Бірінші перде

Сахнаның арты. Сол жақта Оқтайдың киім ауыстыратын жері. Бір жақта киімдері мен басқа да сахнаға керекті заттар. «Гаве» киімдерін киген актерлер арлы-берлі жүр.

Надя: Фиренгиз, тұра тұр, перде ашылсын, Аслан мырза ложаға жайғассын. Содан кейін келейік, әйтпесе бізді бұл жақта көріп қалады. Әзірше Оқтайдың да қолы бос емес тәрізді.

Фиренгиз: Жақсы, Надя. Бүгін енді ұялмаспын, барармын.

Надя: Мен сені алып барамын. Барсаң болды.
(Кетіп қалады.)

Оқтай мен Тамара кіреді.

Оқтай: Мүлдем басқа сөз. Залым, жауыз бір әміршінің алдында тұрсыңдар, қолдарыңды тартыншақтап, қобалжып созасыңдар. Міне былай, қараңдар (*Көрсетеді*). Енді қайта айтыңдаршы, қане.

Тамара: Оның хабары «тағы» жоқ-тын.

Оқтай: «Тағы» емес, «дағы» деп айту керек!

Тамара: Ну, «тағы» деп айтып тұрмын ғой. Тағы, дағы!

Оқтай: «Тағы» это дикий, «дағы» это значит даже.

Дурсун: Оқтай, залдағыларды таратып жіберіпті. Сағат оннан бастап істейді.

Оқтай: (*Дурсунға қарап*) Осы уақытта ма? (*Тамараға қарап*) Сіз айта беріңіз!

Тамара: Оқтай, мен рөліме жақсы дайындалдым, тек кейбір сөздерді ғана айта алмаймын.

Дурсун: Енді не істейміз, кеш болып кетті, ештеңе дайын да емес.

Оқтай: Хасболат келді ме?

Дурсун: Жоқ!

Оқтай: Шекинский?

Дурсун: Ешбірі.

Оқтай: Үйлеріне біреуді жіберіңіз деп айтып едім.

Дурсун: Үш жолы жібердім, ешкім жоқ үйлерінде.

Оқтай: Енді не істесем екен?! Бұл не деген жауапсыздық, жұртты жинап алып, өзі жоқ болып кетті! Онсыз да театрға жоламайтын халыққа жалынып-жалпаямыз. Билет сатып алған 3-4 байғұстан да айрылып қалатынымызды бір түсінбей қойды ғой.

Мазандаранский: Оқтай, антрепренер жалдау ақысын сұратып жатыр. Қойылымнан бұрын ақыны берулерің керек дейді.

Дурсун: Енді не істейміз?

Оқтай: Осы Табасаранский қайда? Адамдар келмеді деп айтып келші, тапсын біреуді.

Мазандаранский: Жұмысшыларға да айтқан екен, барлығы кетіп қалыпты. Шығып кетіпті.

Дурсун: Оқтай! Бүгін түнде ештеңе болмайтын сияқты. Көрермен де шамалы. Спектакльді тоқтата тұрайық, басқа амал жоқ.

Оқтай: Жоқ, болмайды! Сен адамдар келмеді деп барып, айтып кел. Халықты ойыншықтай көрмесін. Бүгін қойылым болмаса, ертең ешкім келмейтін болады. Бір кісі отырса да спектакль қойылады. Ивановский қайда? *(Кетейін деп жатқанда)*

Тамара: Оқтай, мен қай парикті киемін?

Оқтай: Тапсырыс беріп қойғанмын, барып алып келіңдер!

Рүстем *(айғайлап)*. Оқтай, бұл қалқанның ұстайтын жері жоқ па?

Оқтай: Құдай атқыр, білмеймін. Бауырым, қарасаң нетті, жібі тұр ғой, сол ғой ұстайтын жері.

Шахқұлы: Оқтай, Ивановский Гавенің алдында Зөххақтың тағын аударып тастапты.

Оқтай: Әсет мырза оны көрді ме?

Шахқұлы: Әсет мырза оған спектакль қайырымдылық үшін қойылады, таңертең көрермендерден түскен ақша есебінен болса да, жалдау төлемін беремін деді. Құлақ аспады. Ол спектакльді қоймайсыңдар деп шығып кетті. Декорацияларды бұзып, әрбірін қабырғаға тіреп қойды. Өздері де кетіп қалды.

Оқтай: Кассада мүлдем ақша жоқ демек? Тым құрыса...

Шахқұлы: Қарады. Бар-жоғы сегіз манат ақша бар екен. Оны да киім үшін беріп қойыпты.

Оқтай: О, Алла-ай!

Шахқұлы: Оқтай, енді Әсет мырзаға да айтып қойыпсың, спектакльді тоқтата тұрайық, басқа амалымыз жоқ.

Оқтай: Болмайды! Спектакльді тоқтатпаймыз, халықты түңілдіріп жібересіндер, түсіндіңдер ме? Шахқұлы, мына жүзігімді алып, апарып бер, таңертең ақшасын жинап береміз деп айт *(Шахқұлы кетеді)*. Табасаранский не болды? Дурсун! *(Шақырады)*.

Дурсун: Табасаранский ішіп алып, жатып қалыпты. Айттым. Ол маған құрып кетсін сол спектаклі деді. Режиссер менмін, мен солай айттым дейді.

Оқтай: Әзербайжан халқы үшін өнерді дамытып, сахнаны түзейтіндер осылар ма? Дурсун, бар айт, бірінші пердеде Хасан да киімін ауыстырып, Хасболаттың рөлін ойнасын.

Мазандаранский: Дұрыс емес сияқты, спектакльді қоймасақ, қиямет болмайтын шығар...

Рүстем: Оқтай, қылышым жоқ қой!

Дурсун: Оқтай, Ілиястар есіктерді жауып алып, ақ шөлмекке жармасқан, Хасан карта ойнап жатыр. Ешкімнің тыңдайтын түрі жоқ. *(Дурсун кетеді)*

Тамара: Оқтай, мен де барып киімімді ауыстырайын да.

Оқтай: Ілияс! *(Кетейін деп тұрғанда)* Бір минут тұра тұрындар.

Шекинский: Бұл жігіт Ләйлә атты бір сұлуға ғашық. *(Айқайлап шығады.)*

Оқтай: Құрып кеткір, Ләйлә атты бір сұлуға дегені несі? Сегіз сағат бойы жұрт оны күтіп отыр, сағат он бірде келіп, Ләйлә атты бір сұлуға ғашық дегені несі?

Шекинский: Сағат он бір қашан болып қойған? Аштан өлмейтін шығармын, жұмыстарымды бітірместен келдім. Не болды соншама, қолыма бір бума ақша ұстататындай.

Оқтай: Ғазизім, қалқам, қарағым. Мен ақша алғанда, сен алмайсың ба сонда? Тым құрыса жұрттан, сахнадан ұялсаң нетті!

Шахқұлы: Оқтай, Ивановский шығып кетіпті, жүзікті бердім, Дурсун оны тауып алсын.

Хасболат: Оқтай, мен қай есіктен шығамын?

Шахқұлы: Шығатын есік бардай.

Оқтай: Сол ғой. Хасболат, жаным-ау, осы уақытқа дейін қайда жүрсің?

Хасболат: Шыны керек, Оқтай, бір-екі күн оразам қалып қойып еді, бүгін аузымды аштым.

Оқтай: Ораза сенің не теңің! Жауапкершіліктен жұрдай тілсіз хайуандар сияқты жатып-ішіп жүрген

байғұстар. Он күн бойы тынбай жұмыс істеп жүрмін. Түн ортасында қай есіктен шығамын дейсің! Кел бері. Мұқан отырғанда сен сол жақтан шығып, басыңды иесің. Иіл. (*Өзі иіледі*). Иіл осылай!

Хасболат: Оқтай, мен сахнада көрсетейінші.

Шахқұлы: Өрекетін біреу ұрлап алады деп қорқады емес пе.

Оқтай: Жарайды... (*Хасболатқа*). Сөзіңді айт ендеше.

Хасболат: Оқтай, шын айтамын, мен кешке айтайыншы.

Оқтай: Ағатай, кешке де айтарсың. Сағат он бір болды, құрып кеткір, рөлің қайда?

Хасболат: Рас айтам, есімнен шығып кетіпті, үйде қалып қойыпты.

Оқтай: Түһ! Қарғыс атқыр! Жақсы, басыңды идің. Әй, ағатай! Белің бүгілмей қалған ба!

Мазандаранский: Оқтай, Хасболаттың неге иілмейтінін білемін. Иілгенде қалпағы түсіп, басының қасқасы көрініп қалар деп қорқады.

Хасболат: Жексұрын, иттің баласы!

Оқтай: Жә енді, болды.

Хасболат: Көрдің бе, айуан.

Шахқұлы: Енді банкаға түскен шыбындай ызылдай береді.

Оқтай: Доғар!

Хасболат: Әулетіне дақ келмесін.

Шахқұлы: Мұрныңды ана жаққа бұршы, көзімді ойып жіберер.

Оқтай: Әй, айналайындар! Мен де ойнаймын. Бұлай болмайды, тамағым қарлығып қалды. Өздерің

көріп жүрсіндер, бес күн бойы көз ілмедім. Дауысым шықпай қалды.

Шахқұлы: Жаным, біздің не қатысымыз бар. Таз басын жасырды дейік, ал мұрнын қалай жасырмақ?

Оқтай: Жә болды енді, тоқтатындар, бастайық.

Хасболат: Барлығы мені сахнада мазақ қылады, әкесіне де, өлісіне де, тірісіне де лағынаты!

Мазандаранский: Не үшін айтып тұрсың. Өткен жолы сахнадан бір мұрын көрінді. Жарты сағаттан кейін Хасболаттың өзі көрінді.

Оқтай: Бітірдіңдер ме?

Хасболат: Оқтай! Көке, мен ойнамаймын, болды! Өзімнің жақсы жұмысым бар, саудам бар.

Шахқұлы: Сағат он екі. Онсыз да ойын болмайды. Сәресіңе бара бер.

Оқтай: Мазандаранский, кет, дәп қазір кет, саған айтамын. Хасболат, қане, суфлердан кітапты алып, сөздеріңді оқып шық.

Мазандаранский (*бара жатып*). Сауаты бар ғой, оқысын.

Оқтай: Шекинский, бар киін.

Дурсун: Оқтай, жүзікті Ивановскийге бердім. Енді жұмысшылар шығып кетті. Әзірше осылай қалды.

Оқтай: Құдайға шүкір!

Шахқұлы: Балалар киімдерін ауыстырсын ба?

Оқтай: Ешкім ауыстырмасын, өзім айтамын.

Шахқұлы: Декорацияларды қайдан табасың, шеге жоқ, балға жоқ.

Оқтай (*жерден бір тасты алып*). Бұл балға. Жаным шықса да, өзім барлығын тауып, түзетемін.

Рүстем: Оқтай, менің қылышым жоқ, Ивановский бермей жатыр.

Оқтай: Бар айт, бұл оның міндеті, берсін. Әйтпесе барып, барлығын шашып, сындырып тастаймын. Бұл оң қабырға. Көтер. *(Алып кетеді)*

Тамара: *(арттарынан еріп).* Оқтай!

Оқтай: Дайындалыңдар. Сахнаға шыққанда айтамын. Бұл сол қабырға, қане! *(Шекинскийге).* Андағы етіктерді шешіндер.

Шекинский. Кеше режиссерге айттым...

Оқтай: Мен режиссер, анау-мынау дегенді білмеймін. Залымның сарайында биік өкшелі етік кимейді! Шеш дедім саған. Мынау біреуі. Дурсун, алып кет!

Самат *(Шахқұлына).* Самат келді деп айтыңдар. *(шешінетін бөлмеге кіреді)*

Оқтай: Барлығы өз орнында. Ойнайтындар, сахнаға! Үшінші қоңырау соғылсын. Суфлер өз орнында ма? Бос жүргендер сахнадан түсіңдер! Қане! Перде!

Сол жаққа белгі беріледі, перде көтеріледі.

Оқтай бұрылып жатқанда.

Шекинский: Бұл жігіт ғашық...

Оқтай: Жаным-ау, спектакль басталды, неге айғайлап тұрсың?

Шекинский шығып кетеді. Актерлер перденің тесіктерінен қарап тұрады. Оқтай кіреді.

Оқтай: Қайырлы таң!

Самат: Қолың неге қанады? Байла!

Оқтай: Жәй әншейін! Шеге кіріп кетті.

Самат: Оқтай, кеше анаң бізге келген еді. Жалбарынып мені мұнда жіберді, былай болмайды ғой.

Оқтай: Самат мырза, қаласаңыз айтқандарын толық айтып шығайын. Дүкен жабылып қалды, дүние-мүлкі шашылып қалды. Үйге кеш келеді, нан жоқ, отын жоқ. Бұлардың барлығын білемін. Не істейін енді?

Самат: Айту оңай. Бір шеше мен бір ауру қыз иесіз қалды. Ауру бала үш түн бойы қараңғыда жатыр. Майшам алатын ақшалары жоқ. Ол да адам баласы ғой. Бәрін білесің, бірақ ештеме істемейсің.

Оқтай: Дұрыс! Ол байғұстар... Бірақ қолымнан ештеме келмейді. Себебі, Самат мырза, мен жалпы бір халықты, халықтың бақыты мен келешегін екі әйелдің рақат өмірі үшін құрбан ете алмаймын.

Самат: Оларға рақаттың керегі жоқ. Бір үзім нанға не дейсің? Халқыма жаным пидә дейсің! Мұның қадірін кім білер? Басқа бір өнер болса екен. Байғұсты барлығы келеке етеді, ұлың ойынпаз, әйел белдемшесін киеді. Тіпті бүгін түнде атастырылған қызыңды басқаға беріп қойыпты, әйел белдемшесін киетін бір еркекке қыз бермеймін депті.

Оқтай: Маған ештеңенің керегі жоқ. Мен бұл жолға түскенде, халқымнан алтын тәж күтпедім. Мен өзіме не керек екенін білемін.

Самат: Мен де халық үшін еңбек етемін. Әкімшілікте істеймін, атақ-абырой, тірлік... Бәрі қолда! Сен халық дейсің, онда өзінді ұмыт дегенің ғой.

Оқтай: Халық пен «мен» - бұл екі сөз бір жерде айтылмайды. Не мен болуым керек, не мен үшін халық болмауы керек; я халық, сонда мен болмауым керек. Мен екінші жолды таңдадым. Сол күннен бастап, Оқтай деген бір кісі жоқ, ол – елінің ұлы. Ол – бір бүтіннің кішкентай бір бөлігі.

Самат: Сен солай айтасың, ал халық сен туралы не ойлайды екен.

Оқтай: Халық түсінбейді. Халықтың айтқаны мен үшін маңызды емес.

Самат: Оқтай, бала болма! Губернаторға тілмаш керек. Айына 70 манат еңбекақы береді. Бірақ жанама 700-800 кірісі бар. Сонымен қатар көпшілік танып, сені құрметтейтін болады. Күріш пен май да болады, құрмет те болады. Мен сені жартылай орта мектепті бітірген деп айттым. Естияр, орысша-әзербайжанша сауаты бар дедім. Ол да келсін деп сұрап жатыр.

Оқтай: Сізге ризамын, Самат мырза!

Самат: Жақсы. Басқа не керек? Мен нанның қадірін білетін адаммын. Әкеңнің жақсылықтарын ұмытпаспын.

Оқтай: Самат мырза, мақсатым ақша табу болса, оның жолын жақсы білемін. Мен еркін адаммын. Өнерге берілген кісімін. Мен шенеунік бола алмаймын.

Самат: Өнерді жақсы көремін дейсің, естуім бойынша көп ақшаға орыс сахнасына шақырып жатыр екен. Барсаңшы, әрі тиісті бағанды аларсың, әрі ақшаң болады... Кейін халық түсінер, жұмыс оңалар, сонда қайтып келерсің.

Оқтай: Ха-ха-ха! Қателесесің, Самат мырза, қателесесің! Біз үшін кім істейді бұларды! Мен

ханзадалар асырайтын иттер сияқты дайын тамаққа барғым келмейді. Басқаларында сахна, мәдениет бар. Бізде жоқ. Өміршең болғымыз келсе, жаратуымыз керек. Жиырмасыншы ғасырдың эволюциясына қарсы бұл сорлы халықты жалғыз қалдырып, қашуды кім өзіне лайық көрсе, көрсін; мен бұны өзіме лайық көрмеймін. Қазіргі күрес алаңдарының түрлі жертасалары бар.

Самат: Барлығын сен жасап шығарасың ба?

Оқтай: Әркім өз қолынан келгенін істейді. Бұл жақтан ешкім қашпас. Сахнамыз жоқ. Бірақ болу керек. Оны да мен істеймін.

Шахқұлы: Оқтай, бір топ адам келді. Шамамен жиырма адам, жақсы киінген... Барлығы да билет алды.

Самат: Оқтай, мен жылжиын. Есінді жи. Жұмыс істесең де аш жүрсің. Жұртқа мазақ та боласың. Ұятсыз, ойынпаз дейді саған. Тағысы талай...

Шахқұлы: Орыстардан көріп едім. Перде біткен сайын топ-топ қыздар, үлкен-үлкен адамдар келіп, актердің қолынан ұстап, танысады. Мақтайды.

Оқтай: Сен еңбек етсең бір күні сорлы көпшілікті де шыңдарда көрерсің.

Шахқұлы: Ондайда адам беріліп істейді. Ал бізде ше? Әйел адам келмейді. 30-40 кісі ұзын мұрынды, жуан қарын «Хәштәрхан» тоқашы сияқты көзіңе қарап отырады. Жаңғақ шағып, ысқырып, ұрыс-керіс. Ал оларда әдемі-әдемі қыздар басыңнан гүлге көмкереді.

Оқтай: Түсінемін, не қалап тұрғаныңды. Бірақ амал нешік, тағдырымыз осылай.

Самат: Ақша десең ақша. Бірдеме болып қалса, барлығы таниды, әйтпесе анашың, балаң...

Шахқұлы: Табасаранскийдің біраз ақшасы бар, күндіз-түні мас. Аты режиссер. Барлық іс сенің мойнында. Жеті күн бойы ұйықтамадың. Жүзігіңді беріп, етіктеріңді өткіздің. Осымен бітті де!

Оқтай: Бұл соңы емес! Бұл басталған жері.

Самат: Таңертең маған айтарсың.

Оқтай: Самат мырза, барыңыз! Менің сізге айтар жауабым жоқ. Менің күресім, майданым – осы жер! Жолым, көріп тұрғаныңыздай, өте ауыр. Жұрт маған, мейлі, күле берсін. Түсінбесін, ұрыссын. Бірақ мен бұл терең сайлардан, асуы жоқ таулардан өтіп, жолымдағы биік жартастарды жарып тастаймын. Жоқты бар етіп, сахна құрамын. Мен бұл жолға жетекші, бұл майданға командир, төрт қабырғаның арасындағы түрлі-түсті бір өмірдің иесі боламын. Сол кезде мен де залға қарағанда, сүйкімді жүздер, жайдары, ойнақы сұлу қыздарды көретін боламын, көңілді көздерімен мені бір сүзіп өтер. Маған кішкентай қолдарын шапалақтап отырған қара көзді бір ботақанды көремін. Маған да жастар, қыздар гүл лақтыратын болады. Мен де мәдени өміріміз бар деп қуанатын боламын. Мен көрмесем де, мына жас жеткіншектер статист көреді, мені еске алар. Маған осы да жеткілікті.

Шахқұлы: Маған жаңғақ қабығын тастамаса болғаны.

Самат: Бірақ қазір анаң, сорлы қарындасың!..

Оқтай: Қарындасым да халықтың бірі. Олардың жағдайын халық ойлар.

Самат: Қателесесің. Оқтай, қайткен күнде кездесейік.

Кетеді. Мазандаранский келеді.

Мазандаранский: Оқтай, Оқтай. Паранжа киген төрт мұсылман әйел келіпті, жабық ложаға отырыпты. Өз көзіммен көрдім.

Шахқұлы: Жоға! Бір көріп келейінші (*Тез жүгіріп кетеді*).

Мазандаранский: Кассада жалдау үшін ақша жиналып қалыпты. Рахимнің жүрегі алып ұшты. Тамараның тілі бұрмаланып, орысша сөйлеп кете жаздады.

Шахқұлы (*келе сала*): Оқтай, Оқтай! Өткен жолғы екі қыз да келіпті. Бас орамал тағынған.

Мазандаранский: Мен көрдім. Бас-аяғы төрт әйел.

Шахқұлы: Алты әйел. Тіпті біреуі бұл жаққа келе жатты. Олар да орыстар сияқты бізді құттықтауға келе жатыр деп ойладым. Зәрем ұшты.

Мазандаранский: Түңіліп қалма! Дұрыс көрмеген шығарсың.

Шахқұлы: Барып қарасаңшы. (*Мазандаранский кетеді*). Оқтай, біз де сол күндерге жетер ме екенбіз.

Оқтай: Әріптестер! Ұлы тәңірім, бір күні жетерміз сол күнге.

Шахқұлы: Дайын!

Оқтай: Сенен ештеңе сұрамаймын. Тек Әзербайжан сахнасында өз арамыздан шыққан бір әзербайжан қыз, сүйкімді де нәзік бір балапан!

Шахқұлы: Немесе Рахимнің сақалынан құтыламыз ба?

Дурсун: Первиз! Оқтай! (*Оқтай кіреді, Зөххақтың етегінен ұстайды*). Кіріндер!

Мазандаранский: Оқтай! Оқтай! Қайда ол? Қағаз, қағаз қайда?

Шахқұлы: Кім берді? Сахнаға шықпайсың ғой.

Мазандаранский: Бір орыс қыз, жолдас қыз бар қасында.

Шахқұлы: Міне, осылар. Көрдің бе? Басқа ешкім жоқ қой. Мұсылман деп қалсам. Оқысаңшы.

Мазандаранский: Сен есікті қарап тұр *(оқиды)*. «Құрметті Оқтай мырза! Өнеріңіз мені қатты қуантады. Сізбен кездесуге рұқсат етсеңіз, қуанышқа кенелер едім... Фиренгиз!». Шық, шық. Бұл сенің жерің емес. *(Оқтай келеді.)* Бір орыс қыз берді.

Оқтай *(қарап тұрып)*. Рас па? Келе берсін деп айта сал. Сіз де бір минут... Әй!

Шахқұлы шығады, Фиренгиз бен Надя кіреді.

Надя: Простите, что беспокоили! Жолдасым біраз қобалжып тұр.

Оқтай: Айта беріңіздер.

Фиренгиз: Рақмет, қазір кетейік деп тұр едік. *(Түсініксіз бір үнсіздік)*.

Надя: Біз орыс театрына көп барамыз.

Фиренгиз. Осындай театрлардың өзіміздің тілде де болғанын қалаймын.

Надя: Аслан мырза үшінші жолы алып келді. Алғашында «Қашқындар» деген қойылымға келген едік. Сол күні қуанғаны соншалық, атыңызды аузынан түсірмейтін болды. Мектепте де, үйде де актер деген сөз айтыла қалса, біздің де театрымыз бар, Оқтай

Қарлы жақсы ойнайды деп атылады. Өзіңізді көргісі келіп, бір ай бойы мазасызданып еді. Аслан мырзадан қорыққанымыздан келмеп едік.

Оқтай: Мен өте қуаныштымын. Аслан мырза кім?

Фиренгиз: Бауырым.

Надя: Управаның²² мүшесі. Оған айтпастан, жасырын келдік.

Оқтай: Сіздерге қалай алғыс айтарымды білмей тұрмын. Негізі біздің әзербайжан ханымдарымыз театрға келмейтін. Барлығы үйлерінде...

Надя: Фиренгизге де рұқсат бермейді. Әкесі рұқсат етпейді. Бауыры жасырын алып келеді. Үйден шыққанда басына орамал тағады. Содан соң ғана Аслан мырзамен кетеді. Бірақ осы жаққа келгенімізді біліп қойса, бізді өлтіреді. Сондықтан ешкімге көрінбей, қойылымның орта шенінде келдік.

Фиренгиз: Сіз өте жақсы ойнайсыз, мен өте қуаныштымын.

Надя: Оқтай Қарлы орыстардан да жақсы ойнайды дейді.

Оқтай: Шыны керек, өте тебіреніп тұрмын. Қиналып жүрген біздерді бір марқайттыңыз!

Надя: Фиренгиз, кеттік. Қазір перде түсірілсе, Аслан мырза ложадан шығып, бізді көріп қалады.

Фиренгиз: Рақмет! Мен әрдайым сіздің спектакльдеріңізге келетін боламын. Осы жерге келсек, бізді кіргізе ме? Кедергі болмайтын шығармын?

Оқтай: Қалаған уақытыңызда... Мені қуантатын боласыз.

Фиренгиз: Мен сіз үшін гүл алып келемін.

²² басшылық

Надя: Гүліңді берсеңші, неге ұялып тұрсың? Сізге гүл апарамын дегелі қанша күн болды. Енді ұялып тұр. *(Фиренгиздің шынтағынан итереді. Фиренгиз болса, көзін жерге қаратып, гүлдерді береді де, бұрылып қашатындай ыңғай танытады.)* Рақмет. *(Кетеді.)*

Оқтай: Аллаға аманат!

Гүлдерге қарап, ойланып қалады. Терең ойға батып, біраз тұрғаннан кейін, гүлдерді еріндеріне жақындатқанын өзі де байқамай қалады.


Дурсун: Парвиз! Оқтай!

Оқтай *(сескеніп қалып, көзін сүртеді. Ауыр күрсініп, қолдарын қағады.)* Келдім. *(кетеді).*



СӘМЕД ВУРГУН

(Жоғары Салахлы, 1906 - Баку, 1956)



Көрнекті ақын Сәмед Юсиф оғлы Вәкилов 1906 жылдың 21 наурызында Газах ауданының Жоғары Салахлы ауылында ауқатты отбасында дүниеге келді. Әзербайжанның тұңғыш халық ақыны (1956), Әзербайжан КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері (1943), екі мәрте Сталин сыйлығының лауреаты (1941, 1942) екі мәрте Ленин орденінің кавалері, Әзербайжан Жазушылар одағының төрағасы (1941-1948), Әзербайжан КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, Әзербайжан КСР Ғылымдар академиясының мүшесі (1945) және вице-президенті (1954-1956) болды.

1918-1924 жылдар Гори мұғалімдер семинариясының Әзербайжан филиалында білім алып, Газах, Губа, және Гәнжада әзербайжан тілі мен әдебиеті мұғалімі болып істеді. Ақынның 1920-1930 жылдары жазған шығармалары бірден оқырмандардың назарына ілікті. 1930 жылдары А.С.Пушкин, М.Горький, Ш.Руставели, Н.Гәнжәуи және Ж.Жабәевтың шығармаларын әзербайжан тілінде сөйлетті.

1929 жылы Сәмед Вургун Екінші Мәскеу университетінің әдебиет факультетіне оқуға түсті. Мәскеудегі оқу жылдарында шығармашылықпен белсенді араласты. 1930 жылы «Ақынның уәдесі» атты алғашқы кітабы жарыққа шықты.

1930-1940 жылдар Вургунның ақындық талантының шарықтап өрлеген кезі. 1934 жылы ақынның «Көңіл дәптері» мен 1935 жылы «Жырлар» атты кітаптары жарияланды. Сол кезеңде ақын әзербайжан поэзиясының тілін көптеген шетелдік сөздерден арылтып, әзербайжан әдебиеті мен драматургиясын жаңа шығармаларымен байытты. Бір ғана 1935 жылы Сәмед Вургун 7 поэма және 100-ге жуық өлең жазды. 1933 жылы жазған «Әзербайжан» өлеңі әзербайжан әдебиетінің інжулері арасында орын алды. Бұл өлеңінде отанының көне тарихын, табиғат әсемдігін, құндылықтарын, халықтың ақ пейілдігін, қонақжайлығын жырлады.

Танымал поэмалары: «Комсомол поэмасы», «Талыстан», «Мұған», «Айгүн». Поэмалары негізінде «Жеті ұл қалаймын», «Айгүн» фильмдері түсірілді. Әйгілі драматургиялық шығармалары: «Вагиф», «Фархад пен Шырын», «Адам».

Сәмед Вургун 1956 жылдың 27 мамырында Бакуде дүниеден озды.

ТАУЛАРЫМ

(Аударған: Мұзафар Әлімбаев)

Таудағы тұрақ – шатырлар,
Көшеді тауда батырлар.
Жырларым – сыйы таулардың,
Таулардан шабыт алғанмын.

Бұлаққа үркек марал кеп,
Су ішсе, бүгіп тізесін,
Сырына соның қанам деп,
Ынтықпай қалай төзесің?!
Ішіп-жеп көзбен, алаң боп,
Кетеді менің мүлде есім!

Сатпайды салтын көшпелі,
Сорғалар сұңқар жем барда.
Саңқылдап, жырға түскелі
Самғар ем талмай тауларда.

Үйме де жүйме жоян құз,
Көз тоймас шуақ жан-жағым.
Тірлікке келте, баянсыз
Бір ғұмыр қосар тауларым.

Дүниеде бармын, батылмын:
Білемін ажал-жау барын.
Еске алар ертең ақынын
Мәңгілік менің тауларым!

РӘСУЛ РЫЗА

(Гөнчай, 1910 - Баку, 1981)



Рәсул Рыза (Рәсул Ибраһим оғлы Рзаев) – халық ақыны, драматург, аудармашы, қоғам қайраткері. 1910 жылдың 19 мамырында Әзербайжанның Гөйчай ауданында дүниеге келді. Әзербайжан Жазушылар одағының мүшесі, Социалистік Еңбек Ері (1980), Әзербайжан халық ақыны (1960), КСРО мемлекеттік сыйлығының

лауреаты (1951), Әзербайжан КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері (1945).

1927-1937 жылдар Закавказье Коммунист университетінде, Әзербайжан мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтында, Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтында білім алды.

1927 жылы Тифлисте шығатын «Ұшқын» альманағында «Бүгін» атты өлеңі жарияланды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тілші болып істеген Рәсул Рызаның жауынгерлердің қаһармандық күресін, жеңіске деген ұмтылысын, гуманизмді көрсеткен «Отан», «Кек! Кек...» атты өлең кітаптары, «Өлмес қаһармандар», «Ашу мен махаббат»

әңгіме мен очерк жинақтары, «Адалдық» пьесасы жарыққа шықты.

«Жырлар» (1959), «Тереземе түскен сәуле» (1962), «Сезімдер, ойлар» (1964), «Шыдамдылық» (1965), «Кеше, бүгін, ертең» (1973), «Оңтүстік, солтүстік» (1977), «Түстер» өлеңдер жинағы да әйгілі.

Рәсул Рызаның лирикалық-эпикалық түрдегі «Қызылгүл болмаса игі еді» поэмасы әзербайжан әдебиетінде репрессия құрбандары тақырыбында жазылған ең құнды еңбегінің бірі. Поэма Мушфиктің өмірі мен тағдыры жайында баяндайды.

Шығармашылықпен қатар қоғамдық-саяси істермен де айналысқан Рәсул Рыза көптеген мемлекеттік қызметтерді атқарды. 1939 жылы Әзербайжан Жазушылар одағының төрағасы, 1945-1948 жылдар Әзербайжан Кинематография министрі, 1966-1975 жылдары Әзербайжан энциклопедиясының бас редакторы, 1960-1981 жылдар Азия және Африка елдерімен ниеттестік комитетінің төрағасы болды. 1964 жылы КСРО Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болып сайланды.

1981 жылы Бакуде дүниеден озды.

ӘЛДИ, ӘЛДИ!

(Аударған: Ибрагим Исаев)

Ай сәулесі

Толқынмен ойнап-ойнап шаршады,
Көк төсінде жымыңдап жұлдыз, эне, самсады.
Балақайлар, жатыңдар, мезгіл ауып барады,
Оянсаңдар бір ұйықтап, таң да атып қалады.
Ұйықтап жатыр көжектер бұтаның бір түбінде,
Ұйықтап жатыр аюлар орманда апан-үйінде.
Мөлдіреген жанары еліктің де жұмылған...

Сиқырлы ұйқы

Бөлмеге

Күн нұрынша құйылған.

Әлди!

Әлди!

Әлди-ай!

Ай, сен де, ал, демінді,

Сүңгі анау теңізге, теңіз неткен керім-ді!

Еш сыбдыр жоқ.

Ұйқыға кеткен бел мен қырат та,

Машинаның гүрілі шалынбайды құлаққа.

Жұлдызды түн, жібек түн жатыр жауып даланы,

Ерке самал тынымсыз сипалайды жағаны.

Қарлығаштар қанатын шапалақтап ойнайды,

Балалардың түсіне кірсек пе деп ойлайды...

Ұйықта, балам,

Әлди-ай!

Демалуға теңізге кетті сүңгіп алтын ай!

Ұйықтап жатыр ойыншықтар бұрышында бөлменің.

Кесе,
Қасық түс көріп, жатыр жұмып көздерін.
Қуыршақ та,
Сандық та тәтті ұйқыға берілген.
Айналаға ұйқының шымылдығы керілген.
Аспан тола жұлдыздар, төгілердей секілді
Кәне, ұйықтандар, қыздарым,
Балаларым кекілді,
Әлди!
Әлди!
Әлди-ай!



МИРЗА ИБРАХИМОВ

(Ейвақ, 1911 - Баку, 1993)



Мирза Әждер оғлы Ибрахимов – жазушы, драматург, қоғам қайраткері. Әзербайжан КСР халық жазушысы (1961), Әзербайжан КСР Ғылымдар академиясының мүшесі (1945), КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1950), Әзербайжан КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1965), Халықаралық Д. Неру сыйлығының лауреаты (1979), Әзербайжан КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері (1941), Социалистік Еңбек Ері (1981), Әзербайжан КСР Жоғарғы кеңесінің төрағасы (1954-1958), 1937-1991 жылдары КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты. Әзербайжан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы (1948-1954), бірінші хатшысы (1965-1976), Әзербайжан КСРО Ағарту министрі (1942-1946).

Мирза Ибрахимов 1911 жылдың 28 қазанында Оңтүстік Әзербайжанның Сəраб қаласы маңындағы Ейвақ ауылында дүниеге келді.

Мирза Ибрахимовтың «Қазылған ұңғыма» атты алғашқы өлеңі 1930 жылы «Сəуір алауы» журналында

жарияланды. Алғашқы публицистикалық мақалалары, әңгіме мен очерктерін де сол жылдары жазды.

1935-1937 жылдары КСРО Ғылымдар академиясының Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасында білім алды.

1941 жылы Оңтүстік Әзербайжанда болған кезінде «Отан жолында» газетінің жауапты редакторы қызметін атқарды. Оңтүстік Әзербайжан тақырыбында жазған әңгімелерімен («Қорқынышты дауыс», «Өнерге деген сүйіспеншілік», «Зехра», «Жол қиылысында», «Періште», «Қашқын», «Оңтүстіктің әңгімелері»), повестерімен («Хұсрау Рузбех», «Гүләбәтин», «Пәрвиздің өмірі»), романдарымен («Келешек күн», «Үлкен таяқ», «Көбелек») және пьесалар («Өмір», «Мадрид», «Махаббат»), комедиялар («Ауылдық қыз», «Жақсы адам»), танымал жазушы және мемлекеттік қайраткер Нәриман Нәримановтың өмірі мен қызметі туралы «Қызған ошақ» пьесасымен әзербайжан әдебиетіне, драматургиясына өзіндік үлес қосты. Шекспирдің, А.Н.Островскийдің, А.П. Чеховтың, А.Сатрамовтың, Мольердің пьесаларын әзербайжан тіліне аударды.

Өмірінің аяғына дейін Әзербайжан Ғылымдар академиясы Низами атындағы Әдебиет институты филиалының директоры болып істеді.

1993 жылдың 17 желтоқсанында Бакуде дүниеден озды.

ШОПАННЫҢ АМАЛЫ

(Аударған: Айнұр Маемерова)

Тебриз – Әзербайжанның көне қалаларының бірі. Табиғаты көркем, әсем шаһар. Керемет бау-бақшалары бар. Құдықтарынан қысы-жазы мөп-мөлдір, тап-таза су арылмайды. Аулаларындағы бақшаның тура ортасында әдемі хауыздар орналасқан. Бұл хауыздарды күзгі айларда мекендейтін ақ көгершіндердің көркі көз қуантады.

Тебризде әсілі бәрінен де кереметі, бәрінен де құндысы осы өңірдің тұрғылықты адамдары. Олар - ақ жүрек және сыпайы адамдар. Өлең мен өнерді сүйеді, тамаша бау-бақша өсіріп, кілем тоқиды, оюлап өрнектеген үйлер салады, аспаптарда шебер ойнайды. Тебриздіктермен әңгімелесудің өзі бір ғанибет, ертегі мен аңыздарды құлақ құрышын қандырып айтып береді.

Балалар, олардан есіткен бір аңызды сендерге айтып берейін.

Бұрынғы өткен заманда Тебризде бір падиша болыпты. Ол залым, өзімшіл, ақымақ кісі екен. Тұрақты ойы да жоқ. Тез ашуланып, тез ұрысып тастайды. Мұндай әміршінің қасында ақылы мен ар-ұжданы бар уәзірдің тұрақтап қалмайтыны белгілі. Оның маңайына айлакерлер, қызғаншақтар мен екі жүзділер жиналады. Сарай қызметкерлерінің көбі осындай кісілер екен. Олардың жүрегінде ынсап болмайтын, қиналғандарға рақымшылық етпейтін. Еш уақытта халықты ойламайтын, өздерінің пайдасын, ақша мен

дүние-мүлік жинаудың амалын ойлайтын. Сарай уәзірі осындай жаман пиғылды қызметкерлердің барлығынан озып түскен екен. Өз пайдасы үшін неше түрлі айла-әдіс ойлап табады екен. Пара алмай қалса, ешбір істі тындырмайды екен.

Уәзір тәтті сөзімен ақымақ падишаны өз жағына бұрып алыпты. Падиша жалғыз өзі жүрсе де, жамағат ішінде болса да алдына шығып, күндіз-түні иіліп тұрып:

– Тақсыр, жер-жаһанда сенен ұлы адам жоқ, Алла тағала сенен ұлы ғалымды жаратпаған, сен пайғамбардай келешекті көресің, ұлық Алла біздің ғұмыр жасымыздан саған берсін, халықтың нұрысың, үмітісің, панасысың!

Осындай сөздермен айлакер уәзір ақымақ падишаға өз айтқанын істетіпті, қалаған жағына айдап салып, қалаған кісіні тұтқындатып, айдатыпты, ұрғызып, баспанасын тартып алыпты. Қызметкерлер мен жұрт падишадан емес, осы уәзірден қорқыпты.

– Падишаның зұлымдығынан құтылуға болады, бірақ уәзірдің айласынан құтыла алмассың – деседі екен.

Ал уәзірдің өзі сол елде бір ғана адамнан қорқады екен. Бұл кісі ғалым екен. Сол кісі шаһарда расытхана салыпты. Күндіз-түні сол жерде отырып, жұлдыздарды қарап, аспан әлемінің тылсым сырын ашуға тырысады екен. Жұртшылық бұл ғұламаға сеніп, оны жақсы көретін. Өйткені ол ешуақытта жаман сөз айтып, жаман іс істемейді екен. Қайғы жұтқандар қиын күндерінде қасына келіп, медет тауып кетеді. Қиналғандар оның

есігін қағып, жақсы кеңес алып кетеді. Халық оның расытханасын екінші сарайға айналдырған екен. Өйткені бұл жер адалдық пен қайырымдылықтың сарайы болыпты. Қаланың шығысындағы бұл сарай қаланың батысындағы сараймен тең түсіпті.

Күндер осылайша өтіп кете беріпті, бұл сарайдағы ғалымның халық арасындағы абырой-атағымен бірге одан кеңес сұрай барғандардың саны да арта беріпті. Уәзір ғұламаның зұлымдық пен айлакерлікке лағынат айтатынын, жұртты жұбатып:

– Әділетке сеніңдер, ақиқатқа сеніңдер, ақыр соңында тек шындық қана жеңеді, - деп жүретінін есітіпті.

Бұл сөздерді есіткен және ғұламаның күннен-күнге жұртшылықтың құрметіне бөленгенін көрген уәзір одан құтылудың амалын іздестіре бастайды. Осы мақсатпен ақымақ, өзімшіл падишаны ғұламаға қарсы қояды:

– Бір елде екі мабуд²³ болмайды! – дейді, - біздің мабудымыз – падишамыз!

Уәзір өзінің тыңшылары арқылы ғұлама падиша болғысы келеді екен деген өтірік жалаға ақымақ падишаны сендіреді. Мұны есіткен падиша қаһарға мінеді. Ғұламаны өлтіру керек деп шешеді. Бірақ қалай? Ғұламаны немен кінәлау керек, жұрт сеніп, дауысын шығармайтындай не ойлап табу керек? Айлакер уәзір бұған да бір амал табады. Айласын падишаның құлағына сыбырлап айтады.

Бір күні падиша сарай қызметкерлерінің барлығын жинап, ғұламаны да шақыртады. Оған:

²³ Табынуға лайық

– Сен ғалымсың, есіткеніме қарағанда білмейтінің жоқ, біздей бейпіл пенделерге қарағанда құпия-сырларды жақсырақ түсінесің. Енді біз сенің ғалымдығыңды сынайық. Шынымен бір нәрсе білесің бе, екенсің, әлде төрт қабырға арасында отырып алып, сиқырмен айналысасың ба? Бүгін таразыға бір қойды өлшеп қойдым, соны саған беремін. Үш ай бойы сол қойды бағасың, күнде мен белгілеп берген мөлшерде жемін, суын бересің. Үш айдан кейін қойды сенен алып, таразыға саламын, біраз артып немесе біраз кеміп қалса, онда сен ғалым емес, өтірікшісің деп айтамын. Халықты алдап арбайды екенсің деп басыңды аламын. Егер де қой бұрынғы салмағында болса ғалым екенінді қабылдаймын, саған сый-сияпат көрсетіп, өзім апта сайын саған барып тұрамын, – дейді.

Падиша осы сөздерін айтқан соң қойды беріп, ғалымды жібереді. Ғалым терең ойға батып, үйіне қайтады. Ғалымның әйелі шопанның қызы болатын, әкесі өмі бойы тау-таста, қой бағады екен. Қыз да әкесіндей сабырлы, төзімді және адал болатын. Күйеуінің қабағы түсіп келгенін көріп қасына келіп:

– Саған не болды? – деп сұрайды.

Ғұлама болған жағдайды айтып береді.

– Падиша белгілеген мөлшерде қойға жем-су берсем, үш айда екі есе семіреді ғой. Енді не істеймін?

Шопанның қызы күйеуінің қатты қиналғанын бірінші рет байқайды. Оған жаны ашыса да, білдірмейді.

– Әліптің артын бағайық, біраз серуендеп қайт, содан кейін демал, таң атсын, не істейтінімізді сонда ойластыра жатармыз, – дейді.

Өзі түнде әкесіне кісі жібереді: – «Әке, екі аяғың бір етікке тығылса да ісіңнің бәрін тастап, бізге қарай тез жет».

Екі күн өтпей жатып, шопан Тебризге келеді. Қызы мен күйеу баласының мұңайып отырғанын көріп, жағдайды естиді. Біраз ойланған соң күлімсіреп, ғұламаға:

– Ештемеге алаңдама, тауға барып бір аң аулап сендерге жіберемін. Күнде падиша белгілеп берген жемі мен суын бересің, бірақ күнде бірнеше мәрте жаңағы аңды қойдың алдына шығарып көрсетесің, қой нені жеп-ішсе соны құсып тастайтын болады. Уайымдамандар!

Ғалым шопанның айтқанын бұлжытпай істейді. Үш айдан кейін падиша қойды таразыға салады, қойдың салмағының бір мысқал не кеміп, не артпағанын көреді. Жұрт ғалымды шын жүректен құттықтайды. Падиша ғалымды шынымен де сиқыршы деп ойлап, қорыққанынан аузына сөз түспей қалады. Ал уәзір қызғаныштан жүрегі жарылып өледі. Сол күннен бастап ғалымның жұрттың алдындағы беделі одан әрі арта түседі.

МИР ЖӘЛЕЛ

(Әндебил, 1908 - Баку, 1978)

Мир Жәлел Пашаев 1908 жылы Оңтүстік Әзербайжанның Әрдебил останының Әндебил ауылында дүниеге келді. Балалық шағы әкесі Гәнжаға көшкені үшін сол жақта өтті. 1918 жылы әкесі қайтыс болған соң, ағасының тәрбиесінде болды. 1918-1919 жылдары қайырымдылық қоғамының көмегімен бастауыш білім алды. Әзербайжанда кеңес билігі орнағаннан кейін Гәнжа Ұлдар педагогикалық мектебіне алынды (1924-28).



Қазан Шығыс педагогикалық институтының әдебиет филиалында (1930-32), Әзербайжан Мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында білімін жалғастырумен қатар мұғалімдік қызмет те атқарды (1932-35). «Физулидің поэтикасы» тақырыпты кандидаттық диссертациясын (1940), «Әзербайжанда әдеби мектептер» тақырыбында докторлық диссертациясын (1947) қорғады.

Оның әдебиет теориясына қатысты зерттеулері, әйгілі «Әдебиеттанудың негіздері» оқулығы Әзербайжан филологиясында маңызды орынға ие.

Жазушының классикалық мұра және замандастарға қатысты мақалалары, монографиялары, «Физулидің шығармашылығы», «Жәлил Мәммедқұлызадениң реализмі туралы» және тағы басқа еңбектері – оның әдеби-теориялық ойы, бірізді, жүйелі және іргелі зерттеулері.

1928 жылдан бастап әдеби шығармалар жаза бастады. «Коммунист» газетінде филиал директоры, «Жас жұмысшы» газетінде жауапты хатшы, Әзербайжан Ғылымдар академиясы Низами атындағы Әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып істеді (1932-1935). Әзербайжан Мемлекеттік университетінде доцент, 1948 жылы профессорлық атағын алды. Әзербайжан әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды (1961 жылдан).

1978 жылдың 28 қыркүйегінде дүниеден озды.



КӨЗДІҢ ЖАСЫ

(Аударған: Айнұр Маемерова)

*Оның жыртық тымағы қар үстінде қарайып жатыр,
Ол да иесіндей ешкімге керек емес...*

Баһар ауылдан шыққаннан кейін басын салбыратып, ойға шомып, қайда баратынын да білмей кетіп бара жатты. Мардан мен Сүрен де осы жолмен жүрген. Сүйікті жандардың ізімен көзін жолдан алмай, жүріп келеді. Жолдың алыстығын сезбестен вокзалға дейін қалай жеткенін байқамай қалыпты. Күймелер тоқтап тұр, дүкендердің алдында күміс тоғалы, сұр папахалы кісілер әңгімелесіп тұр. Алыстан ысқырық дауыстары естіледі. Тас жолдан арбалар өтіп бара жатыр. Бұл жерлер Баһарға мүлдем жат, мүлдем қорқынышты болып көрінді. Қарап тұруға да, қайтып кетуге де дәті бармады. Ағаш үйшіктен шылым алған мылтықты бір кісі не істерін білмей тұрған ауылдың баласын көріп қасына шақырды, сөйлетіп, шайханаға апарып, оған тәтті шай алып берді. Қасап дүкенінде, әкесінің қасында жұмыс істеуді ұсынды:

– Киім-кешегің, тамағың бізден, өзің де ет-сорпа ішіп жан шақырасың!.. Келісесің бе?

Баһар қалада қалып, інісін табамын деп ойлады, әрі осындай «қайырымды» кісіге кезіккеніне біраз күдіктенсе де, келісе кетті:

– Не дейін?

– Қаласың ба?

– Қаламын!

Баһар Марданды сұрасам ба деп ойлады, неге екені белгісіз, қойнындағы қағаз есіне түсті, қолымен бір ұстап қояды.

Мылтығы бар кісі Баһарды тас жол жаққа алып келіп, бір арбакешке тапсырып:

– Әкеме алып бар, бізге жарай ма, қарап көрсін...

Арбакеш «жақсы» дегендей басын шұлғып былай деді:

– Қас қарайды, таңертең жолға шығармыз.

Сол күні түнде Баһар арбакештің үйінде қалды. Таңертең арбакеш оны қалаға, қасап Мешеди Аббастың дүкеніне алып барды.

Мешеди Аббастың дүкені қаланың шулы жерінде, қасап базарының тура басында болатын. Баһар сол жерге келгенде күн әлдеқашан шығып қойыпты. Базарда ығы-жығы халық. Келіп-кеткендердің дабыры мен айғай-шуы бір-біріне араласып кеткен. Баһар кісілердің шамалы азаюын күтті. Адамдардың саны одан сайын көбейіп жатыр. Дүкендердің алдында ине шаншар жер қалмапты. Қасаптар күмістей жарқыраған ілмектерден қойдың жартылай ұшаларын кесіп, балтамен ірі томар үстінде турап жатыр. Адамдар қолдарына қоржын, себет, газет алып, кептелісіп тұр. Ет алып жатқан, құйрық өлшеткен, ішек-қарын сұраған, тері аударған...

Арбакеш адамдардың арасынан өтіп, Мешеди Аббасқа үн қатты:

– Мешеди аға, бұл баланы Исфендияр жіберді...

Мешеди:

– Қай бала? – деп иіліп, Баһарға бажырая қарады. Ұнатпаған сыңай танытып: – Күтсін! – деді.

Арбакеш Баһарды қалдырып кетті. Баһар енесінен ажыратылған үркек қозыдай қабырғаға жабысып, күтіп тұр. Мешедиді күтіп тұр. Үрейлі көздерімен жасқана қарап, кісілерден көзін алмайды. Қаланың тығыз орналасқан, айғай-шуға толы көшелерін ұнатпады. Аштықтан ішегі қабысып, шаршағаннан әрең тұр. Шешесінен, туған ауылынан ажырағанына карамастан, бұл жерге келгеніне қуанды. Бұл жақта кісі көп болатын. Бұрын-соңды көрмеген және есітпеген нәрселерді көрді. Інісінің осы жақта екенін іштей сезді. Марданды көремін деген үмітпен өзін жұбатуда. Өтіп бара жатқан, киген киімдерінен інісіне ұқсаған адамдарды бақылап қарап тұр. Кейбірінің бетін көру үшін жүгіріп барып, қарсы жаққа шығып алады. Бірақ кейін бұл жаққа келгендердің бай адамдар екені есіне түсті. Шаруаның баласы бұл жақта не іздесін?

«Оның қазір қайда жұмыс істеп жатқанын кім білсін. Қара терге түсіп, кірпіш кесіп жүр ме екен, әлде соқаның артынан күйбеңдеп жүр ме екен?

Баһар шаңқай түске дейін қарап тұрды, ішегі бұратылып бара жатыр. Мешедидің ұлы қолына ақша да ұстатпаған еді. Тізесінде күш қалмады. Бірақ отыруға да дәті бармады. «Мешеди отырғанымды көрсе, «жалқау» деп қуып жіберер» деп ойлады.

Адамдар азайып, Мешедидің қолы біраз босағанда Баһар оның бетіне қарауға дәті барды. Мешеди кереуеттің үстіне жантайып, жыланға ұқсас ұзын қара бір нәрсені аузына салып сорып отыр екен. Баһар дұрыстап қараса, «жыланның» бір ұшы шишаға өткізіліпті. Мешеди сорған сайын шишадағы су бұрқ-

бұрқ етіп қайнайды. Баһар: «қожайын не істеп жатыр?» деп ойлады.

Баһар «Мешеди шәрбәт ішіп отыр. Бірақ шәрбәтті неге стаканға құйып ішпейді? Бұл шишаны қайтеді екен... Аузын күйдіріп алмасын деп суытып отырған шығар...» деп ойлады.

Қасап адамдардан қолы босап, үйіліп қалған ақшаларды жинастырып алған соң Баһарды дүкенге шақырды. Қай ауылдан, кімнің ұлы екенін, қолынан не келерін сұрастырды. Қолдарына қарады. Бас киімін шешкізді. «Бар, басыңды алсын» деп еді, Баһар қасаптың не айтқысы келгенін түсінбей қалды. Мешеди Баһардың қолынан ұстап, қарсыдағы көк терезелі дүкенді көрсетіп, дауыстап айқай салды:

– Шебер Муртуз, мынаның басын тазала!

Баһар үлкен айна алдында алғаш рет отыр. Айнадан қарап отырған бала ол емес, ауылдағы жолдастарының бірі сияқты. Баһар жымыып сала берді, езуіндегі күлкі оның қайғы мен азаптан түнерген бұлтқа ұқсаған жүзін нұrlандырып жіберді. Баһар бейтаныс жерде осылайша күлуім тәрбиесіздік болар деп, езуін жиып алып, шеберді бастан-аяқ бір сүзіп шықты.

Шебер де оның не сезіп отырғанын түсінгендей:

– Күліп отырсың ба? - деді.

Баһар үн қатпады.

– Әрине күлерсің, Мешедидің арқасында күлерсің, неге күлмеске!

Қожайыны туралы осындай жағымды сөздерді есіту Баһарды қуантқанымен жауап қатпады.

Баһар қоңыр күздің алғашқы айларында Мешеди Аббастың қасында жұмыс істеді. Соғымханадан

қалаға әкелінген ет толы тәшкелердің үстіне отырып келетін. Оған брезент алжапқыш беріп қойыпты. Еттерді тасып, тәшкеге толтырады. Баһар тәшкеге отырып, аттың тізгінін қолына алып, қалаға айдайтын. Кешкісін атқорада, аттың күтімімен айналысатын.

Ет тасу үшін жеке тәшке ұстау қасаптарға тиімді емес-тін. Сол себепті барлығы қосылып, тәшкесі бар бір адамды жалдайтын. Тәшкеші таң қылаң бергеннен шайға дейін соғымханадан шыққан еттерді тасып, дүкендерге апаратын. Мешеди Аббас та сондай тәшкешіге төлеу дұрыс болар деп, Баһарды босатқысы келді. Бірақ «өзі жуас, тілалғыш және еңбекқор» баладан айырылғысы да жоқ. Дүкендегі қара жұмысқа салғысы келді. Мешедидің дүкені мен үйіндегі барлық ұсақ-түйек жұмыстарға Баһарды жұмсайтын болды. Қожайынның көмекшілері, жақын-туыстары, достары, жиі келіп-кететін клиенттері, жұмсағысы келгендердің барлығы Баһарға бұйрық береді. Байғұс бала бір мезет те болса, тыным алмайтын. Әбден титықтап, шаршағанға дейін жұмсала беретін. Кейбір кездері кетіп бара жатып, көзі ұйқыға жұмыла бастайтын. Баһар сондайда қашып барып, бетіне су бүркіп, ұйқысын ашып алатын. Тезірек қас қарайып, түн болса екен деп армандайтын. Оған билік еткендер ұйқыға кеткеннен кейін жатып тынығып алсам деумен жүретін. Мешеди таңғы тапсырмасын берместен баланы атқораға жібермейтін. Мешеди кешкісін қалып қойған, ескіріп қалған ішек-қарынды себетке толтырып, Баһарға ұстататын. Иінінен ұстап тұрып, итеріп жіберіп:

– Таңертең ерте тұр, - дейтін, - төмендегі үйлерге бар. Мыналарды сат! Бір-екі рет айғайлап айтсаң, бәрі

қасыңа жетіп келеді. Сатпай қайтушы болма! Бәрін сатсаң, саған бір аббасы фундук ақшасын беремін.

Баһар көшелердің суық балшығын жалаңаяқ басып, тайғанақтап, іші ішек-қарынға толы өзінен де үлкен себетті бір қолынан екінші қолына ауыстырып ұстап, алқынып үйді-үйді аралап мұңды даусымен:

– Бауыр сатылады, бауыр...- деумен жүреді.

Мешеди қымбатқа сатқызатын, сол себепті Баһар арзанға бере алмайтын. Баһар осы жолы аласа дуалы бар бір үйдің қақпасына сүйеніп, қайта дауыстады. Бұл қақпа жолдас Яхьяның қақпасы болатын. Яхьяның әйелі қақпаға қарай шықты. Баһардың себетін ақтарып, таңдап алғысы келді. Ішкі жақтан:

– Апа, керек емес, бұзылған олар, алмаңыз! – деген дауыс естілді.

Баһар дауыс шыққан жаққа қарады. Себетіндегі нәрсенің сатылуына, жүгін жеңілдетуге қарсы шыққан бұл дауыс неге екені белгісіз Баһардың құлағына таныс болып естілді. Бұл дауыста бір жылылық, жақындық бар сияқты. Баһар иіліңкіреп, қақпадан ішкі жаққа қарай үңілді.

– Кім ол, тәте? – деп сұрады. – Қайдан біледі бұзылғанын? – деп аулаға үңіле түсті. Ағаштардың ар жағында веранда мен перделі терезеден басқа ештеңе көрінбеді. – Келіп көрсін, қай жері бұзылғанын көрейік... Тап-таза бүйрек, тап-таза бауыр!

Сол кезде Яхья Сүренмен отырып, Марданның тұтқыннан босатылуы туралы айтып отырды.

Жолдас Яхьяның әйелі Баһардың аулаға үңілуін жақтырмай, қақпаны тарс жауып ашуланып:

– Қандай баласың өзі, адамдардың ауласына соншама үңілгені несі!

– Қарағаным жоқ, тәте, біреу келе жатыр деп ойладым. Мен жаңылыппын, кешір мені...

Бұл жақта бұрын-соңды болмаған аязды қыс күндерінің бірі. Жердің беті тоңған, қызыл шұнақ аяз. Аспаннан жапалақтаған қар төртінші күні де толастамай жауып жатыр. Бір күннен кейін арты қатты аязға ауысты.

Асханалардың есігінен далаға жайылған жылы ауадан ба, әлде ауқатты үйлердің мұржаларынан будақтаған түтіннен бе, мүмкін мырзаларды той-думанға апара жатқан күймелі арбаларға жегілген аттардың ыстық демінен бе, әйтеуір көшелердегі ауада біраз жылылық сезілетін. Жердің беті қатқақ мұз. Арлы-берлі жүрістен жылтыраған әйнекке айналған аяқжолмен жүру мүмкін емес-тін. Адамдар абайлап басып, құлап қалмау үшін бір-бірінің қолдарынан ұстап жүретін. Бұл да көмектеспейтін. Біреу құласа, қалғандарын өзімен бірге құлататын. Мұзға құлағандар асықтай сырғанап, жерді құлаштап, тоқтай алмайтын. Құлау айып емес-тін, бірақ анадайдан қарап тұрғандардың мазағына айналатын: «Залым десе, соншама жерді құлаштағаны несі, бәрібір саған бермейді ғой!?» десетін. Базардағы халық аязбен де көңіл көтере білетін.

Ал Баһар болса ескі шарықпен, бір қабат бөз киіммен қасап дүкенінің қақпасында тісі-тісіне тимей дірілдеп, қалтырап жүр.

Мешеди Баһарды қуып жіберген еді.

Суық түсіп, қыс келгелі бері Баһар ішек-қарынды дұрыстап сата алмады. Бес қадам басқан соң қорған болатын аула тауып алып, жылынатын. Үйдегі әйелдерге жалбарынып, ошақ басына келіп сүйеніп тұратын. Сол себепті қожайыны қайтқан кезде оны ұратын. Баһар бұған да шыдайтын, өйткені баратын жері жоқ. Қақаған қыс, жетімдік пен мұқтаждық себепті осы жерден айналшықтап, кете алмады. Інісінен де бір хабар шықпады, шешесіне де ешкім хабар жолдамады. Жазды, күннің жылынуын күтті. Жалаңаяқ жылы топырақты басып, туған ауылына, үйіне қарай кеткісі келді. Күндерін осы тәтті арманын медет етіп өткізді. Өз ауласына кіргенде шешесін судың басынан қайтып келе жатқанын көреді, үлкендердей сәлем беріп, құшақтайтын болады...

Байғұс бала бүгін себетте қалған бір қарынды сата алмады. Қорқып, қайта алмай, бұрылыста тұрып алып, қарынды сатып алатын кісіні іздеп тұрды. Күтпеген жерден бір қара ит шыға келіп, қарынды жұлқып, алып кетті. Дуалдан қарғып түсіп, бақшалардың арасында ғайып болды...

Баһар болған жайды айтқанда Мешеди Аббастың күлегештігі ұстап:

– Кеше ғана жұмыртқадан шыққан шикіөкпе балапанның мендей үлкен кісіні алдаған түрін қараңдаршы! Қарынды екі аяқты ит жепті, қарай гөр! Өзі де ит, жоға, иттің баласы!

Баһардың қалтасын ақтара бастады:

– Бір манатты қайда жібердің? Не үшін жұмсадың? Шыныңды айт, қане! – Қожайыны баланың аузын

иіскеп, айғай салды: – Қарынды кімге бердің, айт жаның барыңда!

Байғұстың тілі күрмеліп, төменнен жоғары қараған қап-қара мөлдіреген, бейкүнә көздері үлкейіп кетті. Ит алып кетті деп ант-су ішті. Қасап оны қолынан ұстап, есікке қарай итермелей жөнелді:

– Бар, бір манатты алып кел!

– Шын айтамын!

Мешеди есікті ашумен тарс еткізіп бір-ақ жапты, бұл есік енді қайта ашылмайтындай болды. Баһар қуарып, қағаздың бетіндей аппақ болып кетті. Қожайыны жаққа қарады. Мешеди Аббас Баһардың көз жасына жауап ретінде үйдің ішінен:

– Бұл жаққа келуші болма, мәйітің шығатын болады!

Баһар қорыққанынан үн-түнсіз көшеге шығып кете берді. Сырттағы аязға шыдасын ба? Қақаған суық денесін қылыштай кескілеп жатты. Ағаштар да аязға шыдамай шытырлап тұр. Көшеде тірі жан жоқ. Жан-жағына қарап, дір-дір етіп дірілдеген, аяздан мейірім күткен баланың екі беті көкпеңбек болып көгеріп кеткен, бүрсең қағып, қолдарын қайта-қайта үрлеп қояды. Ескі шарықтан шығып қалған башпайы сіресіп қатып қалған. Бір жағын тауықтай көтеріп, біреуімен секеңдеп қояды. Біресе солға, біресе оңға қарап, сытырлаған дауыстан көмек сұрайтындай. Баһар кішкентай денесімен бүрісіп, екі бүктеліп, бас сауғалайтын жер іздеген еді.

Қорықса да, ағаның дүкеніне қайта келді. Есікті қағып, қарап тұрды. Ағасы, мүмкін көршілердің біреуі мейірімділік танытар деген үмітпен қарап тұрды.

Мешеди шырақтай жанған көздерімен баланы бір шолып шығып, ұлына «Ақшаны әкеліп пе, көр» деп ымдады. Қасаптың ұлы Баһардың алдына шығып:

– Манатты әкелдің бе? – деп сұрады.

– Исфендияр аға, мырзам!

Мешедидің өзі айғай салды:

– Әкелмесе кіргізбе!

Баһар дірдек қағып жүзіне қарады.

Мешеди Аббас:

– Бар, ақшаны әкел, жоғал көзіме көрінбей! – деп бақыра жөнелді.

Баһар:

– Мешеди аға, інім келгенде алып беремін... – деп жалбарынып көрді.

Исфендияр босағаға сүйеніп, бір әкесіне, бір жалбарынған балаға қарап тұрды. Балаға жаны ашыды. Әкесінен өтініп сұрағысы келіп еді, қасаптың өзі келіп, Баһарды сыртқа шығарды. Баһар жылы бөлмеден мұздай жерге басып шыққанда төбесінен бір шелек суық суды біреу төгіп жібергендей болды. Қатты суықтан есеңгірей жаздап, не істерін білмеді. Көшеде екі қадам жүріп еді, аяғы жерге жабыса бастады. Аяқтары жүрмей, тістері бір-біріне тиіп, дір-дір қақты. Нәзік қолдарын, көгеріп құрғап қалған саусақтарын аузына салғылайды, бүгілген тізелері бір-біріне тиіп жатыр. Екіге бүктетіліп, арқасынан ине шаншылғандай болды. Қытымыр аяз сай-сүйегін сырқыратып әкетіп бара жатыр. Баһар моншаның кіреберісіне қарай жүгіре жөнелді.

Кіреберіс те суық болатын. Ішкі есік ашылғанда булы ауа бұрқырап шығып жатыр. Баһар біраз есін жиып, қолында бумасы бар жуынуға келгендермен бірге ішке қарай лып етіп кіріп кетті. Моншаның іші ығы-жығы халық. Біреулер киініп жатыр, біреулері шешініп, сүртініп жатқандар. Шай ішіп отырғандар, кальян тартып жатқандар, қырынғандар, сәждеге жығылып намаз оқығандар да бар. Баһар монша қызметкерлеріне көрінбеу үшін кісі көп жерге жақындаңқырап, сол жерде біраз тұрақтады. Бір бұрышта самауыр қойып, шай сатып жатқан кісінің жанында бос сәкіні байқап қалды. Мысықтай ақырын ғана жүріп отырып, сәкіге шығып алды. Сәкі жып-жылы екен.

Баһар келіп-кеткендерге қарап, шай берумен айналысқан дөңгелек келген, тақия киген кісіден жасырыну үшін кішірейіп, көмірдің шоғындай жылынғысы келді. Біраз уақыт осылай тығылып отырды. Ақыры оны біреу байқап қалды. Моншашы қысқашпен Баһарды бүйірден қойып қалып:

– Әй, жерлес! Түс, не тығылып отырсың?

Баһардың бұрышқа тығылып қалғанына күмәнданып қалды. Киім ұрлайтын ұрылар үйретіп қойған балаларға ұқсатты.

Баһар үндемей сәкіден тұрғанда моншашының күмәні одан бетер арта түсті. Ол Баһардың мұңды, жабырқаңқы бала жүзіне қатал қарады:

– Шық!

Моншашының айғай салған даусына барлығы бұрылып, Баһарға қарап қалды. Баһар басын

салбыратып, есікке қарай сүйретіліп бара жатыр. Моншашы жұрттың қарап тұрғанын байқап, дауысын одан сайын қатты шығарыңқырап:

– Күнде кешке бұрыш-бұрышқа тығылып отырады, түнде тұрып киім-кешектің бәрін сыпырып жинап алып, ұрлап кетеді. Алжапқыш пен сүлгіге берген ақшамның есебін айтсаңдаршы... Көзден таса жатқан нәрселердің түгін қалтырмайды.

Бұл сөздер Баһарға естілмеді. Ол есіктен шығып кеткен болатын, дәлізге шықты.

Айнаға қарап, ұзын, қою, қынамен боялған мұртын келістіріп тарап тұрған бір кісі моншашының айтқандарына қосылып:

– Мұндайларға ендігәрі істемейтіндей етіп, таяқ жегізу керек.

Баһар дәлізде сырттағы қыстың үскірік аязына қарады. Артынан ешкімнің қуаламағанын байқады. Іште тұра тұрғысы келді. Біраз кідірді, мейірім күткен бейкүнә көздерімен адамдардың бетіне қарады. Ешкімнің ештеме демегенін көріп, қуанып, ішке кіріп, бұрышты паналады.

Мұртты кісі бусанып моншадан шығып бара жатқанда Баһарды дәліздің аузында көріп:

– Көргенсіз, ұятсыз неме! Қолыңа ештеме түспей, кете алмай тұрсың ба?

Баһар жалына бастады:

– Баратын жерім жоқ, ағатай, суықтан үсіп өлейін деп тұрмын. Мен ұры емеспін!

«Ағатай» моншаға қайта кіріп, моншашыны шақырды:

– Кәбле Құрбан, жаңағы бала мына жерде тұр ғой!

Кәбле Құрбан аяғындағы шәркейін тасырлатып, дәлізге қарай келгенде Баһар шырылдай жөнелді:

– Шын айтамын, баратын жерім жоқ. Суықтан үсіп өлемін, осы жерде тұра тұрайыншы!

Кәбле Құрбан Баһарды итеріп, далаға шығарып жіберді:

– Жоғал әрмен!

Сәкіде біраз жылынған Баһар қыстың қақаған аязына шыққанда жүрегі мұздап сала берді. Талықсып кетті.

Жел көтеріліп, борай бастапты. Ымырт жамыла бастапты. Баһар қайта моншаға кіргісі келді, жылап, үсіп кеткен саусақтарын көрсетіп, жалынғысы келді. Содан кейін басқаларға жалынғанша өз қожайыныма жалынып көрейін, мүмкін тас жүрегі жібитін шығар деп ойлады.

Көшенің бір шетінен екінші жағына өту қиын болатын. Қар одан сайын борап, долы боран өршеленіп тұр. Бала жүріп келе жатыр. Желмен көлбеңдеп ұшқан жапырақтай қалшылдайды. Қасап дүкендерінің қатарына жетті. Дүкендер әлдеқашан жабылып қалыпты. Тіпті табалдырықтағы аяқ іздері де қарға көмілген. Мүмкін борандатқан қардан жөнді көрмей қалған шығар. Ағасы дүкенді негізі жауып кете қоймас, оны осылай тастап кетпес, қызметшісін іздестіретін шығар. Ол Мешеди²⁴ емес пе? Баратын жерім жоқ, жетім екенімді біледі. Боранға арқасын төсеп, көзін

²⁴ Ирандағы Мешхед қаласына шиит мұсылмандар қадірлейтін Имам Рзаның қабірін зиярат еткен кісілерді атайды.

дұрыстап ашып, қарауға тырысты. Дүкен есіктеріне мұқият қарады. Бірде-бір ашық дүкенді байқамады.

Баһар басын көтеріп, аспанға қарады, тастай қараңғы, қыстың түні айналаны, жарық шығатын жерлерді қою қараңғыға көмкергенін көргенде денесін жыландай суық үрей арбап алды, жүрегі кішкентай құстай аласұрып, басы айнала бастады. Жылдам адымдап, әйтеуір бір жаққа кете бергісі келді. Жүріп келе жатыр, жүріп келе жатыр, бірақ қасапханадан алыстай қоймапты. Енді оның жүйке-тамыры шаншып, құлағы шыңылдай бастады. Қараңғымен боран бірлесіп, бишараның көзін жауып тастағандай. Аяқтарына кісен салып, тобығына ауыр тас байлап қойғандай. Жүрген сайын тас ауырлап, аяқтарын қарға, іші инеге толы мұзға жабыстырып жатыр. Оқтын-оқтын аяғында бір жылулық сезілгендей болады, мүмкін ағып жатқан қан шығар. Иіліп қарайын десе, қараңғыда түк көрінбейді.

Соңғы үмітімен қожайынының есігіне жақындады. Қорықса да, есікті ақырын қақты. Ештеме естілмеді. Үсіп, сіресіп қалған саусақтарымен есіктің темірін тағы бір жолы қақты. Ауладан қардың үстімен жүріп келе жатқан біреудің дауысын естігенде, баланың сөніп қалған үміті қайтадан жарқ етті. Есік ашылғанда азып шаршаған мысық баласындай ішке лып етіп кіріп кеткісі келді. Ханым қолындағы Баһардың ескі жыртық көрпесі мен сыртқа шыққанда ұстайтын таяғын лақтырып жіберді.

– Жоғал, көзіме көрінбе, кет!

Баһар сене алмады:

– Түннің бұл уағында, боранда қайда барамын? Ханым, құрбаның болып кетейін, баратын жерім жоқ. Ханым, жағдайымды білесің ғой....

Баһар қолын есікке қарай созып, тағы бірдемелер айтқысы келіп еді:

– Ханым, хан...

Ханым есікті тарс еткізіп жауып, ұры мен қарақшыдан қорыққандай темірмен бекітіп қойды. Баһардың айтайын деген сөзі аяқсыз қалды. Боран есіп тұрған қараңғы, бос көшелердегі қарға белуардан қайта-қайта түсіп кетіп, базарға қарай кете барды. Ол сусылдап түскен жапырақтай қалықтап келе жатыр.

Түннің одан әрі қоюлана түскенін сезгенде кіп-кішкентай жүрегі тіпті дүрсілдеп қоя береді. Басы жарылып кететіндей. Дүкен шатырларына қарап, таң қылаң беретін жаққа бару керек деп ойлап қояды.

Басқан сайын жүрісі ауырлай бастады. Әрен дегенде жолдың қиылысына жетті. Алдыңғы жақтан құлағына бір дабырлаған дауыс шалынды. Күйме мен ат сұлбасы көрінді... Бұл дабырдан үркіп қалса да, біраз батылданып, сол жаққа тағы біраз жүргісі келіп еді, орнынан қозғала алмай қалды. Тізесіне бұғау салып қойғандай қимылдай алмады. Қатты шаршаған шығармын деп ойлады. Ішінен біраз тынығып алмасам, жүре алмаспын деп түйді. Мамық төсектей жұмсақ қардың ішінде біраз демалса. Осы оймен арпалысып тұрғанда, неге екені белгісіз, біреу оның денесін жерден жұлқып алғандай болды. Содан кейін айналасы шыр көбелек айналып бара жатқандай түсініксіз алмағайып бір дүние болып кетті...

Баһарды инесі бар көрпеге біреу орап жатыр. Тікендей қадалып, моншадай буы шығып тұрған көрпе. Баһар сыртқы дүниеден, қардан, бораннан, үрейден, қараңғыдан ысырылып кетіп бара жатқандай, қайғы-қасіреттен құтылып, бұл көрпенің ішінде кішірейіп, рахат күй кеше бастағандай сезінді. Көзі ұйқыға кетіп бара жатыр: жаздың жайбарақат күні, ағын су сарқырап ағып жатыр, ауылдың балалары қатарласып, тамашалап тұр. Ағамәжід оны итеріп, лай суға батырып жатыр. Су тобығына, содан кейін тізесіне, кеудесіне дейін жетті. Баһар айғай салды. Шешесі ұрысып келе жатыр. Ағамәжідті қарғап жүр. Ұлының қолынан ұстап, судың шетіне шығарайын десе қолы жетпейді. Селдің суы Баһардың денесін бесіктей тербетіп алып, тастан тасқа соғып, әкетіп бара жатыр. Шешесі де суға секіріп түсіп, енді екеуі де лай суда жүзіп келеді. Аузына су толып, дауысы шықпай қалды...

Баһар шошып кетті. Көз алдына жылы үйлер, қызған тандыр пештер, алаулаған ошақтар келді. Осындай жерге жеткісі келді. Бірақ құлағына: «Олардың иесі бар» деген үн шалынды. Баһар біраз күшін жинап, көзін әрең дегенде ашты. Мұржалардан шыққан түтінді жел ары-бері айдап жатыр. Терезелерден жарық көрінді. Бұлардың барлығының «иесі» бар. Иесіз бір ғана пенде бар. Борандатқан көшелер де иесіз... Баһарды жұлқылап, тәтті қиялын тартып алғандай. Қозғалғысы келді. Қозғалтпады.

Бұл көрпе емес, бұл – су. Мен судың ішінде жүрмін. Мені қысып кішірейткен кім, қане менің аяқтарым?

Тіземе тікен батырып жатыр ма, мен бұл далада неге жүрмін?

Баһар қолын көтеріп, көзін жауып жатқан ауыр көрпені алып тастағысы келді. Қолының орнына құрғақ бұтақ салып қойғандай. Көзіне, басына, еріндеріне батқан ине ұзын, үшкір екен. Кім, не үшін батырып жатыр, түсінбей қойды. Інісінің аманаты, қағазы есіне түсіп кетті. Қалтасына қолын салып көрейін деп еді, қолы жоқ екен. Көзін әйнекпен жауып қойғандай. Қозғалайын деп еді, шегемен жерге қадалып қалғандай.

Шешесін есіне алды:

– Анашым, анашым!

Оның бейнесі көз алдында, кешкісін ұйқысырап, түнде ұйқысы шайдай ашылатын анасы. Баласы шешесін дауыстап шақырса, анасы «жаным» деп, дереу тұрып, қасына келетін, үстін жауып, маңдайынан сипайтын. Бала ана мейіріміне бөленіп, тәтті ұйқыға кететін. Баһардың жазмышы бұл емес-тін, ол өзін ауылда жүргендей сезініп, шешесін шақырғысы келді:

– Анашым!

Жауап қатпады. Жым-жырт. Тыныштық пен жалғыздық орнаған. Тек құтырған боран ғана бөрідей тісін ақситып, одан сайын ұлып жатыр. Ешкімі жоқ баланың көзін жою үшін атылған оқ Баһардың жүрегіне қадалды.

– Ана, анашым!

Жазықсыз пенденің кеудесінен шыққан бұл үнді мүлдем өшіріп тастау үшін қыс бар күшімен ысқырып жатыр. Боран көшеде аш бөрідей ұлып, суық қылыштай кескілеп, қар борап тұр...

Әй дауыл, әй қытымыр аяз! Сендер айналаны алай-дүлейге бекер айналдырып жатырсыңдар! Сендер бекерден-бекер қоюланып, қара күшпен шабуылдап жатырсыңдар. Осындайда, осындай күнде, осындай ғаламда Баһардай кішкентай пендені жою қиын емес. Бұл үшін бір қасаптың жай ғана жазғыруы жеткілікті...

Бірнеше сағат өткен соң боран бәсеңдеп, таң қылаң бере бастады. Әр нәрсе өзінің қалыпты күйінде. Қожайындар аң терілері, Хорасан тондары, тері папахалар, жүн шұлық пен галош киіп, таңғы шайдан кейінгі алғашқы темекілерін бұрқыратып, ақырындап жөтеліп қойып «пісмілдә» деп жылы үйлерінің есіктерінен сыпайы шығып, дүкендеріне қарай кетіп барады. Ет арбалары соғымханадан келе жатыр. Мешеди өткір пышағымен етті қақ айырып, қолына түскен майлы сан етті ұстап тұрып, дүкеніне келіп-кеткендермен әзілдеседі.

Мешеди дауыстап әндетіп тұр, таразысы сыртылдап, сары себеттер майлы етпен толып жатыр. Залым қыс күшін тек жарлы-жақыбайларға ғана көрсетеді. Тірлік өзінің суық күшімен біреуді жәбірлесе, енді біреулерге тәтті дәм ұсынады.

Бұл өмірде тек қорғансыз балапан жоқ енді. Енді ғана гүл жарып келе жатқан Баһар, қыстың шырмауығына түскен Баһар жоқ енді. Артында тек ащы арманы ғана қалды. Баһардың жыртық, ескі тымағы жолда, қардың үстінде қарайып жатыр. Ол да иесіндей ешкімге керек емес...

Вагон жолының қарын күреп жүргендер сол күні таңертең бір баланың мәйітін тапты. Үсіп, тақтайдай

қатып қалыпты. Мұз басқан шаштары бетіне жабысқан. Бет-аузын мұз бен қар жауыпты. Қолдарын қолтығына қысып алыпты. Мұны көргендердің жүректері дір ете түсті. Қыс мезгілінде үстіне киген жұқа киімнен ешкімі жоқ бала екені көрініп тұр. Сол себепті кім деп сұрастырмай-ақ, ғаріптердің мазарына апарды. Қалтасынан шыққан қағазды қабірін қазғанға ұстатып:

– Мүмкін, біреу-міреу іздеп қалар. Бұл қағаздан бір жақыны бар сияқты көрінеді, - деді.

Тура сол күні түнде шағын, жұпыны үйде майшам жағып, ескі алашаның үстінде жүзін қыбылаға қаратып, қолын жайған жас, бірақ шашы ағарған әйел – Сона бар ниетімен дұға оқыды:

– Жаратушы ием, үмітім, бар байлығым – екі баламды сенен сұраймын. Аналардың дұғасы тез қабыл болады дейді. Әйелдердің шағымы жерде қалмайды. Балаларымды жер мен көктің жаман пәлекеттерінен сақтай гөр! Менің сенен басқа ешкімім жоқ!..

Жер мен көктің пәлекеттері Сонаның балаларына ештеме істей алмайды, істемейді де. Көкте пәлежала болмайды. Бірақ көк аспанның жеті қабатынан өтіп келген пәлекеттер Сонаның баласын – Баһар сияқтыларды құртты. Сонаның балалары ауылда, табиғаттың баурайында, жыланы бар далада өскенімен, жер бетінде жазылған ұждансыз заңдарға, жазылмаған заңсыздықтарға шыдай алмады, өйткені жер бетіндегі барлық бәле – хандардың қаһары, мырзалардың ашуы, байлардың шапалағы, суылдаған қамшысы, молдалардың өлім бәтуалары, саудагерлердің

ынсапсыздығы тек қана кедейлер үшін, Баһар сияқтылар үшін қолданылатын. Әлемнің иесі - күш. Ал күш болса екі нәрседе - ақша мен мансапта ғана!

Сона бұл ащы және ауыр шындықты түсінбеген емес-тін. Бірақ дұғадан басқа істерге амалы да жоқ. Қайғы оны кітаптай бүгіп, ошақтай сөндіріп тастаған. Сона намазға жығылғанда желмен ұшып кететін жапырақтай теңселіп, ыстық табаға түскендей іші өртеніп бара жатты. Қиын күндерінде оның есігін қағып, жағдайын сұраған да ешкім болмады.



МӘХӘММЕДХҮСЕЙІН ШӘХРИЯР

(Тебриз, 1906 - Тегеран, 1988)

Сейид Мәхәммедхүсейін Бехчет Тебризи — өлеңдерінде қолданған «Шәхрияр» лақап атымен танылған әзербайжан ақын. Шәхрияр өлеңдерін әзербайжан тілімен қоса парсы тілінде де жазған.

Шәхрияр 1906 жылы Тебризде дүниеге келді. Әкесі Мирисмаил аға Хошгенаби адвокат болған.

Алғашқы білімін туған қаласында алған ақын «Медресе Талибиеде» араб тілі және әдебиетімен бірге француз тілін де үйренді. 1921 жылы Тегеранға келіп, жоғары оқу орнында медициналық білім ала бастады. 1935 жылы қайтадан Тегеранға қайтып барып, «Иран Зираат банкінде» жұмыс істеді.

Шәхрияр 1929 жылы алғысөзін сол дәуірдің әйгілі ақындары Бахтияр, Нәфиси және Мәхәммед Таги Бахар жазған алғашқы өлеңдер жинағын жариялады. Өлеңдерінде ақын Хафиз, Сади, Физули, Вагиф, Сабир және тағы басқаларының ықпалында қалған ақын ана тілінде жазған «Хайдар бабаға сәлем» атты өлеңімен түркі әлемінде де танылды.



1951 жылы «Хайдар бабаға сәлем» атты өлеңдер жинағы жарияланды («Хайдар баба» ауыл үстіндегі таудың атауы. «Хайдар бабаға сәлем» өлеңінде Хайдар баба деп Әзербайжанды атаған). Әзербайжан мен Түркияда жетпіс алты тілге аударылған «Хайдар Бабаға сәлем» атты өлеңіне назира да жазылды.

Әйгілі ақын Шәхрияр 18 қыркүйек 1988 жылы Тегеранда көз жұмды.



ХАЙДАР БАБАҒА СӘЛЕМ

(Аударғандар:

Кәдірбек Құныпияұлы, Айнұр Мамерова)

Хайдар баба, көк жай отын жаққанда,
Селдің суы сарқырай кеп аққанда,
Қыздар оған көз қиығын салғанда,
Сәлем болсын ұлылыққа, еліңе,
Менің де атым тиек болсын тіліңе.

Хайдар баба, кекіліктер қанат қаққанда,
Бұталардан қоян шығып қашқанда,
Бау-бақшада гүлдер қауыз ашқанда,
Біздерді де ескерерсіз, елерсіз,
Жүректерді нұр шаттыққа бөлерсіз.

Мейрам желі шатырларды жыққанда,
Наурыз гүлі, бәйшешектер шыққанда,
Ақша бұлттар көйлектерін сыққанда,
Бізді еске алған жандар қуансын,
Мұңы азайып, қайғысынан жұбансын.

Хайдар баба, күн арқанды қыздырсын,
Жүзің жайнап, жаз жымыып, күз күлсін,
Ұрпақтарың бір бума гүл үздірсін,
Жел соққанда бер, әкелсін бұл жаққа,
Бәлкім бағым тұрар ұқсап ұрмаққа.

Хайдар баба, сенің жүзің ақ болсын,
Төрт құбылаң бұлақ болсын, шат болсын,

Бізден кейін ғұмырың ұзақ, бақ болсын,
Дүниеде қасірет бар, мұң, сыз бар,
Бұл өмірде жетім болар ұлсыздар.

Хайдар баба, қиыс кетті жол сенен,
Өмір өтті, келе алмадым, теңселем,
Сұлуларың қайда кетті, аңсап ем,
Білмеп едім кері қайтар жолым бар,
Жоғалту бар, айрылу бар, өлім бар.

Хайдар баба, ер еңбегі зая емес,
Өмір өтер, біздің үлес жай емес,
Сужүректің өмірі де бай емес,
Біз шынымен, ұмытпаймыз сіздерді,
Көре алмасақ, кешіріңдер біздерді.

Хайдар баба, Мираждар дауыстағанда,
Ауыл іші азан-қазан болғанда,
Жырау Рүстем саз²⁵ күйіне салғанда,
Есінде ме, қашар едім асығып,
Құстай қанат қағар едім, тасынып.

Шенгүлова жұрттар асық ұтуы,
Кейде барып арнап қонақ күтуі,
Тас атылып, алма-айва түсуі,
Тәтті түстей есте қалды мәңгілік,
Рух қинап, елес берер жаңғырып.

Хайдар баба, Құрыкөлдің қаздары,
Жоталарда ызыңдаған саздары,

²⁵ Саз – әзербайжан халқының ұлттық музыкалық ішекті аспабы.

Ауыл-аймақ күздері мен жаздары,
Көріністей көлбеңдейді көзімде,
Тамашалап отырамын өзім де.

Хайдар баба, Қарачемен даңғылы,
Жаршылардың дауыстаған даңғыры,
Кербалаға кеткендердің зарлы үні,
Түссін айқын парақордың көзіне,
Жаңашылдың ердік жалған сөзіне.

Хайдар баба, шайтан бізді азғырды,
Махаббатты жүректерден қаздырды,
Қаралы күн хикаясын жаздырды
Айдап салып бір-біріне халықты,
Бейбіт күнді қанға бояп жанықты.

Көздің жасын көргендер қан ағызбас,
Нағыз адам белге қанжар тағынбас,
Ал соқырлар ұстағаннан жаңылмас,
Жұмағымыз тозақ болып орнады,
Зұлқижамыз мұхаррам боп алдады.

Жапырақты тонағанда күз желі,
Ақша бұлттар ауылға жол іздеді,
Шейхүлислам үнін салды түз лебі,
Сағыныштан жүрек шаншып таң қала,
Ағаштар да басын иді Аллаға.

Тасты бұлақ тас пен құмға толмасын,
Бау-бақшасы сарғаймасын, солмасын,

Жолаушылар келіп, сусыз қалмасын,
Қайран бұлақ, қандай керім, тамашаң,
Көкжиекке көз сүзілтіп қарасаң.

Хайдар баба, тау мен тастың нақ шыңы,
Кекіліктер сайрап шығар жақсы үні,
Қозылардың қарасы бар, ақ, сұры,
Мен барайын тау-жылға асып, төзімді,
Дауыстайын: «кері айда деп қозыңды».

Хайдар Баба, Сулы жерде әр қилы,
Қайнар бұлақ бойында тән балқиды,
Су бетінде жапырақтар қалқиды,
Әсем құстар ұшып-қонып түседі,
Жасырынып бұлақтан су ішеді.

Шабындықта масақ орған орақтар,
Құдды қолаң шаш тараған тарақтар,
Шіл іздейді аңшы болмақ қарақтар,
Орақшылар айрандарын сімірер,
Қалғып, мүлгіп, қайта егінге жүгірер.

Хайдар Баба, ауылды ымырт жапқанда,
Топ балалар кешкі ас ішіп жатқанда,
Ақша бұлттар айдан сырға таққанда,
Бізден де сен оларға айт қарт аңыз,
Аңызда да көп қасірет тартқамыз.

Қарт әжеміз түндерде ертеке айтқанда,
Адуын жел есік-мұржа соққанда,

Бөрі келіп, Шенгүлі²⁶ лағын қаққанда,
Мен қайтып кеп сәби бала болсам ғой,
Бір гүл жарып, содан кейін солсам ғой.

Ақ тәтемнің бал тамағын алушы ем,
Кештеу тұрып, үсті-басым жабушы ем,
Бау-бақшада халық әнін салушы ем,
Қайда-ау, сол бір еркелеген сәттерім,
Ағаш мініп, ат серуендеткен шақ керім.

Хачи тәте жылғада кір жуар-ды,
Меммедсадық құрылыс тамын соғар-ды,
Тау ма, тас па, айырма жоқ дуал-ды,
Шартарапта атой салып, жүріппіз,
Алла, неткен ғажап өмір сүріппіз.

Шейхүлислам мұнажатын²⁷ айтатын,
Мешедрахим киюші еді бешпентін,
Мешеди Желил бозбаш²⁸ жеуші еді,
Біз шат едік, жақсылық болсын, той болсын,
Бәрібір де, не болса да, сол болсын.

Меликнияз мылтық асынып кететін,
Ат шаптырып, бір оң, бір сол өтетін,
Қырғидайын тау басына жететін.
Көше жаққа қыздар ашып терезе,
Терезеден көз салатын төреге.

²⁶ Шенгүлі – әзербайжан халық ертегісіндегі ешкінің үш лағының бірінің аты.

²⁷ Мұнажат – Аллаға мадақ өлеңі.

²⁸ Бозбаш – әзербайжан халқының ұлттық тағамдарының бір түрі.

Хайдар Баба, ауыл той ғып жатқанда,
Қыз-келіндер қына, пілте сатқанда,
Күйеу келінге тамнан алма атқанда,
Менің де сол қыздарда еді көздерім,
Ақындардың әнінде еді сөздерім.

Хайдар Баба, бұлақтардың жалбызы,
Бау-бақтың жас қияры мен қарбызы,
Сатушылардың ақ науаты, сағызы,
Әлі аузымда дәмі кетпес тілдерден
Елес берер маған өткен күндерден.

Мейрам еді, жарғанаттар шулаған,
Қыз жігітке шұлық тоқып ұнаған,
Шәлі байлап, жігіттерді сынаған,
Қайда кетті желбіреген шәлілер,
Шәлі сыйлау арулардың сәні дер.

Шәлі сұрап, үйде қайғы ойладым,
Бір шәлі алып, тез беліме байладым,
Құламгілге қашып, шәлі бұлғадым,
Фатма тәте маған шұлық тоқиды,
Ақ әжемді есіне алып, жасиды.

БАХТИЯР МАХМУД ОҒЛЫ ВАҢАБЗАДЕ

(Шәкі, 1925 - Баку, 2009)

Бахтияр Махмуд оғлы Ваһабзаде 1925 жылдың 16 тамызында Әзербайжан Республикасының Шәкі қаласында туып, 2009 жылдың 13 ақпаны күні ел астанасы – Бакуде дүниеден қайтқан.

Әзербайжанның Халық ақыны (1984), Әзербайжан Ұлттық ғылымдар Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1984).

Жетпістен астам жыр жинағының, ондаған драмалық туындылардың, көптеген ғылыми монографиялық еңбектердің авторы. Баку мемлекеттік университетінде 40 жыл бойы қызмет істей жүріп, өз ұстазы – Сәмед Вургунның шығармашылығын және әзербайжан әдебиетінің өзекті мәселелерін зерттеумен айналысқан. Лирикалық өлеңдері әлемнің жиырма шақты тіліне тәржімаланған.

Қоғамдық жұмыспен белсене шұғылданған. Республика Жоғарғы Кеңесіне бес рет, тәуелсіздік



тұсында Ұлттық мәжіліске бір рет депутат болып сайланған.

Қазақ ақыны Олжас Сүлейменов әріптес досы Бахтияр Ваһабзаде туралы: «Ол ең жоғары марапаттардың бәріне ие болды. Бірақ мұның ішіндегі ең биік дәрежелісі – халқының сүйіспеншілігі», - деп жазды.

2012 жылғы 13-15 желтоқсан аралығында Баку қаласында түркі халықтары ғалымдарының қатысуымен I Халықаралық Бахтияр Ваһабзаде симпозиумы болып өтті. Енді ол дәстүрлі түрде өткізілетін болады деп ұйғарылды.

Автордың қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып отырған «Гүлстан» поэмасы 1959 жылы қолжазба күйінде тарап, сол үшін қудалау көрген. Оның желісі 1813 жылғы 12 қазанда Әзербайжан жерін Ресей империясы мен Парсы патшалығы екіге бөліп алу жөнінде келісімшарт жасасқан тарихи оқиғаға құрылған. Келісімшартқа қол қойғандар: Ресей тарапынан – бас қолбасшы, генерал-лейтенант Н.Ф.Ртищев, Иран тарапынан – Сыртқы істер министрі Абул-Хасан-хан мырза. Поэмада бұлардың бейнелері шартты түрде көрініс тапқан.

ГҮЛСТАН

(поэма)

*Әзербайжан халқының бірлігі мен бостандығы
үшін күрескен Саттар хан, Шейх Мұхаммед Хиябани
мен Пишеверидің рухына бағышталады²⁹*

(Аударған: Амантай Шәріп)

Шетін сүртіп ақ шәйі жібекпенен,
Көзәйнегін киді де – бір еппенен –
Үстелдегі үңілді қағазына,
Қол қойғанда саусағы дір етпеген.

Басқан мөрден биліктің зәрі шығып,
Езу тартты, құжатты әрі ысырып.
Бір-ақ кесіп халықты бөлді екіге,
Жалынса да жазмышқа жанұшырып.

Жебе-қалам жайратқан көп қамалды,
Әзербайжан төсіне кеп қадалды.
Наразы елді жапырып, жаныштаған –
Жаһилдік пен жауыздық төкті амалды.

²⁹ Саттар хан (1867-1914) – Ирандағы Конституциялық төңкеріс кезеңінің көрнекті қайраткері, халық батыры, «ұлт көсемі», «әзербайжан Пугачеві», «иран Гарибальдиі» деген лақап аттарға ие болған; Шейх Мұхаммед Гаджи Абдулгамид Хиябани Табризи (1880-1920) – Парсының шахтық режиміне қарсы ұйымдасқан әзербайжан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі; Сеид Джафар Пишевери (1892-1947) – Оңтүстік Әзербайжан ұлт-азаттық күресінің қайраткері.

Бауырларды айырып бір жаралған,
Суық ызғар сұғынып тұр жанардан.
Шаһидтерді көрмейді қанын шашқан,
Елемейді тағдырды мылжаланған.

Қасына кеп жайғасты сақалды адам,
Тілмаш жігіт соңында қақаңдаған.
Өз адамы өзгенің – бас шұлғиды,
Таспиығын санамай ақы алмаған.

Қол қойды да: «ырзамыз өте...», - деді,
Қара жерім қайғысын көтереді.
Кімдер еді бұларың? Кім болса да,
Жарылқамас біздерді бөтен еді.

* * *

Тұмар³⁰ рухы тірілер шақ туылып,
Бабек³¹ қылышы жарқ етсе, жатты қуып,
Солар айтсын шын ердің қол-аяғын
Бұғаулаған кім екен, қатты буып.

Шепті бұзып, жол салып – сынар бағын,
Қайдасыңдар, ержүрек ұландарым?
Барсың ба сен, заманның Көрғұлысы³²,
Байрақ еткен халқының ұлы арманын!

³⁰ Парсы патшасы Кирді ажал құштырған массагет-сақтардың әйел көсемі (б.д.д. 570-520 ж.ж.).

³¹ Өзербайжанның ұлттық батыры (өмір сүрген уақыты шамамен 800-838 ж.ж.). Араб халифатына қарсы соғысқан.

³² Бірқатар түркі халықтарына ортақ осы аттас эпикалық жырдың бас қаһарманы.

Көк найзалы атамның өр намысы,
Бізге жетсін қиқулап зор дабысы,
Нәлет дұшпан - найсаптар, нақұрыстар,
Зорлағысы келгенде, қорлағысы.

Көк кеудесі күркіреп, ұран өріп,
Нажағайдан жүрекке шырақ еніп,
Ақ семсерін жауына сілтей шапсын,
Бабаларым бейіттен тұра келіп!

Шеменді жұрт шерлене сөз бастады,
Тау төменшік, теңселген тозды асқары.
Бұлақтардың сулары сарнап ағып,
Қыз-қатынның саулады көз жастары...

* * *

Екі жақ та алаңсыз түрге еніпті,
Жанайқайын жұртымның мүлде ұмытты.
Тағдырыңа қол қою – олар үшін
Күйбең тірлік секілді күнделікті.

Сып-сыпайы әңгіме күйі бөлек,
Сыр білмесек, сыртынан сүйінер ек.
Көзәйнек пен таспиық тіл табысқан,
Бірі-біріне қол берді иіле кеп.

Ұйлығысты ұлықтар шөлі қанған,
Жерім менен жұртымды бөліп алған.
Құм құйылды аузына ерлерімнің,
Жат қолында тағы мен төрі қалған.

«Ие де бар, бұл жерде кие де бар!», -
Демеді ешкім, сөз де жоқ тие қалар.
Еңіреген елімді екі жарып,
Топырағын таптауды сүйеді олар.

Заң жалған, шындығының жүзі бекер,
Тарихыңа түкіріп, қызық етер.
Бірақ бауырластардың жүректері
Шекараның бөгетін бұзып өтер.

Жиіркене қарайсың ұлықтарға,
Жан аяйтын оларда құлық бар ма?
Құлдық, күндік – біздерге тым бейтаныс,
Берік болар іргеміз мұны ұққанда.

Ет пен сүйек, жан мен тән көктен біткен,
Ажыраттың арасын өктемдікпен.
Еркімді алар кімсің сен, қойсаңшы енді,
Сыйлы қонақ емес ең шеттен күткен!

Ор қазып, ірге көміп, майдан құрды,
Гүлстанды тұраққа айналдырды.
Аспан көшіп, бұлт басып төңіректі,
Сол күні күллі әлемді қайран қылды.

Оғыз ханның рухы назырқанып,
Жатыр десті сенімі әзір халық.
Бір күн бұрын гүлді алқап түгел солды,
Ию-кию бетінде әжім қалып.

Гүлстанның тарихы – шерлі дастан,
Мың тақсырет төбеден елді басқан.
«Яныг Кәрәм»³³ - бұл сарын көпке мәлім,
Жылай, жырлай әуені желге ұласқан.

Шайырлардың шерменде сазы қатты,
Жер мен көкті түгелдей азынатты.
Ай адасып, Күн кеміп сол уақытта,
Топырақты топан су қазып ақты.

Бүкіл арман – осыған жан төзер ме –
Батып кеткен жоқ па екен Арпа өзенге?
Тау самалы қондырып қанатына,
Талай аңыз таратты тар кезеңде.

Құлағына тигенде ызғарлы ақпар,
Құзғындарды қарғады қызғалдақтар.
Арыстан жал толқындар арпалысып,
Байғұстардың ұйқысын бұзды аруақтар.

Сұңқар сезім серттерін баптай берсін,
Қос қанатты ел қалайша қақпайға ерсін.
Құздан төмен құлатпай, құлдыратпай,
Бір қанат қырқылғаннан сақтай көрсін!

Кешір, бауырым, тағдырды жарға теліп,
Сәттерімде түңілген бар қателік.
Енжарлардың қолына қанжар беріп,
Кейде көзім кетеді қанға толып.

³³ Әзербайжан ашугтарының (жыршыларының) әуені.

* * *

Əй, мырзалар! Үкімң неткен ауыр,
Ойсыздықпен өте ме текке дәуір?
Әр шаңырақ қайғыдан шайқалады,
Ыза-кекке тұнады өкпе-бауыр.

Басын шауып, адамды дарға асарда,
Есіттің бе жан даусын анда-санда?
Физули³⁴ мен Бабекті тыңдамадың,
Айналанды үреймен арбасаң да.

Жалғыз тамшы сиямен салып қырғын,
Бір халықты тұтастай ғаріп қылдың.
Үйден, күйден күдерін үздірдің де,
Туған жерден айырып зарықтырдың.

Қара сия айналып көз жасыма,
Мәңгілік мұң орнатты өз басыма.
Жебір неме, талғажау зат табылса,
Жетіп келе қоясың тез қасыма.

Сөзің майда, сен үшін әркім - керім,
Ал сыртымнан «мал» дедің, «малғұн» дедің.
Алаға да құмартып, жалаға да,
Құрбандыққа жылдардың шалдың көбін.

Келісімшарт сан рет мөр басылған,
Секілденер қазулы көр қасымнан.

³⁴ Мұхаммед Сүлейман оғлы Физули (ХҮІ ғасыр) – акын, философ, әзербайжан әдебиетінің классигі.

Мойныңа мұсалдат, Өзербайжан,
Ауыр және салмағы қорғасыннан.

Бір-ақ парак, сол нәлет бір-ақ парак,
Күш-қуаты кетті ғой жырақ тарап.
Қанша қарсы соғыссақ, сілтессек те,
Жанымыздан өшпейді тұрақтап ап.

Ақ қағазды бір мәтін қаралаған,
Соның бәрі таусылмас нала маған.
Еріміздің жігерін құмдай қылып,
Еліміздің жүрегін жаралаған.

Жаман қағаз, сен сөйтіп елді бөлдің,
Жыртылмадың, ұшырмас желді көрдің.
Өртенбедің, қоқысқа тасталмадың,
Шежіресі боп қалдың шерлілердің.

* * *

Сырыңды ұғар қамыс пен қоға ғана,
Араз³⁵ өзен, айналдың шекараға,
Жағаңа әкеп орнатқан бағандардан
Аққан тамшы жер жұтып жоғала ма?

Көзімнің қарасы мен ағы сынды -
Қом сулар-ай, түп-тұнық ағысыңды
Бұзбадың ғой болмаса бір бұлқынып,
Удай өксік шарпыды тағы ішімді.

³⁵ Ресей мен Иранның 1813 жылғы Гүлстан келісімшартына сәйкес әзербайжандардың жерін екіге бөліп ағып жатқан өзен. Көбіне орыс тілі арқылы енген «Аракс» нұсқасы қолданылып жүр.

Алғыс алып тастақ шөл, тал шыбықтан,
Араз, арнаң – жас толған, тамшы бұққан,
Сені шеп қып жатқанда жатжерліктер,
Құрғап неге кетпедің қарсылықтан?

Ана беттен қол созған «ағам-ау» деп,
Бауырларды естимін тамам әулет.
Әй, сұм заман, дауысым жеткен жерлер
Аяқ тимес тұр, әне, жағалау боп.

Күйреп түскен дүние шын ашулы,
Қамығысы қайғыға ұласулы.
Араз, сенің жағанда таусыламын,
Қалай кешіп өтсем деп мына суды.

* * *

Фузулидың кітабын табанды деп,
Қойды үстіне қара зіл бағанды кеп.
Жүз елу жыл жырлар да жырақтады,
Сөз бен сырын бейтаныс заман күреп.

Тілек, тарих, сүю мен салты-дағы,
Темір торда үмітпен қалтырады.
Елден безген ездердің елестері
Екі айырылған өзендей шарқ ұрады.

Тілім, рухым, жүрегім ада қалып,
Түбіріне тастады қада қағып.
Саз тартқанда, жылаймын, жымиямын,
Сезімдердің барлығын садаға ғып.

Саздың зары туған жоқ бос ермектен,
Қан аралас бар онда есем кеткен.
Шәхриярдың³⁶ шоқ толы шумақтары
Көпір болып Аразға төселмеп пе ең?

Бір-біріне сүйінген, сағынысқан,
Екі жақта көңілдер алып-ұшқан.
Дариялар оларды бөле алмайды,
Бағандар да бұл жерден әрі ығысқан.

Екі аймаққа бүтін жұрт сазын жайған,
Тебриз, Баку дегені - Әзербайжан.
Құр қағазбен арасын айырса да,
Рух, тіл - бір, қайнаған қазір майдан.

Әй, өктемдік, тапқан соң осынша айла,
Топырағымды жұлмалап, төсін жайла,
Қағаз қарайт, қазық қақ, қамал қалқайт,
Рахатыңды қорғайтын қосын сайла.

Беріп қойдым жерімді, амал нешік,
Келем содан зарлана заман кешіп.
Жан мен тәнім бәрібір бөлінбейді,
Сарыныммен барады самал көшіп.

³⁶ Мәхәммедхүсейін Шәхрияр (1906-1988) – әзербайжанның Иранда өмір сүрген көрнекті ақыны. Өлеңдерін парсы тілінде де жазған.

Мұстафа Пайан³⁷ дауысы арғы беттен,
Ғазалымен Ваһидтың³⁸ қарғып өткен.
Өткен жылдар өзегін жуа алмапты,
Ақындардың жырлары зарлы неткен.

Вургунменен үндесер сыры көп-ті,
Шәхриярдың Тебриздан жыры кепті:
«Хайдар баба³⁹, қаптаған қара тұман,
Бұл өлкені бір сойқан ұрып өтті.

Теңселсе де тұғырда таныс байрақ,
Сақ сындырмай, күнелттік намыс қайрап.
Сен тимесең, мен тимен - жарамады,
Бөлді бізді, жақсыны алысқа айдап.

Тау селдетсе дегендей құртам бәрін,
Ағынына ілесіп, бір талмадым,
Көру үшін - кім қашып өз жерінен,
Кім қырылып, елімен кім қалғанын».

³⁷ Тегеран радиосының солисі.

³⁸ Әлиаға Мәмедқұлы ұлы Искендіров (1895-1965) – әзербайжан ақыны. Ғазал жанрының шебері.

³⁹ Шәхрияр шайыр баурайында балалық шағын өткізген таудың аты. «Хайдар бабаға сәлем» атты поэмасы оның шығармашылығының шыңы болып есептеледі.

ЖАУРАМАЙДЫ ҚАЛАЙША?

(Аударған: Қатира Жәленова)

Ағаштар әр көктемде,
Жасыл көрпе жамылар.
Ал қыс келіп жеткенде,
Мұзға оранып жабығар.


Жапырағынан ағаштар
Қалған неге тоналып?
Көрінеді қар жауса,
Бұтақтары ағарып.

Аязымен үскірік,
Боран соқса ысқырып,
Қарсы тұрып жалаңаш,
Көрсетеді күштілік.

Болдым мен таң-тамаша,
Мықтылығын қарашы, ә.
Дәл осындай аязда
Жаурамай тұр қалайша?

МӘММЕД АРАЗ
(Нұрсу, 1933 - Баку, 2004)

Мәммед Араз (Мәммед Инфил оғлы Ибрахимов) – ақын, аудармашы, публицист, 1957 жылдан бастап Өзербайжан Жазушылар одағының мүшесі, Өзербайжан КСР мәдениет саласының құрметті қызметкері (1979), Өзербайжан құрметті өнер қайраткері (1984), Өзербайжан КСР мемлекеттік сыйлығының



лауреаты (1988), Өзербайжанның халық ақыны (1991).

Мәммед Араз 1933 жылы қазан айының 14-інде Нахчыван Автономды Республикасы Шахбуз ауданы Нұрсу ауылында дүниеге келді. Осы жерде орта мектепті бітірген соң, Өзербайжан Педагогикалық институтында білім алды. «Алаулап жаныңдар» атты алғашқы өлеңі 1952 жылы жарияланды. 1954 жылы жоғары білімін аяқтаған Мәммед Араз еңбек жолын өз қаласындағы орта мектепте мұғалім болып бастайды, содан кейін Бакуға көшіп барып, Өзербайжан КСР Министрлер кеңесі жанындағы Баспасөз әкімшілігінде қызмет атқарды. Сондай-ақ «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы, «Әдебиет және өнер» газеті мен

Әзербайжан Мемлекеттік баспасында Бас редактордың орынбасары болды.

1974 жылдан бастап өмірінің соңына дейін «Әзербайжан болмысы» журналының бас редакторы болды. Ұзақ уақыт бойы Әзербайжан Жазушылар одағының поэзия бөлімшесін басқарды. Атқарған қызметтері үшін Әзербайжан Республикасының «Еркіндік» орденімен (1995) марапатталды. Қажы Зейналабдин Тагиев атындағы ұлттық сыйлықтың лауреаты (1992). 1993 жылы оның құрметіне «Мәммед Араз» сыйлығы тағайындалды.

2004 жылдың 1 желтоқсанында Бакуде өмірден озды.



ТҮРЕГЕЛ, ӨЗЕРБАЙЖАН!

(Аударғандар:
Ақеділ Тойшанұлы, Айнұр Мамерова)

Неге мүлгіп жатырсың, жанартауым,
біргемін сенімен!
Түрегел, Өзербайжан, қасыңдамын!
Тек сенен басқа
Біз күллісін бөле аламыз!
Сен мәңгілік бол,
Біз сен үшін шәйіт боп өле аламыз!
Бұл, Шахриярдың үні,
Бұл, Бахтиярдың үні!
Қайда сенің дауылға төтеп берген,
Найзағайды жұлмалаған қайсар ұлдарың!
Қара Шобан, Дұмырылдай ұлдарың.
Жаралы кеудеңе жартасты жамау ет,
Хақ жолынан аяғың таймасын,
Байрағыңды Хазар бойына желбірет,
Құламайды жалауың, ұлдар барда ержүрек!
Түрегел, Өзербайжан!
Бұл ұранды бізге замана айтады,
Қабірінен бас көтерген ата-баба да айтады!
Нар тұлғалы ұл, сенімен біргемін!
Қасыңдамын, қару ұстаған,
Қайла ұстаған, айыр ұстаған,
Шоқ ұстаған, от кешкен ерлер, біргемін!
Қасыңдамын, қыз әкесі,
Қане ұраның, зор үнің!

Қайда антың!
 Еріп кеттің бе батпаққа батқандарға,
 Жігерін сатқандарға!!!
 Көзіңді сұрт, отан ұлы,
 түрегел!
 Көкжиекке көзіңді сал.
 Шекараңа қырағы қара.
 Шекараңның шегіне қырандай қара!
 Алғыр бол, үрейге бой алдырма,
 Өлім менен өмірдің бірін таңда.
 Тоқта, қорқынышты аластат,
 Тоқта, өзіңді көкжал Бозқұрттай елестет!
 Бір дауыстан мың дауыс туады,
 Тас та жаңғырып, сес беріп тұрады!
 Оттан жаралған, қаннан жаралған берілмес!
 Батыр ұлдар – батырлығымен мақтанбас!
 Топырақ астына көмілсе де рухы өшпес.
 Барым, жоғым, қасыңдамын,
 Азым, көбім, қасыңдамын,
 Тәтті ұйқым, қасыңдамын.
 Мен антымда тұрайын,
 Елім үшін құрбан бас мына,
 Тастандар мені танқ астына.
 Қылыш сөзім майырылса егер де,
 Түк қалмасын жарты жаңқа менен де,
 Тастандар мені танқ астына.
 Құндақтағы бір сәбиді құтқарайын.
 Қанша «сені», қанша «мені» құтқарайын.
 Қасыңдамын,

Сөзі қамыққан, өзі тарыққан басшылар!
1918-де шайқасқан,
Үндемей-ақ диқан атаң,
Жауын жеңіп айқасқан!
Қасыңдамын, құқ-әділет қасыңдамын,
Ұлттық абырой, ұлттық жігер, қасыңдамын!
Себіл құмға, көгер жерде, жартасқа біт,
Өшпе ар-намыс, кек пен ыза, қасыңдамын,
Оят бізді, уа Жаратушы, қасыңдамын!
Я толығымен құлат бізді,
Я толығымен жұбат бізді,
Я қайтадан жарат бізді,
Уа, Жаратушы, қасыңдамын,
Қасыңдамын, қалғыған жанартауым,
Қасыңдамын!
Түрегел, Өзербайжан,
Қасыңдамын!

19 наурыз, 1992

МЕНІҢ ЕЛІМ

(Аударғандар:
Ақеділ Тойшанұлы, Айнұр Мамерова)

Менің елім - қаһармандар мекені.
Мәрт адамдар мекені.
Өз бақытын
Өз қолымен жаратқандар мекені.
Жер-жаһанның миллион жылдық шежіресінен
Жұлдыздарды оятқандар мекені.
Менің елім –
қаһармандар мекені!
Менің елім –
Топырағына нұр сеуіп,
Нұрлы ризық жиғандар мекені.
Менің елім –
Қанша жолы
Қанды лава теңізінен
Аман өткендер мекені.
Менің елім –
Сай-саласы миналанған
Тау асқандар мекені.
Менің елім –
Қайсар ұлдар мекені.

МАЗМҰНЫ:

АЛҒЫСӨЗ.....	3
ÖN SÖZ.....	5
Әзербайжан әдебиеті: көп ғасырлық бай әдеби дәстүрлер мен қазіргі жағдайы	7
НИЗАМИ ГӘНЖӘУИ (1141-1209).....	28
Ләйлі-Мәжнүн (дастаннан үзінді)	30
Жеті ару (үзінді)	76
ИМАДЕДДИН НӘСИМИ (1369-1417).....	87
Жиырма алтыншы ғазал	89
ШАҒ ИСМАИЛ ХАТАЙИ (1487-1524)	90
Жырлар.....	92
МҰХАММЕД ФИЗУЛИ (1494-1556)	97
Ләйлі-Мәжнүн	99
Өлеңдері	172
Он тоғызыншы ғазал.....	191
Рубаилар.....	191
МОЛЛА ПЕНАХ ВАГИФ (Салахлы, 1717-Шуша, 1797)	193
Бір ғажайып сұлу көрдім бүгін мен.....	195
Пері.....	196
Ділдәрім	197
Билесін!	198
Мейрам келді. Не істерімді білмеймін.....	199
Сен шашынды жуғаныңда.....	199
Өтіп айлар уақытты ұзатты... ..	200
Жақсы әйел туралы	201
МИРЗА ФӘТӘЛИ АХУНДЗАДЕ (Шәкі, 1812-Тифлис, 1878)	203
Алданған жұлдыздар (Жүсіп шах туралы хикаят).....	205
Саранның немесе қажы қараның басынан кешкендері	246
ЖӘЛИЛ МӘММЕДҚҰЛЫЗАДЕ (1869-1932).....	305
Өлілер (трагикомедия)	307

Пошта жәшігі.....	322
ӘБДҮРРЕХИМ БЕЙ ХАҚВЕРДИЕВ (1870, Шуша-1933, Баку)...	333
Мирза сәфәр.....	335
МИРЗА ӘЛӘКБӘР САБИР (1862-1911).....	351
Халық қалай тоналса, тонала берсін, Не жұмысым бар?	353
ХҮСЕЙІН ЖАВИД	356
Соғыс және қасірет.....	358
Түрік тұтқындары.....	364
Ібіліс.....	365
АХМЕД ЖАВАД (1892-1937)	393
Әзербайжан байрағына	395
Әзербайжан мемлекеттік гимні.....	396
ЖӘФЕР ЖАББАРЛЫ (1899-1934).....	397
Елінің ұлы болған ер Оқтай (Оқтай Елоғлы)	399
СӘМЕД ВУРГУН (1906-1956)	415
Тауларым.....	417
РӘСУЛ РЫЗА (1910-1981).....	418
Әлди, әлди!.....	420
МИРЗА ИБРАХИМОВ (1911-1993)	422
Шопанның амалы.....	424
МИР ЖӘЛЕЛ (1908-1978).....	429
Көздің жасы	431
МӘХӘММЕДХҮСЕЙІН ШӘХРИЯР (1906-1988).....	451
Хайдар бабаға сәлем	453
БАХТИЯР МАХМУД ОҒЛЫ ВАҒАБЗАДЕ (1925-2009)	459
Гүлстан (поэма)	461
Жаурамайды қалайша?	471
МӘММЕД АРАЗ (1933-2004).....	472
Түрегел, Әзербайжан!	474
Менің елім.....	477



INDUSTRY CONSTRUCTION
INVESTMENT CORPORATION

Кітапты басып шығаруға қолдау көрсеткені үшін

AKKORD

Industry Construction Investment Corporation

ұжымына алғысымызды білдіреміз!

Жұмыс тобы:

*К.Құныпияұлы, А.Маемерова, А.Тойшанұлы,
Ф.Мажидли, Ж.Бәделұлы, Г.Тұрысбаева*

Басуға қол қойылды 01.12.2018. Форматы 60х90^{1/16}.
Шартты баспа табағы 30. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қарпі таймас типті. Таралымы 1000 дана.

"Ғылым" баспасы" ЖШС 010000, Астана, Мостовая көшесі, 6.
Тел.: +7 (7172) 57-49-83